

XX SÁTBAEV OQÝLARY

XX САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŃ BILIM JÁNE ǴYLYM MINISTRLIGI
S. TORAIǴYROV ATYNDAǴY PAVLODAR MEMLEKETTIK ÝNIVERSITETI

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА

TORAIGHYROV UNIVERSITY

Jas ǵalymdar, magıstranttar, stýdentter men mektep oqýshylarynyń

«XX SÁTBAEV OQÝLARY» atty Halyqaralyq ǵylymı konferensıasynyń MATERIALDARY

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников

«XX САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

ТОМ 2

Pavlodar, 2020

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŃ BILIM JÁNE ǴYLYM MINISTRLIGI
S. TORAIǴYROV ATYNDAǴY PAVLODAR MEMLEKETTIK ÝNIVERSITETI

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА

JAS ǴALYMDAR, MAGISTRANTTAR, STÝDENTTER MEN MEKTEP OQÝSHYLARYNYŃ «XX SÁTBAEV OQÝLARY» ATTY HALYQARALYQ ǴYLYMI KONFERENSIASYNYŃ MATERIALDARY

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ, СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ «XX САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

ТОМ 2

ПАВЛОДАР
2020

ӘОЖ 001.2 (063)
КБЖ 72 (5 каз)
Ж 33

Редакция алқасының мүшелері:
Абишев К.К., Ахметов К.К., Бегимтаев А.И., Бексеитов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.К., Эрназаров Т.Я.

Жауапты хатшылар:
Авилхан А., Акылбекова Р.А., Гафиулина Ю.О., Даут Ж., Досумбеков К.Р., Еликпай С.Т., Ельмуратова Б.Ж., Ерофеева Р.Ж., Жуманбаева Р.О., Жаксалыков К.Н., Жумабекова Д.К., Имангалиева И.Т., Калыбаева М.М., Каскабасова А.А., Кашканова Р.С., Каппасова Г.М., Кайдарова Г.Ш., Камашев С.А., Курманова А.Б., Коспаков А.М., Мажитова А.Ә., Машрапова Г.Н., Омарова Г.М., Оралтаева А.С., Рахимов Е.К., Садыкова А.О., Шарипова А.К., Тайбулатов К.М., Токжигитова А.Т., Толокольникова Н.И., Ысқақ Б.Ә., Юн А.А.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «ХХ Сәтбаев оқулары» : Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2020.

ISBN 978-601-345-038-4 (жалпы)
Т. 2. «Оқушылар». – 2020. – 398 б.
ISBN 978-601-345-040-7

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001.2 (063)
КБЖ 72 (5 каз)

ISBN 978-601-345-040-7 (Т. 2)
ISBN 978-601-345-038-4 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2020

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ОРЫС ТІЛІН САЛЫСТЫРЫП ОҚЫТУ

АРЫНОВА А. М.
ғылыми жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№ 1 Успен ЖОББМ, Павлодар облысы, Успен ауданы, Успен ауылы
АКСЁНОВА Е. Д.
9 сынып оқушысы, № 1 Успен ЖОББМ,
Павлодар облысы, Успен ауданы, Успен ауылы

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,
Құлағыма сіңірген таныс үнін,

– деп өз өлеңінде Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлаған еді.

Қалай ойлайсыздар, бұл өлеңде не туралы айтылған? Әрине, тіл туралы. Қазақ тілі туралы.

Сондықтан бүгінгі қорғайтын жобамның аты «Қазақ тілі мен орыс тілін салыстырып оқыту». Әр ұлт өз тілін қадірлейді, сыйлайды және болашаққа, келешек ұрпаққа аманат ретінде жеткізіп отырады. Тіл – ғасырлар бойы әр ұлттың ұрпақтан – ұрпаққа берілу арқылы жинақтаған бағасы жоқ мәдени байлығы. Біздің отанымыздың тілі – қазақ тілі. Қазір қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі. Ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі [1].

Қазақ тілі – республикадан тыс елдерде тұрып жатқан қазақтардың тілі. Қазіргі таңда жер бетінде 15 миллионға жуық қазақтар өмір сүреді.

1989 жылы «Тіл туралы заң» қабылданып, қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мәртебесін алды. Кейін 1993 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында бекітілді. Мемлекеттік тіл – мемлекеттік рәміздердің бірі болып табылады. Мемлекеттік тіл – Қазақстан Республикасының әрбір азаматынан іс қағаздарды мемлекеттік тілде жазуын талап етеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты

1 Мемлекеттік тілді насихаттау;

2 Тіл үйренудегі шығармашылық қабілеттерімді қалыптастыру;

3 Сөйлеу мәдениетімнің деңгейін арттыру;

4 Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіну.

Зерттеу жұмысының міндеттері – Оқушылардың, менің достарымның сөйлеу тілінде пайдалануын белсендіруге және жеке өмірлік тәжірибесін кеңейтуге ықпал ететін тіл шығармашылығының бірегей формасы, тіл туралы мақал-мәтелдердің мәнін ашу.

Зерттеудің болжамы – Қазақ тілінің сөйлеу мәдениетін, нақтылығын, байлығын анықтайтындығы жөніндегі болжам алынды.

Зерттеу пәні – Қазақ тілі.

Зерттеу әдістері – Талдау, бақылау, іс-тәжірибеде қолдану.

Жұмыстың нәтижесі мен қорытындылар – жастарға тәлім-тәрбие беретін, ұнамды үлгі қалыптастыратын қазақ тілі туралы насихаттау; тіл туралы мақал-мәтелдерді мектеп өмірінің барлық сабақтарында кеңінен енгізу керек деген қорытындыға келдім.

Іс-тәжірибеде пайдалану аясы – Мектепте тек қазақ тілі мен әдебиеті пәні ғана емес, сонымен қатар басқа да оқу пәндерін оқыту іс-тәжірибесінде; әсіресе, жастардың сөйлеу тілінде пайдалану керек.

Әрбір ұлттық мемлекетте мемлекеттік тіл – ол елдің мақтанышы. Өйткені мемлекеттік тілде мемлекеттік дәрежеде маңызы бар құжаттар жазылады. Адам белгілі бір қоғамда өмір сүреді, сол қоғамының материалдық және рухани байлығын жасаушысы болып табылады. Сол себепті адамдар үнемі қарым-қатынаста болады. Адамдардың өмір сүруінің, тіршілігін жүзеге асыруының құралы – тіл. Адам – тілімен адам. Тіл – жеке адамның туындысы емес, қоғамның жемісі, қоғамның нәтижесі. Тіл – қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас құралы. Сондықтан да тіл – қоғамдық құбылыс, қоғамдық қызметімен өмір сүретін құбылыс. Адамзат қоғамы даму, жетілу үстінде болады. Осы өзгерістердің бәрі тіл арқылы көрінеді, тіл арқылы басқаға жетеді.

Қазақ тілі қазақ ұлтының құралуымен бірге қазақ халқының ұлт тілі болып қалыптасты. Ұлттың өмір сүруінің кепілі – ұлттық тіл. Қазақтар өзінің ұлттық тілін «Ана тілі» деп атайды. Қазақтар ана тілі – қазақ халқының ортақ, бәріне бірдей түсінікті, біртұтас тіл. Соған қарамастан, халық тілі өз ішінен сараланады. Ол, алдымен, бүкіл қазақ ұлтына және Қазақстанды мекендейтін басқа ұлттарға ортақ, түсінікті әдеби тіл. Екіншіден, белгілі аймақта, жергілікті сипатта қолданылатын диалектілер, үшіншіден, ауызекісөйлеу тілі. Бұлардың қоғамдағы орны, маңызы, қызметі бірдей емес, бірақ осының бәрі ұлттық тілді құрайды. Ұлттық тіл – қазақ ұлтының рухани, мәдени байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші қасиетті құрал [2].

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Көп ұлтты мемлекет үшін мемлекеттік тіл қажет. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл – көп ұлтты елдің барлық халқын саясимәдени бірлікке ұйымдастырудың басты құралы. Көп ұлтты Қазақстанда мемлекеттік тіл өз қызметінтолық атқару үшін Тіл Заңын қабылдау қажет болды. «Қазақ КСР-нің тіл туралы Заңы» 1989 жылы қабылданды. Одан кейін қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болуына байланысты 1992 жылы және 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Жаңа Конституциясында Республикасының мемлекеттік тілі болып бекітілді. Мемлекеттік тіл – Ту мен Елтаңба сияқты мемлекеттің рәмізі. Осыған сәйкес 1997 жылы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы» қабылданып, оның 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» екені жазылған [3].

Мемлекеттік тіл – Қазақстан мемлекетінің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын: мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу, ғылым, білім, мәдениет, денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету салалары – радио, теледидар, мерзімді баспасөз сияқты ақпарат құралдары, іс қағаздарының тілі. «Тіл туралы Заң» осы салалардағы тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеп отырады. Мемлекеттік тіл мемлекет қамқорлығында болады.

Қазақ тілі (төте: قازاق تىلى, латын: qazaq tili) – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады.

Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшыраған. 1929 жылға дейін Қазақстанда қазақ араб жазуы пайдаланылды. XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. Қазіргі кезге дейін Қытай еліндегі қазақтар осы жазу үлгісін пайдаланады. 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын графикасықолданылып, 1940 жылдан қазірге дейін кирилл әліпбиі қолданылуда. 2025 жылдан қазақ тілі латын графикасына ауысуы жобалануда. Түркиямен Батыс елдердегі қазақтар әртүрлі латын жазуына негізделген әліпбиді пайдаланады. 2000 жылдан бастап Тура Жазу енгізіле басталды, латын және кирилше түрінде [5].

АРАБ ЖАЗУЫ	ارلىق ادامدار تۇمىسىنان ازات جانە قادىر-قاسيەتى مەن كۇقىقتارى تەڭ بولىپ دۇنيەگە كەلەدى. ادامدارعا اقىل-پاراسات، ار-وجدان بەرىلگەن، سوندىقتان ولار ءبىر-بىرىمەن تۇىستىق، باۋىرمالدىق قارىم-قاتىناس جاساۋلارى ءتيىس
ЛАТЫН ЖАЗУЫ	Barlıq adamdar twmısınan azat jäne qadir-qasïyeti men kuqıqtarı teñ bolıp dünïyege keledi. Adamdarğa aqıl-parasat, ar-ojdan berilgen, sondıqtan olar bir-birimen twıstıq, bawırmaldıq qarım-qatınas jasawları tïis.
КИРИЛ ЖАЗУЫ	Барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. Адамдарға ақыл-парасат, ар-ождан берілген, сондықтан олар бір-бірімен туыстық, бауырмалдық қарым-қатынас жасаулары тиіс.

Шығу тегі жағынан әр басқа тілдердің арасында да құрылымдық яғни морфологиялық ұқсастық болады. Мұны түсіну үшін, ең алдымен әр түрлі тілдердегі грамматикалық мағыналарды білдіру тәсілдеріне, сөз, сөйлем құрамындағы мағыналық бөлшектердің өзара байланысу сипаттарына, яғни синтаксистік қатынастардың берілу әдістеріне көңіл қою керек. Мысалға: «М. Әуезовтың кітабын мен туыстарымнан алдым» деген сөйлемді оның «Книги М. Ауэзова я взял у родственников» деген орысшасымен салыстырып көрейік. Мұндағы *ту+ыс+тар+ым+нан* деген мен *у род+ствен+ник+ов* дегендерге көңіл қойсақ, олардың құрылымдық ерекшеліктері мен байланысу тәсілдері, грамматикалық мағыналарды білдіру әдістері әр түрлі екенін байқауға болады.

Ал қытай тілінде *«Жаңа үй+де терезе+лер жоқ»* деген ұғым «Терезе жаңа үй жоқ» деген формада айтылады. Өйткені бұл тілде сөздер түрленбейді. Олардың арасындағы синтаксистік байланыс екпін немесе интонация арқылы, орын тәртібі, көмекші сөздер арқылы белгілі болады.

Осы айтылған құрылымдық ерекшеліктеріне қарай дүние жүзі тілдері мынандай төрт типке бөлінеді:

1 Даралаушы (аморфты) тип. Яғни сөздерге қосымша (жалғау, жұрнақ) жалғанбай, түбір күйінде қолданылатын тілдер. Бұларды кейде түбір тілдер деп те атай береді. Даралаушы типке қытай, вьетнам, бирма, тай, тибет, малайя-полинезей тілдері жатады.

Бұл тілдерге тән қасиеттер:

1) жоғарыда аталғандай қосымшалар қосылмайды (яғни сөздер түрлене бермейді);

2) сондықтан ол тілдерде омоним сөздер көп (мол) болады;

3) олар бір- бірінен музыкалық екпін арқылы ажыратылады;

4) синтаксистік жағынан негізгі тәсіл — қабысу (қой қора, көк терек, мың қой, ана кісі) және жанасу (тез келді);

5) синтаксистік қатынастар сөздердің орын тәртібі, интонация және көмекші сөздер арқылы беріледі;

6) сөз тудырудың ең басты тәсілі — түбірлерді біріктіру.

2 **Қопарылмалы (флективті) тип.** Бұған орыс, неміс, араб, грек тілдер енеді.

3 Полисинтетикалық немесе инкорпоративті тип. Бұған палеоазиат (чукот, коряк, ительмен, эскимос, алеут, кет, нивх, юкагир) тілдері мен американдық үндістердің тілдері жатады. Бұл типтің ерекшелігі: жоғарыда аталған үш түрлі типтегі тілдерде сөйлем арқылы белгілі болатын синтаксистік қатынастар бұл тілдерде бір сөзбен беріле алады.

4 Жалғамалы (агглютинативті) тип. Бұлардың қатарына түркі тілдері, монгол тілдері жатады. Соның ішінде өзіме жаңалық болған қазақ тілі жалғамалы тип тіліне жатады екен [5].

Менің ұлтым орыс болғандықтан, қазақ тілін білуде орыс тілімен салыстырып отырамын. Зерттеу барысында мынандай айырмашылықтарды байқадым.

Фонетика – екі тілде де дыбыстарды зерттейтін ғылымның бір саласы. Әріптердің рет-ретімен тізілген жиынтығын алфавит дейміз. Қазақ әліпбиінде 42 әріп ал орыс тілінде 33 әріп бар, екі тілдеде дауысты және дауыссыз дыбысқа бөлінеді.

Қазақ тілінде дауысты дыбыстар жуан, жіңішке болып екіге бөлінеді, орыс тілінде де солай.

Жуан дауысты дыбыстар: а, о, ұ, ы, (у).

Жіңішке дауысты дыбыстар: ә, ө, і, е, ү, и, (у).

Бір қызығы қазақ тілінде «У» дыбысы – бірде жуан (табу – найти), кейде жіңішке (теру – собирать) дауысты дыбыс болып келеді, кейде дауыссыз дыбыс рөлін де атқарады (раушан – роза)

Қазақ тілінде ерекше деп саналатын дыбыстар:

Дауысты дыбыстар – ә, ө, ұ, ү, і.

Дауыссыз дыбыстар – ң, h, ғ, қ.

Дауыссыз дыбыс пен салдырдың (үннің) қатысына қарай: қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді. Қатаң дауыссыздар – п, ф, к, қ, т, с,

м, щ, х, ц, ч. Ұяң дауыссыздар – б, в, г, ғ, з, ж, h. Үнді дауыссыздар – р, л, й, у, м, н, ң. Дауыссыз дыбыстардың ешқайсысы да өздігінен дауыссыз буын құрай алмайды. Мысалы: жаз (пиши), бар (иди), кел (приходи). Ал дауысты дыбыс жеке тұрып та, дауыссыз дыбыспен тіркесіп те буын құрай береді. Мысалы: а-ға, а-па, а-та, төрт-тік. Орыс тілінде жоқ әріптер – ә, ө, ұ, ү, і, ғ, қ, ң, h.

Орыс тіліндегі ұяң және қатаң дауыссыздар: б–п, в-ф, г-к, д-т, ж-ш, з-с. Ал х, ц, ч, щ сияқты үнді дауыссыздардың да сыңарлары жоқ [4].

Морфология. Сөз құрамы жағынын екі тілде де өзгешеліктер бар. Қазақ тілі жалғамалы (агглютинативті) тіл болғандықтан сөздің түбірі белгілі бір мағынаны білдіреді. Түбірге сөз тудырушы жұрнақтар (аффикстер), тәуелдік жалғау көрсеткіштері, септік жалғаулардың қосымшалары жалғанады. Мысалы: оқы – учись, оқу – учень–е, оқушы – ученик, оқу-шы-лар – ученики, оқу-шылар-мен – с учениками.

Орыс тілінде приставка түбір сөздің алдына келіп, жаңа сөздер құрамына жасайды. Мысалы: дел деген түбірден: от-дел, от-дел-ить, пере-дел, раз-дел деген сөздер жасалынып тұр.

Сөз таптарында екі тілде де ұқсастықтарымен қатар, біршама айырмашылықтар да жоқ емес.

Қазақ тілінде сөз таптары 9-ға бөлінеді: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, одағай, еліктеуіш сөздер. Орыс тілінде сөз табы 9-ға бөлінеді: имя существительное, имя прилагательное, имя числительное, местоимение, глагол, наречие, предиактив, причастие, деепричастие – бұлар есімдер тобы деп аталады, предлог, союз, частица, модальные слова, междометия и звукоподражательные слова – бұлар служебные деп аталады.

Қазақ тілінде зат есім «кім? не?» деген сұраққа жауап береді. «Кім?» деген сұрақ тек адамдарға байланысты қойылады. «Не?» деген сұрақ адамнан басқа заттарға, жан-жануарлар, өсімдік, өзен-су, қала, т.б. қойылады.

Ал, орыс тілінде «кім?» деген сұрақ жанды заттардың бәріне де қойылады.

Қазақ тілінде род категориясы жоқ. Орыс тілінде 3 түрлі род категориясы бар: мужской род, средний род, женский род.

Орыс тілінде а,я,и,ы,е жалғаулары түбірге жалғану арқылы көптік мағына береді. Мысалы: снег-қар, снега-қарлар, день-күн, дни-күндер, волос-шаш, волосы-шаштар.

Қазақ тілінде «май, сүт, ет, сұлулық, су» деген сөздерге көптік жалғау жалғанбайды. Ал, орыс тілінде су-вода, шай-чай,

мясо-ет, сахар-қант, алтын-золото деген сөздерге көптік жалғау жалғанбайды.

Орыс тілінде жекеше түрде келетін біршама сөздер бар. Мысалы: глубина-тереңдік, терпение-шыдамдылық, здоровье-денсаулық. Қазақ тілінде жекеше келетін зат есімдер де кездеседі. Мысалы: жаңбыр-дождь, қызылша-корь.

Септік жалғауларда да айырмашылықтар бар. Қазақ тілінде септік жалғауы 7-ге бөлінеді: атау септік, ілік септік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септік. Ал орыс тілінде 6 септік: именительный, родительный, дательный, винительный, творительный, предложный [4].

Қазақ тілінде түбір сөзге септік жалғауларының бәрі де дауысыз дыбыстан басталып жалғанады: -ның, -нан, -мен. Орыс тілінде зат есім род категориясы, сан (число), сөз тудырумен байланысты септеледі. Орыс тілінде склонение 3 түрлі септеледі және септік жалғауларында көбіне жекеше түрде келеді, Көпше түрінде аздаған өзгешеліктер бар. Мысалы: 1 склонение мужской род атау септігінде – о, – е жалғаулары бар.

Зерттеу жұмыс барысында ерекше қызығушылық танытқан тіл туралы мақал мәтелдер және ақын жазушылардың айтқан ойлары. Қазақ халқы мақал-мәтелге өте бай.

Қазақтың мақал-мәтелдеріне өз үлесін қосып, отты сөздері ел аузына кең тараған М. Әуезов, Б. Момышұлы, Ғ. Мүсірепов Ғ. Мұстафин сияқты ұлы адамдар есімі ел есінде сақталуда. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуге, жан-жақты тәрбие беруде мақал -мәтелдің мән-маңызы өте зор. Білім мен өнер еңбектің бір түрі болса аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып, білімін байытқан бала ғана өмірден өз сыбағасын алып, өз орнын таба алатыны сөзсіз.

Қазақ тілі – ең байырғы, ең көне тіл. Ол – ғасырлар бойы халқымыздың ұқыптап сақтап келген тәжірибесінің жиынтығы, ой-пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арнасы, өмір тіршілігінің айна-сы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан тозбайтын, тот баспайтын, өмірлік өшпес мұра.

Осы зерттеу жұмысының қорытындысы ретінде өркениетті елдердің өрге тартқан көшінде, алға тартқан легінде халқымыздың мерейін көтеруге, қажыр-қайрат жұмсауға, қасиетті қызыл тіліміздің үстемдігін көтеруге үлес қоссам деген тұжырымға келдім. Жобамды Н. Ә. Назарбаевтің «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп аяқтағым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Казахский язык и литература в русской школе 2001 №5 55 бет.
2 Қазақ тілі және қазақ әдебиеті 2005 №3 60 бет.
3 Қазақ тілі орыс сыныптарында оқыту // Жұлдыз 1999 №1 25 б.
4 Қазіргі қазақ тілі фонетикасы Алматы 1995 ж. 15 Бөлім.
5 Қазақ тілі мен әдебиеті 1999 №10 70-75 бет.

Ж. АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ МАҒЫНАСЫНЫҢ БОЯУЛЫ ҚОЛДАНЫСТАРЫ

БАЛТА О. Қ.
6 сынып оқушысы, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.
МУСАЛИНОВА С. Р.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

Жазушы Ж. Аймауытов шығармаларының тілі туралы сөз қозғағанда шығармадағы сөздердің мағыналық сипаттарының бояулы, түрлі реңкті қолданыстары назарға алынады. Соның ішінде жазушы тіліндегі лексикалық қабаттардың сан қатпарлы анықталады.

1 Проза тіліндегі өлеңге тән белгілерді қолдана отырып, эмоциялы бояуды күшейту.

2 Сөз мағынасын сөйлем ішіндегі сөздерді қайталау арқылы күшейту.

3 Көркем баяндауда халықтық үлгілерді қолдану.

4 Сөздің ауыспалы мағынасын жасайтын әдіс-тәсілдерді ұлттық таным мен түсінік қалпында алу.

5 Градацияны сәтті қолдану.

6 Халық тұрмысын жеткізуде этнографизмдерді шебер қолданады.

Жазушының «Ақбілек» романы қазақтың шығыс жағын, сол шығыстағы Өскеменнің ар жағындағы Алтай елін суреттеуден басталады.

«Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күз күзеткен Күршім бар. Алтай, Күршім – не заманнан қалың Найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы – қыспақ, жазы – самал. Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлді алқалаған – ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – Алтай жары тау еркесі киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатқаны. Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұраңдасып, күбірлесіп, көлеңдесіп, езу тартса – есің кетіп, сұңқыл қақса – шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қия кезеді» [1, 146].

Жазушының Шығыс өлкені суреттеудегі бірнеше көркемдік сипатарын атауға болады.

1 Ж. Аймауытов Өскеменнен шығып, Марқакөлге қалай жетуді халықтық жер бедерін, ел орнын түсіндіретін әдіспен береді.

1.1 Жер жағдайын білдіретін: ар жақ, бер жақ, құбыла жақ, құлай түскен жақ, қақ басы, алқалау этнографизмдерін пайдаланады.

2 Суреткер өз ойын жеткізуде, айтар мәлімет, ақпаратын беруде халықтық үлгідегі сөз қайталауларды ала білген. Мысалы: Сол Алтай – сол Күршімнің, бал татыған айна сулы – шарап сулы Марқакөлі, түрі де аспан – сыры да аспан, киік болып – өзге елдерден биік болып, ақ ауылды Алтай елі – Алтай елі болып қайталанып келуі арқылы сөз мағынасын кеңейте түседі.

Алдыңғы кейінгі сөздің мағынасын күшейте түседі. Мағыналық реңк өзгереді. Ғасырдың басында, дәлірек айтқанда, 20-шы жылдардың ішінде М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов сияқты ұлт тілінің бар сусыныны қанып ішкен жазушылардың шығармашылығында табиғат пен адамның ішкі әлемін суреттеуде мағынаны сөзді түрлендіру жолымен күшейту әдісін қолдану ұстанымдары әртүрлі сипатта көріне бастады.

Қоғамдық-экономикалық формациялар бірін-бірі ауыстырып жатқан өтпелі кезеңдерде айырықша сипат алатын адам мен табиғат, қоғам мәселелерін тілде өз мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жасалады.

3 Көркем бояуларды қолдануда халықтық үлгілер бар қалпында алынды.

Ұлттық сөйлеу, көркемдеу стиліне тән тұрақты тіркестерді қолданады. Мысалы: көкірегін аймалау – ана мен бала арсындағы жаратылыстың ғана бұйрығымен жасалатын әрекетті береді; құлай ағу – тау суының екпінді ағысы; алқалап қону – жағалай қону; сайран салу – қызы-думан, көңілді т.б.

Сонымен бірге ұқсату мен теңеу үлгілерін жасауда да халықтық үлгіні түрлентіп алады: құралай көзді – көзі құралайындай боп, атқан таңдай – атқан таңындай боп, құба талдай – құба талындай боп т.б.

4 Сөздің ауыспалы мағынасын жасайтын әдіс-тәсілдерді ұлттық таным мен түсінік қалпында алады: қыс – қыспақ: «қыспақ – айналасы тұйықталған қоршау, қамау» [2, 24]; жазы – самал – жанға жайлы қоңыр салқын жел [3, 140]. Ұлттың табиғаттың құбылыстарын анықтаудағы, жер жайын белгілейтін сөздерімен алады.

Осы ерекшелікке ұлттық таным мен түсініктің қоғам мен ортаға қарай, заман өзгерісіне қарай өзгерте қолдануын да алуға болады. Мысалы жоғарыдағы мысалды суреткер «Ақбілек» романында қазақ ауылының 20-ғасыр басында тарихи-әлеуметтік, саяси, шаруашылық, дәстүрлік қалыптарын бейнелеуден бастайтынды. Осыған орай жазушы тілінде қолданылатын этнографизм сөздердің барлығы өзін төмендегідей топтарға бөлуге тура келеді.

1 Ұлттың жер жағдайы мен географиялық сипаттарын ашатын этнографизм сөздер.

2 Тұрмыстық заттар мен шаруашылық атауларына қатысты этнографизмдер;

3 Таным мен түсінікті ашатын этнографизмдер;

4 Табиғат құбылыстарын суреттейтін сөздер;

5 Әдебиет тіліне тән ұлттық бейнелеуіштер;

6 Адам мінезіне қатысты этнолингвистикалық бірліктер деп бөлуге болады.

7 Қазақы тілдегі ойды берудің әдіс-тәсілдерін тілдік бірліктермен көрсетеді. Қазақ тілінде көркемдеудің тәсілдерінің бірі – ойдың алдыңғысынан кейінгісін, одан соң соңғысын күшейте түсу. Градация – айшықтаудың бір түрі. Тілдегі көркемдеудің бір тәсілі. Алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу.

Мысалы: құбыла – шығыс жақ; мәйек – жас төлдің ұлтабарынан алынып, сүттен ірімшік жасауға пайдаланатын іріткіш зат [2, 15]; тыраңдасу – аяғы көктен келу [4, 375]; тайпақ қала – шұңғыл емес, жалпақ (жазушы қаланың мол жайылып жатқандығын айтса керек) [3, 541]; тәукеншік – тым кішкен деген мағынада болса керек, бұл сөз «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» де «Диалектологиялық сөздікке» де кірмепті.

Бұндай мысалдарды жазушы тілінен мол кездестіруге болады. Ж. Аймауытов – халықтың бай ауыз әдебиетін өз шығармашылығында суретті де көркем тіл жасауда қолдана білгендігін дәлелдейді.

«Әнші» әңгімесінің прототипі – атақты қазақ әншісі Әміре Қашаубаев. Жазушы ақын талантын ашады. Сонымен бірге әнші

тағдыры, жан-дүние, сезім, көңіл күйін де ашады. Өнер адамының өзгеше сезім иірімдері нағыз дарынға ғана тән екендігін айтады. Күнделікті өмірдегі Әмірқанның ақ көңіл, жайдары, алаңсыз жайы Ақтамақ жайындағы оқиға тұсында басқаша ашылады. Көңіл түкпіріндегі аялаған сезімін бейнелейді, қолына ұстап тұрған бақытынан айырылған әншінің жан дүниесінің нәзік қылдарын шертеді.

Жазушы өзгеден өзгеше кейіпкерінің бейнесін жасауда ең бастысы – тіл материалдарына иек артады.

Қоғам суреттерін беруде тілдік бірліктерді сол заманның ыңғайына қарай қолданады. Осы арқылы тілдің қоғамдық қызметінің бірнеше сипаттарын ашады.

1 Қоғамдағы жаңалықтарды, өзгерістерді білдіру үшін қолданады.

2 Жазушының, кейіпкердің заман мен қоғам туралы көзқарастарын білдіруде жаңа қолданыстарды алады.

3 Қоғамның әлеуметтік, саяси, шаруашылық ерекшеліктері айқындалады.

4 Әдеби тілдің өзгерістері белгіленеді.

Жазушының «Әнші» әңгімесі 1925 жылы жазылған. Жазушы тілінде осы кезеңдегі суреттерді беруде қазақ тіліне енген орыс сөздерін өзгеше реңкте қолдануымен көрінеді. Әңгімедегі алғашқы жолдардың өзінен-ақ қоғам суреттері тілдік бірліктер арқылы ашыла түседі.

«Жетішатыр – жақсы қала. Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы – қымыз, ойын-сауық – «кататься». Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес. Маскүнем. Төбелес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық... Жаз шыққа пароход, паром, желқайық, жасыл арад қалың орман... Көкке шыққан, гуләйт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала.

Стипендиядан жырмалаған азды-көпті тиынның қызығын көргелі адам сияқтанып отыз тиынға бержабай жалдап, жексенбі күні ар жаққа тарттық», - суреттеуден [1, 410] бастап, Жетішатыр туралы айтқан сияқты. Бірақ сурттеу тілі қаланың өзін емес, ондағы әлеуметтік топтарға ұйысқаны төмендегі сөздердің тілдік мағыналық топтарынан анықтауға болады.

1 Қазақтың мол жиналған жерлерінің бірі (Қаптап жатқан қазақ).

2 Халықтың бос жүріс пен ойын-сауыққа құмарлығы. (Жазы-қысы – қымыз, ойын-сауық – «кататься». Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес).

Жазушы бұл жолдардағы тілдік бірліктер арқылы эмоциялық реңкті күшейте түскен. Себебі, «кататься» сөзін орыс тіліндегі қалпында ала отырып, халықтың қыдыруындағы жаңа дәстүрлер мен әдеттердің шыға бастағандығынан мәлімет береді.

3 Алдыңғы ойды күшейтетін сөздердің халықтың танымына жаттығы. (Маскүнем. Төбелес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық...)

4 Халықтың бос жүріске үйренгендігі мен сауықшылдығының шегі жоқ екендігі (Жаз шыққа пароход, паром, желқайық, жасыл арад қалың орман... Көкке шыққан, гуләйт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней... Қызық думан...).

5 Соңында қаламгердің өзінің пікірі астарлы жетеді. Бұл әр сауық түрінен кейін көп нүкте қою арқылы айтылмаған ойға бастады. Соңындағы Қайткенмен сергек қала. деген сөйлемде екіұшты ой қалады.

Бұл үзінді суреткердің өз ойын білдірудегі, бейне жасаудағы тілдік бірліктерді қарама-қарсы қою арқылы жүзеге асырғаны көрінеді. Халықтың сауық-сайраны мен ойыны және сол ойды соншалықты қоштай қоймайтын әңгімелеуші пікірі. Тұтастай бір үзікті алып, бүтіндей қарсылықты, қайшылықты ойды қатар қойған.

Жазушы Жетішатыр қаласын суреттеуде: «Ар жақ – қазақ даласы. Өзен өрлей салынған екі мешітті, бір шіркеулі, ығы-жығы тайпақ қала. Ағашы, кірпіші, төбесі, тоқалы жапырайған тәукеншік үйшіктер: «Бізді қазақтан басқа кім мекендесін?» дегендей, бет-аузы қисайып, көздері сығырайып, кемсеңдеп тұрған іспетті. Байлардың көк шатырлы салауатты сарайлары жаман-жұман баспаналарды басып кететіндей коразданып, басын көкке созады. Көк шұға тысты, жанат құндызды көк құмыра бөрік киген маубас, бордақы байлар ат-тұрманы жарқырап, көкмойын жегіп, былқылдақ кашабада шалқайып жатып, кататься соғады.

Ескі-құсқы киім, етік-метігін қолтықтап, дорбасын, боқшасын арқалаған қаланың кедейлері жаяу-жалпы сүмеңдеп, сақалына сүңгі тұрып, базарға кетіп барады. Көпшілік тамақ тауыш қайта ма? Әйтпесе сандалып, құрамай қауып қайта ма? Кім білсін?... Жоқшылық қысып, еңсесі түсіп, меңзеңі болған сорлылар неден мұндай болғанын қайдан білсін?...» [1, 412] – деп жалғастырады.

Алдыңғы қайшылық тереңдей түседі. «Жаман үйлер мен оған қарсы көк шатырлы салауатты сарайлар» мен «Ағашы, кірпіші, төбесі, тоқалы жапырайған тәукеншік үйшіктер», «көк шұға тысты, жанат құндызды көк құмыра бөрік киген маубас, бордақы байлар ат-тұрманы жарқырап, көкмойын жегіп, былқылдақ қашабада шалқайып

жатып, кататься соғатын байлар» мен «ескі-құсқы киім, етік-метігін қолтықтап, дорбасын, боқшасын арқалаған қаланың кедейлері жаяу-жалпы сүмеңдеп, сақалына сүңгі тұрып, базарға кетіп бара жатқандар»

Қоғамдағы өзгерістер түрлі сипатта көрінеді:

- әлеуметтік жағдайды анықтайтын сөздер – жанат ішік пен ескі – құсқы киімдер; дорба мен боқша арқалаған кедейлер, ат-тұрманы жарқыраған көкмойындар, салауатты сарайлар мен тәукеншік үйлер;

- тарихи өзгерістер – кататься, кашаба, пароход, паром, гуләйт, поез, паровоз т.б.

- мәдениет пен рухани құндылықтарды білдіретін сөздер – гармон, сырнай, қобыз, асатаяқ, кінешке декламация, хор, ән, домбыра т.б.

- саяси лексикаға қатысты сөздер – жасақ, солдат, лазерет, революция, партия, жұмысшы, окоп, комитет члені, крестьянский, комитет, автономия, земство ашу т.б.

- лауазымды білдіретін сөздер – ауылнай, болыс, гүбірне бастығы, урядник, дуан басы, начальник, судья, өшетіл т.б.

Қаламгер тіліндегі тағы да бір мағыналық сипатты көтеретін сөздер – синоним сөздер. Бұл әсіресе «Әнші» әңгімесінде ерекше қолданылған. Ж. Аймауытов Әмірқанның ән айту шеберлігін суреттер шақта қазақ тіліндегі ән шырқау, ән айту дәстүріне қатысты тілдік бірліктерді өзгеше алады.

«Ұшатын құстай қымтанып, қомданып алды. Отырғандар аузын ашып аңырды. Әнші жіберді. Бір-бір ауыздан ән салды. Аз да болса бірегей болды.

Сүмірейте, қылмита соқты; желдете құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді; бойды шымырлатты» [1, 414].

Қаламгер әнші ән айтты немесе ән шырқады демейді. «Жіберді» дейді.

Шырқау, ән айту – екінің біріне тән нәрсе. Ал «жіберу» – мүлдем бөлек. Әнді еркіне қоя беру, тұсауламай, өз бостандығын өзіне ұстату.

Әннің, ән айтушының өзгешелігін айтуда енді көсемшелі етістіктерді ойнатады. Көсемше қимылдың сапасын білдіру мен түрлі реңк жасауға бейім болғандықтан да, оның әсіресе еліктеу мен зам есімдерден жасалған түрінде эмоция бояуды мол жинайды.

Көсемшенің -а, -е, -й формалы түрлерін алады. -п, -іп, -ып формалы түрлері істің жалғастығын білдіргенімен де, қимылға бояуды –а, - е, -й формасындай жасай алмайды. Сондықтан да:

1) еліктеуден жасалған сүмірейте, қылмита;

2) зат есім негізді жел (желдете);

3) етістік түбірлі құтырта (құтыру) сөйлем ішілік синонимдік қатар түзеген.

Әнші әнінің әсерін беруде тіркесті синонимдер жасайды.

Тілдегі тұрақты сөз тіркестері тілді көркем айшықты айтудың бір тәсілі болса, ендігі бір артық белгісі сөзді негұрлым дәл нақты береді. Үннің күштілігін алдыңғы сөздерден гөрі сөзден гөрі тұрақты тіркес дәл ашып тұр.

Тұрақты сөз тіркестері тілде сөзді алмастырып қана қоймайды, ойды анықтайды. Таным-түсінікті береді. Осындай ерешеліктеріне қарай тұрақты сөз тіркестерін шартты түрде таным-түсінікті және ой дәлдігін ашатын тіркестер деп бөлуге болады.

Жазушы қолданысындағы құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді, бойды шымырлатты болып кетеді.

Бұл тіркестер бірыңғай тұрақты сөз тіркестерінен жасалған. Тек қана оларды бірінен соң бірін жалғастыра қолданбайды. Синонимдік қатар жасау ережесін сақтай отырып жүргізеді.

Ән алдымен құлаққа жағып кетеді, сосын жүрекке жетеді, оны тербетеді, жүректен қанға тарап, оны желпіндіреді, жан желпінеді де бой шымырлап кетеді. Жазушы әннің әсерін өз бояуымен ғана емес, ырғағымен, үрдістің ықпал, әсерімен алады.

Ж. Аймауытовтың «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқанның ән айту шеберлігін, талантын суреттеуде келесі жолдарда бұл әдіс қайталанбай жазушы сөзді басқаша ырғаққа, қалыпқа құрады.

«Мидай жазық құла түзде ішің пысып келе жатқанда, көзіңе сұлу орман, сәулетті тау көрінсе; көріктен, оттан айырылған, қабағынан қар жауған қариялардың ортасында, кенеттен атқан таңдай сұлу сәулем қыз көрінсе; қараңғы түнде ел таба алмай сандалып келе жатқанда, аяғыңның астынан қиуадан от жылт етіп көрінсе, қандай қуанып, кенеліп қаласың. Жапа-тармағай жым болып томсарып, тоңторыс отырған жандарға әншінің әні де сондай әсер берді» [1, 414].

«Бір-бірін қиып кете алмай, мұратына жете алмай, қош айтысқан жарға ұқсап; жалғызынан айрылып, қанатынан қайырылып, зарлаған бейне жанға ұсап, болмаса жылап егілген, көзден жасы төгілген, бейне бір қайғы-зарға ұқсап, өкінішті, өксікті, қасіретті, мұңды әнді сарнады. Жұрт төмен қарап, әркім жүрегімен сырласқандай, әншінің бітіргенін де сезбей қалды. Кенет тым-тырыс бола қалды да, шапалақ қайта соғылды. Қалғып кетіп оянған, қызықты тәтті түс көрген, қайтарам деп талпынған кісідей,

жанға жаққан тәтті үннің кеткеніне өкініп, өршелене соғылды. Әмірқан тымағын қыңырайта киіп тағы барды. Тағы соқты. Тағы да ескектете, желпіндіре, желіктіре, ышқындыра, құлшындыра соғып, тыңдаушының айызын әбден қандырды.

Әмірқан бәйгеден келді! Зал сарт-сұрт, айғай-ұйғай, гуілдеп, толқындап барып басылды» [1, 418].

Әңгімеде қарсылық тағы да алдыдан шығады. Ойдың, бүтіндей бір оқиғаның сипатын ашуда жазушы екі түрлі кеңістіктегі бір әншінің жайын алады. Осы кеңістіктегі ән қуатын ашу үшін ақ пен қараны, яғни контрасты суреттерді береді.

Құла түз – орман мен сәулетті тау;

көріксіз қариялар – таңдай сұлу сәулем қыз;

қараңғы – от;

жым-жырт орта – әнші.

Жазушы антонимдерді жалпы сөйлем ішінде жасайды қалыптасқан үлгідегідей сөздерден ғана емес сөз тіркестері арқылы ой мен әсерден антоним жасайды.

Екінші үзіндіде әншінің шеберлігін ашу үшін ойды ойға жалғайтын, әннің әсерін бірте-бірте күшейтетін, алдыңғы ой мен келесі ой, әсердің тұтастығын ашатын бейнелі сөздер кетеді. Бұл қатарда қаламгер синонимдік қатарларды алады. Бұл синонимдерді төмендегідей топтарға бөлуге болады.

1) Тек мәтін ішінде ғана синоним болатын ойлардың синонимі.

«Бір-бірін қиып кете алмай, мұратына жете алмай, қош айтысқан жарға ұқсап; жалғызынан айрылып, қанатынан қайырылып, зарлаған бейне жанға ұсап, болмаса жылап егілген, көзден жасы төгілген...».

2) Тілде синоним болып қалыптасқан сөздер: өкінішті, өксікті, қасіретті, мұңды.

3) Сөйлем ішінде жасалған мағыналық синонимдер: ескектете, желпіндіре, желіктіре, ышқындыра, құлшындыра.

Жазушы тіліндегі тағы да бір өзгешелік мағынаны беруде әңгіме стилін қолдануы. Әңгіме стилінің өзін түрлі қалыпта беруге болады. Сондықтан да әңгімелеушінің жас шамасы мен білімі, көзқарасы мен білімі, ортадағы орны, мінезі мен тағы да басқа ерекшеліктері басты назарға алынады.

Жазушы Әмірқанды өзгеше кейіпкер ету үшін оның Ақтамаққа қатысты оқиғасын айтқызады.

«...Ел қыдырып, ән салып, жын қуып жүрген кезім. Қайда ойын болса, іздеп кетеміз. Ормамбетте Ақтамақ деген бір тамаша қыз болды. Үріп ауызға салғандай, жұтынып тұрған сұлу еді. Міне,

биыл отыз екіге шығып тұрмын, ондай сұлуды көргем жоқ. Өзі паң. Жөпшеңді бозбалаға көзінің қырын да салмайды. Пысықсыған талай жігіт маңына дари алмай қойған. Бір ойында Ақтамақ маған орамал тастады. Өңім екенін, түсім екенін білмедім. Буыным қалтырап кетті. Буы әкетіп барады. Бетіме таман таянғанда, қолымды ұстады да: «Шын сүйсең, сүй!» деді. Ақтамақты сүйген кісінің арманы бар ма? «Шыным» дедім. Қасынан орын берді. Дәмелі жігіттер ішін жарып жібергендей болды. Төбем көкке жетті. Бір қаға берісте: «Біздің ауылға келіп жүрсейші!» деді. Содан кейін Актамақтың аулынан шықпайтын болдым. Жеңгесінің отауына барсам, ән салғызады. Әзілдеседі. «Әнінді тыңдағым келеді де тұрады» дейді. Бір күні: «Түсімде көрдім» деді. Не керек, сүйте-сүйте қалай жақындасқанымызды білмеймін: бірімізді-біріміз көрмесек шыдай алмайтын болдық. Ол «өл» десе, өлгендеймін. Түрім мынау, жалғыз атты кедеймін. Неме қызыққаным білмеймін, ынта-көңілі маған ауды да кетті» [1, 420].

Жазушы Әмірқан бойындағы ашықтық пен тазалықты ашуда әңгіме стиліне қатысты бірнеше тілдік заңдылықтрды ескерген.

1 Оқиғаны бар қалпында баяндау. Неғұрлым көркемдеу құралдарын мол беру: ел қыдырып, ән салып, жын қуып жүрген кез т.б.

2 Ауызекі тілге қатысты сөздерді орнымен алу: жөпшеңді, неме қызыққанын т.б.

3 Сөйлем құрылымын ойға қатыстыра құру: Буы әкетіп барады. Әзілдеседі. т.б.

4 Сөз тіркестерінен сөйлем құрау: Төбем көкке жетті. Неме қызыққаным білмеймін, ынта-көңілі маған ауды да кетті.

Жазушы Ж. Аймауытовтың шығармаларындағы сөздердің мағыналық қабаттары сан қырлы. Қаламгердің суреткерлік шеберлігін, көркем бейне жасауда ұлт тілінің бай құнарын пайдалана алғандығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Аймауытов Ж. Шығармалары – Алматы : Жазушы, 1989. – 560 б.

2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі Т.7. – Алматы : Ғылым, 1983, – 672 б.

3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі Т.8. – Алматы : Ғылым, 1985, – 591 б.

4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі Т.9. – Алматы : Ғылым, 1986, – 560 б.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ЖҮРЕК» СӨЗІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАНЫ ТАНУ

БЕЙСЕНБЕКОВА А.
10 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
МУХАМЕТКАЛИЕВА С.
10 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
КУШЕРБАЕВА И. К.
жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі,
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Абай әлемі – мәңгілік мұра, қымбат қазыналар қатарына жататындықтан, ғасырдан астам уақыт бойы сөз етіліп, әр алуан бағытта зерттеулер жүйесіне айналып келеді. Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу, шын мәнінде, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан басталды. Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында «Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» - деп Абайды аса жоғары бағалады. ХХ ғасырдың 40–60-жылдарында Абай өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісі кең көлемде жүргізіліп, жаңа белеске көтерілді. Абайдың қоғамдық, эстетикалық, философиялық көзқарасын, психологиялық және педагогикалық пікірлерін, ақындық тілін, композиторлық өнерін, аудармаларын тереңдеп тексерген еңбектер жарық көрді. Солардың ішінде С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, М. С. Сильченко, Қ. Мұқамедханов, Ы. Дүйсенбаев, Т. Тәжібаев, Б. Г. Ерзакович, Х. Сүйіншәлиев сынды ғалымдардың еңбектері бар [1]. Ал, осы тектес тақырыптардың да қарастырылғаны бар. Дегенмен, зерттеулері жалпылама не басқа бағытта қарастырылған. Әжібекова М. Е. ғылыми мақаласында Абай поэзиясындағы «Жүрек концептісінің қолданылуын нейролингвистикалық бағдарлау тұрғысынан талдау» тақырыбын зерттесе, Ерболат Баят Абайдың «Жүрек айнасы» тақырыбын қарастырған.

«Адам көкірегі – сезімнің ұясы. Оны бірінен соң бірін туындатып, бірімен-бірін шарпыстырып, бірін тұтандырып, бірін тұншықтырып жататын майдан алаңы – жүрек» [2], - Ж. Ысмағұловтың түсініктемесі жүректің тікелей қызметін сипаттайды.

Көзіміз жетіп отырғандай, «жүректі» түсіндіру үшін оған берілген түсініктемелердің өзі жеткіліксіз, өйткені оның қызметін

кейде өзіміз түсініп, байыбына жете алмай кететін тылсым, жұмбақ қасиетке ие. «Қазақ әдебиетінің сан ғасырларға созылған тарихында бір де бір қазақ ақыны жүректің адам өмірінен алатын орны мен атқарар қызметін соншалықты жан-жақты терең мағынада философиялық, гуманистік астар беріп, оны ақындық тіл өнерінде құлпырта ойнатып Абайша толғай алған емес. Абайдың жүрек жайындағы танымдары арнайы зерттеуді қажет етеді» [3].

Абай өлеңдерін 1-сыныптан оқысақ та, жас ұлғайған сайын тереңірек түсіне бастайды екенсің, сондықтан да Абай шығармаларындағы «жүрек» қолданысы арқылы адам мінезін тануды-зерттеуіміздің негізгі мақсаты етіп алдық.

Бұл зерттеуде Абай Құнанбайұлының 42 өлеңі алынды. 42 өлеңіндегі «жүрек» сөзінің 66 мәрте қолданғанына көз жеткіздік. Қара сөздеріндегі жүрек сөзінің қолданысы келесідей: 4, 13, 33 қара сөздерінде «жүрек» сөзі 1 рет, 14 қара сөзінде 11 мәрте, 17 қара сөзінде 6 рет, 43 қара сөзінде 4 рет қолданылады [4].

«Жүрек» сөзінің қолданылуына қарай 7 бағытта топтастыруды жөн көрдік.

1 Адал адам мен арам адам болмысы:

Жүректен шыққан сөз: «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде

Тілге жеңіл, *жүрекке жылы* тиіп [6, 71], – деу арқылы әдемі сөздің адам көңіліне деген әсерінің басым екені байқалады. Жүректен шыққан сөз ғана жүрекке жол таба алады. «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңінде: - «*Жүрегім* бойды жылытып» деген жолдары [6, 263], жоғарыда сөз болған нейролингвистиканың осы бір үзінділерден көрініс табатындығына көз жеткіземіз. Жақсы әннің адамға қалай әсер ететінін, Абай осы бір жолдармен түсіндіріп бергендей.

Жүрекпен айтылмаған сөз: «Бөтен елде бар болса» өлеңіндегі осы бір жолдарында: Қу старшын, аш билер, Аз жүрегін жалғайды. *Аз жүрек* деудің мағынасы қандай? Көп жүрек деп айтуға келер ме? Осында старшын, жай ғана старшын емес, «қу» сөзін жалғау арқылы «билер» деп жалпыламай «аш» эпитеті арқылы қандай екенін сипаттап барып, аз жүрек деп қолданып отыр. Қу, тойымсыз адам қаншалықты жүрекке мойынсұнбақ?! Жүрегін тыңдаған адам осы бір әрекетке бармасы анық. «Аз жүрек» деуі де осыдан шығып отыр, яғни мұндай адамдардың адамгершіліктен жұрдай екенін осы бір ғана «аз жүрек тіркесі» арқылы беріп отыр.

2 Табиғи болмыс пен жасандылық:

Жүректен келмейтін күлкі. Төртінші қара сөзінде: Көп күлкінің бәрін де мақтағаным жоқ, оның ішінде бір күлкі бар-ау, құдай жаратқан орныменен іштен, көкіректен, жүректен келмейді, қолдан жасап, сыртыменен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі [4, 11]. Осы қолданыс адам күлкісінің жасанды болуының, адамды табиғи қалпынан айырып, қарым-қатынастағы жасандылықтың, жағымпаздықтың туындауының бірден бір көрінісі екенің көрсетеді.

3 Батылдық пен қорқақтық

Жүректі, жүрек ісі – Он үшінші қара сөзінде – қорықпас жүрек [5, 64] деп қолданылуы жүрек батылдығының адамға жігер мен қайрат беретінін алға жылжу, қиындыққа төтеп беру, мойымауға тәрбиелейді, үйретеді.

Жүрексіздік - «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?» деген өлеңінде «Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзің» өлең жолдары әрбір іс үшін батылдық керек екенін, қорқақтықтың адам алдындағы барлық есіктерді жабатынын көрсетеді.

4 Мейірімділік – тасжүрек

«Кейде есер көңіл құрғырың» өлеңінде – *жұмсақ жүрек* деп қолданған тіркесі жүрегі мейірімге толы адамды, аяушылық таныту сезімі, жылулық іздеу осындай мейірімді тұлғаларға тән қасиет. Ондай адамдар көпшіл, туысшыл, жанашыр қасиеттерге ие. Әрдайым қол ұшын беруге даяр тұратын жандар.

5 Сезімталдық

Сүйсіну. Абайдың отыз сегізінші қара сөзінде: Ей, *жүрегімнің* қуаты, перзентлерім! [4, 143]. Осындағы жүрегімнің қуаты-деу арқылы әкенің балаға деген ерекше сезімін көруге болады. «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңінде: - *Асау жүрек* [5, 265] аяғын шалыс басқан, асау жүрек-деу арқылы адамның үнемі эмоцияға, сезімге берілу арқылы шалыс басудың өзі осыдан шығатынына дәлел болып отыр. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіндегі осы бір жолдар: Өңкей уды жиып ап, Себеді *сорлы жүрекке* [5, 191]. Тағы да адам қабылдауының бәрі жүрекке келіп тиетінін, әсер ететінін айтып отыр. Өңкей уы адамның жасанды қылық пен сатқындық, зұлымдық секілді адам бойындағы сүйіспеншілік сезіміне кереғар келетін адам болмысы. Одан басқа, қан жүректі, жүрек балқып игенде, толқынын жүрегіңнің - осы бір қолданыстар сезім арнасының нағыз көрінісі болатынын көрсетеді. Жалынды жастық шақ, асау жүрек, қан жүгіріп, балқып игенде-деу арқылы адам денесінің сезім торына түсетін күйін тура суреттеп бергендей.

6 Өмір мен өлім көрінісі

«Қуатты оттай бұрқырар өлеңінде» - «Ынталы жүрек сезген сөз, бар тамырды қуалар» [5, 259], – деп Абайдың «жүрек» сөзін қолдануы - адам бойындағы барлық нәрселердің жүректен бастау алатынын көрсетеді. Яғни, жүрек адам денесіндегі өмір бастамасы екеніне шүбә келтірмейді. Ал, «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» шығармасындағы - «Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды, Жүрек тербеп, оятар баста миды» [5, 240] өлең жолдары жүректін адам бойындағы барлық тіршіліктің қолбасшысы екенін көрсетпей қоймайды. Сонымен қатар, Абайдың он жетінші қара сөзінде қайрат, ақыл, жүрек үшеуінен жүректі жақтауы - жүректің шын мәнінде де адамның тіршілік әрекетінің әміршісі екенін білдірмейді ме?

7 Жүрек айнасы

«Білімдіден шыққан сөз» өлеңінде Абайдың «Жүрегі - айна, көңілі - ояу, сөз тындамас ол баяу» [5, 98], – деп жазуы жүректің адамның жан дүниесінің айқын көрінісі екенін көрсетеді. «Адамның кейбір кездерінде», « Кірлеген жүрек өз ішін, Тұра алмас әсте жуынбай» өлең жолдары әрбір жанның қашан да жан тазалығына, жан пәктігіне, жан сұлулығына ұмтылатындығын байқатады. «Жүрегімді байқасам, Инедейін таза емес» [6, 231] тармақтары жүректің айна іспеттес таза немесе кір бола алатынын айғақтайды. Жүректің адам бойындағы барлық рухани кеселдердің айнасы екеніне Абайдың қырық үшінші қара сөзіндегі «Егер де бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, я қисық, я күңгірт көрсетеді» жолдары дәлелдейді.

«Жүрек-теңіз, қызықтың бәрі-асыл тас» өлеңінде – Жүрек – теңіз [5, 291], қызықтың бәрі - асыл тас, яғни адам өмірінің барлығы жүрекпен байланысты екенін көреміз. Адамды жүрек арқылы тани білу, Абайша айтқанда, жүрек түбіне бойлап енсек қана, жоғарыда айтқан қасиеттерді байқау қиынға соқпасы анық. Жүрек соққанша өмір жалғасады, жүректі кірлетпей асыл қасиеттерді бойымызға дарытып, шынайы сезім мен шын жүректен айтылған сөз, асау сезім, жүрекке қуат беретін ізгі істердің барлығы асыл тас болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 https://massaget.kz/layfstayl/debiet/zhaaly/58168/

2 Ысмағұлов Ж. Абай ақындық тағылымы. Алматы : Ғылым, 1994.

3 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы : Жазушы. - 2004 жыл.

4 Абай. Қара сөздер. - Алматы : «Өнер» баспасы, 2015. - 124 б.

5 Абай Құнанбаев. Шығармалар. I том. - Алматы : Жазушы. - 1968. - 71 б., 98 б., 191 б., 240 б., 259 б., 263 б., 265 б., 291 б.

6 Ахметова Ш., Балғынбаев Ә., Жәркешова Г. Абай тілі сөздігі. - Алматы : Өнер, 2011. - 231 б.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН «ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ» ӘҢГІМЕСІ. ШЫҒАРМАНЫҢ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ОҚЫТЫЛУЫ

БИҚАШҚЫЗЫ Қ.
5 сынып оқушысы, Достық орта мектебі, Павлодар қ.
ИМАНТАЙ А.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Достық орта мектебі, Павлодар қ.

Қай ұлттың тарихын алсақ та рухани-мәдени даму кезеңдерінің белгілі белі, елеулі тұстары болады. Әр халықтың әлеуметтік өмірдегі әр алуан тартыс, тап күресі, қоғам өмірінің жалпы даму процесі таптың, не белгілі таптық топтың ой-пікір, тілек-мүддесін сөзінде, ісінде ту етіп жоғары көтеретін адамдарды да дүниеге ала келеді. Олардың кейбіреулері ескінің шырмауынан шыға алмай, өткеннің күнгейін, жаңаның көлеңке жағын ғана көрсе, кейбіреулері өз кезі, өз дәуірінің әрі сыншысы, әрі жыршысы; ескіні-мұра, жаңаны-тұлға деп таниды. Тарихты даттамай да, мақтамай да әділ бағалап, үмітті алдан, жарықты келешектен күтеді. Өз кезіндегі әр алуан мәселелерді терең толғап, кеңінен шолиды. Айналасына көз тігіп, өз басы емес, ел қамы, жұрт пайдасы деген нысананы алға қояды да тарихтың үлкен сахнасында бой көрсетеді; сүйтіп, олар сол кездің ұраншысы, келешектің жаршысы деген атаққа ие болады. Сол тәрізді адамның бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай Алтынсарин атақты педагог, ағартушы, ақын-жазушы.

Жазушының келелі мәселелерінің бірі – отырықшылық тұрмыстың артықшылығын түсіндіру. «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй» атты шығармаларында негізінен осы мәселелер сөз болады.

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде автор байларға жалданбай-ақ өздігінен еңбек ету арқылы дәулетті тұрмыс құруға болатынын, отырықшы халықтың ынтымағы да, бірлігі де күшті келетінін дәлелдейді. Оқушыға оңай түсіндіру үшін, жеңілқол күнкөрістің баянсыздығын жоғарыдағыларға қарама-қарсы қойып суреттейді. Осы тұста, жазушы тек балалар ғана емес, үлкендердің өзін де

еңбекке, отырықшылыққа, саудаға тәрбиелеу мәселесін көрсетеді. Автордың өзі: «...Тілеу Сейдалин сұлтанның куәландыруы бойынша, Сейтқұл 1830 жылдарда өліпті», – дейді [1, 72]. Торғайдың терістігі Қабырға өзенінің бойында Қыпшақтардың барлығы, ол жерде «Сейтқұл қорғаны» атанатын оба және осы тәрізді ел аңызы барлығы рас. Әрине, «Сейтқұл» оқиғасы тарихи нәрсе емес, бұл – ел аңызы, сондай адам мен сол тәрізді өмірдің болуын аңсаған үміт елесі. «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесінің сюжет желісін халық аңызынан алғандығы талассыз. Бұл тұрғыда ғалым Қ. Жұмалиев: «Бізше «Сейтқұл» аңызынан Алтынсарин да өз ойы, өз идеясының талшығын тапқанға, соны дамытқанға және оған әлеуметтік мән беріп, аңызды шындыққа жақындатып, аңыз адамдарын тарихи адамдар етуге тырысқанға ұқсайды. Әңгімесіне реалистік түс беруі, бас геройының өлген жылы туралы, сөз арасында болса да, белгілі мезгілін көрсетуі де осыны аңғартады», - дейді. [2].

Әңгімедегі негізгі тақырып – еңбек. Сонымен қатар, отырықшылық егін кәсібі, сауда және ұрлықпен еңбексіз күн көрушілік мәселелері. Жазушы осы төрт түрлі мәселенің негізінде сюжет құрады да оның әрқайсысына оқушыларға бағыт сілтерлік өз көзқарасын білдіреді.

Еңбекті сөз еткен жазушы жалпы түрде емес, пайдалы және өнімді еңбекті ұсынады, адал еңбек арқылы өмір үшін күрестің үлгісін және оның нәтижесін мынандай деп, басқа елдің басшыларына Сейтқұлды бағынушыларына оның соңына ерген еңбекшілерін үлгі етеді. Ұрлықпен еңбексіз күн көрмек болған Сейтқұлдың ағасының сүйегі де табылмай қалады. Сөйтіп, жазушы «Еңбек түбі – ырыс», ұрлық түбі – қорлық» деген қо- рытындыға келеді.

«Қыпшақ Сейтқұлда» жазушының көтерген мәселесінің бірі – отырықшылық пен сауда мәселесі. Ал сол кезде қазақ халқының негізгі тіршілігі мал шаруашылығы болды, сол шаруашылықтың жағдайы көшпелілікті керек етсе, XIX ғасырдың екінші жартысындағы әр алуан әлеуметтік шаруашылық жағдайлар қазақ халқының шаруашылығының отырықшылануын талап етті. Қазақтың кедей шаруаларының бұл кездегі ауыр халі Шоқан, Алтынсарин, Абай тәрізді адамдарын ойландырмауы мүмкін емес еді. Әлеуметтік және шаруашылық жағдайлар ендігі кезде отырықшылану қажеттігін керек етті. Кедей шаруалардың ауыр халін жақсартудың төте жолы отырықшылану, сөйтіп егін кәсібімен айналысу деген пікірді қазақ ағартушыларының бәрі де мойындады.

Шоқан Уәлиханов отырықшылану мәселесіне айрықша көңіл бөлсе, Абай Құнанбаев өз шығармасында:

Болмашы кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл!
Орынсыз ыржаң,
Болымсыз, қылжаң,
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.
Егіннің ебін,
Сауданың тегін Үйреніп,
ойлап мал ізде.
Адал бол, бай тап,
Адам бол, мал тап,
Қуансаң, қуан сол кезде,
Біріңді қазақ, бірің дос Қөрмесең – істің бәрі бос,

– деп еңбек пен бірлікті насихаттаса, Ыбырай бабамыз отырықшылану, егін кәсібін қолданудың қазаққа пайдалы екендігін «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесі арқылы үлгі етіп көрсетті.

XIX ғасырдың екінші жарымында, 1861 жылғы реформадан кейін қазақ даласына орналастырылған орыс шаруалары, Россиядан малсыз-мүліксіз келсе де егіншілікпен айналысып, өздерінің адал еңбектерінің арқасында аз жылдың ішінде-ақ ес жиып, етегін жапқаны, ауыр хал, аштық тұрмыстарын анағұрлым жеңілдеткені қазақ зиялыларының көз алдында өтіп жатты. Ал қазақ еңбекшілері үшін егін кәсібін үйрену де бұл кезде оңайланған мәселе еді. Қімдекім егін егуді пайдалы кәсіп деп үйренгісі келсе, ауылы аралас, малы қоралас жатқан орыс шаруаларынан үлгі алуға, үйренуге болатынды.

«Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесіне қарағанда, жазушының тек жалпы егін егу ғана емес, егісті суғару мәселесінен де толық хабардар екендігі аңғарылады. Әңгімеде: «Қабырғаның бойына келгесін Сейтқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен арық қазып, су шығарып, егінге су жіберді» [1, 71] – дейді.

Ы. Алтынсариннның бұл әңгімені саналы түрде, алдына белгілі мақсат қоя отырып жазғандығын әңгімедегі суреттелетін коллективизм мен оның айналасына жинала бастаған кедей шаруалардың өзі-ақ дәлелдейді.

«Мұны көріп,— дейді автор, – әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп Сейтқұлға қосылып, бес- алты жылда төрт жүз үйге таянды». Бұл сөздерге қарағанда, оның басқаларға үлгі ететін елі – рушылдық емес, таптық негізге құрылған ел.

Бұл әңгімеде сауда-саттық мәселесі де қозғалады. Әңгіменің бір жерінде: «Сейтқұл енді Бұхар, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден қазақ қолы әр түрлі товар алдырып, жылда егін піскен уақытта, манағы қорғанда жәрменке реуішті базар болды, көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, товарын айырбас етіп, осы қалыпты бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейтқұлың жұрттан асқан бай болыпты».

Бізше бұл үзіндіден екі түрлі мәселенің беті ашылатын сықылды. Бірінші, Алтынсарин – өз кезіндегі қазақ даласына ене бастаған капитализм элементін қолдаушы, капиталистік даму жолы, ескі феодализм қоғамымен салыстырғанда, анағұрлым прогрессивті жол екендігін дұрыс болжап, дұрыс түсінген адам. Бұл өз кезінде, сөз жоқ, прогрессивтік пікір еді. Екінші, өз еңбегімен күн көру, отырықшыланып, егін кәсібі арқылы кедей шаруалардың тұрмысын жақсартуды, ең керекті мәселе деп біліп және оны бірінші орынға қойса, мал жиып қоңданған елге қосымша түрде сауда кәсібін ұсынады. Сейтқұл елінің бәрі, теп-тегіс сауда арқылы байиды. Сауда арқылы баю мүмкіншілігін жоққа шығармағанда сауда болған жерде қанау бар, қаналу бар. Демек, Сейтқұл елінің басына жазушы қаншама жұмақ орнатамын деп, «боз торғайды қой үстіне жұмыртқалатпақ» болса да, ол жерін аңғарып байыптай алмайды және саудагер жай халықты қанау арқылы ғана байитындығын көре алмайды. Бұл – жазушының өмірдің кейбір құбылысын топшылауда аяғын шалыс басқандығын аңғартады. [3, 262].

«Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесінің түп-төркінін зерделей келе, ғалым Серікбай Оспанұлының «Ыбырай публицистикасы» атты мақаласына назар аударсақ «Халықты отырықшылыққа, егін салуға насихаттайтын Ыбырайдың «Қыпшақ Сейітқұлы» әңгіме емес, очерк екені талай айтылып та, жазылып та жүр. Өйткені Қыпшақ Сейітқұл – Сейітқұл Маманұлы 1770 жылы туып, 1830 жылы Қыстаубай қолынан қаза тапқан. Очеркте айтылғандай, руы – қыпшақ, қыпшақтың ішінде Торы, Торының ішінде Қитаба.

Ыбырайдың «Қыпшақ Сейітқұл» очеркін жазудағы негізгі мақсаты да халықты отырықшылыққа, кәсіпкерлікке – тұқым сеуіп, егін өсіруге үндеу болатын» [4] – дейді.

Демек ғалым шығармада берілген деректемелерге сүйене келе шығарманы әңгіме емес, очеркке жатқызады. Бұл жерде, ғалым пікірінің даусыз екенін аңғарамыз. Себебі очерк - шындықты саяси тұрғыдан қорытатын жанр [5].

Сөйтіп, жоғарыда айтылған пікірлерімізді қорыта келгенде, ақын және жазушы Ы.Алтынсариннның XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму тарихында негізгі ролі өзіне дейінгі әдебиетте болмаған жаңа тақырып қосуында. Жаңа мәселе көтеруінде, өзінің алдындағы және өз кезіндегі әдебиеттегі кертартпа ескішілдік, діншілдік, мистикалық көзқарастарға өзінің барлық ісі, соның ішінде біз сөз етіп отырған шығармашылығымен тойтара соққы беріп, өз халқына болашағы мол прогрессивтік үлгі-өнеге ұсынуында. Екіншіден, орыстың ұлы демократтарының еңбектерімен танысып, олардың революцияшылдық жолымен ескі өмір құрылысын өзгерту идеясын толық түсініп, толық меңгеру, күреске шақыру дәрежесіне көтеріле алмаса да, ескі өмірдің мызғымас тірлігін, алуан түрлі қанауға ұшырап жатқан халықтың ауыр халін көре білуі, сол жолда өз шығармашылығы арқылы әсер бере алуы. Ы. Алтынсарин – ескі өмірдің надандығын көріп, тек сынаушы, халықтың қиын жағдайын көріп налушы емес, сол шытырманнан шығудың өз дәуіріндегі мүмкіншілікке сай дұрыс жол көрсетуші. Ескі өмірге қарсы – Сейтқұл елін, кер жалқаулықтың зілі басқан, ақ алақандықтың кесірінен дәрменсіздікке айналғандарға қарсы – Сейтқұл мен оның маңындағы адамдарды, көшпелілікке қарсы отырықшылықты, надандыққа қарсы ғылым мен ағартушылықты ұсынды. Жұртшылыққа оқуды өнеге, «Сейтқұл елін» үлгі етті.

Ыбырай Алтынсариннның бұл пікірлерінің қайсысы болсын қазақ әдебиетінде бірінші рет айтылған жаңа сөз, жаңа пікір, өзіне дейінгі әдебиеттегі зиянды идеологиялық сарынға қарсы ашылған майдан, белдескен күрес. XIX ғасырдың екінші жарымында, қазақ әдебиетінің даму жолындағы оның үлкен ісі, негізгі рөлі осы айтылған идеологиялық майданында жүргізген күресінде деп білуіміз керек.

«Қыпшақ Сейітқұл» шығармасындағы басты кейіпкер Сейітқұл менің қабылдауымда – елінің қамын күйттеген жан. Өзіне беймәлім жаңа істі игеріп, соңынан жұртты ерте білген шынайы көшбасшы. Адал еңбекпен мал тапқан адам. Заман көшіне ілесе білген жан.

Ыбырай Алтынсарин қазақ балалар әдебиетінің негізін салды. Өзінің шығармалары арқылы қазақ әдебиетін жанр, түр жағынан да, мазмұн – идея жағынан да ілгері бастырды. Жаңалықтың жаршысы

болды. Жазушы қозғаған тақырыптардың, проблемалардың, көтерген мәселелердің өмірлік маңызының зор екеніне кәміл көз жеткіземіз. Оның шығармаларының мазмұндылығы, тілінің дәлдігі мен қарапайым стилі оны қазақ жазба әдебиетінің көш бастаушысы деп қарауға негіз береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ақтанова А. С., Жүндібаева А. Қ. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы : Атамұра, 2017. – 160 б.

2 Қ. Жұмалиев. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – Алматы : Мектеп. – 1967.

3 Монография. Құраст.: М.Жармұхамедов. «Алтынсарин тағлымы: әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер». Алматы : Жазушы: 1991. – 384 б.

4 Серікбай Оспанұлы «Ыбырай публицистикасы». Қазақ және Еділ бойы халықтарының әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары. (Шығу тегі мен жолдары). – Алматы : Арыс, 2007.

5 //massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/25010/

ТҮРІК АШЫҚТАРЫ МЕН ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАЗМҰНЫ МЕН ПІШІН ҮНДЕСТІГІ

БОТАБЕК А.
9 сынып оқушысы, Дарынды ер балаларға арналған облыстық «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты, Павлодар қ.
АДУОВА Б. Т.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Дарынды ер балаларға арналған облыстық «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты, Павлодар қ.

Ашықтардың–ақындардың әуез аспабына ежелгі бақсылар дәстүрімен айрықша ықыласпен жыр арнайтыны, оны көлденең бөгде пікірлерден, қырсық, жалақор пиғылдардан қорғай сөйлейтіні – табиғи заңдылық.

Ашық Вейсел Шатыроғлының (1894-1973) «Сазыма» атты өлеңіндегі лирикалық қаһарман-ақын жан серігі саз аспабының өзінің артында қалар аманат белгі екендігін айтып, шығармашылық тағдырымен тұтасқан рухани демеуші болған әуез аспабының құдіретіне баға береді. Ашық ішкі жан дүние әлеміндегі құпия

сырларды біліп, даусына әсерлі сипат қосқан, дертіне дауа, жылауына да, күлкісіне де ортақтасқан саз аспабының құдіретін даралай жырлайды. Табиғаттағы әсем дауысты тіршілік иелері құстардан (тырна, бұлбұл) әсер алған саз аспабының ашықтың артында қалған жоқшысы, шынайы көзі, белгісі екендігі бағаланады:

Ben gidersem sazım sen kal dünyada,
Gizli sırlarımı aşikar etme.
Lal olsun dillerin söyleme yada,
Garip bülbül gibi ah u zar etme.
Gizli dertlerimi sana anlattım,
Çalıştım sesimi sesine kattım.
Bebe gibi kollarımda yaylattım,
Hayali hatır et beni unutma.

Мен кеткенде сазым, сен қал дүниеде
Құпия сырларымды жайып салма!
Сақау болсын тілің, басқаға сөйлеме,
Ғаріп бұлбұл секілді зарлама!
Құпия дерттерімді саған айттым,
Әндетіп дауысымды дауысыңа қостым.
Әлди қылып қолдарымда тербеттім,
Бәрін де еске ал, мені ұмытпа! [1, 220].

Өлеңдегі идеялық түйін – ашықтың жыры мен саз аспабы әуезінің тұтастығымен жырланған өнер құдіретінің мәңгілігін ардақтау.

Ашықтың бейнелі өрнектері арқылы саз аспабы ұяға, ашық соған бал тасыған араға («Сен ұя секілді, Вейсел де ара, ыңылдап бірге жинадық балды») баламаланады. Адамның да, ағаштың да әкеден жаралғанын ұмытпауына, тіршілікке өнер сыйлаған болмысына ақындық тілек арналады:

…Ben bir insanoğlu sen bir dut dalı,
Ben babamı, sen ustanı unutma. [1, 220].
...Мен бір адам баласы, сен бір дут талы,
Мен әкемді, сен ұстаңды ұмытпа! [1, 221].

Қазақтың ақын–жыраулары шығармашылығында да шығармашылық тұлғаның сөз бен әуез қосылған өнер құдіретін даралап жырлайтын болмысы айқын байқалады. XIV–XIX ғғ. қазақ ақын-жырауларының туындылары қобызбен, домбырамен қосыла әуенді мақамдармен, әуезді саздармен жырланған. Қобыз, домбыра Ал, қолыма тидің бе, қарағайым,

Қарағайсыз керекке жарамаймын.
Жел желісті, желмаям, саған мініп,
Бұл үш жүздің баласын аралайын.
Қарағайым қолыма тигеннен соң,

Ажарына ешкімнің қарамаймын [2, 151], – ақын-жыраулар шабытының негізгі қозғаушы күші. Сонау Қорқыт Атадан басталып, бүкіл түркі тектес халықтардың сөз бен әуез тұтастығымен жырланатын поэзиясында шығармашылық тұлғаның қолындағы құралымен іштей сырласа, соған қарата жыр толғауы заңдылық. Мысалы, Жанақ Сағындықұлының (1770-1856) да қобызына қарата, сонымен сырласа шалқи жырлауы – түркілік ақындық-ашықтық поэзиядағы дәстүр тектестігінің көрінісі:

Қазақ ақындары мен түрік ашықтары поэзиясындағы осы ортақ дәстүр жалғастығы әлі де сақталып дамытылып келеді.

Түрік ашықтары Көроғлының («Жігіт болған күмбір-күмбір гүрлесін», «Жүріңдер, арыстандарым, соғысайық!», «Жүгіріңдер, ат шаптырып, күш аяқта»), Қайықшы Құл Мұстафаның (Әуелі Бағдатқа жорық болғанда), қазақ жырауы Ақтамбердінің («Жауға шаптым ту байлап», «Күлдір,күлдір кісінетіп»), Махамбеттің («Желп-желп еткен ала ту», «Еңселігім екі елі») және т.б. шығармаларында соғыс майданы, жауынгер, оның тұлпары, қару-жарақ қызметі, ерлік шайқастар ұлағаты да поэтикалық үндестік сымбатын дәйектейді.

Ақындық-ашықтық поэзия шығармашылығында азаматтық-философиялық сарындар туындылардың поэтикалық мағыналылығын, эстетикалық-гуманистік ұлағатын дәлелдейді.

Қожа Ахмет Иасауидың, Ахмед Йүгінекидің, Жүсіп Баласағұнның, Юнус Емренің, Абайдың, Қараджаоғланның, Өмердің және т.б. азаматтық-философиялық ойларының арқауында адамның өзін-өзі танып, мағыналы өмір сүруді армандауы, өмірден лайықты орын алу, достық, жолдастық қатынастар – бәрі де қамтыла жырланған.

Әлемдегі барлық халықтардың әдебиеттерінде лирикалық өлеңдер мол жырланады. Ал, түрік ашықтары мен қазақ ақындарының махаббат лирикасын құрайтын өлеңдері де әдебиеттердің үлкен арналары болды.

Еуразияның географиялық кеңістігінде талай-талай жорықтар жасаған қазақ және түрік халықтарының ата-бабалар жолы – ерлік дәстүрінің мәңгілік ұмытылмас тарихы. Жауынгерлік жорықтарда елдік мәселелерге байланысты маңызды сапарларда жүрген азаматтардың туған ауылын, елінде қалған отбасын, бала-шағасын,

жарын ойлап алаң болатыны ақиқат. Ақындық-ашықтық жырлардағы лирикалық қаһармандардың азаматтық толғаныстарымен қосыла өріліп жырланатын сүйген жарға арналатын көңілдегі ойлары да өмір шындығының көркемдік ойлау жүйесіндегі бір көрініс болып сезіледі. Мысалы, Доспамбет жыраудың толғауындағы ойлардың Дадалоғлының өлеңімен сарындастығы анық:

...Алғаным Әли ағаның қызы еді,
Қас арудың өзі еді.
Маңдайы күнге тимеген,
Желге шашын үрмеген,
Серпіліп адам бетін көрмеген,
Қалай күні кешті екен!
Қосақай, Қосай, Ер Досайдың анасы,
Хан қызындай сұлтанның
Айдындықтай ақ білегін жастанып,
Ерең үйін тіктіріп,
Омыраудағы он түймесін ағытып,
Кейінгі қалған көпекке
Қалай да белін шешті екен!... [2, 33].

Түрік әдебиетінің XIII-XX ғғ. ашықтары Юнус Емренің, Кайғысыз Абдалдың, Пір Султан Абдалдың, Дертлидің, Ашық Вейселдің және т.б. шығармашылығында ғашықтық, сүйіспеншілік тақырыбындағы шығармалар басым түрде жырланды.

Әрине, бұл арада біз түрік әдебиеті қалыптасуының негізгі тұлғасы «ашық» сөзінің махаббат лирикасына байланысты қолданысын назарға аламыз: «Ашуғ (араб, түркі тілдеріндегі «ашық» («ғашық») сөзінен туындаған) – Кавказ халықтарындағы және түрік еліндегі халық өнерінің өкілі, ақын – жыршы» [3, 39]. Түрік әдебиетіндегі аталған ашықтардың махаббат лирикасы осы анықтамалық аясында танылады. Түрік ашықтарының шығармашылық табиғаты қазақтың ақын – жырауларының ішінде махаббат лирикасын басым жырлайтын салдардың, серілердің (Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, Мәди, Әсет, Шашубай, Кенен, Нартай және т.б.) өнерімен көбірек үндеседі.

Түрік ашықтарының көрнекті тұлғаларының бірі Юнус Емренің (1240-1320) шығармашылығында махаббат тақырыбында да біраз өлеңдері бар.

Мысалы, «Сенің сұлулығыңнан бақтың іші жайнады», «Өмір бойы ұмытпадым», «Саған деген махаббат», «Көзім менің ғашығым деп», және т.б.

Юнус Емренің махаббат лирикасында ақын өзі ғашық болған бірнеше мәселелерді поэтикалық егіздеумен өрнектейді. Ақын махаббат атты ұлы сезімді адамның тіршілікке деген құштарлығымен тұтастыра жырлайды:

…Жаралмай жер, көк егіз боп,
Тұрған кездің өзінде,
Махаббатқа негіз боп,
Жаралған ақыл, сезім де [4, 68-69].

«Көзім менің ғашығым деп» атты өлеңіндегі лирикалық кейіпкердің сезім әлемі романтикалық сипатпен жырланады. Өлеңде «Сенбісің шын кемеңгер», «Мін бола ма асыл жарда?», «Көз алдымда нұрлы жүзің», «Әрбір ізің алтын тақтан кем емес» сынды бейнелеулермен өрнектелген жыр жолдары романтикалық сарынмен жырланған. Осы арада ғашықтарға тән сезімнің поэтикалық бейнелеулермен өрнектелуінде, әрине, түрік ашықтары мен қазақ ақындары поэзиясындағы үндестіктерге де назар аударамыз. Юнус Емренің махаббат тақырыбындағы өлеңдерінің Абайдың, Шәкәрімнің, Мағжанның, Біржанның, Ақанның, Әсеттің ғашықтықты бейнелейтін өлеңдерімен үндестігін аңғаруға болады. Әсіресе, Юнус Емренің ғашықтық сезім өртін басынан кешіріп тұрған романтикалық қаһарманының тебіреністі сәтін бейнелеген тұстары Мағжанның кейбір өлеңдеріне сәйкес танылады. Мысалы, Юнус Емренің аталған өлеңіндегі және Мағжанның мына өлеңіндегі кейіпкерлердің толғаныстарының эстетикалық ләззаты дәстүр сабақтастығын байқатқандай:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қанымa.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін,
Патша тағы, бүкіл дүние малына [5, 94].

Ақын танымындағы махаббат – бар дүние болмысына, барша адамзат баласына деген сүйіспеншілік. Ақын нені жырласа да, ғашықтықпен жырлайды. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты бейнелеу туған табиғатқа, жер-анаға, өз ұлтына, елінің тағдырына деген сүйіспеншілігімен ажырамастай байланыста. М. Жұмабаев поэзиясы туған елімен рухани байланыс идеясы сол туған халқының болашағы үшін жеке басының амандығын, махаббатын құрбан етуге дайындығынан көрінеді. Себебі ол жеке бас сүйіспеншілігінің құрбаны емес, еліне, жеріне, ұлтына деген махаббаттың құрбаны. «Педагогика» оқулығында өзінің елін сүюі, яғни, еліне жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайда келтіріп, зиян келтірмеуді әрбір

адамның қасиетті борышы ретінде атап көрсетеді: «адамның шын мағынасымен адам болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, Жалпы адамзатты сүюі шарт», – дейді. Осындай ойды басқа да түркі ақындармен бірге Қайғысыз Абдал да /XIVғ./: «Адам керек су секілді, Ары болса нәпсі таза» айтқанын білеміз.

Махаббат сезімінің қасиеттілігін айтқанда, Абай шығыс, батыс поэзиясы тоғысатын өзгеше арна тапты, бұрын-соңды қазақ өлеңінде, тіпті ұлттық ұғымында кездеспеген сырларын ашады: «Дүниеде сенен артық маған жар жоқ, саған жар менен артық табылса да». М. Жұмабаев Абай салған арнаны кеңейтті: «Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін, Патша тағы, бүкіл дүние малына». Автордың поэтикасында «махаббат» лексемасы аз қолданылады, бар-жоғы – 11 рет, бірақ «махаббат» концептісі сөзжасам жұрнақтары мен жалғаулар арқылы түрленіп қолданылатын «сүй» түбірі 200-дей рет кездеседі.

М. Жұмабаев пен Пир Сұлтан Абдал / ? -1560/, Вейсел Шатыроғлы /1894-1973/ шығармаларындағы ғаламның діни-мифологиялық бейнесіндегі, ғаламның тарихи бейнесіндегі, ғаламның философиялық бейнесіндегі, ғаламның психологиялық бейнесіндегі махаббаттың модельдері төмендегідей түрде көрініс табады: а) Аллаға деген сүйіспеншілік: «Зор Тәңірі күштісің сен, сенеміз біз, Әділ деп әр ісіңе көнеміз біз», - деп айтылса, Қайғысыз Абдалда: «Адам –жаратылыстың мағынасы,Адам ғой Алланың сөзі», ә) Тәңір адамды махаббаттан жаратқан: «Махаббат, рахмет теңізінен, Жаратты Тәңірі әйелді». Алланың адамды махаббатпен жаратқаны туралы ой Вейселде де айтылады: «Топыраққа жомарттық беріліпті Алладан, Менің адал досым қара топырақ екен»; б) туған елге, туған халқына деген сүйіспеншілік: «Алаш деген елім бар. Сол елімді сүйемін», - деп берілсе, Абдалда: «Жат жерде қалу құлға қате ғой, Жібер, Аллаһым, жібер, өлкеме барайын», - деп өзімен сырласады;» в) анаға деген махаббат: «Көрше ауыр күрсінер, Менің бір қарт анам бар, Неге екенін білмеймін, Сол анамды сүйемін!», Вейселде: «Тоғыз ай құрсағына алды, Қаншама жапа шекті, не қылды анам» деп жырланады; г) досқа, бауырласқа деген рухани махаббат. Ақын шығармаларындағы бұл махаббат түрінің көрінісін оның М. Дулатовқа арнаған өлеңдер циклінен, ал Вейселде: «Мен кетермін,атым қалар,достар мені еске алсын» жолдарынан көруге болады; д) жарға деген махаббат: «Білгені – қазан-ошағы, Жабайы ғана жарым бар, Сол жарымды сүйемін!», - деп жырланса, Вейселде: «Келбетің сыймас қаламға, Дертің шипа ғой жарама», - деп сыр шертіледі.

Психологтар махаббаттың ең биік сатысы ретінде адамның ғұмырында бір-ақ рет болатын ғашықтық сезімін атайды. Бұл ұғымды «ес-түссіз сүю» деп түсіндіруге болады. Абайда: «Сенен артық жан жоқ деп *ғашық* болдым, Мен не болсам болайын сен аман бол». М. Мақатаевта: «Ғашықтық па? Ғашық та бола білгем. Бір-ақ жанға *ғашықпын* бала күннен, Жанымменен сүйемін, жанарыммен». Ал, М. Жұмабаев пен түрік айшықтарында ғашықтық сезімін бейнелейтін, сол сезімнің пайда болуынан шығатын нәтижені бейнелеу бар да ал *ғашық* немесе *ғашықтық* лексемалары кездеспейді: «Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан Ноянның жүрегінде *ұшқын туған*. Сол ұшқын өртке айналып, жап-жас Ноян, алысып жүрегімен, аласұрған»; ал түрік айшықтарында :«Түстім от жалынға», «Ғашықтық оты ғой көзімді жаққан», «бір сұлудың тұтқынымын».

«Махаббат» жағымды аспектіде «сүю», «сүйікті болу – бақыт» деген мағынада танылады. Мағжан,ашық ақындар шығармасында «сүю деген соңы қандай нәтижеге әкеліп соқса да, бәрібір бақыт, тіпті, сол жолда өліп кетуге болады» деген түсінік беріледі. Ақын сүйген жанды иманы, ары деп біледі. Сүюді «бақыт» деп философиялық ой түйіп, «сүйе білген жан – бақытты жан» деп бағалайды: «Ләззат, рақат, бақыт – бәрі қойыңда, Сұрамаймын енді жұмақ – жақсы жай!», Сұлтан Абдал «Сен жұмақтың құлы болсаң... Бірге кірсек, не істейсің», - десе, Қараджаоғлан «Жар қолында бұрым болсам, Аузына салған құрма болсам», - деп жырлайды.

Жағымсыз аспектіде махаббат адамның өміріне қайғы әкелетін жаза ретінде танылғанымен, «бірақ махаббатты басынан кешірмеу – одан да зор қасірет» деген түсінік. М. Жұмабаев уақытша сезімге берілмеу қажеттігін: «Балға талай шыбын қонуға ұмтылар, Ұмтылғанда орамалмен қағып қал», – десе, түрік ашығы Қараджаоғлан: «Қараджаоғлан жанып та өлдім, Бар есуастықты өзімнен таптым», «Отқа қасірет болып жанды көбелек, Міне мен де қойдым басты ортаға», «Масұр Хақ махаббатымен өзін дарға, Арқандап асыпты деп кінәламаймын», - деп тек жан мен тәннің бірдей қалауымен болатын сезім ғана шынайы болатындығын айтады.

Қорыта айтқанда, түрік поэзиясының көрнекті ашықтары (Пир Сұлтан Абдал, Қараджаоғлан т.б.) мен қазақ ақындары шығармашылығындағы махаббат лирикасы романтикалық-реалистік сипатымен ерекшеленеді. Ал, махаббат лирикасының жалпы түркілік әдебиеттегі жырлану дәстүрі әлемдік сөз өнеріндегі өзіндік бояулары арқылы дараланады. Махаббат ұғымының жалпы философиялық-гуманистік кеңістігінде түркі халықтары ақындарының суреткерлік, ойшылдық тұлғалары айрықша танылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тұрымбетова Ж. А. Түрік ашықтарының (ақындарының) өлеңдері (XIV- XIX ғ.ғ.). Алматы: Үш қиян, 2004. - 224 б.

2 Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды). 2 томдық (Құрастырушылар М. Мағауин, М. Байділдаев). – Алматы : Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы - РББ. - 1991. - 1-т. - 384 б.

3 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар З. Ахметов, Т. Шаңбаев. - Алматы : Ана тілі, 1996. - 80 б.

4 Юнус Емре: Таңдамалы өлеңдер. - Алматы : Қазақстан жазушылар одағының аударма алқасы; Нұрлы әлем, 1996. - 132 б.

5 Жұмабаев М. Шығармалары: өлеңдер, поэмалар, қарасөздер. - Алматы : Жазушы, 1989. - 448 б.

Ә. КЕКІЛБАЕВТІҢ «АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ПЕЙЗАЖДЫҢ БЕРІЛУІ

ВАЛЛИУЛИНА А.
8 сынып оқушысы, Ағашорын ЖОББМ
ТАСТЫБАЙ А. М.
жетекші, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ағашорын ЖОББМ

Халыққа сөзімен де, ісімен де қызмет етуші тұлғаның бірі – Әбіш Кекілбаев. Жазушы романдарының басым бөлігі аңыздарға негізделіп, заман шындығы мен көркемдік шешімімен байланыс тауып, бүгінгі күнге де арқа тіреп тұратын психология мен философия және суреткелік ұштасқан қазақ әдебиетінің қазанасын толықтыратын шығармалар. XX ғасырда алғаш болып романдарында табиғат бейнесін молынан қолданып, суреткерлік таныта білген ардақты жазушы.

«Аңыздың ақыры» (алғашында «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарияланған) романының кей аңыздары ел аузынан жиналып,жазушы оларды салыстырып, өз көркемдік шешімімен саралап, оқиға болған мекеннің табиғатының суретімен бірге берілген. Роман «Қызыл алма», «Мұнара», «Махаббат», «Аңыздың ақыры» деген төрт бөлімнен тұрады. Романда бар болғаны үш

кейіпкер бар, олар: Әмірші, сәулетші Жаппар, Кіші ханым және басқа да қарапайым кейіпкерлер осы үшеуінің бейнелерін ашу үшін алынған кейіпкерлер.

Сыншылар бұл роман жайында былай сөз қозғайды: «Ә. Кекілбаев романтизмінің көркемдік жүйесін толықтыратын сипат шығармаларында мифтік-фольклорлық сарынның, аңыз-әңгімелердің жиі көрініс беруі болып табылады. Ә. Кекілбаев туындылары көбінесе бүтіндей мифтік-фольклорлық сюжетке құрылады. Жазушы аңызәңгімелер арқылы өткенге, тарихи оқиғалар сілеміне көз жібере отырып, мәңгілік мәселелерді шешуге ұмтылыс жасаған. Осы сипаттағы шығармаларының бірі – «Аңыздың ақыры» романы. «Аңыздың ақыры» романы тарихи тақырыпқа жазылып, тарихта болған Ақсақ Темір өмірінің бір сәті көрініс бергенімен, бұл үйреншікті мағынадағы дерекке негізделген тарихи туынды емес. Жазушы тарихи аңыз шеңберінен шығып, қаламгерлік қиялын қоса отырып, дербес психологиялық шығарма тудырған» [8, 8].

Романда Әмірші жорықта жүргенде оның жас тоқалы ханға арнап ерекше мұнара салдырады. Бұл мұнараны салған жас шебер жігіт Жаппар осы Кіші ханымға ғашық болады да, өз махаббатының символы ретінде алып мұнараны тұрғызады. Жорықтан қайтқан Әмірші бұл мұнараға сүйсіне қарайды, дегенмен оның сырын кейін білген Әміршінің қызғанышы пайда болады. Оның қызғаныштан шеберге жасаған үлкен зұлымдығы жайлы айтылады.

Романдағы Әмірші Ақсақ Темір де Шыңғыс хан да емес, ол сол замандағы бірнеше билеушілердің жиынтығы іспеттес. Әмір өзі қарама-қайшылыққа толы кейіпкер болып суреттеледі. Бірде қан жұтқан, әлемге өлім сепкіш билеуші болса, бірде терең ойлы, адамшылық қасиетке де салынып кететін адам болып беріледі.

Бұл роман бастан аяқ ойға, толғанысқа, ішкі сезімге, психологияға толы философиялық шығарма. Бір әміршінің ішкі психологиясы арқылы жалдпы адамдардың мінезін ашып көрсеткен. Әміршінің өмір, тіршілік, байлық, сенім, мансапқорлық, жақсылық пен жамандық, намыс пен ар, махаббат пен қатігездік,ыстық сезім мен суық қандылық, тақ пен бақ, ашкөздік пен қанағат, мықтылық пен әлсіздік туралы ой толғанымдары қазіргі заман адамдарының ойымен, санасымен тығыз байланыста болып отыр.

Бұл романда жазушының суреткерлігі ғана емес, психолог, философ екендігін аңғара аламыз. Ол философиялық ойды да, психологиялық күйді де табиғатпен қатарластыра берген суреткер. Ә. Кекілбаевтың суреткерлігі жайында Сайлаубек Жұмабек былай

дейді: «Қазіргі қазақ әдебиетінде ұлы суреткер Әбіш Кекілбаев біреу-ақ! Мұны оның қаламдас ағалары мен замандастары ерекше атап айтады. Шындығында да солай! Бүгінгі тәуелсіз қазақ әдебиетінде ұлы суреткер Әбіш Кекілбайұлы біреу-ақ! Мұны оның қаламдас інілері ерекше меншіктеп, ерекше теліп айтады. Ақиқатында осылай! Ежелден біртұтас қазақ әдебиетінің арғы-бергі немесе келешектегі тарихын алсақ та, ұлы суреткер Әбіш Кекілбайұлы бәрібір біреу-ақ! Мұны өздерінен бұрынғылардың бәрінен асып туған болашақтағы қаламдастары айтатын болады. Тарих тағылымы әрқашан осылайша ғой. Сонымен, ұлы суреткер Әбіш Кекілбайұлы біреу-ақ!» [10, 1]. Ал оның философ және суреткерлігіне Герольд Бельгер «Ә.Кекілбаевтың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті де осында – ол ежелгі аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшеп отырады, сол аңыз-әңгімелерден күллі адам баласына ортақ адамшылық тамырларды тауып отырады. Өткен күндер шындығына бүгінгі күннің жарық сәулесін түсіреді. Кекілбаевтың суреткер ретіндегі ерекшелігінің бір парасын осы төңіректен іздеуіміз керек» [10, 1], – деп бағасын береді. Расында, жазушы өз шығармаларын аңыз-әңгіме негізінде жазып отырғанымен оның ішіндегі философиялық ойлар мен психологиялық жағдайлар әлі күнге қоғамда бар дүние.

Әбіш Кекілбаев өзінің осы романының «Қызыл алма» деп аталатын бөлімінде көбіне Әміршінің психологиясын ашуға үлкен мән береді. Сонымен қатар табиғат бейнесі етіп құмды алуы да бекер емес. Себебі осы сусылдаған құбылмалы құм сияқты, бетті өпкен құмды желіндей қатал мінезді Әміршімен байланысты алып отырған сияқты.

Осы роман басында жорықтан қайтып келе жатқан Әміршінің жол бойындағы көңіл күйі мен табиғатты байланыстыра азды-көпті суреттеп өтеді. «Ат тұяғынан құм сауырын ойып түскен дөңгелек шұқыр лезде қайта толады.

Жазушы құмның салған қырғыны мен ханның соғыстағы мінезін де осылай беріп, соғыстан кейінгі сол елдің жағдайын құмды дауылдан кейінгі мынадай бейнемен көрсетсе керек: «Бесқонақтың бескүні өткен соң, дүние жынынан айрылған бақсыдай жым-жырт бола қалды. Жер беті айғыз-айғыз жарылып кетіпті. Жарықтың арасынан шықса керек, мына жер де, ана жер де, теңкиіп-теңкиіп тасбақалар жатыр. Кейбіреулерін жел аударып тастапты, төрт аяғы көктен кеп үйелеп қапты» [10, 6]. Расында соғыстан кейінгі үйіліп қалған адам өліктері мен тұралап қалған халық жағдайы тасбақаға

ұқсас болса, оларды осы жағдайға жеткізген құмды жел – Әмірші болса керек.

Екінші жағдайда бұл құм Әміршінің көңіл күйімен байланыс тауып отырады. «Жолдарына дөңкиіп-дөңкиіп кес-кестей құлаған жал-жал шағылдардың қай-қайсысына да жеткенше асыққанмен, қара қатқақтың сынайы әлі білінбейді. Көз жетер жердің бәрі әжім-әжім құм... Жаяу борасыннан сақина-сақина боп шимайланып қалған ұлпа құмақтағы әлдебір сиқыр жазып кеткен жұмбақ дұғалықтай көп шиыр, қанша телміргеніңмен, ой сергітердей нышын танытпайды. Қайта көңіліңе тіршілік дегеннің өзі де құм бетіндегі осы бір мән-мағынасыз құр шимайдай мынау ұлан-асыр сұрқай кеңістіктегі бүгін бар, ертең жоғалып кететін өткінші бедер ғана емес пе екен деген күдік қашырғандай» [10, 7], – деп табиғаттың күйін адам болашағымен байланыстыра отырып, Әміршінің ішкі ойын: «төрт жыл бойы жорықта жүрді. Жүз мың аттың тұяғы баспаған жері жоқ. Сонда күндедің күнінде соның бәрін дәл мынандай қып, жел үйіріп, құм жұтып қоя ма? Адам деген неменің ғұмыры ұйтқып-ұйтқып басыла қалатын қырдың желіндей құр әншейін өткінші нәрсе ғана болса, тұсында соның әрбір ұсақ-түйегін жіпке тізіп тіркеп бағатын адамның жады да мына сусыма құмдай тұрлаусыз бірдеңе екен ғой. Сонда анау аспан мен мынау жердің арасында баянсыздықтан басқа ештеңенің болмағаны да. Басқасының бәрі – өткінші, тек баянсыздық қана мәңгілік пе?» [10, 7], – деп табиғат пен әмірші көңіл күйін кезектесе суреттеп отырады. Жазушы Әмірші бейнесі мен табиғат бейнесі арасында өзінше жарасымдылық қалыптастыра суреттейді.

Әміршінің қанша жылғы жорықтан өз еліне жақындап қалғандағы сәтті: «Бұлар жүзген, сексеуіл, шағыр ұйлыға өскен ойдым-ойдым түлейлерді орағытып өтіп, құмақ жалдарға көтерілді. Көп ұзамай қатқақ қара жонға да шықты. Сонау ту-ту алыстан сағым көтерген ала теңбіл таулар бұлаңдатты. Тағы да біраз жүріңкірегенде, алабас таулардан көп беріректе сағым шалып жатқан кең қойнауда көп қарайғандар көрінді. Әлгі бір елден ерек серейіп көрңнген көк сырық та бірте-бірте селдір мұнарға сіңе түсті» [10, 13].

Жазушының шеберлігі – алда болатын жағдайды жұмбақ күйде ұстап, оқырманды өзіне қызықтыра түсуі. Алдағы шақты біраз созыңқырап, оқырманды ынтықтыра отырып жеткізеді.

Әміршіні мазасыз жағдайға түсірген қызметші әйел әкелген ішінде құты бар қызыл алманың жұмбағы еді. Сол қызметші әйелді

жазушы былайша суреттейді: «Қызметші әйелдің езуіндегі сол бір жымысқы күлкі әдетте мөлтең-мөлтең ағып жататын момақан бұлақтың бетіне көшіп қонғандай. Сонау қара жер көкірегінен имене шыққан шым-шым су сәлден кейін болар-болмас толқын мезіретке көшіп, жымың қағады, тіпті үнінде де бір аяр сылқымдық бардай – сылдыр-сылдыр, сыңғыр-сыңғыр...» [10, 29].

Келесі жолы сол алманы қызметші тағы алдына әкелгендегі ханның әрекеті мен көңіл-күйін хауыздан шығып жатқан судың бейнесімен шендестіпе суреттейді. «Сол бір көз жасындай, көріне түсіп жоғалып жатқан мөлт-мөлт тамшыларға қараған сайын, көңілі әлденеге жібектей жұмсарып барады. Көктемнің майда самалындай әлдебір майса сезімнен мұның жанында пәлен жылдан бері тапжылмай жатып алған қаттылық пен қатігездіктің меңіреу тоңы біртіндеп мүжіле түскендей, қараптан-қарап отырып әлденеге елегзіп, біртүрлі жалғызсырағандай болды [10, 41]

Кіші ханымның сарайынан тез әрі ойға қалып оралған әміршінің өз сарайына келген кездегі түн суретін әзәзілге теңей суреттейді. Бұл түн әмірші үшін ауыр да, күмәнға толы қиын түн еді. «Бұл терезе алдына келгенде, батуға айналған айдың солғын нұры астынан әр жер-әр жерден бозаңдап әлденелер көтерілді де, бұрыш-бұрышқа үнсіз жылыса берді... Ай әлдеқашан еңкейіп кеткен. Жазушы әміршінің психологиясы мен табиғат суретін кейде қатар алып, кейде кезек-кезек жарыспалы түрде беріп отырады. Суреттеуде қолданатын көркемдік тәсілдері де, сөз саптауы да қарапайым әрі қызықты, тілге жеңіл болып келеді.

Романның «Мұнара» деп аталатын бөлімінде көбіне шебердің бала кезін, оның психологиясын ашуды қолға алған. Алдыңғы бөлімде жұмбақтау болған мұнараның құпиясы осы бөлімде ашылып айтылады. Романның бұл бөлімінде табиғат бейнесі алдыңғы бөлімдегідей құм, құлазыған дала емес, сарай маңындағы көктем немесе жаздың күндері суреттеледі.

«Самал леп көтерілгендей. Ол бақ ішіндегі сансыз хауыздарда шапшып жатқан салқын судың лебі-ді. Жолға төселген қызыл қиыршық та жаңа ғана жаңбыр жауып өткендей су-су. Екі бетте ағаш сайын жеке-жеке қонақтаған әр алуан тауыстардың күнге шағылысып қырық құлпырған жалтырақ қанаттарында да меруерт төгіп қойғандай мөлдір тамшылар жылтырайды» [10, 56]. Бұл суреттеу Әміршінің мұнараны көруге келген кезде шебер Жаппарды алғаш көрген кезіндегі сәтпен қатар қолданылған.

Әміршінің жорықтан қайтып ұлан асыр той жасаған кездегі сарай ішінің көрінісін «Жұлдыз жымыңдап жаз түні орнап келеді. Күндізгі қапырық су сепкендей басылған. Салқын кеште самсаған шатырлардың арасында тойға жиылған жұрт жаққан алау оттар жарқырайды» [10, 63], – деп сарайдың басқа да қызықтары мен сәнін көз алдымызға елестете суреттеп береді.

Әміршінің жорықтан келгендегі сәтті аздап айтып өтеді де, Жаппардың бейнесін жасауға көшеді. Сонда Жаппардың бала кезде әкесімен қыстақтан шығып бір жаққа жол тартқан сәтті «Әкесі төбенің басына шығып, алыс көкжиеккке ұзақ қарап тұрды. иСаз барлап шыққанымен, төбеге жеткенше жер реңіне бір рет те зер салған жоқ. Жеткесін де, аяғының астындағы топырақ емес, алыс көкжиекке көзі боталап көп қарады. Ар жағындағысын оның сұқты жанарынан жасырғысы келгендей, көкжиек те көз талдыра бұлдырап, мұнартып жатыр. Бала мынау шексіз-шетсіз кеңістіктен, оның сілтідей тынған жым-жырт тыныштығынан, тылсым сабырынан біртүрлі елегізетін тәрізді... Бала көз ұшында көлкіп тұратын көкжиектен де, көкжиекке телміре қараған сайын тұнжырай түскен әке жанарынан да ештеңе ұға алмады» [10, 79], – деп көкжиекті әкесінің ешқашан жеткізбес арманы секілді көрсетеді. Расында әкесінің арманы осы көкжиек тәрізді жетуге талпынған сайын алыстай түсетін еді. Әкесі Жаппарды ертіп Әміршінің қаласына алып барып, екеуі саудагар Ахметтің көмегімен мешіт салуға шебер ретінде алынып, бірік көп ұзамай аурудан қайтыс болады. Дегенмен әке арманы Жаппарды осы қалада қалып, асқан шебер болуы еді. Ол арманы орындалған секілді болғанымен, көкжиек тәрізді алдамшы болып шығады. Әміршінің бұйрығымен Жаппардың екі көзі ойылып, тілі кесіліп тасталады.

Ал әкесімен бірге Әмірші сарайына бара жатқандағы табиғат күйі «Мынау құм басқан өлкеде бұл екеуінен басқа ешқандай тірі пенде жоқтай. Қажыған көзің қарайған іздесе, қасына келсең – не жүзген, не сексеуіл болып шығады. Жазғытұрым жабырқау құм ішіндегі мимырт жүріс осы бір онсыз да беймәлім сапарды одан сайын мәнсіздендіре түскендей... Төбеде де мелшиген үнсіз аспан. Мөлдір көкте бұлттан жұқана жоқ. Тек жөңкиген шағылдарға астасқан жері ғана сәл мұнартады. Биіктеген сайын тұп-тұнық... Күн еңкейе дөңбек шағылдар сиреп, олар құмақ жазыққа шықты. Сол-ақ екен әкесі, кілт тоқтап айналаға көз салды. Әжім-әжім құм... Әкесі жаяу борасыннан сақина-сақина боп шимайланып қалған майса құмақтан әлдебір сиқыр жазып кеткен дұға оқып тұрғандай, шүңірек

көзін шүйілте төңкеріп, төңіректі ұзақ шолды, ұзақ ойланды... Олар қызыл шағыл қара қатқақпен астасар жеріндегі шұңғыл түлейге кірді. Жаңа ғана жер табандап жатқан қызыл шағылдар көлеңке ұзарған сайын бірте-бірте биіктеп, ніл ыдырай бастаған кешкі аспаннан енді-енді көрінген кілегей бұлттарға араласып кеткендей» [10, 83], – деп құм суретімен қатар, Жаппардың түсініксіз сапарға деген қорқынышымен қатар байланыстырылады.

«Тоғай арасы сыз, салқын... Жаппардың танауын дымқыл жүзген мен сексеуілдің әлдебір көңірсік иісі жарып барады. Күннің қызғылт нұры ит тұмсығы өтпес қалың жыныстың су төбесіне іркіліпті. Ағаш арасына қараңғылық ұйыса бастады. Көз алдындағы селдір саңылаудан құмақ ернек қана қарауытады... Шағылдардың тасасына барып күн батты. Жаппардың алдындағы селдір саңылау бұлыңғыр тартты. Көп ұзамай қара түлейді шыр айнала ымырт қоршады. Кешкі ымырт қара түлейдің ішіне енуге дауаламай, ернек басына іркіліп тұрып қалғандай... Аспан боп-боз. Ернектегі ақ шағыл құмақ та кешкі ымырттың бозғылт сәулесінен күл өңденіп көрінеді...Аспанның әр жер-әр жерінен жұлдыздар жылтырады, әуелі тұңғиық аспанның төріне барып іліне қалғанына қаймыққандай жыпылықтап тұрған сирек солғын жұлдыздар қатарлары көбейгесін нұры молайып, біраздан соң мынау елсіз шөлдегі қара түлейге тығылып отырған әкесі екеуін көздері шалып қалғандай, қақ төбелерінен жыпырлай төніп, жымың қағысты. Шөл аймақтың жұлдызы быжынаған қап-қара түн орнады. Қайда қарасаң да, қара бурадай шабынып тұрған қою қараңғылық. Құлағын қыншы түрсе де, сыбыс жоқ, меңіреу тылсым...» [10, 84-85], – деп түннің суретін ұзақ әрі бай, көркем тілмен суреттей білген жазушы сол сәттегі Жаппардың қорқынышына оқырманды да сендіре біледі.

Жазушы Жаппардың мұнара тұрғызып жатқандағы «Шілде аспаны шыжыңқыраған сайын сонау көз ұшындағы ақ сұр шөл де, одан бергі, әдетте қаралтым көрінетін бақша-жай көк жолақ алқап та, шаһар үсті де күзді күнгі адыраспанның күліндей боп күлгін тартып барады. Әлдебір тажал білегін сыбанып ап, аспан асты дүниені айлапат тайқазанға айналдырып, бүкіл жер бетін күл қып өртеп, соған салып жіберіп ертеден қара кешке дейін сілті қайнатып жатқандай. Сонау қанипезер күн көзі сол айлапат қазанның астында лапылдап жанған алауға тамызық беріп тұрған тажал шоғы тәрізді... Сол-ақ екен мынау аспан мен жерді түгел көміп алған күлгін күдің арасында бозарып сөніп бара жатқан қос жанары оқыс тіріліп жан-жағына қарайды. Талма түс. Тас мұнара. Аяғының астында тырп етпестен

талып жатқан өлі шаһар. Төбесңнде етпеттеп төніп келе жатқан күл-күл күлгін аспан» [10, 92], – деп суреттелген кез Жаппардың жалғыздығы мен еңбекқорлығын, мұнараны тұрғызуға жұмсаған еңбегі мен сол жолдағы азабын ашып жеткізетін, оқырманды Жаппар бейнесіне жақындата түсетін сәт ретінде қарауға болады.

Романның «Махаббат» деп аталатын үшінші бөлімінде көбіне Кіші ханымның бейнесі мен психологиясына баса назар аударылады. Бұл романда үш адамды да жазғыра алмайсың. Үшеуі де махаббаттың құрбанына айналған, сол жолда азап тартқан жандар. Жазушы романда Кіші ханымды күнәдан таза, байлық пен мансапқа қызыға қоймаған, жарына адал, махаббатқа зәру әйел ретінде көрсетеді. Дегенмен оның Әміршіге деген махаббаты өзін алдау екені, жазықсыз, күнәдан ада, бала пейілді жас шеберге деген ықыласын кейін түсінеді. Бірақ бұл махаббат үшін ол өз абыройын төге қоймаумен қатар шебердің де бас амандығын ойлап өзгеше айла табады. Алайда Әміршінің ақ төсегіндегі аяулы жарына көңілімен болсын көз салғаны үшін жазадан құтыла алмайды.

Бұл бөлімде ханымның қуанышы мен қасіреті кезек-кезек орын алып отырады. Әмірші жорыққа кеткелі жалғызсырап, құсаланып жүрген шағында, Әміршіден өзіне арнап жіберілген сыйды көргендегі көңілі «Ханымның көкірегіндегі әлгі бір қапырық қасірет жаңбырдан соңғы аспандай әбден ашылыпты. Енді оның орнын көл дария боп шалқып қоя берген бір жұмбақ нұрлы сезім билеп алғандай» [10, 128], – деп суреттеледі.

Жазушы кімнің болсын көңіл-күйін ашарда табиғатқа жүгінеді. Бірде екеуін кезегімен жарыстыра алмастырып отырып берсе, бірде екеуін бір-біріне кіріктіре береді.

Әміршінің жорықтан оралып өз сарайына кеп түскенін естіген соң ханымның қуанышы қойнына сыймай, тағатсыздана күткен сәтін жазушы «Аспандағы күнді аңдиды. Жаздың күні бұған ерегіскендей батып болмады.

Жазушы ханымның образын жақсы қалыптастыру үшін оны жастайынан Әміршіге қосылып, махаббат дәмін татып көрмеген балғын қыз, Әміршінің бұған деген, өзінің Әміршіге деген сезімін нағыз махаббат деп ойлайтын, алайда Әміршіден өзіне деген ыстық ықыласты сезіне қоймаған соң, өзінің махаббат деп ойлап жүргені бос нәрсе екенін, нағыз махаббат Жаппардың өзіне деген сезімі екенін кеш ұғынған, ары таза жан етіп береді.

Романның «Аңыздың ақыры» деп аталатын төртінші бөлімінде Әміршінің осы жайдың барлығын қалай шешетіні, өзінің ішкі

арпалысы, өмірге деген ендігі көзқарасы, махаббаттың алдында қауқарсыздығы, пендешілігі көрініс табады.

Жазушы романды құмды далады жорықтан жеңіспен келе жатқан Әмірші бейнесімен бастап, шілденің ыстығында, құм кешіп жорыққа аттанып бара жатқан Әмірші бейнесімен аяқтайды. Тек бұл жолғы жорығы жеңіспен емес, өз ажалымен аяқталатындай. Жазушы оны ашық айтпаса да, оқырманға жорамалмен жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12 том. Құраст.: А. Үдербаев, О. Нақысбеков, Ж. Қоңыратбаева және т.б. – Алматы, 2011. 12- том. – О – С. – 752 б.

2 http://www.elarna.net/pdfbek/book/kaz/pdf.php?id=200447

3 https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/42084/

4 Аңыздың ақыры – көркем сөзді шежіре: Библиографиялық көрсеткіш. – Тараз, 2019. – 24 б.

5 Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы : «Өлке» баспасы. – Т 3. 1999. – 400 б.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ЖЕЛ» СӨЗІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

ДАРБАЕВА Р. Б.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№ 21 ЖББОМ, Екібастұз қ.
АЛТАЕВА Г. Е.
8 сынып оқушысы, № 21 ЖББОМ, Екібастұз қ.

Мағжан Абай дәстүрін жаңалады. Мағжан лирикасы жүректің ең нәзік пернелерін сөйлетті. Ол философиялық, әлеуметтік-саяси мәні зор проблемалардың тамаша көркемдік шешімін тапқан поэма жанры үлгісін жасады. Қазақ жерінің табиғатын ба, тарихын ба, елінің игілігі жолында өзін құрбандыққа шалған ерлерін бе – қайсысын жырласа да, ол біз қазақпыз, біз еш жұрттан кем емеспіз деген астарлы идеяны құлаққа құйып отырды. Мағжан поэмаларында лирика мен эпос, кейіпкердің ішкі жан дүниесі, өмірі мен халқының тарихы, жеке адам мен ұлт тағдыры тартысты драмалық сюжетке тоғыса келіп, ғаламат көркем байламдарға бастайды. Мағжан ақын қазақ поэмасын баяндау тәсілінен шығарып, суреткерлік арнаға бұрды. Әсіресе жан диалектикасын көрсетуде ол алдына жан салмады.

Абай қазақ поэзиясын әлемдік поэзия деңгейіне көтерсе, Мағжан бұл деңгейді биіктетпесе, аласартқан жоқ. Дыбыс-буынның айрықша үйлесімін тауып, қазақ өлеңі жолдарын күйше күмбірлетті. 1918 жылдың өзінде Ж. Аймауытов пен М. Әуезов былай жазыпты: «Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұттікі» [1, 152б.]. Бұлардың өлеңінде өзгеше бір сарын бар, жүрегінің сезімін суреттейтін нәрсемен жалғастырып әкететін артықша бір маңыз бар. Бұлар сыршыл (лирик) ақындар.

Мағжан ақын қазақ поэзиясында кездесе бермейтін өрнек тауып, жалынды жырлар мен небір тамаша суреттер әкелген. Сондықтан да болар орыс оқымыстылары Мағжанды «Қазақтың Пушкині» деп атапты. В. Брюсов «Мағжан – қазақтың Пушкині». Мағжан – ұлттық ақын. «Мағжан орыс поэзиясымен жарысқа түсіп, күш сынасты. Қоян-қолтық араласты. Осы жолда ол қазақ өлеңіне өлшеусіз еңбек сіңірді. Оны жазба дәстүр тәжірибесі озық Европа өнері деңгейіне көтерді» [2, 6 б.].

Өйткені, Мағжан ақын нені айтса да, бейнелеп айтады. Ол үшін даланың тауы да, суы да, желі де ғажап. Ақын өлеңдерінде адам мен табиғат астасып жатады. Қай шығармасында да Мағжан осы екі ұғымды бірлікте алып жырлайды. Ақын туындыларының басты ерекшілігі – тіл құнарлығы мен ой тереңдігі, сөз қолдану шеберлігі мен көркемдігі.

Мағжан Абайдан кейінгі қазақ әдеби тілін дамытқан суреткер. Көрнекті ақын-жазушы Сәбит Мұқанов: «Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Абайдан кейінгі тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ», - деп, ұлы ақынның даралығын ерекше атап кеткен болатын [1, 158 б.].

Бұл тақырыпта біршама ғалымдар пікір білдірген екен. Әдебиетші-ғалым М. Базарбаев Мағжанның «Жазғы жолда», «Қысқы жолда», «Жел», «Айға» өлеңдеріне тоқталып, былай дейді: «Ақын тау туралы толғансын, не дарқан даланың кеңдігін жырласын, тіпті көл, немесе жазғы таңды, қысқы кешті, егінді, не жер, күн, ай жайында айтсын, бірінші кезекте өзінің ішкі жан күйі тұрады, сонысымен айнала әлемді бірге толғандырып, бірге тебіренеді». Ал Рымғали Нұрғали «Әуезов және алаш» кітабында: «Ақын шыққан аса биік эстетикалық тұғырдың бірі – пейзаж лирикасы, халық әдебиетінен, Абай дәстүріндегі жыл маусымдарына қатысты әлеуметтік терең сарындардан алынған үлгілерді дамыта келе, Мағжан табиғат көріністерін бейнелеуде әлем поэзиясындағы классикалық тәжірибелерге ден қоя отырып, жаңа көркемдік

игіліктер жасады» [2, 14 б.], деген екен. Жүсіпбек Аймауытов сөзімен айтсақ, «Мағжан сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті». Оның өлеңдері «әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде жылатады, әлде аятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді» [2, 14 б.].

Ақын жаны табиғаттың сұлулығын бейнелеп, тануға құштар. Қазақ даласының көркін, жыл мезгілінің ерекшеліктерін Мағжан Жұмабаев айқын бояумен, шебер суреттеген. Тіпті кейде табиғат әлемін адам көңіл-күйімен ұштастырып, әдемі жеткізе білген. Мұны Мағжанның немере қарындасы Жамалдың өтініші бойынша жазылған «Түн еді» өлеңінен байқаймыз:

Түн еді. Көкте қаптап бұлт тұрды,
Жел жылады, долы дауыл ұлып тұрды.
Секіріп сары шаш шайтан жындар билеп,
Әлдекім сылқ-сылқ қана күліп тұрды.
Жапан түз, отсыз, сусыз бетпақ шөлде,
Жын-шайтан мекен еткен тағы жерде.
Жас бала – жолдасым жоқ, жапа-жалғыз
Мен келе жаттым батып қанды терге.
Көзімнен жас ақпады, қандар ақты,
Табанды тілгіледі тастар қатты.
Қарқылдап қиқу салып қарға-құзғыш.

Жалпылдап жүрегімді шоқып жатты – деп, табиғаттың дүлей күшімен адамның қайғысын сабақтастырды. Мағжан психологиялық параллелизмді жақсы меңгерген. Табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, бірге қанаттасып жатады. «Қысқа жол» өлеңіне назар аударсақ:

Ызғарлы жел долданып,
Екі иінінен дем алып,
Ішін тартып осқырып,
Кейде қатты ысқырып,
Аңдай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,
Біресе сақ-сақ күледі.

«Жазғы таң» өлеңінде ақын таңның баяу атып келе жатқанын, мүлгіген тыныштықты шынайы жеткізе білген. Табиғаттың сұлулығын, әсемдігін, жүрекке жылы тиер шуағын нәзік қылмен шертеді.

«Ақырын ескен жылы жел
Маужыратып, тербетіп,

Міне, алтын таң атты
Күншығыстан ағарып.

Ақындардың арасынан табиғатты Мағжандай жырлаған ешкім жоқ. Ақын табиғаттың сұлулығын суреттеп қана қоймай, әлеуметтік, адамшылық факторлармен де байланыстырып отырған. Бұл тектес шығармалары мұрасының мәнін арттырады, өшпес, тозбас қасиетін белгілейді.

Мағжанның «Шын сорлы» өлеңі тақырыптық жағынан саяси лирикаға жатады. Өлеңнің тақырыбы – революцияға дейінгі қазақ кедейінің ауыр тұрмысы. Мағжан сол ауыр тұрмысты табиғатпен үндестіре жырлайды:

Күн суық, қатты аяз, шыдар емес,
Қар борап, соққан жолмен қылып егес.
Кедейлер үсіп-тоңып, дір қалтырар,
Жылы үйіде байлар жатар, уайым жемес».

Сол сияқты ақынның «Жылқышы» өлеңінде де табиғат суреті көрініс береді:

«Бораны – бөрі ұлып тұр,
Төбеттей тынбай үріп тұр.
Сын тағылды қаңтарға.
Аман ба екен жылқышы?
Аман ба екен жылқысы?
Малға барған жан бар ма?
Түтінді жерге тығатын,
Түкіріктен түйме тағатын,
Аяз мынау шатынаған.
Хабар бар ма, мал қалай?
Малдағы жалғыз жан қалай?
Адам бар ма қатынаған?»

Мағжан адамды, қоғамдағы болып жатқан мәселелерді уақыттан, кеңістіктен тыс алып жырламай, керісінше сонымен сабақтастыра жырлауға тырысқан. Әлеуметтік өмір мен табиғат Мағжан өлеңдерінде әрдайым егіз, бір-бірін толықтырып, тоғысып жатыр. Ел өмірінің тіршілігін ақын сол қалпында алдымызға әкеледі. Сонымен қатар, Мағжан бір тақырыпты жаздым екен деп, оған оралмай кетпейді. Қайта сол тақырыпты әр қырынан зерттеп, уақыт өте жетілдіре түседі. Мағжан күз, көктем тақырыбына жиі-жиі оралып отырған.

Аязды тірі жандай суреттеу, сол арқылы табиғи құбылысының жұмбақ сырын көз алдына келтіру ақынның көрегендігінің айғағы.

«Ақ киімді, ақ сақалды» деп қысты суреттеген Абай ұстазынан Мағжан да қалыспады.

Жел — шын тентек бір бала
Жан сүйгені — сар дала,
Дамыл алмай жүгірер,
Ерні өтірік қыбырлап,
Сыр айтқан болып сыбырлап,
Кейде аң боп өкірер,
Желге ешнәрсе тең келмес,
Тау да жолын бөгемес,
Сақ-сақ күліп секірер.
Жүйрік желім кім сотқар.
Біреу бетін жапса егер
Әдейі бетке түкірер.

– деп, кейіптеу тәсілі арқылы жансыз «жел» бейнесін жанды, тірі адамға айналдырып, бірде ерке балаша «дамыл алмай жүгіртіп», «ернін өтірік қыбырлатып», «сыр айтқан болып сыбырлатып», бірде «сақ-сақ күлдіріп», «жорғалай басып жүгіртіп»қояды. Яғни, ақын беймаза желді құдды тірі кісідей құбылтып, оған қызық-қызық қылықтар жасату арқылы өзі суреттеп отырған шындыққа тағы бір тың шырай береді, шынайы сыр дарытады.

Абай қыстың кескінін де аса шеберлікпен суреттейді. Үскірік бораны бұрқырап тұрған қысты рақымсыз адам бейнесіне ұқсатады. Қыстың малға да жағдайсыз соқыр, мылқау күш екендігін аңғартады. Осы дәстүрмен жансызды жандандыру орыс ақыны Пушкинда да кездеседі. Абай қарт адам бейнесінде көрсетсе , Мағжан ақын тентек бала образында, ал Пушкин күшті мықты батыр ретінде көрсетеді:

«Ветер, ветер! Ты могуч,
Ты гоняешь стаи туч,
Ты волнуешь сине море,
Всюду веешь на просторе.
Не боишься никого,
Кроме бога одного.»

Сонымен қатар Пушкиннің «Зимний вечер» өлеңінде боран бейнесіне аңша дауыс берсе, Мағжан ақын да желді аңға ұқсатып дауыс береді:

Буря мглою небо кроет,
Вихри снежные крутя;
То, как зверь, она завоет,
То заплачет, как дитя,

Ерні өтірік қыбырлап,
Сыр айтқан боп сыбырлап,
Кейде аң боп өкіред.

Әйгілі ақын Мағжан Жұмабаев өз шығармаларында жел, от, ай, күн, түн, тағы басқа табиғат бөлшектерін әр алуан кейіп, түр, бейне ретінде шеберлікпен, көбіне типтік образ жасауда және символ ретінде пайдаланған. Өйткені көне түркілер ежелгі дәуірден осындай табиғат құбылыстарына табынып, бағына білген.

Талантты ақын түркі дәстүр, нанымын болашақ ұрпаққа поэзияға орап сыйға тартты .

Ақын символ ретінде алып жүрген бір ғана «жел» сөзінің өзіне қарасақ, соны түрлі образбен, бейнелі сөзбен береді: «жел – тым тентек бір бала», «жүйрік жел», «жалқау жел», «жібек жел», «ызғарлы жел долданып», «жел маужырап тербелер», «жел сипайды», «жел аза боп өртеніп», «жел мінезді ессіз жан», «күбірлеп жылы жел жүрер», «жел жалығып, хал жиып», «желдей зулап ескен жүйрік жас жүрек», «желге айналған мен екенін білгейсің», «жел жалды, долы дауыл ұрып тұрды», «кешкі ескен жылы жібек жел сұлу», «жел сөзбенен шабақ аулауға ойлаған», «жел өңірді у жырын, сол арада сайтандай ебелеңдеп жел келеді», «желмен кетсек қанатты көбелектей күйерміз», «Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген», «жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар», «жел тимей кірсіз тұрған кезің еді», «жылы жел қара бұлтты тербеп айдап», «Есіл жастық ескен желдей гуілдеп»...т.б. осылай жалғаса береді, бірақ бәрі жарасымды. «Жел» сөзінің поэзия әлемінде осыншама астарлы образға айналуы – ақынның рухани әлемінің байлығында жатыр.

Осы зерттеу жобасының бір бөлігін біз білетін табиғаттағы құбылыс – «желге» арналған. Ал, Жел дегеніміз – жер бетіндегі ауаның горизанталь бағытта бір жерден екінші жерге ауысуы. Ауа бір жерден екінші жерге ауысып,салқын немесе жылу алып барады. Желдің пайда болуының себебі-ауа қысымының жер бетінде әркелкі таралуы.

«Жел» сөзінің қолданысын, жел табиғи құбылыстың әртүрлілігін зерттей келе мынадай оқу құралын жасап көрдім. Ауызекі тілде самал жел, қоңыр жел, майда жел деген сияқты түрлерін қолданғанымыз болмаса, желдің түрлерін біле бермейміз ғой. Сондықтан мен бұл оқу құралында жел табиғи құбылысының түрлерін жинақтай отырып, қазақ тілі және әдебиет сабағында қолдануға болатында «жел» сөзінің қолданысын жинақтадым.

Желдің төмендегідей түрлерін біле жүрген артық болмас:

Маусымдық түрлеріне қарай:

Аңызақ жел – оңтүстік-шығыстан соғатын құрғақ жел;

Ескек жел – топырақты кептіріп жіберетін, көктемнің басында соғатын жылы жел;

Қара жел – күзде соғатын суық жел;

Алтын күрек жел – қыстың аяғында қарды әкететін жел;

Жапырақ жел – күзгі ағаштың жапырақтарын үйіріп әкететін жел;

Қума жел – бірде басылып, бірде үйіріп соғатын жел;

Өкпек жел – жазғытұрымда солтүстік-шығыстан соғатын жайсыз жел;

Әуір жел – шілдеде соғатын ыстық жел;

Үскірік жел – суық жел;

Қазанның қара желі – күздегі қара суық жел;

Терімсал – шілдеде соғатын ыстық жел;

Сипатына қарай:

Мал-жанға жайлы жер: *қоңыр жел, самал жел, мырза жел, жайдақ жел, майда жел*;

Мал-жанға жайсыз жел: *ызғырық жел, үскірік жел, өкпек жел, сары жел*

Соғатын жеріне қарай:

Бриз (французша бриз – самал жел) – теңіздердің, ірі көлдердің жағасында күндіз құрлықтан суға, түнде судан құрлыққа қарай соғатын желдер.

Муссон (арабша - маусым) – қыста құрлықтан теңізге, жазда теңізден құрлыққа қарай соғатын тұрақты желдер.

Ебі желі – Ебі желі Жетісу Алатауының оңтүстік-шығысында Қытайда орналасқан Ебінұр көлі қазаншұңқырында, жоғарғы қысым пайда болғанда соғады.

Сайқан желі – Ебі желіне кері бағытта Жетісу қақпасы арқылы Орталық Азияға қарай ратын жел.

Шілік желі Шілік өзені бастау алатын мұздықтар өңіріндегі салқын ауаның Іле аңғарына қарай ығысуынан пайда болады.

Арыстанды-Қарабас желі Қаратау жотасының оңтүстік+батыс беткейіндегі Арыстанды өзенінің аңғарымен соғады.

Қордай желі – Жамбыл облысының оңтүстік-шығысындағы Жетіжол жотасы мен Кіндіктас тау аралығындағы Қордай асуының үстінен соғатын жел.

Мұғалжар желі – Мұғалжар тауынан соғады, әсері Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе облыстарының оңтүстігінде байқалады [4, 102 б.].]

Жел туралы мақал-мәтелдер

Жермен келген – жермен кетеді.
Желмен келген – желмен кетеді.
Жел дауыл шақырады,
Бұлт жауын шақырады.
Желге қарсы түкірсең –
Өз бетіңе былш етер.
Ауру желмен келіп, термен шығады.
Жел түбі азық, жекен түбі қазық.

Жел туралы жұмбақтар

Аяқсыз жетіп барады,
Қолсыз есік қағады. (Жел)
Қанаты жоқ – ұшады,
Аяғы жоқ – қашады. (Жел)
Бір нәрсе жер мен көкті шарлап тұрған,
Дамылсыз бәйіт айтып зарлап тұрған.
Тамаша қылығына қарап тұрсам,
Арасын жер мен көктің барлап тұрған. (Жел)
Бір нәрсеге қарап тұрсаң дүбірлейді,
Алыстан көзін салсаң күлімдейді,
Екпіні сонша қатты болса-дағы,
Ұстасаң қолыңызға білінбейді. (Жел)
Алдымнан өтті бұлдырлап,
Тұра қалдым жолында.
Ұстайын деп ойладым,
Ілінбеді қолыма. (Жел)
Әне барады өзі,
Көрінбейді ізі. (Жел)
Желіп кетсе жеткізбес,
Жерге түссе табылмас. (Жел)

Жел сөзімен тұрақты тіркестер

Айдарынан жел еседі – асқақтап дәурен сүру
Жауырынан жел өту – азап шегу

Әлемдік поэзияның сырлы бояуын барынша қабылдап, оны дамыта түскен ірі дарын иесі Мағжан Жұмабаев өзіндік қолтаңбасымен қазақ поэзиясының алтын қорынан өз орнын алды. Рухани асыл қазынаға өлшеусіз мол поэзиялық өрнек әкелген Мағжан қазақ әдебиетін жаңа сапаға көтеріп, қазақ әдеби тілін жұмсақ та, нәзік, көркем етіп қалыптастыруға мол үлес қосты.

Қазақ поэзия әлемінде айырықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған ақын - Мағжан Жұмабаев. Кезінде Ж. Аймауытов «Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиюін Абай да ізденген, Абай да сөздің ішкі мәнерін тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет салуда сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ» деп баға берген екен [3, 96 б.]. Бүгінгі ұрпақ үшін Мағжан өлеңдерінің сөзбен иірімдеп әкеліп суреттеуін үйренуіміз керек. Тек үйреніп қоймай, сөз өнеріне қолдана білуді үйренсек, қазақ жастарынан көптеген шебер ақындар шығар еді. Ақын Маралтай Райымбек айтқандай «Мағжан да – сондай тылсым жаратылған жан. Мағжанды түсінуге деген талпыныстар бар. Мен үшін Мағжан – сұлулықтың символы. Ең маңыздысы, адамның сырт болмысы жан дүниесінен алыстап кетпейді. Негізі, адам кез келген нәрсеге өз дүниетанымы, қабылдауы, түйсігі арқылы келеді ғой. Қарап тұрсаңыз, Мағжан – гауһар тас сияқты сан қырлы ақын. Іздеген адам Мағжан поэзиясынан бәрін табады. Бір сөзбен айтқанда, Мағжан – құбылыс. Ешқашан зерттеліп бітпейтін құбылыс.» [8, 44 б.].

Қорыта келгенде, Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясында жарқын жырларымен от шашып, өшпес із қалдырған тұлға. Көркем сөзбен көрікті өлеңдерді әдебиетіміздің әлеміне сыйлаған ерекше жан. XX ғасыр алып тұлғаларының шығармашылық тағдырын зерттеуші, академик Рымғали Нұрғалидың сөзімен айтсақ: «Мағжан поэзиясы мәңгі өлмес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжу- маржаны махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық стихиясының сан алуан тылсым, жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан толқып туған, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласқан, ықшам, жинақы, жұп-жұмыр жауһар дүние» [5,78 б.].

«Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?» Мағжан Жұмабаев

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Боранбаева Ж. Қ. Сөз зергері Мағжанның әдемі өрген өрнегі,. Астана, 2004 [1, 152 б.]

2 Жұмабаев М. Жан сөзі,. Алматы: «Раритет», 2005 [2, 6 б.]

3 Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан,. Алматы, 1998 [3, 96 б.]

4 Қабдолов З. Сөз өнері Алматы, 1976 [4,102 б.]

5 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры,. Астана : «Күлтегін», 2002 [5,78 б.]

6 Ұлттық поэзия падишасы. Алматы, 20017.

7 Пушкин. Сочинения в трех томах. Санкт-Петербург, 1997 3 [8, 35 б.]

8 Қазақ тілі мен әдебиеті. №3, А., 1995 [8, 44 б.]

ЫМ-ИШАРАТТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СИПАТЫ

ДЖАСҚАЙРАТОВА Д. М.
10 сынып оқушысыы, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.
АСЫЛБЕКОВА А. М.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қарым-қатынасты жүзеге асыруда, сөйленіс кезінде ойды жеткізу мақсатында тілдік амалдармен қоса, тілдік емес (бейвербалды) құралдарды да пайдалану дағдысы қалыптасқан. Олар дене қозғалысы, бет-әлпет қимылдары, т.б. арқылы көрініс табатыны белгілі. Ым-ишараттар деп аталатын бұл құбылысты тіл білімінде паралингвистика зерттейді. Барлық паралингвистикалық құралдар өздерінің материалдық тегі немесе жасалу жолына қарай емес, коммуникативтік актідегі атқаратын қызметі мен актіге қатысуы тұрғысынан ақпаратты, ойды жеткізуіне қарай, коммуникативтік акті кезіндегі функциясына сай алғашқылық, негізгі қызмет атқаратын тілдік құралдарға өте ұқсас.

Ым мен ишараттардың түрлері, таралу шеңбері әр түрлі. Ым-ишараттар негізінен ұлттық және әмбебап болып екіге бөлінеді. Әмбебап (универсалды) бейвербалды амалдар жалпыға ортақ, түсінікті, мәдени ұқсастықтары бар, қатысымдық қызметте бірдей семантикалық мағынасымен ерекшеленсе, ұлттық бейвербалды амалдар белгілі бір топ арасында қолданылатын, семантикалық мағынасы шектеулі, ұлттық нышандарға ие, мәдени, әлеуметтік айырмашылықтарымен ерекшеленеді. Бет қимылы, дене қалыбы – ұлттық ерекшеліктерді сақтайтын дене тілі.

Бүкіл әлемде негізгі қарым-қатынастық қимылдар негізінен бір-бірінен ажыратылмайды. Адамдар қуанғанда – жымияды, күледі, қайғырғанда – қабақ шытады, ренжігенде – ашулана қарайды. Мысалы, *бас изеу* көп елдерде «иә» дегенді немесе келісімді

білдіреді. Келіспеу немесе жоққа шығаруды белгілейтін *бас шайқау* да әмбебап ым-ишарат болып табылады.

Қуанудың беттегі көрінісі әмбебап және барлық халық оны бірдей қабылдайды. Қуану кезінде *екі езу тартылып, көздің айналасында әжімдер пайда болады*. Мысалы: Бақыт күлкісіндей бір рақат, ырзалық елес беріп, Абайға қадала қарап,езу тартты. Келгеніне, тапқанына сүйсініп, ішінен алғыс айтқан тәрізді [2, 274 б.].

Басынан сипау – адамдар еркелетуде қолданылатын кинема. Көбінесе, үлкен адамдар баласын еркелетуде басынан сипайды. Мысалы: – Айналайын, қоңыр қозым, – деп арқасынан қағып, *басынан сипады* [2, 267 б.].

Қабағын түю, шыту – біреуге ашулану барысында қолданылатын бейвербалды амал. Мысалы: Құнанбай *қабағын түйіп*, тіксіне қарады да, жүрісінен бөгеліп қалды [2, 12 б.]. Мұндай мысалдар өте көп десек болады.

Тілші А. Исламның айтуынша: «Ұлттық дүниетаным ерекшеліктерінің айқын көрсетер белгілерінің бірі – этномәдени белгілер. Олар жалпы ретуалдан туындайды, яғни қандай да болмасын этномәдени белгінің негізі ретінде ишарат, ритуалдың фрагменті алынған», – дей келе [3, 125 б.], бейвербалды амалдарды ұлттық-мәдени ерекшеліктерді саралаудағы басты нысан екендігін айтып өтеді.

Орыс тілінде баламасы жоқ ым-ишараттарға тоқталатын болсақ, олар тек қазақ халқына тән, қазақ болмысын (менталитет), салт-дәстүрін, мәдениетін, тарихын, т.б. танытатын ым-ишараттар тобы болып табылады. Соған мысалдар арқылы көз жеткізсек:

Қол жаю – алақаны жоғары қаратыла ашылған қолды кеуде тұста ұстау. Бұл – Құран оқып болған кезде жасайтын ишарат. Құран – Ислам дінінің негізі. Исламда дұға-тілек ету Құранда көрсетілген. Орыс халқында мұндай ырым-дәстүрлер кездеспейтіні белгілі. Орыс халқы дұға-тілекті қолдың саусақтарын маңдайына және екі иығына тигізу ишараты арқылы жүзеге асыратыны белгілі. Мысалы:

– Бәрәкалла, бәрәкалла… бирахматика я архамәр-рахимин, – деп отырып, Абайға *қол жайып бата берген-ді* [2, 25 б.].

Әбілқайыр шарта жүгініп отырып *қолын жайды*:

– Қабыл болғай. Баламыздың ғұмыр жасын ұзақ қылғай. Мерейі асқай, несібесі тасқай. Әллауакпар! – деп *бетін сипады* [4, 25 б.].

– Соған еріп, жолын ұста, – деп ақыл айтып, *қолдарын жайып* бата қылды [4, 228 б.].

Бата беру – екі қолды бір-біріне түйістіре ұстап, жайылған алақанмен маңдайдан төмен қарай иекке дейін сипалай жүргізіп

өту. Бата-тілек – халқымыздың ежелден келе жатқан салт дәстүрі, ұлттық этикеттерінің бірі. Бата сөзі аяқталғанша бата сұраушылар екі қолын көтеріп, алақанын (қол) жайып тұрады. Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Бата беретіндер, көбінесе, көпті көрген ақсақалдар мен кемеңгер даналар, дуалы ауыз билер болып келеді. Бата қысылғанда – қуат, қиналғанда – медет беріп, әрбір іске даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептеген. Мысалы: Абай өзі де бетін сипап, ана тілегін барынша қабыл алып, *бата қылды* [2, 45 б.].

Дауыс айту (жоқтау). Жоқтау – қазақтың ертеден келе жатқан салт-дәстүрі. Қазақ дәстүрінде адам өмірден өтсе, үйдің әйелі шашын жайып, жоқтау айтатын болған. Мұндайда әйел «қара бір шашым жаяйын, жаяйын да жылайын» деп жылайды. Жоқтауда өлген адамның елге, халқына, ағайын-туысқа тірі күнінде жасаған жақсылығы, мінез-құлқы, мырзалық іс-әрекеті жырланады. Мысалы: Байдалының тапсыруымен Сүйіндік қалың елді бастап ақ үйге кірді де, қаралы теңдерді бұзды. Бұл да жаңағыдай белгі. Осы уақытта Бөжейдің әйелі мен қызы оң жаққа теріс қарап отырып ап, *дауыс айтты* [2, 264 б.]. Үш-ақ күнде өзгеріп салған әйел қатындық қарызын орындап, *дауыс қылып* болған соң, өз-өзіне келіп есін жиды [5, 87 б.].

Бет жырту кинемасы әйелдердің өзінің көңілінің қайғы-қасіретке толы екендігін, шерлі екендігін білдіреді. Бет жырту, бет тырнау екі қолының тырнақтарымен бетін жосылта тырналап, қанату арқылы орындалатын ишарат. Бұл кинема ерін, туысын, жақынын жоқтау барысында қолданылады. Бет жыртудың екінші мағынасы ұрысқан жағдайда болады. Әйелдер қарсыласына қаны қайнап, ашуы келгенде бір-бірінің бетін жыртысады. Мысалы: Барса, *әйелі бетін тырнап жылап отыр* дейді [4, 348 б.].

Құранды кеудесіне басу – құранды қос қолымен көтеріп әкеліп, кеуде тұсына тигізу ишараты. Бұл уәде беру, ант ішудің белгісі болып табылады. Мысалы: Иісі алаштың беліне бес қару асына алар естиярларының алдында *қолдарына құран ұстап, қан құйысып, ант берісті* [4, 95 б.].

– Ата-бабаның үрдісі үш арыстың тізгінін ұстаған азаматтары *Құран ұстап, ақбоз бие сойып, жас қандарын маңдайына жағып анттасқанды талап етеді* [4, 132 б.].

Ұлттық әдет заңының жолы бойынша шешендер мен билердің дау-дамайы кезінде сөз сұраған адамдарының қимылдарының бірі – қамшы тастау. *Қамшыны алдына тастау* – сөз сұрау ишараты. Сайысқа, текетіреске шақыру қызметін де атқарады.

Еуропа елдерінде «биялайын тастаумен» бірдей. Мысалы: Сары үйек жыландай шұбарала *дойыр қамшысын сылқ еткізіп ортаға тастай салды* [4, 129 б.]. Шеткерірек отырған Әбілқайыр *қолындағы қамшысын* жұртқа көрсеткісі келгендей, *төбесінен асыра бір көтеріп, ортаға тастады.* [4, 130 б.].

Төс түйістіру – екі адамның бір-бірімен төс тигізе құшақтасуы. Оң қолды құшақтасатын адамның сол жақ иығынан асыра арқасына құлатады. Сол қолмен белінен құшақтайды. Құшақтарын жазып жіберіп екінші рет төс қағыстырғанда осы әрекеттер үш рет қайталанады. Бұл амандасу ишараты болып табылады. Мысалы: Екі жақтың игі жақсылары бітім болғанына қуанысып, *төс түйістіріп құшақтасты* [4, 310 б.]. Қара аңсап, айдалада кетіп бара жатқан бейсаубат жолаушыны соңынан қуып барып, аты-жөнін, ата-бабасын сұраса келе қарын-бөле шығып, үйіне шақырып әкеп, бағылан сойып, насыбай атысып, ертеңіне *төс түйістіріп* жылап айырылысатын бауырмал қазақтардың басын бір алқа қотанға қоссаң, әркайсысы әр жерден шіреніп, әр жаққа шалқаяды [4, 82 б.].

Әбілқайырдың бетіне өң жүгіріп, көз алдының да әлгі бір қабарыңқы кіреукесі тарап, *кесесін төңкерді* [4, 42 б.] деген мысалдағы *кесені төңкеру* ишараты қазақтың тұрмыс-тіршілігінде шай, т.б. сусынды ішіп болғандығын, тойғандығын білдіру мақсатында жасалатын әрекет.

Молдас құрып отыру. Әр халықтың өзіндік дастарқан басында отыру мәдениеті болады. Түркі тілдес елдерде әйел адамдар тізелерін бүгіп, аяқтарын жинақтап отса, ер адамдар малдас құрып, яғни екі тізесін айқастырып отырады. Мысалы: Төр алдында *молдасын құрып,* шай сораптап отырған Мәті би көз алдына келеді [4, 278 б.].

Бетіне су бүркіп, үшкіріп: – Кет, бәлекет, кет! Көш баламнан көш! – деп, *батып бара жатқан қып-қызыл күнге қаратып қойып,* бірдеме ем істеген болды. *Ұшықтаған еді* [2, 48 б.].

Ұшықтау – тамақтан, желден, иістен ұшынған адамдарды ұшықтау бейвербалды амалы бұрынғы ата-бабамыздан келе жатқан емдеу мен ырымның бір түрі. Бұл ишарат та жерге не ауаға түкіру арқылы орындалады. Ал аудармада ұшықтауды тек «удивительное лечение» деп берген.

Қол ұстату, шаш сипату. Бұлар да қазақ халқына тән салттық ым-ишараттар болып табылады. Орыс халқында болашақ келін қызбала мен күйеу жігіттің арасында ондай ырымдар орындалмайтыны белгілі. Мысалы: *Қол ұстату,шаш сипату* деген атақты ырымдар осы [2, 239 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Момынова Б. Лидерлер имиджін қалыптастырудағы бейвербалды элементтер мен бағалауыштық лексиканың рөлі // Тілтаным. – 2003. - №1. – 16 б.

2 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы : Жазушы, 2007. – 368 б.

3 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол.ғыл.докт.дисс.автореф. – Алматы, 2004. – 125 б.

4 Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. Үркер. Роман. 1-том. – Алматы : «Жазушы», 2010. – 352 б.

5 Бөкей О. Таңдамалы. 1 том. – Алматы, 1994. – 87 б.

МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЕРТЕГІЛЕРІ АЯСЫНДА ART-THERAPY ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ШЫҢДАУ

ДРОЗДОВА М. В.
9 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған
№ 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.
АБАИЛЬДЕНОВА Н. Қ.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Дарынды балаларға арналған № 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларынан туындайтын «Ұлы даланың есімдері» жобасы аясында көрнекті ақын, публицист, этнограф, ағартушы, шежірежі, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы М.-Ж. Көпейұлының шығармашылығына аса ден қойып, халық ауыз әдебиеті мұрасын кеңінен насихаттау. Осы жоба төңірегінде Мәшһүр-Жүсіп ертегілеріне аса көңіл бөлуге тырыстық.

Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге эстетикалық ләззат та бере алады. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық әдеби қазына. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрінеді. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек, ертегі шындыққа бағытталмайды, ал ертекші әңгімесін өмірде болған деп дәлелдеуге тырыспайды. Ертегінің композициясы бас қаһарманды дәріптеуге

бағындырылады, сөйтіп, ол белгілі бір сұлба бойынша құрылады. Мұның бәрі ертегіге идеялық, мазмұндық және көркемдік тұтастық береді. Осы тұтастық бұл жанрға басқа да қасиеттер дарытады: композиция мен эстетикалық мұраттың бірлігі әрі тұрақтылығы, көркем шарттылықтың міндеттілігі, ауызекі сөйлеу тіліне сәйкестігі, тұрақты тіркестердің қолданылуы. Одан басқа ертегі адамның рухани азығы болған. Қазақ ертегілерінде хандық заманның шындығы, сол шақтағы әдеттер мен нанымдар, салт-дәстүрлер, тұрмыс кейпі көбірек көрініс тапқан [1].

Ертегі туралы академик М. Әуезовтың мынандай анықтамасы бар: «Ертедегі адамның тәтті қиялынан туып, халық аузында қара сөзбен айтылған, ауыз әдебиетінің бір даласы», - деген. Мұнда «ертегі» деген сөз ескі заманда шығып, халық аузында салт болған әдебиеттің бір түрі деп, оны әдебиеттану тұрғысынан қарастырады. Ертегілер нақты іштей жіктелмейді, дегенмен, қазақ халқының ертегілеріңде, әсіресе, мал мен аң көрнекі орын алады, сондай-ақ халыққа көп тараған тұрмыс-салт ертегілері де бар деген дұрыс пікірлер орын алған. Дегенмен олардың әрқайсының анықтамалары берілмеген. Негізінен, ертегілер, көбінесе мазмұн, тақырып жағынан талдауға түсіп отырған деп ғалым өз еңбегінде жазған. Қазақтың төл ертегілерін сөз еткенде, ғалымдар олардың мейлінше молдығына, бірақ бар нұсқаның ғылыми түрғыда жазылып алынбағанына назар аудара отырып, оларды сол кездегі қазақ фольклорының ең аз зерттелген саласы деп ертегі жанрын барынша ашып зерттеген ф.ғ.д., профессор Қ. Н. Жүсіпов «Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы» атты монографиясында саралап көрсеткен [2, 236].

Қазақ фольклорын жинаушы, жариялаушы, зертгеушілер дегенде Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев т.б. еңбектері барынша қарастырылғанымен, бұл салада ең көп жұмыс тыңдырған Мәшһүр-Жүсіп, сондай-ақ Кеңес өкіметі тұсында есімі аталуына тыйым салынған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедовтердің еңбектері енді-енді ғылыми айналымға ене бастауы – бұл саладағы ғылымның кенжелеп қалу себептерін де, аталған ғылымның қазіргі жай-күйін де толық андата көрсеткен ф.ғ.д., профессор Қ. Н. Жүсіпов [2, 9].

XX ғасыр басындағы газет-журналдар беттерінде қазақ фольклорына қатысты үлгілер жиі басылып, жинаушылар есімдері де көрсетіле бастады. Нұсқа әрі қазақ тілінде, әрі орыс тіліндегі аудармасымен қатар басылып жүрді. Жинап бастырушылар

қатарында орыс зерттеушілері А. Е. Алекторов, А. А. Ивановский, М. Миропиевтермен қатар қазақ зиялылары Бекен Адықов, Жағыпар Айманов, Қ. Жапанов, Б. Райымбеков, Т. Сейфуллин, Р. Дүйсембиев, т.б. есімдері бар. Бұлардың кейбірі жазып алған үлгіні өз атымен бастырса, кейбірі кімнен, қай жерден жазып алғаны турасында деректерден де хабардар етіп отырған. Осы есімдердің қатарында ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі бір тұлғасы М-Ж. Көпеев те бар.

Тақырыбымызға арқау болып отырған М-Ж. Көпейұлы аңыз-әңгіме мен тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсіріп отырған. Оның үстіне фольклорлық жанр түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын, т.б. жинағаны тағы бар. Мәселен, ғалым жинақтауында ел аузындағы тұрмыс-салт жырларының 30-40 шақтысы топталған. Егер жанр бойынша жүйелесек, ертегілерден – 15 шақты мәтін үлгісі; батырлық жырлардан – 5-6; ғашықтық жырдан – 2-3; қисса-дастандардан – 11-12; тұрмыс-салт жырларынан – 30-40 шақтысы; аңыз-әңгімелердің – 200-300 үлгісі; жаңылтпаштың – 100-150 шақты; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегісі – 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің 2,5 мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының 27 үлгісі; 30-40 шақты ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары т.с.с. орын алған екен. Сондай-ақ, қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлеңдер мен нақылдар, әлі баспа бетін көрмеген күлдіргі сөздер топтамасы, т.б. нұсқалары бар. Қолжазбалар ішінде зерттеуші ел арасынан түрлі ертегілерді де көрсеткен: «Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай», «Баһырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Алаша хан», «Жеті жасар Желкілдек», «Ер Төстік», «Әз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік: Олжабай батыр», «Тама Сарыбас мерген» [1].

Осы жағынан болса керек, М-Ж. Көпеев шығармалары көптеген ғалымдарды қызықтырған. Мәшһүр-Жүсіп ертегілерінің көпшілігі қолжазба күйінде Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының фондысында сақтаулы. Мәшһүр-Жүсіп жинаған ертегілердің жер, су аттарына, тарихи адамдар атына байланысты ертегі аңыздардың бір қатарына түсініктер, шешулер, талдаулар беріп отырады» - десе [3], ғалым С. Дәуітұлы «Мәшһүрдің «Қара месі» жинағынан бес ертегіні қарастырып отырмыз, олар: «Алтынбас-Күмісаяқ ғашық болған», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Асанқайғы», «Еділ-Жайық», «Желкілдек». Осы ертегілердің ішінде «Алтынбас-Күмісаяқ

ғашық болған» және «Желкілдек» өлең түрінде жазылуымен ерекшеленеді. Әсіресе, «Алтынбас» бастан – аяқ он бір буынды қара өлең түрімен өрнектелген. Ал «Желкілдек» ертегісі шытырман оқиғалар қақтығысмен ерекше. Бас кейіпкер Желкілдек Ертөстік сияқты атса мылтық, шапса қылыш кеспейтін, жақса отқа күймейтін жан. Желкілдектің қарсыластары да осал емес. Бұл туындыдағы айырықша бір кейіпкер – мыстан кемпір. Ол айла-шарғысымен, неше түрлі сұмсұрқия іс-қимылымен көзге түседі. Бір сөзбен айтқанда, халық армандаған алып батыр да, сұлу да ақылды қыз-келіншектер де, зерек қариялар да бұл ертегілердің ішінде баршылық» - дейді [4, 17].

«Ертіс өңірінде «Мәшһүр Жүсіп әлемі» атты ертегілер жинағы оқырманға жол тартты. Орта және жоғары буын мектеп оқушыларына арналған еңбек қалың бұқараға философ, фольклортанушы, этнограф М-Ж. Көпеевтің 160 жылдығына арналған ғылыми конференцияда таныстырылды. Ертегілер ойшылдың шығармалары негізінде жазылған. Қазір әлемге аты әйгілі Мәшһүр-Жүсіптің мұрасын зерттеуге қызығушылық танытқан жас ғалымдардың қатары көбейген. Олардың қатарында Қазақстан, АҚШ, Түркия, Жапония елдерінің азаматтары бар. Айта кетейік, бүгінде Павлодар университетінің оқу бағдарламасына «Мәшһүртану» пәні енгізілген. Сонымен қатар 14 жыл бойы ғылыми-тәжірибелік орталық жұмыс істейді. Еңлік Жұматаева, педагогика ғылымдарының докторы, жинақ авторы: – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының бес шығармашылығына интерпретация жасай отырып, балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, ертегі жазылды. «Рухани жаңғыру» тек үлкендерге қатысты емес, балаларға да қатысты. Әрине, мұны балабақшаларға қолдануға болмайды және ең төменгі сыныптарға қолдануға болмайды. Бұл 10-13 жасқа шақталған», - деген ақпарат ғаламтор желілерінде жарияланған [5]. Бұл хабар біздің де көңілімізден шығып отыр.

Байқауымызша, М-Ж. Көпейұлы ертегілерінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, туыстық қарым-қатынасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениет лексикасы, көшпенділік үрдісі, қазақ халқының түпкі тамыры түркілерден тарайтындығы, бай мен кедей арасындағы кикілжілдік, ер жігіттердің батырлығы, ерлігі суреттеледі. Оған қоса, этнолингвистикалық сөздердің қолданысы да мол. Бұл қазақ тілінің бай, тұнып тұрған маржандай сөздері бар екенін байқатады. Мәшһүр ертегілерін оқи, талдай келе, болашақ ұрпаққа берер тәрбиесі бар, баланы мықты да алғыр, ойлапаз, ақылды, тіл байлығы мол болуға

үйрететініне көз жеткіздік. Осыған орай, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ертегілері аясында балалардың шығармашылығын шыңдау үшін art-therapy әдістерін қолдануды жөн көрдік.

Арт-терапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. «Арттерапия» – термині (art – өнер, artterapy – өнер арқылы терапия жүргізу) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арт-терапиялық әдістемелер жеке дара әдістеме ретінде де терапияның көмекші әдістемесі ретінде де қолданылады. Арт-терапия – ауру адамның психоэмоциональді халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер етуді білдіреді. Алғаш бұл термин 1938 жылы санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттауда Адриан Хилл өз жұмысында қолданған. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында қолданыла бастайды. Арт-терапия мынадай бағыттарды қамтиды: сурет терапиясы, драмтерапия, библиотерапия, музыкатерапия, кинотерапия, куклотерапия, битерапиясы [6].

Сондай-ақ, арт-терапияның тағы бір саласы бұл – ертегі терапиясы. Ертегі балалық шағымыздан бастап біздің өмірімізге сән беріп келеді. Сірә, қызықты, сиқырлы да таңғажайып оқиғалар қызықтырмайтын бір де бір бала жоқ шығар. Ертегілерді қолдану тарихтың тереңінен халық ауыз әдебиетінен алғаш бастау алған. Бүкіл әлемде ертегі оқу сәбилер мен үлкен адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекше түрі бола отырып, білім беретін әрі адамгершілік тәрбиесін беру түріндегі салт-дәстүр болып табылады. Бүгінгі таңда да, адамдар саналы түрде ертегілерге салынған білім көзіне тартылады. Осы кезде бұл әдіс ертегі терапиясы деген атауға ие болып отыр [7].

Ертегі терапиясы – тәрбие арқылы баланың көзқарасын бағдарлау және ішкі әлемінен хабардар болу тәсілдері. Ертегі терапиясы арқылы баланың санасын өздігінен кері нәрселерге қарсы тұрарлық күш беру шарт деген тәсілді ұстанады. «Сабағыңды жақсы оқы, қолыңды жумай дастарқанға отырушы болма, ата-анаңды сыйла, үлкенмен керіспе» дейтін ескертпелер баласы бар үйде күнде он рет қайталанады. Мың сан қайталанулардан соң бала санасы ести тұра мұндай ескертпелерді мүлдем қабылдамайтын күйге жетіп, тек өз білгенінше әрекет етеді. Өйткені, ол сабақты жақсы оқымаса не боларын немесе ата-анасын құрметтемеудің ақыры немен аяқталарын білмейді. Ал, ертегі терапия ең бірінші оған болашақ туралы сұраққа жауап береді. Ертегінің финалында болатын

нәтижелерден ол келешек туралы ой түйеді. Қазір заман талабына сай көп балалар ертегілерді оқығаннан гөрі теледидардан шетелдік мультфильмдерді көргенді ұнатады. Ал ертегілер оқымаған бала ешқашан өз елін, жерін шын жүрегімен жақсы көрмейді. Балаларға күнделікті ертегі оқу арқылы зерек болатынын айтады. Қыз балалар ертегідегі «ай десе аузы, күн десе көзі бар» арулар сияқты сұлу, сымбатты болуға ұмтылса, ұл балалар «суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын», «күн санап өсетін» ертегілік батырларға ұқсауға тырысып, спортпен шұғылдануға құлшынады екен.

«Қазақ ертегілерін ең мол өндіріп және естіген қалпында жазып алған Мәшһүр-Жүсіп Көпеев...» деп М. Әуезов бекер айтпаған. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев ертегілерінің 15 шақты мәтін үлгісі бар. Мәшһүр-Жүсіп ертегілері өлең сөзбен, қарасөзбен жазылған. Ертегілерде көбінесе қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, туыстық қарым-қатынасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениет лексикасы, көшпенділік үрдісі, ер жігіттердің батырлығы, ерлігі суреттеледі. Мәшһүр ертегілерін оқи, талдай келе, болашақ ұрпаққа берер тәрбиесі бар, баланы мықты да алғыр, ойланпаз, ақылды, тіл байлығы мол болуға үйрететініне көз жеткізуге болады. Мысалы:

«Һамза, Лумза әңгімесі» - жиылған малды, яғни байлықты о дүниеге әкете алмайсын, дүниеқор болмауға үйретеді.

«Заманына қарай амалы» ертегісі – өтірікші болмауға шақырады.

«Ақылдың пайдасы» ертегісі – не жұмыс, не іс қылсаң, ақылмен, сабырмен артын ойлап істеу керек, - дейді.

«Екі патшаның білместігі» ертегісі – сабырға, тәубеге келе білу керек, жаман райынан қайтып, өз үйірін, өз елін табуға шақырады.

«Бес тиын бақыр және мысық» ертегісі – адал еңбекпен азға қанағат қыла білу керек, - дейді.

Оған қоса, жас оқырмандар ертегінің желісіне кіріп, кейіпкерлермен бірге шытырман оқиғаларға тап болады, олардың тағдырына алаңдап, түрлі сезімдерді сезіне алады. Мәшһүр-Жүсіп ертегілері көптеген сезімдерді танытуға көп үлес қосуда. Осыған орай біз Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ертегілері аясында art-therapy әдістерін қолдану арқылы балалардың шығармашылығын шыңдау үшін түрлі тренингтер өткіздік.

Ертегі дүниені ішкі жағынан ақтарып, кейіпкерді жағымды іс-әрекеттері арқылы, көптеген үрейлі жағдайлардан арылтып, баланың сана-сезіміндегі қайшылықтарды шешуге мүмкіндік береді. Бала ертегі кейіпкеріне ұқсағысы келген кезде ертегі терапияға әсер етеді. Ертегі жақсылыққа үміт береді де баланың өмірінде болып

көрмеген бірқатар өмірлерде өзін көз алдына елестеткізеді. Ертегіні оқып жатқан уақытты елестетіп ойлау арқылы пайда болатын суреттер әр баланың өзіндік жеке екендігіне қарамастан, ертегінің феномені балалардың түсіндіруге мүмкін емес таңғаларлық ғажайып шытырман оқиғаға қызығушылық болып табылады. Ертегі елестетіп ойлау қабілетін қалыптастыруда анықтаушы болмаса да, соңғы рөл алмайтынын атап өтпеуге болмайды [7].

Ертегідегі мейірімділік пен зұлымдық, жомарттық пен сараңдық, батылдық пен қорқақтық сияқты т.б. ұғымдар берілген. Бұның бәрі адамгершілік құндылықтар арқылы бала тұлғасын қалыптастырады. Ертегі – баланың ішкі дүниесінің айнаша ақтарылатын символикалық үлгісі деуге болады. Ол балаға мүлде әр түрлі әлеуметтік рөлдерді басынан кешуге, ертегі оқиғалары мен нағыз өмір арасындағы байланысты айыруға мүмкіндік береді. Ертегі тілі түсінікті, кейде сюжет тіпті өз өмірінің ең қиын деген жағдайларын ашады. Бұл жерде балалардың қиыншылықтары мен оларды шешу тізбектерін тауып алуға болады. Ертегіде көзге көрінбейтін ұстаз бар екені сезіледі, ол сездірмей үйретіп отырады, кейіпкердің қателік жасауына жол бермейді. Балаға келіспеушілік жағдайды шешуге болатын жолдарды қарастыруға және де сол немесе басқа таңдап алған жолдың нәтижесін қарастыруға ұсыныс жасалады. Тәрбиелік мағынада бала мен үлкен адам арасындағы жағымсыздықты жеңіп шығуға мүмкіндік беретін байланыстырушы ретінде әсер етеді. Одан кейінгі баланың күнделікті өмірінде әрекеті уақытша шектелмейді де, сана-сезім деңгейінде әсер ете береді.

Ертегіні оқудан басқа ертегі терапиясын ұйымдастыруда қолдануға болатын кең таралған мүмкіндіктер бар. Олар:

1) ертегі мотиві бойынша сурет салу – естігенді бекітуге, кейіпкерлерді сызба түрінде елестетуге мүмкіндік береді. Сурет салу барысында бала өзін бос сезініп, еркін ассоциацияларға ерік береді. Өйткені, көбіне сөзбен жеткізе алмағанын қағаз бетіне еркін сала алады.

2) кейіпкердің тәртібі мен мотивінің іс-әрекетін талқылау – балаға ертегі кейіпкерлеріне қатысты бағалау позициясын алуға, соған байланысты «жақсы», «жаман» категориясында өзінің бағалау жүйесін құруға мүмкіндік береді.

3) ертегі эпизодтарын ойнау – балаға басқа кісіге айналуға, кейіпкердің көңіл-күйін сезінуге, өз эмоцияларын білдіруді жетілдіруге мүмкіндік беру. Қойылымды ойнауға тек балалар қатыспай, қуыршақтарды қолданып ойнауға болады.

4) ертегіде өзінің кейіпкері туралы, оның өміріндегі қиыншылықтар туралы сөз болып, кейіпкер тұлғасының қалыптасуы мен дамуы туралы әңгімеленеді. Онда кейіпкердің ерекшеліктері, өмірі, тағдыр тәлкегі, қандайда да бір нәтижеге келтірген таңдаулары туралы айтылып, не болса да ертегінің соңы міндетті түрде оптимистік болуы тиіс.

Ертегі терапиясының когнитивті және шығармашылық аспектілері ерекше маңызды. Ертегіге талдау жасау рухани құндылықтарға жанасуды, күнделікті жағдайларға қатысты көзқарасты өзгертеді немесе едәуір байытады. Қиялдың шығармашылық энергиясын – шығарма, сурет салу, қуыршақтар дайындау, ертегіні драматизациялау (шығармашылық аспектілер) арқылы шығаруға мүмкіндік береді. Барлық осы күштер өз өмірін конструктивті өзгертуге көмегін тигізеді. Ертегі терапиясының көмегімен балаларда қоршаған әлемге деген белсенді қызығушылығын қалыптастырады. Ал ертегіні айту кезінде, бала мен ересек адамның арасында коммуникативтік ынтымақтастық жағдайын жасайды. Бала ертегіні тыңдау арқылы мазмұнды бірізді айтуға, жағдайы бойынша әрекет етуге үйренеді. Сондай-ақ координация, моторика, кеңістікте бағыт табуды үйренеді.

«Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе», - деп М. Жұмабаев айтып кеткендей, ертегінің бала тәрбиесінде алар орны ерекше. Болашақта шығармашылығы дамыған, еліміздің іргесін берік қалайтын болсақ, ертегіге ерекше көңіл бөлу керек.

Еліміздің тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаевтың айтуынша, бала тәрбиесі қашанда маңызды міндеттердің бірі болып табылады [1]. Балаларды ертегімен тәрбиелеген елдің келешегі зор. Болашақта білімді, елін сүйетін адамдар көп шығады. Мысалы, қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев бала кезінде Зере әжесінің, ал тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов бала кезінде Айғаным әжесінің ертегісін тыңдап өскен. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Ендеше, ақпараттық технологиялар дамыған кезеңдегі балалардың ой-қиялдарын ертегілер арқылы жеткізу мүмкіндігі бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 https://kk.wikipedia.org/wiki/Ертегі

2 Жүсіпов Н. Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX гасырдың бірінші жартысы. Монография. - Павлодар. 2007. - 381 б.

3 http://el.kz

4 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. Екі томдық, 2-т. – Алматы : Ғылым, 1992. - 224 б.

5 https://24.kz/kz/Павлодар облысында «Мәшһүр Жүсіп әлемі» атты ертегілер жинағы шықты (мақала)

6 http://www.rusnauka.com/Арт-терапияның қолдану маңыздылығы

7 https://articlekz.com

М. ӘЛІМБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ПАРАСАТТЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ

ЖУКЕНОВА А.
8 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
МАҚСАТХАН А.
жетекші

Мұзафар Әлімбаев – екінші дүниежүзілік соғысты басынан өткерген ақын. Ал, соғыс жеке адам ғана емес, күллі ғаламның құндылықтары мен психолоиясын, өмір сүру салтын бір ғана сәтте өзгертіп жібере алады. Соғыстан әркім әр түрлі сабақ алады. Бірі бойына үрей мен қатыгездікті дарытса, бірі осыншама сұрапылдың қатерлі екендігіне көзі жетіп, адамзатқа жаңа жол сілтей бастайды. Мұзафар Әлімбаев шығармашылығындағы Гуманисттік идеялар осы бағытта қалыптасқаны анық.

Гуманизм – Еуропада XV-XVII ғасырларда қалыптасқан Ренессанстық философияның негізі болды. Бұл уақытта Еуропа қоғамдарында феодализм құлдырап, жаңа буржуазиялық қоғам қалыптасуға бастау алған болатын.

Гуманизм – адамды жаратылыстың ғажайыбы деп танып, адам құқын, қадір-қасиетін, адамдық ар- намысын, адамның таңдауын, адам еркіндігін, адам шығармашылығын, адам құқықтарын жоғары бағалау, адамға жанашырлық таныту, адамдық сипаттағы қасиеттерді ең жоғарғы деңгейде әйгілеу.

Адам табиғатында бар осы қасиетті ақын Мұзафар Әлімбаев өз шумақтарына қалай қосты?

Ақиқатты іздеген-
Әуелден дос бізбенен
Әділдікті қорғаған-
Бір туғандай ол маған.
Армандасын қолдаған-

Ағайындай олмаған.
Жалғандықты жақтаған-
Бір туса да жат маған.

Ақынның осы шумақтарындағы ой қазақтың ежелден бергі гуманистік көзқарасына саяды. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген халық мақалы бар. Бұл жердегі туралық категориясы шыншылдық, әділдік мағынасында. Бұл да адамға тән гуманистік қасиеттер.

Еуропада ғылым ретіне, философиялық ағым ретінде қоғамда кеңнен талқыға түскен Гуманистік идеяларды қазақ даласында ежелгі билерден бастап, XIX ғасырда өмір сүрген Шоқан, Абай сияқты тұлғалар одан әрмен жалғастырды. Жалпы бұл идея Батыс пен Шығыстың ойшылдарының барлығында дерлік бар.

Мұзафар Әлімбаев шығармашылығында да бұл ойлар көрініс тауып, қаламына арқау болып отырғандығына тағы да біраз мысалдар келтірсек:

Өзімізше шетімізден дейміз-ау
Тұлғамызға жарасады қандай құз.
«Бала» десе «шала шығар...» дейміз-ау,
Демесек те ішімізден ойлаймыз.
Жақсылығын ең алдымен көре біл,
Жамандығын ең алдымен іздеме,
Ізгілік қой ең алдымен керегі,

Өзің де ойла: қалдырасың бізге не? Бұл өлең жолдарында ақын адамның өз-өзіне биік деңгейде сұрақ қоюына шақырады. Ішкі «меннің» асқынған кезінде «тұлғамызға жарасады қандай құз» деп ойлауы пенде атаулының бәріне тән құбылыс. Өзін барша әлемнен асқақ қойып, эгоға жол берген жанды сәл аялдауға шақырады. «Ізгілік қой ең алдымен керегі» дейді ақын. Одан өзге қылық пен сезім адамзатқа жат.

Мұзафар Әлімбаевты баршасы балалар әдебиетінің өкілі ретінде таниды. Алайда, ол өз шығармашылығында үлкен-үлкен философиялық ой толғамдарға көбірек қалам тербеген ақын. Адамзаттың мыңжылдардан бері толғанып келе жатқан сұрағына өз ойымен жауап іздеп, эстетикалық, философиялық көзқарасымен шешім де айта білген.

Күн батады,-дейді-ау жұрт,- ұясына,
Ондай ұя әсте жоқ туасыда.
Інге кіріп ұйқыға шомбайды күн,
Күн самғайды заңғардың қиясына.

Күн бата ма?
Күн батса не болады?
«Күн батты»-деу білместің жорамалы.
Күн тек қана көзіннен тасаланып,
Көкжиекке зырлайды одан әрі.

Абайдың «өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмей тұғын артына сөз қалдырған» деген өлең жолдары санаңызда жарқ еткен болар. Ақын бұл жерде күнді мәңгіліктің символына балайды. Астрономиялық тұрғыдан Жер бетінде өмір сүріп жатқан адамдар үшін түнде күн батады деген ұғым қалыптасқан. Алайда бұл жер бетінің кеңістігінде ғана ойлай алған адамдардың ой түйіні. Ғаламдық кеңістікпен салыстырған күн ешқашан батпайды. Өз заңдылығымен қозғалысын жалғастыра береді. Ақын осы астрономиляық құбылысты мәңгіліктің өлшемімен символдап береді де:

Мейіріммен жылытса жаңа бізді,
Қарт ананы, жас сәби, анамызды.
Бірте-бірте аунайды батыс бетке,
Жалғастырып араймен арамызды

– деп күн нұрының табиғаттағы мейірімін, тіршілікке беретін нұры мен нәрінің қасиетін аша түседі. Егер күн батса жер бетіндегі мейірім, жылу атаулы жоғалып, тіршілік күйремек. Бұл шумақтардан жер бетіндегі тіршілік атаулыға мейірім мен жылулық нәр беріп тұр деген ақын ойын аңдауға болады. Әрмен қарай көз жүгіртсек:

Күн батпайды, ещқашан күн батпайды,
Күн батса егер қайтадан үн қатпайды.
Сырғып сол алтын күндер өткен сайын,
Әр минутың қаншама сырғақтайды.

Осы шумақтан ақынның экзистенциалдық көңіл-күйін тануға болады. Фиософияның бұл бағыты да Гуманизммен үндес. Өмірдің мәнін табу, өзіндік менді тану, жаратылысты құрметтеу жолындағы толғаныстан туған ирроционалды бағыт. Әр күн өткен сайын уақыттың аяусыз ағып жатқандығына іштей қатты қынжылған ақынның үні осы шумқата жатыр. Абайша айтсақ «сағаттың тықылдағы емес ермек».

Ақын айтатын ойларын қарапайым жеткізеді. Ойлың ең негізгі өзегі мен нәрін мың құбылтып, әсірелемей-ақ, өлең жолдарының ішкі ағысына қалдырып отыратындығын байқаймыз. Балалар ақыны ретінде танылған Мұзафар Әлімбаевтың бүлдіршіндерге арналған өлеңдерінде де үлкен ойлар бала тілімен кестеленіп беріледі:

А – Алтай бала дәрігер,
Аурудан сақтар ол мені.
Ә- Әнуар өнер біледі,
Әдемі етік тігеді.
Б- Бауыржан сақшы жауынгер,
Батыр деп сүйген қауым ел.

Бұл өлең жолдарында балалардың жас санасына адамгершілік қағидаларын сіңіріуді мақсат тұтқан. Дәрігер болып, адам жанына араша болу, өнер игеріп, қоғамға пайда әкелу, батыр болып ел қорғау сияқты ізгі қасиеттерді әліпби өлеңіне қосып, жасөспірім баланы ерте жастан адамгершілік қағидаларына тәрбиелеуді мақсат тұтады.

Гуманисттік идея қазақ әдебиетінде жыраулық поэзиядан бері белгілі. Бірақ, оны гүлдендіріп, ерекше дамытқан ақын, қазақ ұлтының данышпаны Абай. Сол Абайдан бері жалғасқан үрдіс кеңінен дамып, қалам ұстаған ақындардың өлеңдерінде жиі кездесті. Мұзафар Әлімбаев та Абай ізін жалғаушы гуманист ақындардың қатарына толықтай жатқыза аламыз.

Тумайды жұртын ақын жылатуға,
Туады жүрктерді нұрлантуға.
Өлеңін орамал ғып өтеді олар,
Көз жасын адамзаттың құрғатуға.

Өнер әуел бастан өзіне гуманизмді міндет етіп алған, адамзатқа жанашыр күш. Суреткердің жанына батып, толғандырған дүниесі ән болып, күй болып, өлең болып төгіліп жатады. Сөйтіп, «адамзаттың көз жасын құрғатады». Жанына жұбаныш болады. Сырласады. Мұңын бөліседі. Сонда ғана өнер өзінің биік өресіне жетпек.

Шығады шың басына, шығады өнер,
Шын ақын екі туып бір-ақ өлер.
Алдында әр заманның, әр ұрпақты,
Құламай тіккке туы тұра берер.

Бұл өлеңіндегі ақын ойы – адамгершілік ақиқаттың, ар ұжданның құламауына сай келеді. Әр заман, әр ұрпақ алмасқан сайын бұл қағидалар алдынан шығып, туы желбіреп тұра бермек. Қазақ әдебиетінде аты алтын әріптермен жазылған ақынның, арман мұраты «адамзаттың бақыты» десе де болғандай. Бұл мұрат жолындағы өнердің, өлең арқалаған ақынның да гуманистік міндетін айқындап береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әлімбаев М., Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар. – Алматы : Жазушы, 1973. – 376 б.

2 Әлімбаев М., Балдырғанның базарлығы. Мектеп пен балабақша сахнасына және сабақтан тыс оқуға лайықталған өлеңдер, әзіл-оспақ, жаңылтпаштар, жұмбақтар, әңгімелер. – Алматы : Қайнар, 1977. – 156 бет, сур.

3 Әлімбаев М. Биікке, биікке: Балаларға арналған өлеңдер. – Алматы : ҚКӘБ, 1955. – 75 б.

4 Әлімбаев М. Жауқазын: Дастандар мен өлеңдер. – Алматы : ҚКӘБ, 1959. – 100 б.

5 Әлімбаев М. Жолдар-жылдар: Өлеңдер. - Алматы : Қазмемкөркеммәдеббас, 1964. – 184 б.

6 Әлімбаев М. Жүрек лүпілі: Өлеңдер мен поэма. – Алматы : Жазушы, 1967. – 135б.

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТӘУЕЛСІЗДІК», «МӘҢГІЛІК ЕЛ», «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ИДЕЯЛАРЫНЫҢ КӨРІНІСІ

КАБИДЕНОВА Г., САМАТ Қ.
9 сынып оқушылары, Қараоба ОМ, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы
КАЛЫКОВА Э. Т.
жетекші, Қараоба ОМ, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы

Қазіргі ұлттық тарихымызды қайта зерделеу заманында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің бұған дейін айтылмай келген өмір белестерінің белгісіз беттері енді ашылып, талай жылдар бойы тыйым салынып келген сүбелі шығармаларын қайта тануға бет бұрылды. Дегенмен, М.Көпеев әлі өзінің лайықты бағасын алған жоқ. Оның мол мұрасын жан-жақты зерттеп, көпшілік оқырман қауымға таныстыру, шығармаларын бүгінгі күнмен, болашақпен ұштастыра зерттеу, қазіргі кезең позициясынан қарастыру – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы «Тәуелсіздік», «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру» идеяларының көрінісін анықтап, нақты мысалдармен жан-жақты талдау – жұмыстың негізгі мақсаты. Осыған орай, алдымызға мынадай міндеттерді қойдық:

- М. Көпеевтің өмірі мен шығармашылығына жалпы шолу жасау;

- М. Көпеев шығармаларындағы тәуелсіздік жайлы идеяларды анықтау, зерделеу;

- Ақынның әдеби мұраларындағы идеяның «Мәңгілік Ел» идеясымен үндестігін табу;

- М. Көпеев шығармаларындағы «рухани жаңғыру» мәселесін бүгінгі күнмен ұштастыра қарастыру;

- Ақын өлеңдеріндегі ұлттық рухани құндылықтардың жастар тәрбиесінде алатын орнын ерекшелеу.

Зерттеу жұмысында Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларының бүгінгі күнмен үндестігін табуға, Мәшһүр мұрасын жаңғыртып, оның өскелең ұрпақ үшін мәні мен маңызын ашуға баса назар аударылды. Тұңғыш Президент Н. Ә. Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру» идеяларын насихаттаудағы ақын шығармаларының маңызы мен рөлі сараланды.

зерттеу жұмысы кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Қазақ халқының көрнекті ойшылы, заманынан озып туған дара тұлға, ақын, шежіреші, қазақ халқының ауыз әдебиетін жинауға қомақты үлес қосқан қазақтың біртуар тұлғасы - Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің есімі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап шынайы мәртебесіне көтеріліп, тарихта лайықты орнын ала бастады. Бірақ өкінішке орай ақынның қолжазбаларының көбі түрлі себептерге байланысты сақталмаған. Әсіресе, Кеңес заманында көптеген шығармалары қасақана құртылды.

Ақынның шығармашылығы мен өміріне арналған іргелі еңбектер қазіргі кезеңде әр түрлі көлемде жарық көріп келеді. Ақынның шығармалары жиырма томдық көлемде басылды. Мәшһүртануға байланысты ғылыми диссертациялар, мақалалар жазылып келеді. Мәшһүрдің өмірі мен шығармашылығы жайлы қалам тартқан 100-ге жуық зерттеуші, ал оған қатысты монография, оқу құралдары 200-ге жуықтайды. Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, ұлы ғұламаның зерттелмеген жеке мұрасының өзі әлі талай ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз...

…Мәшһүр шығармаларындағы тәуелсіздік идеяларын екі бағыт бойынша зерттеп қарауға болады. Біріншісі, ақын шығармашылығындағы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі жолындағы күрескерлік кезеңдерінің жырлануы. Бұған ақынның «Абылай хан», «Кенесары», «Кенесары – Наурызбай» және тағы басқа жырларын енгізуге болады. Сондай-ақ ақынның шежіре тақырыбы аясында жазылған құнды еңбектерін де тәуелсіздік

идеясында жазылған еңбектерге жатқызуға болады. Себебі, мұнда ақын жүздер мен хандар шежіресін, рулар шежіресін зерттеу арқылы өткен тарихты насихаттайды. Сол арқылы тамыры тереңге бойлаған халық, іргелі ұлт, еңселі ел, ұлт пен халық мүддесін қорғаған биік тұлғалары, билері мен шешендері, қол бастаған батырлары болғанын анықтайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Кенесары – Наурызбай» жырын жазуын – үлкен ерлікке балауға болады. Абылай ханның немересі, қазақ хандарының ең соңғы асыл тұяқтарының бірі, өмірі аттың жалы мен түйенің қомында өткен ақберен Кененің қазақ тарихы, ел тәуелсіздігі жолындағы алар орны биікте. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының сөзімен айтсақ:

Көп тілеуін тілеген,
Мұсылманның баласы.
Ата бір тегін сұраса,
Абылайдың баласын.
Тұра алмай оның кеткені –
Бұл жақтағы қазақтың
Ауызының аласы.
Абылай ұғлы Қасымды,
Жасық емес, асылды...

Мәшһүр Жүсіп Көпеев Кенесарының қазақ халқының ұлт азаттығы жолындағы жорықты жолын баяндай отырып, аңсаған мұратын дәл көрсетті. Оны жырдың өзегіне айналдырды. Кенесарының аңсаған арманы – қазақ халқының бостандығы. Міне, осыны ақын жырда анық айтты, әрі именбей тура жырлады. Әсіресе, Патшалық Ресейдің отарлау саясатын дәл дөп басып айтты.

Бағынба, қазақ, орысқа!
Бағынсаң, қазақ, орысқа,
Осы бастан амандас
Сарыарқа деген қонысқа!
Береке кетер асыңнан,
Билік кетер басыңнан! - дейді.

...Ұлттық идея дегеніміз – тәуелсіздік идеясы. Ал осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Тарихи жырлар» мен «Шежіре мәтіндері», «Аңыз хикаяттары», «Дастандары» ұлт мүддесін көздеген шығармалар қатарына жатады. Ататекті тану тек қазақ үшін ғана емес, күллі түркі әлемі үшін ең басты ұстанымдардың бірі. Асыл текті ұлт өсіру, ұлт пен қан тазалығын сақтау үшін жеті атасын, өткенін білу міндет.

Сондықтан Мәшһүр Жүсіп Көпеейұлы шежіре жазуда осы негізге алды деп нық сеніммен айта аламыз...

...Тұңғыш Президент Н. Ә. Назарбаев: «Мәңгілік Ел – Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы. Бұл – біздің мәңгілік ұстанымымыз» дейді. Бұл идеяның астарында «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды», мәңгілік елдікті, тәуелсіздікті аңсаған асыл арман жатыр. Осынау жасампаз да жарқын идея қажет кезінде жаңғырып, жаңарып, ұрпағына қайта оралып, дәстүрлік жалғасын тауып отырады. Ал осы бір идея Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы негізгі идеялармен қалай үндеседі?

Мәшһүр Жүсіп өзі өмір сүрген екі ғасыр тоғысындағы қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірге белсене атсалысқан. Ақынның сол уақытта жырлаған тақырыптары бүгінгі таңдағы «Мәңгілік Ел» идеясымен үндесіп жатыр. Мәшһүр Жүсіп ұлт бостандығын, теңдігін, ар-ождан бостандығын ел мен жер тағдырын жырлады.

Байланып қорыққандықтан жүрді тілім,
Қазағым, қайран жұртым, есіл елім.
Мұжық кеп, қара шекпен крестьян,
Жеріңді қылмады ма тілім-тілім,

– деген ақын қазақ халқы үшін киелі ата-бабаларымыздың қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғап қалған жердің, қоныс аударушыларға беріліп жатқанына жаны күйзеледі, сонымен қатар ел, жер үшін батыл ашық күресуге шақырады.

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық,
Болғаннан алты ауыздан ынтымақсыз,
Басыңа келген жоқ па талай қорлық...

Мәшһүрдің пікірінше, халық үшін жарқын болашаққа жол ашатын және бостандық пен теңдікке жеткізетін, «Мәңгілік Ел» болудың бірден-бір жолы – ұлттық бірлік пен татулық, ауызбіршілік. Ұлттық бірлік пен ұлттық тәуелсіздік – ақынның мұраты.

Асқынды болып жара-жауырларың,
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым.
Бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым, – деп Мәшһүр Жүсіп өзінің шығармаларында қазақ халқын бірлікке, тірлікке, татулыққа шақырады. Халық бірлігі мен ынтымағы оның шығармаларында патриоттық сезіммен жырланады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 50 жыл жер астында сақталған «қара жәшігіндегі» діни жазбаларының бір тарауы – «Заман болжауы» атты шығармасында әулие ақын заманды болжайды. Сол болжамында ол әр заманда қазақ халқының басына төнгелі тұрған қауіп-қатерді айтып, одан сақтануға шақырады. Әулие ақын алғашқысында «Қазағым дініңнен, тіліңнен безіп, азып, өшпей-өспей, әйтеуір қазақ деген атқа ие болып жүресіңдер» деп налығанмен, болашақтан да үміт үзбейді.

Мұсылмандыққа жеткен соң,
Сонда ғана барып-барып ел болады.
2013 жыл болады.
Қойдан қоңыр заман болады,
Көрген де арманда,
Көрмеген де арманда сол болады.
Түзету осы үшінші ғасырдың басынан басталады.
Сонда боларсың, қазақ сенде боларсың,
Дін, тіліңмен табысып,
Толарсың қазақ сенде толарсың.
Егін мен малға жарасып,
Жасарсың қазақ, сенде жасарсың.
Топ тобыңмен табысып,
Туар әлі сондай күн.
Гүлденіп өсіп қауысып...

- деген сөздерінен Мәшһүрдің жарқын болашаққа деген сенімін анық аңғарамыз. Бұл тұста да ақын бар азаптан құтылудың,, «Мәңгілік Ел» болудың жалғыз жолы – ауызбіршілік, татулық екенін тағы да алға тартады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «тәуелсіздікке» байланысты айтқан мынадай қызықты дерегін келтіре кетсек:

Мың да тоғыз жүз отыз бірінші жыл,
Жылқы кетіп қой келді мұны ырым қыл.
Қойдан қоңыр заманды бір көрмексің,

Қой асығы «бестен» деп бусайшы бел, – деген өлең жолдарын көпшілік жұрт анық түсіне алмауы мүмкін. Алайда, аталмыш төрт шумақ өлеңнің сырлы жұмбағын ашқан техника ғылымдарының докторы, профессор С. М. Ибраев: «Жылнамаға назар салып қарайтын болсақ, 1931 жылы қой жылы екенін көреміз. Мәшһүр Жүсіп осы қой жылына мән беруге үндеп отыр. Қой – төрт түліктің ішінде ең жуас мал ретінде есептеліп, ел аузындағы «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» заман деген сөз, қойдың бейбітшіліктің,

тыныштықтың символына бағаланғанын байқатады. Мәшһүр Жүсіптің «Қойдан қоңыр заманды бір көрмексің» деп отырғаны, бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің ақ таңы ататынын айтып отыр. Ал, енді тәуелсіздікті қашан алатынына дейін дөп басып болжағанына да таңқалмасқа болмайды. «Қой асығы бестен деп бусайшы бел»,- дегендегі Мәшһүр Жүсіптің айтайын деген ойы 12 жыл мүшесі бар екенін ескеретін болсақ, қой жылы 5 рет айналып келгенде тәуелсіздіке қол жететінін меңзеп отыр. 5-ті 12-ге көбейтсеңіз 60 жыл болады. Осы 60 жылды 1931 жылға қоссақ, 1991 жылға дәл келетінін есептеп шығарамыз», - деген болжам жасайды. Қиын-қыстау заманда өмір сүрсе де ақын түбінде қазақ халқының аты әлемге танылып, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман» орнайтынын, еліміз тәуелсіздікке, «мәңгілік елдікке» қол жеткізетінін дөп басып болжаған...

...Бүгінде адамзат баласының алдында руханиятты дамыту мәселесі өзекті болып тұр. Себебі адам баласы рухани азықсыз өмір сүре алмайды. Жалпы, әлемдегі кез – келген халықты алып қарасақ, олар ең алдымен тәлім – тәрбиеге, білімге, адамгершілікке үндейді. Осы тұста қазақ руханиятының көрнекті өкілі М. Көпеевтің қазақ қауымдастығының рухани әлемінің жаңғыруына шынайы қызмет еткенін, қарапайым қандастарының бір сүйем болса да рухани кемелденуіне түртті болғанына күмән келтірмейміз.

Тұңғыш Президент, Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет» дегенді айтты. Елбасы мақаласының негізгі рухани темірқазығы Мәшһүр ілімінің идеясымен үндес екені байқалады. Себебі, Елбасы айтып отырған елдің ұлттық-рухани тамыры М. Көпеевтің шығармаларында бар екені ақиқат. Олай дейтініміз - жоғарыда аталған бағдарламалық мақаласында Елбасы негізгі басымдықтарды айта келіп, «Бәсекеге қабілеттілік», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», «Сананың ашықтығы» секілді ерекше бағдарламаларды алға тартқан болатын. Мақалада «Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» делінген. М. Көпеев те ғылым-білім қоғамдық прогреске жеткізетін, қоғамды жаңа белестерге жеткізетін күш деп түсінді.

Не нәрсе парыз болса, ғылым-парыз,
Ғылым білсең өтелер қанша қарыз.
Дін үйрен, ғылым ізден, болмасаң көр,
Қанша айтқанмен, ғылымсыз жоқ саған төр! - деп, ғылым мен білім адамның ой-өрісі мен жан-жақты үйлесімді дамуының қайнар бастауы екенін айтады.

Бір ғасырдан астам уақыт бұрын жазылған және осы күнге дейін өзектілігін жоймай келе жатқан Мәшһүр щығармаларында ұлттық құндылықтарға, ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты тағылымдық ой-пікірлер мол. Ақынның шығармалары біздің тәуелсіз мемлекетіміздің жастарын ұлттық мүдде мен ұлттық рухта тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Ұстаз Мәшһүр Жүсіп бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөледі.Ол жас ұрпақты тәрбиелеуге ұлттық мүдде тұрғысынан қарады.

Шығады: «асыл-тастан, өнер-жастан»

Тәрбие тәуір болса әуел бастан, - деп, баланы жас кезінен тәрбиелеу керек дегенді алға тартады.

Балалар, жалқау болмай оқы сабақ,
Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ.
Айырылса оқу оқып, білгенінен,
Біз оны деп айтамыз: «арамтамақ!»

М. Ж. Көпеев әуел баста баланы оқуға, білім алуға, еңбек етуге насихаттаған.

Қазіргі күрделі кезеңде қоғамға үлкен қадамдар жасау үшін моральды тазару және рухани жаңғыру керек. Себебі, еліміз ұлттың жан саулығын бұзуға шынайы қауіп-қатер болып бара жатқан рухани дағдарысты басынан кешіруде. Рухани дағдарысқа бір дәлел – ана тіліміздің қазіргі жағдайы. М. Көпеевтің рухани мұралары бұдан бір ғасыр уақыт бұрын басқа дәуірде жазылса да, тап қазіргі қоғамдағы бұл мәселені де айналып өтпеген. Қазіргі қазақ қоғамындағы ұлт руханиятының өткір де өзекті, шешімін таппай жатқан тіл мәселесі жайлы М. Көпеев: «Әкесі - қазақ, шешесі қазақ тілін өзі білмейді, өзінің білмейтұғындығын тағы білмейді» деп тілдің болашағына алаңдайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Тіл – адам жанының тілмәші. Тілсіз ұлт тілінен айырылған ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ» деген. Сондықтан, жаһандану кезеңінде тұтас ұлт болып, биіктерге ұмтылу, рухани тұрғыдан жаңғыруымыз үшін М.Көпеев шығармаларына арқау болған ұлттық құндылықтарымызды жойып алмауымыз қажет...

...Қорытындылайтын болсақ, Мәшһүр Жүсіп қазынасы – ұлттық игілігіміз. Ол - қазақ көркем ойы тарихындағы өзгеше бір құбылыс. Мәшһүр мұрасы - қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің символы. Өз заманында қараңғылыққа налып, қандастарының жаңғырып, көкірегі оянғанын қалаған Мәшһүр Жүсіп бабамыздың асқақ ұраны, арманы мен мұраты бүгінгі күнде жаңғырып, Елбасымыздың, тұтас еліміздің мақсат-мүддесімен, «Мәңгілік ел» боламыз деген идеясымен бір арнаға тоғысып, тамаша үндесіп жатыр. Мәшһүрдің аңсаған арманы - еліміздің азаттығын алуы болған еді. Оның арманы бүгінде орындалды, іске асты.

Сонымен, қазақ халқының руханият тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің алатын орны ерекше және мәртебелі. Өзі өмірден озса да, артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырған қасиетті бабамыздың тағылымының бізге және бізден кейін келер талай ұрпаққа берері мол екені даусыз. Ендеше, сол рухани мұраны көзіміздің қарашығындай сақтап, кейінгі буын үлгі аларлықтай кәдеге жарату бәріміздің қасиетті парызымыз деп есептейміз...

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы : Алаш, 2003.

2 Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Ит дүние: таңдамалы. - Алматы, 2008. - 416 б.

3 Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Қазақ шежіресі. - Астана : Алтын кітап, 2007. - 233 б.

4 Назарбаев Н. Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. - 2017 жылғы 26 сәуір.

5 Пазылов Ә. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің мұрасы. - Екібастұз, 2010. - 174 б.

6 Сарбалаев Е. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы азаматтық сарын // Қазақ тілі мен әдебиеті. − 2009. №1. – 112 б.

ҰМЫТ ҚАЛҒАН ДАРА ТҰЛҒА

ҚОЖАХАНОВА Ш. Т.
жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
А. Иманов атындағы ЖОББЛ-М, Май ауданы, Баскөл ауылы
КАИРГЕЛЬДИНОВА Н.
7 сынып оқушысы, А. Иманов атындағы ЖОББЛ-М,
Май ауданы, Баскөл ауылы

«Ұлық болу келмесе де қолымнан,
Ұлың бола білу еді арманым.»
Шахан Мусин

Ұлтына берген серті мен адалдығынан айнымай ажал құшқан азаматтардың ерлігін ұмытпай, үнемі еске алып отыру – ұрпақ парызы.

Қазақ арасындағы ел қамын ойлаған, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарды аяусыз қуғындаған, жазықсыз түрмеге қамап, жер айдаған жылдар жұрт жадынан өшпек емес.

Аштық оған дейін де болып, миллионнан астам адамның өмірін жалмағанына тарих куә. Бұл екі тарихи оқиғаға қатысы бар тұлға Шахан Мусин жайлы айтпай кету мүмкін емес.

Ш. Мусин 1913 жылы желтоқсан айында қазіргі Павлодар облысы Май ауданының Ақжар ауылында өмірге келген. Қазақстанның халық әртісі, актер, ақын.

Өз ұлтының жанашыры, адал перзенті Шахан Мусин әлі толық зерттелген жоқ, оны деректердің аздығынан-ақ аңғаруға болады, оның үстіне көп сырды өзімен бірге ала кетсе керек қазақтың біртуар азаматы.

1932 жылы Шахан Мусин туған жеріне келіп, аштықтан қырылып жатқан елді көріп «Наркомға хат» деген өлең жазады.

Мінерге ат, ішерге ас жоқ сенделіп,
Ой-арманын әлде кімдер өңгеріп,
Күлге аунатып, күресінге тастаса,
сен отырсың қай жеріңді меңгеріп?..

– деп көрсоқыр басшыларға қаймықпай ел мұңын жеткізбек болады.

Жұртта қалып жүре алмаған кемпір-шал
Күңіреніп көкірек қан, көңіл дал.
Құша беріп немересін, қош десіп
Көз жұмысты, босап буын, құрып әл.

Аштықтан қырылған жұртын көріп жүрегі сыздайды. Ел басына күн туғанда анадан ер боп туған баталы ұл үнсіз қала алмайды.

Естіп жүрсің, көріп жүрсің, білесің
Көрсең-дағы көрмеген боп күлесің.
Күйбеңдейсің, жорғалайсың жағымсып,

Дейсің бе әлде түпсіз түнек түнесін. Осылай қазақ ұлтын жоюға бағытталған саясаттың түпкі мақсатын әшкерелейді. Кеңес билігінің әрекетсіздігін батыл сынайды. Осы өлеңі үшін 1936-1954 жылдары бас бостандығынан айырылып, 10 жыл Колымаға, 8 жыл Сібір орманына айдалады. Темірбек Қожакеев «Көк сеңгірлер» атты кітабында: «… орталықтан ешкім – Ежов та, Берия да, «қазақтар, сендер жау ретінде мыналарды ұстаңдар», деп ешкімнің атын атап, түсін түстеп берген жоқ. … әлгі саясат, нұсқауға елең ете қалғандар, атына міне шапқандар өзімізден табылды. Олар аттандап шыға келді, ұранға айқай қосты. Жоғарыға жағынып, жау табуға жұмылды. Қыза-қыза астананы қойып, ауыл, аудандарды аралап кетті. Жұртты жаппай жазалауға, қуғын-сүргінге ұшыратуға өзіміздің кейбір адамдар, баспасөз органдарымыз және туысқан халықтардың жекелеген өкілдері себепші болды. Қазір солардың айтқанын, жазғанын оқып көрсең, жағаңды ұстайсың, жаның түршігеді» дей келе, мысал келтіреді: «Есілбаев деген «Семей театры ұлтшыл Бековтің бөлтіріктерінен әбден тазартылсын», деп айқай салды. Ол былай деді: «Театрдың ұйымдастырушысы кетіп, оның орнына ұлтшыл, контрреволюционер Уәлиахметов келісімен театрға Мусин Шахан деген ұлтшыл сілімтікті алды. Екеуі бірігіп өсек таратумен, өзіне топ жасақтаумен болды… Өздеріне жақпайтын адамдарды қуғынға салды». Міне, осы үшін оларға «ұлтшыл», «контрреволюционер» деген айдар тағылған. Бұл үзіндіден-ақ «іштен шыққан жау жаман» деген аталы сөздің өміршеңдігін көресің. Шахан Мусиннің жары, белгілі ғалым Рәбиға Сыздықова Кереку-Баян кітапханасы «Рухнама» сериясы бойынша басылған кітаптың «Шахан шерткен сыр» тақырыбындағы кіріспесінде көп жайды баяндайды.

– Шахаң ең алғаш ГПУ-дың түрмесіне 1936 жылдың 6 қаңтарында қамалады, ұсталу себебі – Семейде Совет үкіметіне қарсы ұлтшыл ұйым болыпты-мыс, біраз адам ұсталады. Мәскеудің өзінен ССРО Жоғарғы Сот комиссиясы келіп тексеріп, ересектерді 3-5 жылға соттайды, ал Шахаңа шартты түрде екі жыл беріп, босатып жібереді. 22-23 тердегі бойдақ ұлтшылдық әрекетпен көп нәрсені қиратып тастамаған болар десе керек. Бірақ көп ұзамай 1937 жылдың басында тағы қамайды, бұл жолы айыбы: Семейде контрреволюциялық жастар ұйымы болыпты-мыс, соны ұйымдастырушылардың бірі Шахан Мусин болыпты-мыс. Сөйтіп

түрме есігін екінші рет ашады. Колымадан аман келіп, енді азат өмірге көштім бе деп жүргенде, 1948 жылы түрмеге үшінші рет тағы қамалады. Ол – бұрын сотталып, айдалғандарды қайтадан ұстап 25 жылға Сібірге жер аудару науқаны басталған кезең болатын, – деп өткен күндерді еске алады жары Рәбиға Сыздықова.

«Туған жеріме» деген өлеңінде ақын өз арманын, өмірлік ұстанымын анық аңғартады:

Ондаған жыл кешіксем де жолымнан,
Өзіңе арнап аз өмірдің бар мәнін.
Ұлық болу келмесе де қолымнан,
Ұлың бола білу еді арманым,

– деп ағынан жарылады. Туған елін, жерін шексіз сүйген қайсар азамат тар қапаста да еңсесін тік ұстады, туған жерге деген сағынышы, өз ұлтына деген асқақ сезімі ажал құрығынан аман сақтап қалды. Перзенттік парызын өтеу үшін арпалысты.

Бір күні іргесінен керегемнің
Көгерген шыңын көріп Дегелеңнің,
Өмірдің шындығы егер сонда болса
Шыңына бір шығармын деген едім…
Көлемі бәсең ине жасуындай
Болса да сан ғасырдың асуындай.
Түйіліп сол Дегелең тұрушы еді-ау
Булық қан тарихтың бір ашуындай.
Ұмытпан шықпасам да мақсұтымды
Өзіңе жарқын күн мен жақсы түнді
Әр қашан тілей жүріп, арманым жоқ

Шындықпен ақтай алсам ақсүтіңді. Ұлтының бақытын өз бақытынан жоғары қоя білген алып тұлғаның асқақ арманы еліне жанаямай қызмет ету еді. Жиырма жылдай азап шегіп, ақыры ол арманына да жетті. «1954 жылдан өмірінің ақыры 1999 жылдың 25 желтоқсанына дейін табаны күректей 45 жыл театр сахнасынан көрінеді, дос-жолдастар мен ағайын-туыстарды табады, бала сүйеді, отбасының шуағына жылынады. Оның өнерге, өлеңге тез бұрылып, тың күш жиып, етене араласып кетуіне жолдастары, әріптестері, тілеулестері бірден-бір себеп болған деп ойлаймын. Мұны Шахаңның Шәкен Айманова, Қалижан Бекхожинге, Мәжит Бегалинге, Кәукен Кенжетаевқа және бірнеше әріптестері-әртістерге арнаған өлеңдері жақсы көрсеткен. Әсіресе, Шахаңның театр мен кино әлеміне «күмпберіп» кетуіне бала шақтан бірге өскен, бірге оқыған жолдасы ШәкенАйманов, алғашқы рет киноға шақырып түсірген үлкен талант

иесі, кинорежиссер Мәжит Бегалин, атақты опера әншісі, үлкен ұстаз, профессор Кәукен Кенжетаев, жерлесі, тағдырласы, тілектесі Қайым Мұхамеджанов және елге оралғаннан кейін танысқан, табысқан ақын, жазушы, ғалымдос-жарандары Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Хамит Ерғалиев, Ғафу Қайырбеков, Қуандық Шаңғытбаев, Зейнолла Қабдолов, Сансызбай Сарғасқаев, композитор Еркеғали Рахмадиев, скульптор Шота Уәлихановтар Шахаңға рухани күш беріп, өнерін қырнай ғаламат әсеретті ғой деймін» деп 40 жылдай отасқан жұбайы Рәбиға Сыздықова Шахаң шерткен сыр мен бөліседі. Аллаға шүкір, Шахан Мусин елінің тәуелсіз ел атанғанын да көріп кетті. Ендігі әрекет артында қалған ұрпағының мойнында, бүгінгі ұрпақ ұлты үшін өзін құрбан еткен қазақтың батыл да батыр ұл-қыздарына қарыздар екенін ұмытпауы тиіс. Оны тек құр сөзбен емес, амал-әрекеті мен көрсетуі керек. Тек бірауыл, аудан үшін емес, барша қазақ үшін қымбат, заңғар тұлғаны дәріптемеу елдігімізге сын. 2013 жылы Шахан Мусиннің туғанына 100 жыл толды. Оған дейін халық әртісі, ақын Шахан Мусиндітағы да зерттеп, зерделеп бүгінгі ұрпаққа танытсақ артық болмас.

«Жазықсызедім» десем де
Тағдырымнан безембе?
Рақымет Иосиф «көсемге»,
Рақымет сол бір кезеңге,

– деп әзіл дейді Шахан. Бәрін тағдырдың жазуы деп қабылдайды. Өлімді де қасқайып тұрып қарсы алатын қайсарлығынан айнымайды. Өткеніне өкінішпен қарамайды, бүгінгі күніне шүкіршілік етеді.

ШАХАН МУСИННІҢ ҚҰРМЕТІНЕ ТУРНИР ӨТТІ

Қазақ актері. ҚазССР еңбек сіңірген әртісі 1966 ж. 1955 жылдан бастап кино әлеміне аяқ басты. Ең алғашқы түскен кино картинасы толық метражды Мәжит Бегалиннің «Бұл Шұғылада болған еді» деген фильмінде эпизодтық рөл болды. Соңғы түскен фильмдері: «Жердегі істер», «Кек», «Сұлтан Бейбарыс». Барлығы 26 фильмге түскен. 1966 жылы ҚазССР халық әртісі деген атақ берілді.

26 желтоқсан күні Е. Мұқашев атындағы мектепте Шахан Мусиннің құрметіне Б. Ескендіровтың бастамасымен Май аудандық шахмат турнирі өтті. Жерлесіміз, Ақжар ауылының тумасы Ш. Мусиннің өмірі ерекше өмір. 16 жол өлеңі үшін 18 жылға сотталып кеткен Шахан өмірге қайта араласып, арманына жете білген екен. Сол қапастағы жылдары туралы тіс жармапты. Жайсаң азаматтың өмірін кешкен жан десек, ешкім шүбә келтірмес. Дегенмен, Май елінде аты

аталып, құрметтеліп тұрғаны осы дейді жиналған қауым. Азаматтың аты сан мәрте аталып, жалынды сөздер айтылды.

Турнир қорытындысында Қуанышев Ержан 1-орын алды. Әкімбек Темірғалинов 2-орын, Мұстафин Жанғабыл 3-орын алды. Арғынтаев Ерболат ‹› Әдемі ойын өрнегін көрсеткені үшін›› аталымымен марапатталды. Май ауданының шахмат федерациясының атынан мектеп директоры Азат Төрежанұлына рахмет айтамыз. Аталмыш турнирге демеушілік көрсеткен облыстық маслихат депутаты Қарлығаш Түсіпбекова, Баскөл ауылы әкімінің м.а. Асхат Айдарғазин мен Ескендіров Берік.

Турнирдің жабылу салтанатында аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Айбек Байжасаров сөз сөйлеп, қатысушыларды құттықтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қызырұлы Мейрамбек /Шахан Мусин/ /Жас алаш/ газеті, 2014.

2 Б. Ескендіров / Есімдері ұмытылмау керек/, /Ардагер/ газеті, 2019 - 4 б.

3 Х. Адамжанов / Шахан Мусинің құрметіне турнир өтті/, / Шамшырақ/ газеті, 2020.

4 Ж. Марданов /Баянауыл шежіре/ кітабы 1995.

Сурет 1

Сурет 2

Сурет 3 – Шахан Мусиннің құрметіне өткен турнир, 2020 ж.

АБАЙДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

МҰРАТ А.
10 «А» сынып оқушысы, № 26 мектеп-гимназиясы,
Павлодар облысы, Екібастұз қ.
ЖУМАБЕКОВА Р. Т.
ғылыми жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Абайды тану арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұранымыз болуы тиіс» - деген Елбасының ойлы пікірін тірек ете отырып, жас ұрпақтың санасына Абай Құнанбаевтың жеке тұлғалық үйлесімділігін қалыптастырудағы ой пайымдаулары мен психологиялық көзқарастарын ұғындыру пайдалы іс болмақ. Абай – халқымыздың ұлы ойшысы. Әлеуметтік мәселелерінде психологиялық астар терең, қоғамдағы адам орны, халқының ерекше ой-пікірі көптеген өлеңдерінде психологиялық мән - мағынасы жағынан ерекше орынға ие, адам өмірі мен психологиясын шындық жолмен көрсететін көпшілік бұқара үшін түсінікті және пайдалы түрде жеткізе білген Абайдың психологияға деген көзқарасы деп білеміз. Адамның жан құбылысы – оның рухани дүниесінің айнасы, ол да

бейне бір табиғат құбылысы іспетті. Табиғаттың құбылмайтын, құлпырмайтын кезі жоқ. Адам өмірін алып қарасаңыз, оның да сырт көрінісі сан алуан, қилы-қилы [1]. Адамның ішкі жан дүниесі сырт көзге көріне бермейтін, тереңде жатқан сыры, заңдылығы, мағынасы бар бейнелерге толы. Абайдың жан дүниесі де өз өміріндегі қуаныш-қайғысымен, әлеуметтік күрестегі талай-талай тартыс, қақтығыстарымен қатар, өзінің өлең туар шақтағы шарықтаған шабыты мен шығармашылық дарының бейнелейді:

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ, – деуі де сондықтан болар.

Реформатор Абай эстетикалық өлшемде, психологизмде, тіпті өлең пішінін жаңалауда негізінен реализмге жүгінді. Әсіресе, адам психологиясының барлық құбылыстарына терең үңіліп, оны өзінің ой елегінен өткізіп, тиісінше талдаулар жасады. Соның бірі – ес процесі. Ес болмаса, адам балсы ғылым, білім, мәдениет салаларын меңгере де алмас еді, жан-жақты дамып, жетіле де алмас еді. Ол туралы: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайды білгені, көргені көп болған адам білімді болады» дейді [2. 42 бет]. Мұны санаға байланысыты да айтуға болады. Сана – ой қызметінің ең жоғары сатысы. Адам психикасының жануарлар психикасынан түбірлі айырмашылығы да санаға байланысты. «Жүректе қайрат болмаса» деген өлеңінде Абай:

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.
Аспаса ақыл қайраттын,
Тереңгң бармас, үстірттер, - деп,

ойы мен ақылы болмаса, адам да хайуанша өмір сүрмек екендігін ескертеді. Одан әрі:

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән
Тереңге бет қоймаса? – деп,

Малда жан, тән болғанмен, санасы болмағандықтан тереңге бара алмайтынына мән береді.

Ақын Абай іштегі жан қуатымен жиған нәрсенің аты – ғылым, оған да кеселін тигізетін нәрселер бар, оны білмесе, бақпаса, әрекет естпесе,

адам одан айрылатын болады, бойға жиған білім мен ғылымның ең қымбаттысы жоғалатындығына да назар аударған. Ақынның:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім, - деуі осыдан.

«Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты ақыл еді ғой», – дейді Абай, һәм ақыл, һәм қайрат екі мықты қосылып қана адамды дер кезінде тоқтамға келтіретінін атап көрсетеді.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым да сол үшеуінің жөнін білмек, -

деп, олардың бірлігін көрсетеді.

Егер осы үшеуінің бірлігі бұзылғанда адам жүректің ырқына көніп, соның дегенін басшылыққа алуы қажет. Абайдың жүрек сөзі – мидың символы. Өйткені, психиканың (жанның) органы – адамның миы. Мидың өнімі – ойлау, түйсік, қабылдау, ес, сезім, эмоция, қызығу, қабілет, ерік, жігер, темперамент, т.б. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Әрқайсысы өздерінің адам үшін қажет екенін сөз етіпті. Сонда үшеуінің сөзін тыңдап болып: «Осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет», - депті ғылым. Өйткені, жүректің өзі айтқандай: адамның денесінің патшасы – жүрек, қан содан тарайды, жан онда тірлік қылады, онсыз тірлік жоқ.

Абай ерік-қайраттың адам өмірінде алатын орнына ерекше мән берген. Әркімнің өзін-өзі билеуі, өз мінез-құлқын басқаруы, мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңуі – бәрі де ерік қызметінің нәтижесі. Принципшіл, тәртіптілік, батылдық, шешімпаздық – ерік процесінің компоненттері. Әуелде пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде алдына мақсат қоймай жүре алмайды. «Сонда есті адам орынды іске қызығып, құмарланып іздейді дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен... Жастықта есті кісілер уақытында қайрат қылып, істі қолдан жібермей ізденуі керек екен. Егер кісілер өмірде өз орнын таба алмай, сандалады,

жастығы тозбастай... көріп, буыны құрып, қайрат қылуға жарамай қаладыекен... Ер тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының қ... н жауып кетіп, укі көзі аспанда жынды кісіше шаба беруді біледі екен», - дейді Абай. Сондықтан ол былай кеңес береді: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Өміріңді қалай өткіздің, не білімге, не дүниеге жарамды қылық өткізіппісің? Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық деп білесің. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дүшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Жастарды талаптылыққа, жігерге ынтықтырады және адамның өзін өзі билей алмауынан, ерік-жігерінің, қайратының жетпеуінен жөнсіз әрекеттер істейтінін сынайды. Бір өлеңінде:

Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,
Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған... десе,
келесіде:
Жамаңдар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек...
Немесе:
Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсе қызар,жалмауыз.
Сорлы қазақ сол үшін,
Алты бақан ала ауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған міндейді.
Ол – арсыздық белгісі.
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай...

– деп, арсыздық, ұрлық, жалқаулық, қулық, маскүнемдік, ұятсыздық, шаруаға құнтсыздық адамдардың ақылсыздығынан, білімсіздігінен, жігерсіздігінен екенін шенеп, солардың бет пердесін жыртып, көпшілік алдынды мысқыл, кекесінмен сынайды.

Абайдың көптеген өлеңдерінде («Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Бойы бұлғаң», «Көжекбайғаә, «Күлембайға», «Мәз болады болысың», т.б.) надандық, даукестік, парақорлық, арамтамақтық қатты сыналады [4].

Асылы, ар-ұятты қастерлеу, намысқа тырысушылық – үлкен қасиет. Шын ұят – ақыл-парасаттың ісі. Мұның адам психологиясына

қатты әсер етіп, терең із қалдыратындығы сонша – кісі кейде «кірерге жер таппай, кісі бетіне қарай алмай... ұйқыдан, тамақтан қалатыны да болады». Абай ұяттың екі түрі бар дейді: оның бірі – надандықтан туатын, екіншісі – жағымсыз іске, теріс қылыққа ұялу. Оның ұғымынша ұялмас нәрседен ұялу, надандық, ынжықтық, жігер-қайрат осалдығы, білім мен тәжірибенің саяздығы. Қазақтың осы істері Абайды ашулануға, ызалануға итермелейді. Абай «Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық – тұл, шәкіртсіз ғалым – тұл» дейді. Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза қуаты артында болғаны; егерде аузынан қара қан ағызса, домбыт мақтаншақ, я қорқақ болғанын ескертеді.

Абай қазақ психологиясының кейбір көріністері туралы датерең ой қозғайды. Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бір шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай, кетпейтұғыны қалай? – жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап, қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай? [2]. Шынында «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Біріміздi біріміз аңдып, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, біріміздi-біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қылып, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен?» [2]. Нарық заманына жаңа ғана енген қазіргі ағайындардың қырық қырлы қалтарысын, тоқсан толғам сырын көзбен көріп айтқандай. Абайдың көрегендігі осындай. «Қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді... мал үшін қам жейді... мал табуды білмейді, бар білгені... алдып, арбап... алмақ... егер малды болса, әкесін жалмауды да ұят көрмейді». Халықтың келешегі туралы кемеңгер Абай осылай толғанып, ол қазақ қауымының мінез-құлқындағы келеңсіз психологиядан құтылудың жолын көрсетеді.

Ақынның «Сегіз аяқ» өлеңі адамның психикалық өмірін жан-жақты суреттеудің ең биік шыңы [3, 68 б.]. Онда:

Біріңді, қазақ, бірің дос
Көрмесең, істің бәрі бос! – деп түйіндейді.

Сезім – адамның іс-әрекетінде үлкен орын алады. Сезім- жүрек сияқты адамзаттың өмір сүруінің патшасы, мидың хабаршысы, онсыз өмірдің өзі жоқ. Жоғары сезімдер адамға ғана тән. Рақымдылық, мейірбандылық, иманжүздiлік, достық, жолдастық, адалдық, отан сүйгіштік, бүкіл адамзатты жақсы көру, ар-намыс, борыш, жауапкершілік, ұят, т.б. адамның аса жарасымды сипаттары.

Ысытқан, суытқан
Бойыңды бір көңіл,
Дүниені ұмытқан

Құмарың тозар, біл, - деп, сезімнің ұнамды, ұнамсыз жақтары болатынын ескертеді Абай. Немесе, «Білектей арқасында өрген бұрым» деген өлеңінде:

Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіне.
Бетіңді таяп барсаң тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіне» - деп сезімнің сырттан болатын тітіркендіргіштердің әсерінен пайда болатын психикалық процесс екенін ол айыра білген.

Көркем бейнелеу жүйесіндегі Абай психологизмі философиялық-лирикалық сипат алатындығын ашып айтуымыз керек. Ол өмір құбылыстарына терең үңіліп, Оның бейнесін көз алдыңа келтіреді. «Қыс» өлеңінде:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр мылқау, танымас тірі жанды,
Үсті-басы – ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп әлек салды,

– деп, жыл мезгілінің қатаң кезеңін – кәрі құда бейнесінде суреттесе, «Жаз» өлеңінде:

Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап.
Жас боз бала бір бөлек,
Су жағалап қутыңдап, -

деп, жастардың көңіл-күйін, табиғаттың тамаша сәтін әсем бейнелейді.

Тағы бірнеше сөздерінде қожа-молданың, алааяқ би, болыстардың, талапсыз, әрекетсіз адамдардың бейнелерін жасайды [5].

Қорыта айтқанда, Абай – адам жан дүниесінің инженері, халық пен тарих алдында зор еңбек еткен, келешек ұрпаққа мол дүние қалдырған психолог. Абайды таныту – қазақ ұлтын тану, ол – ұлттық мақтанышымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Досым Омаров Абайтану Алматы «Мектеп» 2002.

2 Абай Қара сөз Алматы 1993.
3 Абай Қалың елім, қазағым... Өлеңдер Алматы 2002.
4 Абай энциклопедия «Атамұра» баспасы 1995.
5 Қазақ тілі мен әдебиет журналы 1993 № 9.

ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

САЙЛАУБЕКОВА Н., ТҮСІПБЕКОВА А.
8 сынып оқушылары, № 32 ЖОББМ, Семей қ.
ИСКАКОВА М. Т.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 32 ЖОББМ, Семей қ.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының егеменді ел болып, төл тілінің мемлекеттік тіл болумен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп – екшеп, бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесінің кәдесіне жарату және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосқан бірегей тұлғалардың мұраларын зерделеп зерттеу өзекті мәселелердің бірі болуда. Ұлттық құндылықтардың қатарына кино өнерін де жатқызуға болатыны сөзсіз.

Зерттеудің мақсаты: Қазақ киносындағы адамгершілік тәрбиені қазіргі жас ұрпаққа жеткізу, Қазақстандағы ұлттық киноматографиясының 1920-1940 жж. қадамдарына талдау жасау; - қазақ киносының алғашқы актерлік өнер мектебінің және режиссура - қазақ киносының соғыс жылдарындағы бағыттарын байыптау; -еліміздің 1945-1980 жж. ұлттық Кино өнерінің қалыптасуы мен - ұлттық кинодраматургиясының тоқырау кезеңіне зер салу

Зерттеу объектісі: Қазақ киносының берер тәрбиесін дәлелдеу, шетел киноларымен отандық киноны салыстыру

Зерттеу пәні: қазақ киносы, қазақ киносындағы ұлтжандылық.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

Қазақ киносының – тәрбиелік мұралары, яғни, ұлт тәрбиесінің мәселелері, мәдениет және тәрбие, имандылық, патриоттық, адамгершілік тәрбиесі, жастар тәрбиесі, жастарға білім беру мәселелері секілді жай – жапсары қарастырылды.

Зерттеу әдісі. Жұмысымызда тарихилық, жан-жақтылық, тарихи салыстырмалылық және талдаужасай отырып ұлттық құндылықтарымызды сараптау

Менің карастырып отырған ғылыми жобамның тақырыбы: «Қазақ киносындағы ұлттық тәрбие» деп аталады.

Ізденіс жұмысының мақсаты: Қазақ киносындағы ұлттық тәрбиені қазіргі жас ұрпақ санасына жеткізіп, түсіндіру.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ел болашағы күнделікті өмірден, теледидардан, кинолардан басталатын белгілі.

Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясында қойып отырған мақсат-міндеттер еліміздегі тәрбие беру жүйесін ұлттық құндылықтар негізінде жасау қажеттілігін тағы да дәлелдеп отыр. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» Жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды көрсете отырып, паш ете отырып тәрбиелеу. М. Әуезов «Ел боламын десең, бесігінді түзе» дегендей, ертеңгі ұрпақтың тәрбиесін бүгіннен бастап қолға алып, жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр.

Қазақ киносының алғашқы кезеңі.

Кинотану – қазақстандық өнертанудың ең жас саласы. Қазақ киносының даму мәселелерін қозғайтын алғашқы мақалалар 20 ғ-дың 30-жылдары жарық көрді. Қазақ киножурналистикасының басында Ә. Т. Жангелдин, І. Жансүгіров, Б. Ж. Майлин, М. О. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Т. Қ. Жүргенов, І. Омаров және т.б. тұрды. Бұлар республика бойынша кино өнерінің қалыптасып дамуына тікелей ат салысты. Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институты сценарий бөлімінің алғашқы түлектерінің бірі кинодраматург Қ. Сиранов қазақ киносының тұңғыш тарихшысы болды.

Хронологиялық деректерге сүйенсек:

- 1910 жылы Алматыда алғашқы киносеанс ұйымдастырылды. 1921 жылдың қазанында Бүкілодақтық Фотокино өндірісінің Қазақстандағы бөлімі құрылды.

- 1921 жылы арнайы кинопрокат конторы құрылды.

- 1924 жылы Қазақстанда 44 кинобірлестіктер жұмыс жасай бастады.

Бірқатар қалаларда бірден-екіден кинотеатрлар іске қосылды. Осыдан бастап киноқондырғылар саны қазақ жерінде өсе бастады.

XX ғасырдың бас кезеңіне 1920 жылдармен салыстырғанда 1930 жылдар тұсында Қазақстан туралы түсірілген Ұлттық кинодраматургияның алғашқы ұшқыны «Амангелді» және «Райхан» фильмдерінің сценарийлерінен қазақ ұлттық киносында сәтті басталған актерлық дәстүр көрінеді. Бұдан былайғы 1960-1980 жылдар тұсында қазақ киносынын тарихында әр түрлі тақырыпты қозғаған қазақ киносында сол дәстүр өзінің жалғасын таба алды ма?

Қазақ ұлттық киномотографиясының 1945-1980 жылдар арасындағы кезеңі.

Екінші Дүниежүзілік соғыс жылдарынан кейінгі қазақ киносы екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңге - 1945-1951 жылдар аралығындағы шыққан көркем фильмдер жатса, екіншісіне - 1952-1960 жылдары шыққан қазақ кинотуындылары жатады.

Соғыстан кейінгі жылдары, яғни 1945 жылы шыққан алғашқы көркем фильм – «Абай әндері» «Песни Абая» болды. Сценарий авторы – Мұхтар Әуезов, режиссері - Григорий Рошаль болып бекітілді. Қалыбек Қуанышбаев Абай рөлін, Шәкен Айманов – Шәріп рөлін, Елубай Өмірзақов – Ерденнің рөлін, Серке Қожамқұлов секілді сахна саңлақтары фильмде Бас кейіпкерлерді сомдады. Бұл фильм шығысымен қазақ кино өндірісінің қарқын алуы қиындай түсті. Алты жыл ішінде бар-жоғы екі ғана көркем фильм түсіріледі. Бірақ бұл фильмнің түсірілуі қазақ кино өндірісінің қарқын алуы 1950 жылдар тұсында қазақ киносына ұлттық жазушыларымыздың зейінін мейлінше аудара білді деп айтуға болады. 1952 жылы экранға режисеер Е. Дзиганның басшылығымен «Жамбыл» көркемсуретті фильмі шығады. Жамбыл рөлін актер Шәкен Айманов сомдап шығады. Фильм Жамбылдың өмірін кеңінен көрсетуге тырысты. Сәтті жағы - Шәкен Айманов қарт Жамбыл бейнесін қайғы қасыреті мен мінезін аша бейнелеп шықты.Фильм барысында Жамбыл ақынның рөлін сомдаған актер жан-жақты танылып, кейіннен актерлік көзқарасын режиссерлік көзқарасқа ауыстыруына, әсер етті.

Алғашқы ұлттық режиссёр бес жыл ішінде Совет Одағындағы киномамандарының бағалауында үздік Деп Көп ұзамай экранға С. Қожыковтың «Біз Жетісуданбыз» (1958 ж.), Тұтасымен камтығанда, 1950-1960 жылдар тұсындағы көркем фильмдер

өндірісін жалпы 2.2. Қазақ кино өнерінің жанрлық түрленуі (1960-1970 жж.) 1966 жылы революция тақырыбын негізге алған режиссер А. Қарсақбаевтың Шәкен Айманов ЕН сонғы экрандық шығармасы «Атаманның ақыры» (1970 Басты рольдерде - А. Әшімов, В. Авдюшко, В. Стржелъчик,. Фильм 1972 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болады Тарихи-биографиялық жанрдағы режиссер А.Қарсакбаевтың «Біздің Ғани» (1972 ж.) фильмі 1960-1970 жылдар тұсында қазақ киносынын тарихында әр түрлі тақырыпты «Ана туралы аңыз» фильмін көрермен де, Кино саласындағы мамандар Қазақ киносының Алтын қорына еңген Ш. Аймановтың «Ата-мекен»«Атамекен» фильмі Душанбе қаласында өткен Орталық Азия елдері фильмдерінің Мәжит Бегалиннің соғыс тақырыбындағы фильмдері. Ұлттық режиссура мен актерлік мектеп. Қазақ киносының негізін калаған режиссерлар Шәкен Айманов (15.02.1914 - Шәкен Аймановтың «Атамекен» фильміндегі ерекше байқалатын сюжеттік ритм суреттеудің Шәкен Аймановтың шығармашылық өсу жолы қазақ киносының басты кезеңдерімен 1984 жылы Шәкен Аймановтын есімі «Қазақфильм» киностудиясына берілді. Мәжит Бегалин (22.02.1922-03.05.1978). Сұлтан Қожыков (10.03.1923-11.03.1988). Кинорежиссер. Қазақ ССР өнеріне еңбегі сіңген Режиссердың «Шыңдағы шынар» фильмі қазақ киносы тарихында М. Әуезов 1960-1970 жылдар тұсындағы қазақ киносының актерлік мектебі. Нұрмұхан Жантөрин 1968-1988 жылдар аралығында Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» Бикен Римова (01.01.1923-06.01.2000) - ҚазКСР-інің халық артисі (1996), 1943 Кененбай Қожабеков (03,02 .1928-04.11.1988). Театр және кино актері. «Абай әндері» фильмінен кадр «Алтын мүйіз» фильмінің постері «Абай әндерінен» кейін араға үш жыл салып, 1948 жылы «Алтын мүйіз» («Золотой рог») фильмі шығады.Режиссеры Е. Арон, фильмнің мазмұны мал шаруашылығы саласында ізденіп жатқан ғалымдар өмірінен алынған. Басты рөлдерде: Шәкен Айманов, Серке Қожамқұлов, Қалыбек Қуанышбаев ойнайды. Көркем фильмдер өндірісі тоқыраганымен, дубляж жұмысы барынша жандана бастайды. Осы кезеңде Қ. Әбусейітов, Д. Тналина, Т. Масанова секілді мамандар аударма жұмысында алғашқы қадамдарын бастайды. «Жамбыл» фильмінен кадр

1952 жылы экранға «Жамбыл» («Джамбул») фильмі шығады (реж: Е. Дзиган).

«Шабандоз қыз» фильмінен кадр 1955-1960 жылдары қазақ киносы үшін сәтті жыл болды. Өткені осы жылдары табысты

фильмдер дүниеге келе бастады «Шабандоз қыз» /»Девушка-джигит» (1955 реж: П. Боголюбов) музыкалық комедиясы түсірілді. Режисердың көмекшісі ретінде Сұлтан Қожықов болып бекітіледі. Болашақ кино режиссердың кинодағы бұл алғашқы қадамы еді. Басты рөлдерде: Л. Әбдікәрімов, К. Қожабеков, М. Сүртібаев ойнады.

1950-60 жылдары жарық көрген басқа да фильмдер: «Бұл Шұғылада болған еді» / «Это было в Шугле» (1955 ж., реж:. Мәжит Бегалин) «Ана мен бала» / «Мать и сын» (1955 ж., реж: Сұлтан Қожықов) «Дала қызы» / «Дочь степей» (1954 ж., реж.: Шәкен Айманов, Карл Гаккель) «Ботагөз» (1957 ж., Реж: Ефим Арон) «Оның уақыты келеді» / «Его время придет» (1957 ж., реж: Мәжит Бегалин) «Біз Жетісуданбыз» / «Мы из Семиречья» (1958 ж., реж: Сұлтан Қожықов) «Мазасыз көктем» / «Беспокойная весна» (1956 ж., реж .: А. Медведкин)

Қазақта кинотану саласына көңіл бөліне басталды.

Кинотану – өнертану ғылымының дербес саласы. Кинотанудың негізгі бөлімдері – кино теориясы мен кино тарихы. Қазақ киносының алтын ғасыры саналатын 60-жылдар біздің кино тарихымызға қайталанбас, құнды туындыларды алып келді десек, артық емес. Әрине, «Қыз Жібек» те, «Менің атым Қожа» фильмі де классикалық дүниелер. «Мұндай классиканы дүниеге әкелу жүз жылда бір-ақ жүзеге асады» дейді кейбір мамандар.

Ұлттық «мені» бар фильм ғана ұлттық кино бола алады

«Ағайынды» немесе «Адасқандар» фильмін көпшілік жылы қабылдады. Қазақ өмірінің сұрқай тіршілігі емес, бүгінгі қоғамның кейбір келеңсіз әрекеттері бейнеленген фильмдер қазақ көрерменінің сұранысына ие болды. Демек, қазақ режиссерлері жақсы фильм түсіре алады екен. Қалың көрерменнің көңілінен шығатын фильм қандай болады? Әуелі осы сұраққа бас ауыртып көрелікші. Қазақ көрерменіне Қожадай кейіпкер қажет пе? Әрине, қажет. Дәл осылай болмаса да, ауылдың иісінен алыстап кетпеген дүние керек. Қазақы бояуынан ажырамаған қазақы қалып қажет бізге. Бізде қазір бәрі бар. Елбасымыз «Қазақфильмге» келген сапарында қазақ киносы жастарымызды отан сүйгіштікке, ұлтты сүюге тәрбиелеу керек дегенді қадап айтып еді. Келешек түсірілетін қазақ киносының да өн бойында ұлттық рух, патриотизм болуы шарт. Сонда ғана, біз кино арқылы өзімізді өзіміз тәрбиелей аламыз. Қазақты ұлт ретінде сақтаудың да алғышарты қазақ киносында жатыр. Қазақ киносын түсіретін режиссерлеріміз де әуелі осыны ескергені ләзім. Дегенмен, соңғы уақытта қазақ киносында ізденістер байқалады.

Бірақ, кемшіліктер де жоқ емес. Осыған орай, бірқатар зиялы қауым өкілдерінің де пікірін білгіміз келген. Сонымен, қазақ киносы туралы мәдениет танушыларымыз не дейді?

1 Патриотизмге тәрбиелейтін қазақ киносын көрдіңіз бе?

2 Бүгінгі қазақ киносының трагедиясы неде?

3 Қазақы рухты көтеретін фильмді түсіру режиссердің білгірлігін талап ете ме, әлде…

Ерлан Саиров, Мәдениет саясаты және өнертану институтының директоры:

Кеңес кезінде қазақ киносы біраз жетістіктерге жете білді. «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі» тәрізді кинофильмдер қазақтың мінезін, психологиясын жан-жақты ашып қана қоймай, нағыз патриот қандай болуы керек деген сұраққа тың жауаптар жасай білді. «Менің атым Қожаның» өзі жас жеткіншектерді ауылды, кіші отанға деген махаббат қасиетін дәріптейтін фильмдердің бірі.

Қазақ фильмдері туралы

Маған Менің атым Қожа және Шал фильмдері катты унайды. Осы екі фильм туралы жазгым келеді. Менің атым Қожа фильмі 1957жылғы Соқпақбаев Бердібек-тің шығармасынан. Менің атым Қожа – повесть, фильмі де әрі кітабы да бар. Бұл фильмді жасы да кәрісі де сүйіп көреді. Бұл фильмнің көрерменге жол тартқанына 50жылға таяған. Көрермен қауымды алғашқыдан бастап өзіне баурап алды.Шетелдіктердің өзі қайран қалып жатты. Нағыз қазақи фильм. Қожаның рөлін белгілі актер Нұрлан Сегізбаев сомдады.

Нұрлан Сегізбаев туылған жылы 28.10.1951 Өскемен қаласындағы Педагогикалық институтының Сценарист мамандағын тәмамдаған. Абдулла Қарсақбаевтың киносына байқаусызда келген Нұрлан ағамыз түскен бұл кино бірнеше ғасыр бойы жас ұрпақтың сүйікті киносы болатыны анық.

Келесі фильм Шал фильмі. Фильмде бас рөлді 63 жастағы Ерболат Тоғызақов сомдайды. Оның кандидатурасы қатаң іріктеуден кейін мақұлданды Ермек Тұрсынов наурыз айында жаңа туындысы «Шал» фильмінің жабық көрсетілімін өткізді. Ермек Тұрсынов «Шал» фильмін атақты жазушы Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесінің желісі бойынша түсірді

Фильм өте аянышты. Мен ең алғашында Қазақстан Ұлттық телеарнасынан тамашаладым. Фильмді көріп отырып қатты беріліп жыладым. Сондай керемет фильм болды. Барлық достарыма, таныстарыма осы фильмді көруін өтіндім. Бірі көрсе бірі көрмеген.

Қазақ киносы ұлттық идеологияны қалыптастыратын бірден-бір пәрменді құрал һәм мемлекеттігімізді баянды етудегі аса маңызды қажеттілік. Сол «қажеттілікті» қажетімізге жаратып жүрміз бе? Бүгінгі күні «тізесі шықса да» талас-тартыстың ортасындағы өзекті мәселелердің бірегейі – кино.

Жалпы, Серік Апрымов фильмдерінің негізгі желісі: мейірбандық, адалдық, қайырымдылық секілді асыл қасиеттер, ұмыт боп бара жатқан халықтық дәстүр. Бұл 1996 жылғы пікір.

Әркім әртүрлі пікір айтты екен деп, соңынан қамшы алып жүгіруге әсте болмас. Дегенмен де, мен қазақ киносының ертеңінде, осы кезде айтылған, талқыланған сұрақтардың жауабы ретінде, бір ауыз толтырып айтарлық өзгешелік болатынына сеніммен қараймын.

Қорытынды

Қазақ киносы арқылы ұлт мұраты мен елдік идеяны насихаттау туралы Елбасы тапсырмасы ұлттық құндылықтар көріністермен жүзеге аспақ. АСТАНА. Желтоқсанның 9-ы. ҚазАқпарат / Қанат Мәметқазыұлы / - Бүгін ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында бір топ депутат ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің атында сауал жолдап, онда қазақ киносының бүгінгі беталысына алаңдаушылықтарын білдірді.

«Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің атына отандық фильмдерге қатысты «Азамат» жастар клубынан келіп түскен хат талқыға салынды. Қарашаның 23-інде Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясына барған Елбасы Н. Назарбаев «қазақ киносы отансүйгіштікті дәріптеп, елімшіл, жершіл ұрпақты тәрбиелеуге атсалысуы керектігін, яғни ұлттық кинодан ұлттық идея мен ұлт мұраты сезіліп тұруы тиістігін» айтқан болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС

2 Қазақстан Республикасының Ғылым Энциклопедиясы

3 «Жұлдыздар отбасы» журналы

4 kk.wikipedia.org

5 www.topreferat.com

6 http://www.qazaquni.kz

7 yvision.kz

8 bilimsite.kz

9 http://www.kitaphana.kz/

АҚЫНДЫҚ – АШЫҚТЫҚ ПОЭЗИЯҒА ТӘН ОРТАҚ ҮНДЕСТІКТЕРДІҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

САПАРҒАЛИЕВ Қ.
9 сынып оқушысы, Дарынды ер балаларға арналған облыстық «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты, Павлодар қ.
АДУОВА Б. Т.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Дарынды ер балаларға арналған облыстық «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты, Павлодар қ.

Қазақ және түрік поэзиясындағы ақындық-ашықтық дәстүр негіздерінің поэтикалық үндестігі тарихи-әдеби, мәдени даму кезеңдері арқылы айқындалады.

Ақындық-ашықтық поэзияға ортақ үндестіктердің тарихи негіздері және фольклорлық, этнографиялық ерекшеліктері көптеген маңызды мәселелерді қамтиды. Қазақ және түрік халықтары ақындық және ашықтық поэзиясының тарихи тамырластығына ең басты негіздері – екеуінің де о баста Түрік қағанаттары құрамында болғандығы, Батыс Хун бұтағындағы «Оғыз тобы», «Қыпшақ тобы» болған тектестіктері. Екі халықтың ата-бабаларының Х-XI ғасырларға дейін солтүстіктегі Азау теңізі, Орал таулары аймақтары мен Сібір өлкесі, оңтүстікте Қытайға, батыстағы Атырау теңізі – бәрін қамтығанда кең-байтақ Еуразияның географиялық кеңістігінде бірде бірлесе, бірде көршілес болып өмір сүргендіктері – тарихи ақиқат.

Қазақтың ақындық, түріктің ашықтық поэзиясының көркемдік негізі – фольклор. Фольклордағы мақалдар мен мәтелдердің, ертегілердің құрылымындағы тілдік–поэтикалық қолданыстардан туысқан халықтардың түп негіздерінен сақталған ерекшеліктері айрықша байқалады. Әсіресе, орта ғасырларға дейін бірге болған далалық–түркілік психологияны айқындайтын мағыналық қолданыстар мол ұшырасады. Мысалы, түркілердің атқа мініп далада жүруді бостандық, зор мәртебе санайтыны, түркілердің жауынгерлік тұлғасын мақтан ететіні, төрт түлікке, жат жерліктерге көзқарастары, жолдастық, достық, еңбексүйгіштік, жомарттық, сараңдық, опасыздық және т.б. алуан түрлі мінез-құлық қасиеттері хақындағы ойлары сабақтас, үндес.

Түрік ашықтары мен қазақ ақын-жыраулары шығармашылығына ортақ дүниетаным – Тәңірі ұғымы аясында бүкіл ғарыштық жаратылысқа, табиғатқа табыну. Түркілердің қоршаған табиғатпен үйлесімді өмір сүргені материалдық және рухани мәдениеттердегі өзара ұштасқан дәстүрлерді, дағдыларды қалыптастырды. Түркі халықтарының фольклоры мен әдебиеті мұраларындағы тауларға, ормандарға (ағаштарға), суларға (бұлақ, өзен, көл, теңіз, мұхит), өсімдіктерге, аңдарға, құстарға, төрт түлікке және т.б. табиғат мүшелеріне тотемдік көзқарастар тұрғысында бағалаулардың болғаны – сол ежелгі ата-бабалық дүниетанымдық көріністер.

Қазақ және түрік әдебиеті мен фольклорына ортақ тағы бір мәселе – Қожанасыр (Қожа Нәсіреддин) туралы әңгімелер. Қожанасыр туралы әзіл әңгімелер қазақ және түрік халықтары фольклорының үлкен бір саласын қамтиды. Әрине, Қожанасырға байланысты қызықты әңгімелердің де екі халықтың поэзиясына белгілі дәрежеде ықпалы болғаны анық. Бұл арада қазақ және түрік халықтары тарихының шындық негізіндегі аңызға айналған оқиғаларының да сабақтасқан жүйесін аңғарамыз.

Кіші Азиядағы Ақшехир қаласындағы Қожанасырдың бейіті, оның сол қаланың жанындағы Қозыағаш деген жерге жерленгені – аңыздар желісіндегі шындық арқауының көрінісі.

Біріншіден, қазақ және түрік халықтары ақындық және ашықтық поэзиясының тарихи тамырластығына ең басты негіз – тіл. Туысқан түркі халықтарын тілдік негіздері жағынан алғанда, қазақ, түрік тілдері қалыптасуына тән тарихи ортақ негіздерді түркітанушы ғалымдар кезінде дәлелдеп те берген.

Екіншіден, түрік ашықтары мен қазақ ақындары шығармаларының ортақ дүниетаным негіздері табиғатпен етене болған көшпелі тұрмыс–салт мәдениетінің дәстүрлері болып саналады.

Үшіншіден, қазақ ақын-жыраулары мен түрік ашықтары поэзиясындағы дидактикалық-гуманистік сарындар жалпыадамзаттық ізгі мұраттар тоғысын танытады. Халықтың тұрмыс-салт мәдениетін, адамгершілік-имандылық дәстүрлерін қалыптастыруда эстетикалық ықпалы мол поэзияның қуаты ақындық-ашықтық шығармалар арқылы кеңінен танылады.

XIV–XIX ғғ. қазақ ақындары мен түрік ашықтары шығармашылығында осы ежелгі түркілік дүниетанымның шынайы көрінісі болып табылатын табиғат туралы өлеңдер тұрақты жырланды. Ең бастысы ақындардың түркілердің киелі ұғымдарын поэтикалық бейнелілікпен жырлауы еді. Мысалы, қазақ ақыны Сүйінбай Аронұлының (1815-1898) «Бөрілі менің байрағым» атты тарихи–этнографиялық өлеңі – қазақ және түрік халықтарының ортақ тарихының ежелгі бастауының бүгінге жеткен болмысын танытатын шығарма. Қасқырдың суреті салынған жебелі туды және найзаны ұстанатын Шапырашты батырдың дағдысы - ежелгі

түркілік замандардың көрсеткіші. Өлеңнің идеялық–композициялық болмысы түркілік дүниетанымға тән дербес өзгешелікті танытады:

Бөрілі байрақ астында,
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен.
Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен.
Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен.
Жау тисе жапан далада,
Бөрілі найза атамыз… [1, 18]

Түрік ашықтары мен қазақ ақын–жыраулары шығармашылығына дүниетанудың негізі болған Тәңірілік наным-сенімдер осылайша ежелгі Түркі қағанаттары, орта ғасырлардағы оғыздар дәстүрлерінде жалғаса сақталды. Лирикалық, эпикалық шығармалардың мәтіндері мен оған қосылатын әуез, әуен, қимыл бірлігін Тәңіріге, Жер-Суға мінажат ететін шынайы көзқарастары табиғи бояуларымен сақталды.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ақындар, ашықтар шығармашылығына негіз болған әуелгі бастау – түркі халықтарының фольклоры. Осыған орай фольклортанушы Е. Тұрсыновтың пікірі біздің ойымызды айқындай түседі: »...әдеби процеске тән көптеген құбылыстардың көзі фольклорде жатқаны белгілі». Бұдан әрі қарай зерттеуші: «Алғашқы әдеби мұралар болса, ертедегі түрік, енесей қырғыздары, ежелгі ұйғыр дәуірінде пайда бола бастады. Бұл кезде, әдеби сахнаға Арынчор Тегін, Үйсуя Тудың, Қалым Кейші, Асыг Тудың, Сыңқу Селі Тудың, Ки-кі деген лақап атпен жазған ақын сияқты әдебиет қайраткерлері шықты» [2, 133], - дейді. Зерттеушінің пікіріне сүйене отырып, біз қазақ және түрік халықтары ақындарының, ашықтарының фольклордағы жанрларды, халықтық наным-сенімдерді, синкретизм ерекшеліктерін шығармаларына негіз еткендігін сеніммен айтамыз. Әсіресе, бүкіл түркі халықтарының ақындық поэзиясының бастауында тұрған Қорқыт Ата және оның дәстүріндегі бақсылықтың (шамандықтың) табиғаты да көп нәрсені аңғартады. Қорқыт Ата және оның дәстүріндегі бақсылар шығармашылығында фольклорлық синкретизмнің (бірнеше өнер тұтастығының) мазмұны айрықша дараланып тұрады. Қорқыт және оның дәстүріндегі бақсылар өнеріне тән болжағыштық-сәуегейлік пен ақындық өнердің тұтасуы құбылысы тұрақты негіз болды.

Осы тәріздес түрік әдебиетінің тарихындағы ауызша және жазбаша ақындықты, композиторлық пен орындаушылықты біртұтас ұстанып, өркениеттер тоғысындағы поэзияны дамытқан ашықтар шығармашылығы осындай маңыздылығымен ерекшеленеді. Юнус Эмре (шамамен 1240-1320 жж.), Қайғысыз Абдалд (XIV ғ.), Пір Сұлтан Абдал (?-1560 ж.), Қараджаоғлан (1606-1689 жж.), Ашық Өмер (1630-1707 ж.), Дертли (1772-1845 жж.), Эрзурумдық Эмрах (шамамен XVIII ғ.аяғында туған, 1860 ж. өлген), Рухсати (1856-1999), Ашық Вейсел (1894-1973 жж.) және т.б. ашықтар мұрасы әдебиет тарихының халықтық мазмұнын құрайды.

Қазақ ақындары мен түрік ашықтары поэзиясындағы фольклорлық- этнографиялық дәстүрлер, синкретикалық (өнер тұтастығы) сипат мәселелерінің үндес, ортақ сипаттары - жалпы адамзат мәдениеттері бойынша болып келген даму құбылыстарын құрайды. Қазақ ақындары шығармашылығындағы синкретизм ерекшеліктері туралы Ш. Уәлихановтың пікірі бұл дәстүрдің табиғи қалпын дәл елестетеді: «Қазақ поэзиясындағы жаңа қондырғы - форманың мәні мынада: өлең – ән, жаңадан жаннан шығарылған немесе атақты бір әнші-ақынның бұрында шығарылған өлеңдері домбыраның, қобыздың, ым мен дене қимылдарының сүйемелдеуімен айтылып, ел арасына тарайды, кейбір өлеңші-ақын өз тарапынан сол өлеңге кіріспе және қорытынды сөз қосып отырады» [3, 167]. Бұл – түріктер мен қазақтардың ортақ, ежелгі тарихындағы бақсылық дәстүрдің ақындыққа – ашықтыққа ауысқан сапалық ерекшеліктері.

Түрік ашықтары шығармашылығы осындай өнер иелерінің ішінде әзірбайжандардың озандарымен, қазақтың әнші-ақындары шығармашылығымен толық үндеседі. Түп негіздері бір халықтардың (қазақ, түрік, әзербайжан және т.б.) әдебиеттеріндегі ақындар мен ашықтар поэзиясындағы әдеби-фольклорлық дәстүрлердің тектестігі – табиғи, тарихи заңдылық болып саналады. Бұл дәйектемелер арқылы біз түрік ашықтары шығармашылығының ежелден қалыптасқан Шығыс мәдениетінің классикалық тарихи дамумен өзектес табиғатын бағдарлаймыз. Демек, қазақтың ақындары, түріктің ашықтары шығармашылығына байланысты дәйектемелер бойынша бұлардың күрделі шығармашалық тұлғалар және өзара үндес, тектес өнер иелері екендігі айқындалады.

Түріктің ашықтар поэзиясының мазмұн мен пішінді қамтитын құрылысында мынадай мәселелердің арқау болатындығы айқын байқалады: біріншісі – түркі фольклорындағы мақал-мәтелдерді

негізге ала отырып жырланатын философиялық-дидактикалық өлеңдер; екіншісі – махаббат, табиғат және т.б. жеке мәселелер бойынша жырланатын лирикалық өлеңдер. Түрік ашықтарының шығармашылынындағы осындай әрі ауызша, әрі жазбаша ақындықтың әуез және орындаушылық өнермен тұтасқан ерекшеліктері, олардың әрі ұлттық, сонымен бірге халықаралық мәдениеттер сұхбаты аясындағы ерекшеліктерін көрсетеді.

Түрік ашықтары өлеңдерінің мәтіндеріне және олар жайындағы еңбектерге сүйене отырып, олардың шығармашылығының табиғатын ғылыми жүйелеуге болады. XI-XX ғасырлар арасындағы түрік ашықтарының шығармашылығы фольклорлық дәстүрдің аясында қалыптасып, бірақ кейіннен ауызша және жазбаша сипатты тұтастандыра ұстанған классикалық әдебиет деңгейінде дамыған. Олар шығарманың дүниеге келу сәтіндегі бірнеше құбылысты біріктіретіндігімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, импровизациямен, экспромтпен туған шығарманың авторы және оны өзіндік әуенмен, әуездік аспабы сазбен сүйемелдеп орындаушы ретінде танылған. Ашықтардың XI-XVIII ғ.ғ. өмір сүргендерінің өмірбаяндары және шығармалары халықтың жадында сақталып қана жеткен, сондықтан олардың өмір сүрген жылдары кейде шамамен ғана алынады.

Түрік ашықтарының Шығыстың классикалық әдебиеті өкілдерімен үндестік жағдайында суфизм жағдайында қалыптасқанын, олардың дәруіштер, яғни «абдалдар» болып аталатыны да мәлім. Ал, абдал ашықтардың (Кайгусуз Абдал, Пір Сұлтан Абдал) софылық секталарға (мевлевилер, бекташилер, алевилер, кызылбашлар т.б.) да қатысты болғандығы айтылады. Түркия ашықтарының осындай жалпы ерекшеліктерін айта келе, түркітанушы ғалым Х.Көроғлы олардың Түркия тарихындағы орнына ғылыми баға береді: «… ашықтар өз сөздерін сазбен сүйемелдеп ойнаумен жеткізетін, сондықтан да оларды «сазда ойнайтын ақын» – «саз шайыры» атайтын. Осы өнердің Түркияда өмір сүрген жеті ғасырында қазіргі тілмен айтқанда тұтас «институты» қалыптасты, оның өзіндік дайындық жүйесі, белгілі бір репертуарды шебер жанында ұзақ меңгеру тәртібі, ән-жырлардың дәстүрлі тақырыптары, музыкалық сүйемелдеудің жоғары деңгейдегі шеберлігі, көпшілік алдында өнер көрсетудің күрделі құрылымы немесе бірнеше әншілердің сайысының ережелері болды. Бұл екінші жағынан халықтың эстетикалық нормаларына жауап беретін орта ғасырға тән кәсіптік одақтардың жазылмаған заңдары бойынша қалыптасқан қолөнері болатын.»

[4, 7 б.]. Түрік ашықтарының осындай өнернамалық жолы қазақ ақындарының да олармен үндес шығармашылық қалыптасуының ерекшеліктерін еске түсіреді. Әсіресе XIII-XV ғасырлардағы Алтын Орда мемлекетінің ақын-жыраулары Кетбұға (XIII ғ.), Қотан (XIV ғ.), Сыпыра (XIV ғ.), сонымен бірге Насреддин Рабғузи, Құтб, Хорезми-Равани шығармашылығын айтамыз. Ал, Қазақстандағы XII-XIV ғ.ғ. ақындар Қожа Ахмет Иасауи, Ахмед Йүгінеки және т.б. болғандығы белгілі.

Қазақ хандығы тұсындағы ақын-жыраулар поэзиясы (Асан Қайғы, Шалкиіз, Қазтуған, Марғасқа, Доспамбет және т.б.) да сөз арқауындағы мәселелермен үндес қалпымен танылады. Ал, XIX ғ. мен XX ғ. бірінші жартысындағы қазақтың ақындық поэзиясында да түркі халықтарына ортақ поэтикалық үндестіктер желісі үзілмеді. Ақындар сөз (ақындық) бен әуез (сазгерлік) шеберлік бірлігін, орындаушылық (әншілік, жыршылық, термешілік, әуез аспаптарында ойнау) өнер тұтастығын мәңгілік сақтауы ұлттық мәдениеттің дәстүрлі негіздерінің мықтылығын дәлелдейді.

Түрік ашықтары мен қазақ ақындары поэзиясындағы тарихи сабақтастықты, поэтикалық үндестіктерді жан-жақты саралау -әдебиеттанудағы маңызды мәселе.

Қазақ ақындары мен түрік ашықтары поэзиясының ерекшеліктері тарихи - әдеби шектестік, үндестік аясында қарастырылады. Бұл орайда ғалым Х. Көроғлы түрік фольклорын зерттеуші Пертев Наили Боратавтың ашықтарды шығармашылық сипатына, мекендеген орындарына, қызметтерінің түрлеріне қарай 4 топқа бөлген жіктеуін мақұлдайды. Біз де өз жобамызға осы үлгіні бағдар етеміз: » Ол бірінші топқа – сопылық ашықтарды, екіншісіне – қалалық ашықтарды (осыған янычар ашықтарын да) жатқызған; үшіншісіне – ауылдық; төртіншісіне – негізінен көшпелі тайпалардан шыққан ашықтарды, яғни Шығыс Анатолиясының шетсіз-шексіз жазығында көшіп-қонып жүретін түрікмен иөрүктерді» [4, 8]. Түрік ашықтары мен қазақ ақындары шығармаларын үндестік тұрғысынан байланыстыра, салыстыра қарастыруда, әрине, әрбір халықтың өзіндік ұлттық тарихы, материалдық мәдениет өзгешеліктері де ескеріледі.

Қазақ ақындары мен түрік ашықтары шығармашылығы поэтикалық үндестіктерінің сақталуы халықтардың рухани мәдениеттері байланыстарын болашақта да нығайта түсетіні ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Аронұлы Сүйінбай. Шығармалары: толғаулар, сын-сықақ өлеңдер, айтыстар. - Алматы : Жазушы, 1990. - 144 б.

2 Турсынов Е. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. - Алматы : Даик Пресс, 2001. - 168 с.

3 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы : Жазушы, 1985. - 570 б.

4 Турецкая ашыкская поэзия. Пер. с тур. / Сост.предисл. коммент. Х. Короглы. Москва : Худож. лит., 1983. - 192 с.

ЖАҢЫЛТПАШ – ӘРІ ОЙЫН, ӘРІ ӨЛЕҢ, ӘРІ САБАҚ

СЕРГАЗИНА А. А.
бастауыш сынып мұғалімі, Дарынды балаларғаарналған Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.
БАЙЗОЛЛА С. А.
5 сынып оқушысы, Дарынды балаларғаарналған Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетінің фольклоры өте бай екені бәріне мәлім. Соның бірі де бірегейі – жаңылтпаштар жанры. Жаңылтпаш – қай халық фольклорында болмасын кең таралған жанрлық түр. «Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады», – деп дәйектейді алғаш рет оның ғылыми анықтамасын А. Байтұрсынов. Осы сөздері арқылы ол халқымыз жеткіншек ұрпақтың, жас сәбидің сөйлеу тілін дамытатын басты құрал жаңылтпаш жанры екендігіне тоқталып өтеді. Ал зерттеуші Н. Төрекұлов: «Жаңылтпаш халықтық поэтикалық шығармалардағы фольклордың шағын жанрына жататын, дыбыс үйлесімділігіне негізделген, тез және айқын айтылуы қиын сөздер тізбегі» деген анықтама бере отырып, жаңылтпашты мақал-мәтел, жұмбақтар тәрізді дидактикалық шағын жанрға жатқызады. Жаңылтпаш – халық фольклорының әзіл жанры, шағын өзіндік өлең. Жаңылтпаштар өлеңдер мен тақпақтардан сөздердегі ұқсас және айтылуы қиын дыбыстар мен әріптердің тіркесі мен орын алмастыруына негізделетіндігімен ерекшеленеді. Жаңылтпаштардың авторы – халық. Бұрын жаңылтпаштар балаларды күлдіру және ойнату үшін ойлап табылатын. Жаңылтпаш баланы дұрыс сөйлеуге үйретумен қатар, оларды айналасындағы неше алуан көріністермен, өмірмен

таныстырады. Балаларды жалықтырмау үшін жаңылтпаштың сөздері қызықты, күлдіргі және ұйқасты болып келеді. Балалардың жаттап айтуына оңай да жеңіл тиеді. Жаңылтпаш баланы дұрыс сөйлеуге үйретумен бірге дұрыс шешім қабылдауға дағдыландырады. Жаңылпаштарды тіл дамыту құралы және оларды балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес лайықты, орынды қолдана білсе нұр үстіне нұр болады. Тек қазақ халқында емес, өзге халықтарда көркем сөзді қандай жаңылтпаштар бар екенін жақсы біліп, әрбір ақынның жыр қоржынынан қарапайым да ойлы сипатымен бала жанын баурап алатын, тіл дамытуды қисынды қиюластырылған көркем де қуатты құралы – жаңылтпаштардың әр түрін сараптап, талдай алса жеткілікті. Тіл дамытуда жаңылтпаштарды қолданудың маңызы зор екенін түсінген ата-бабаларымыз жас жеткіншектерге оны ойын ретінде беріп, сабақ, яғни тәрбие көзі ретінде қолданып, өлеңше жаттатып тіл ұстартқан.

Осы заманда жаңылтпаштарды қай тілде болмасын оқытушылар мен логопедтер мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сөйлеу қабілетін жақсарту үшін жиі пайдаланады. Жазбаларда жаңылтпаштардың ғылыми маңызына алғаш рет назар аударған адамның бірі С. Сейфуллин деп танылады. «Жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі «дүкенін» құрған орында айтылатын айтыстың бірі – жаңылтпаш. Бұл да – ертек, өлең, жұмбақ айтысу тәрізді жастардың, балалардың тіл ұстауларына, ойнақы, қырлы сөздерді қақпақылша атқылап, билеп еркін сөйлеуге төселулеріне өз әлінше әдемі сабақ, тәжірибе болатын ойын [109, 253 б.], – деп жазады ол 1931 жылғы жазған «Қазақ әдебиеті» атты зерттеуінде. Кітапта зерттеуші жаңылтпаштың тәрбиелік мәні мен атқаратын қызметін айқын аша отырып оның ойындық сипатына да назар аударады. Яғни, жаңылтпаш жеке баланың ермегі емес, ол – көбінесе жұрт жиналған жерлерде балалардың тез де, жаңылыссыз, дыбыстарды анық сөйлеуіне дағдылануына үйрететін өлең-ойын. Оның ойындық сипаты балалардың бір-бірімен жарыса кезекпе-кезек айтысуында жатыр. Ол тіл жаттықтыру мақсатын ғана көздемейді, жаңылтпаштағы сөздер дұрыс айтылмаса, құлаққа мүлде басқаша естіліп, күлкі де туғызады. Мәселен: «Ақ тай ақ па? Қара тай ақ па?» деген сияқты жаңылтпашты интонацияны дұрыс сақтамай, жылдамдата айтса, «Ақ таяқ па? Қара таяқ па?» болып мағыналық жағынан мүлде өзгеріп кетеді. Ертеректе, жаңылтпаш балалар ғана емес, ересектердің де ермегі болған. Бірақ ол үлкендер арасында басқашалау қызмет атқарған. «Ерте кезде ойын-сауықтарда жаңылтпаш айтқызу қазақтың

салты болған. Жаңылтпаш жиналған жұртты күлдіру, тіл ұстартуды көздеумен қатар, ол өлең, ән білмейтін жастарға берілетін жаза есебінде қолданылған», – деп жазады белгілі фольклорист ғалым М. Ғабдуллин, жаңылтпаштың үлкендер арасындағы қолданысы жөнінде. Менің ойымша жаңылтпаштар негізінен балаларға тән мұра. Ол жөнінде қазақ балалар әдебиетінің білгірі Ш. Ахметов: «Бұл жанр тек қана балалар әдебиетіне арналған, көбіне мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш мектеп оқушыларына лайықты. Олай дейтініміз жеке дыбыстармен айтылуы қиын кейбір сөздерді дұрыс сөйлеуге үйрету – көбіне балаға ғана тән нәрсе. Мұнда міндетті түрде оқыту арқылы ғана емес, баланы талғамы күшті қызық та көркем сөздерге әуестендіру, соған еліктіру арқылы жаттығу жүргізу үшін қолданылған шеберлік бар»,– дейді. Мен осыған кеңінен тоқталғым келеді. Себебі бұл пікір жаңылтпаштың балалар фольклоры құрамындағы міндетін толық ашатындай.

Жаңылтпаштар құрылысында сөз қайталаудың да мәні зор. Сөздер көбіне тармақтардың аяғында қайталайды және ойды жалғастыру, бір шумақта тұрған тармақтарды бір-бірімен байланыстыру қызметтерін атқарады. Қайталау бірде ой мен тармақтар арасын байланыстыру үшін қолданылса, бірде толымсыз буындарды толықтырып, ұйқасты күшейту қызметін атқарады. Сөйтіп дыбыс, буын және сөз қайталау жаңылтпаш жасаудың және оның мағынасын, байланысын тіпті ұйқасын күшейтудің бір тәсілі болып табылады. Ал, екі тармақты жаңылтпаш шумақтары үнемі ұйқасқа құрылмайды, бірыңғай буын-бунақта, бір ырғақта тұрып-ақ ұйқассыз құрай алады. Мысалы:

Малға қорек керек,
Оған жарма, кебек те керек.

Өлең сөзді жаңылтпаштардың көпшілігі осындай екі тармақты шумақтан жасалады. Бұған қарағанды үш тармақты шумақтар әлдеқайда сирек кездеседі:

Көпке бекер өкпелеме,
Өкпе етпе,
Тектен-текке өкпелеме.

Төрт тармақты жаңылтпаш шумақтарында шұбыртпалы және аралас ұйқастар да ұшырасады, бірақ ондай ұйқастар төрт тармақтардан гөрі үш тармақты, әсіресе көп тармақты шумақтарға тән. Көп тармақты жаңылтпаш шумағының ұйқасы, әдетте, айнымалы келеді. Бірінде шұбыртпалы ұйқастың, екіншісінде шалыс ұйқастың өлшемі басым болады. Егер жаңылтпаштың күрделі өлең құрылысына

назар аударсақ, оны шығарушылардың ересектер екеніне күмән тумайды. Яғни, ерте заманда пайда болып, үлкендер репертуарында өмір сүрген жаңылтпаш келе-келе балалар ортасына көшкен. Бұлай ауысудың өзі де жайдан-жай емес. Ертедегі халықтар баланың тілінің тезірек шығуы үшін әртүрлі магиялық әдет-ғұрыптарды пайдаланған. Ол туралы Д. Д. Фрезер көптеген мағлұматтар келтіріпті. Мысалы: «Орталық Азия түріктері көпке дейін тілі шықпаған баланы, әртүрлі сайрағыш құстардың тілімен тамақтандырады»,– деп жазады. Бұған ұқсас әдет-ғұрыптар қазақ халқында бертінге дейін сақталған. Оның XIX ғасырдың бірінші жартысындағы бір көрінісін Х. Хустанаев былай сипаттайды: «... дәл осылай қазақтар балаларын ең алдымен сөйлеуге үйретеді, ол үшін оларды шешен сөйлейтін адамдардың сарқытымен тамақтандырады, олар сарқытпен бірге шешендік қасиеттің балаларға берілетіндігіне шек келтірмейді, одан соң бала жүйелі сөйлеуге жаттығу үшін түрлі түсініксіз сөздерді тез айтуға асықтырады». Бұдан жаңылтпаштың бала тілін шығаруға байланысты функция атқарғандығын анық байқаймыз. Жаңылтпаштың бала тілін жаттықтыруға байланысты қызметі – оның басты міндеті. Бұл орайда, жаңылтпаштың тілге ауыр оралатын дыбыстардан құралатынын ерекше ескерген жөн. Әсіресе:

«Ара, ара, аралар,
Орманның бойын аралар.
Гүлдерден сорып бал алар,
Алысқа ұшып бара алар,
Бал тәтті ғой, балалар!» – деп келетін көп балақайлардың тілі келе бермейтін «р» дыбысына жаттығуға арналған жаңылтпаштар өте көп. Енді бір жаңылтпаштарда: «Есік алдындағы отынның,
Шырпылырағынан ала кел,
Томарлылығынан ала кел,
Түбірлірегінен ала кел», – сияқты айтуға өте ауыр көп буынды сөздерден құралады. Егер жаңылтпаштар тек тіл жаттықтыру үшін ғана қолданылатын жанрлық түр десек бір жақты кеткен боламыз. Жаңылтпаш бойында сөз ойнатып, балаларды қызықтыра тартатын эмоциялық реңк, қисынды ұйқас бар. Мысалы:

Шілікті шаптым,
Жілікті астым,
Шілікті жақтым,
Жілікті шақтым, – дегендегі «шаптым, астым, жақтым, шақтым» сияқты толымды ұйқаспен қоса бұл өлеңде сөздерді мағыналық жағынан да ойнату бар, бала сөзді тез айтуды ғана

емес, логикалық қисынды бұзып алмауды да жадында сақтайды. Жаңылтпаш мазмұнында халық өмірінің түрлі қырларын, күнделікті тіршілікпен таныстыратын танымдық детальдармен қатар, балаларды тағылымдық өнегеге баулитын ғибраттық сарындар да молымен кездеседі.

Қамаштан көріп қалашты,
Қалашқа Жарас таласты.
Бөлінсін десең қалаш тең,
Таласпа, Жарас, Қамашпен, – тәрізді кейінірек шыққан жаңылтпаштар бұл ойымызға дәлел бола алады. Жаңылтпаштардың өлең құрылысы тым шағын, қарапайым болып келеді. Дегенмен ересектерге арналғандай ішінара:

«Жаңбыр жауып келеді қар аралас,
Бір топ қатын келеді шал аралас.
Тауға қайың бітеді тал аралас,
Бір топ сиыр келеді тана аралас», – сияқты қара өлең үлгісіндегі шумақтарды да ізденіс барысында кездестірдім. Немесе:

«Айыр атанды жүк қартайтар,
Семіз қойды май қартайтар.
Күйгелек менің атамды
Жас қартайтпас, ой қартайтар», – тәрізді балаларға емес, үлкендерге нақыл деуге келетіндей жаңылтпаштар да бар. Жалпы, жаңылтпаштың ұйқасты, үйлесімді тілмен келетін өлеңдік өрнегі де балаларға үлкен ләззат береді, тілге жайлы, жаттап алуға жеңіл келеді. Жаңылтпаш – қазақ балалар өлең-ойындарының ішінде салмақты орын алатын тәрбиелік мәні жоғары, көркемдік кестесі де күрделі жанрлық түрлердің бірі. Осы тақырыпты зерттеу аясында «Жаңылтпаш айтудың құпиясы ашылды»-деген ғалымдар сөзіне тап болдым. Нейробиологтар жаңылтпаштың миға әсерін тұңғыш рет бақылаған екен. Сонда дыбысталуы бір-бірінен аумайтын тіркестерді ұйқастыра қайталаудың қиын болатыны нейрондардың жұмысына байланысты екені анықталыпты. Бұл туралы «Nature News» хабарлайды. Ғалымдардың электрлі-физиологиялық сынағына эпилепсияның ауыр түрімен ауыратын үш пациент қатысқан. Күрделі операция жасатқалы отырған олардың миының сөйлеу әдісіне, жауапты бөлігіне ми қыртысындағы қозуды есептейтін электродтар орналастырылыпты. Олардың көмегімен нейрондар қызметі жөнінде мол мәлімет алынған. Ми қыртысында бірдей дыбыстарды айтуға жауапты нейрондар болады екен. Жаңылтпашты айтқан кезде бұл нейрондар бейберекет қозып, жұмысы шиеленісе түседі, адам сол

себепті сөзінен шатасады. Ғалымдардың айтуынша, спунеризмнің (ұқсас дыбыстары бар екі сөзді айтқан кезде олардың бірінің буынының екіншісіне алмасып кетуі) сыры да осында екен.

Жаңылтпаш - қазақтың ұлттық құндылығына да, ауыз әдебиетінің құндылығына да тән мұра. Жаңылтпаштар балалардың тілін дамыту және оларды жан-жақты тәрбиелеу қажетінен туып, бала тәрбиесі үшін қызмет еткен. Жаңылтпаштардың ықпалы, тәрбиелік күші жағынан жасөспірімдерді тәрбиелеудің ең маңызды белесіне айналды. Бала тәрбиелеуде жаңылтпаштың маңыздылығына халық ертеден ерекше үлкен мән берген. Қазақ халқы балалар тәрбиесіне, ұрпағының саналы болып өсуіне жіті көңіл бөлген. Бұл ұғымды саналы ұғынған қазақ халқы ұрпақ тәрбиесін бала дүниеге келген күннен бастаған. Мұндай тәлім-тәрбие жүргізу ерте кезден қазірге дейін жалғасып келе жатқан құнды дәстүріміздің бірі. Мұны, әрине, қазақтың қазыналы ауыз әдебиеті үлгілерінен көре аламыз. Рухани-адамгершілік тәрбиені түрлі әңгіме өткізу, рөлдік ойындар жүргізу, кішігірім топтармен жұмыс істей білу, өмірлік жағдайлар туралы түрлі әңгімелер құрастыру, сурет арқылы бейнелеу, әңгіме оқу, оқыған мәтінді және көрген фильмдерді талдау арқылы іске асыруға болады. Тәрбие жұмысында ертегі кейіпкерлерін, сондай-ақ түрлі қуыршақтарды да ұстаздар тиімді пайдаланады. Сонымен қатар балалардың ішкі жан дүниесіне әсер ететін жүрек (көңіл-күй) тәрбиесін дамытудың жолдарын да қарастыруда мағынасы жағынан терең жаңылтпаштарды жаттатқызу да абзал екен. Себебі баланың тілі ғана дамып қоймай, ондағы айтылған ой туралы өз пікірі қалыптасып, оң мен солын да ажырата алатын болады. Жаңылтпашты жаттап қана қоймай, өзгеге күлкі болмау үшін қоршаған ортада қандай әдеттер мен қылықтар, іс-әрекеттер құпталатынын, ал қай істердің келемеж бен күлкіге қалтыратынын болашақта есте сақтап біле жүреді. Осыдан жас жеткіншектердің мінезі қалыптасып, айналасындағы қоршаған әлеммен дұрыс қарым-қатынас жасаудың жолдарын қарастырып, іздестіретін болады. Олар өзін-өзі құрметтей және бағалай білуге баулиды және өзгелерді құрметтеу арқылы жауапкершілікті сезінеді.

Мен тіл арқылы адамзат тілдесудің үлкен мүмкіндіктеріне қол жеткізеді, қарым-қатынасын біріктіреді, күшейтеді және көзқарастарын қалыптастырады, дүниенің қыр-сырын танып білуге жол ашады деп түсінемін. Сондықтан тілдің дамуына, әсіресе мектеп жасына дейінгі бала тілінің дұрыс қалыптасуына ерте бастан ерекше мән берген жөн. Әр түрлі тілдік кешігулер, бала тілінің даму кемістіктері оның іс-әрекетіне және мінез-құлқына әсер етеді. Тілдік

ақауы бар балалар өз тіл кемістіктерін сезініп, ұялшақ, момын, бірбеткей болып келеді және құрбыларымен тез қарым-қатынасқа түсе алмай қиналатын болады. Арнайы мамандардың тексеру нәтижесі бойынша бұл жастағы балалардың көпшілігінде әр түрлі тілдік ақауы барлығы білінеді екен. Мұнда тіл ақауының төмен жағдайдағы деңгейі, баланың мектепке барған кезінде өте айқын көрінеді. Мұндай жағдайда тіл мәселесі туындап, баланың толық білім алуына үлкен кедергі келтіреді. Мұның бәрі балалардың тіл кемістігі дер кезінде анықталмағанын және дұрыс қалыптаспағандығын көрсетеді. Келе-келе бұл тек бір адамның ғана емес, қоғамның кеселіне айналуы мүмкін. Оның жолын болдырмауды ертеректен қамдану керек деп түсінемін. Мен өзім мектеп оқушысы болғандықтан тілінде кемістігі бар достарымды бала-бақшадан да, мектептен де кездестірдім. Оған күлмедім, келеке етпедім. Бірақ олардың бірталай қиналатындарын көрдіп жүрдім. Біздің отбасымызда менен кейін екі сіңлім мен бауырым бар. Бауырларымның тілі дұрыс шығып, бала-бақшаға және мектепке барғанда тілдік кемістіктері болмаса екен деп тілеймін. Және менің анам бастауыш сынып мұғалімі. Оның сыныбына сөйлеу тілі жағынан кемістігі бар оқушы келсе, үнемі балаларға арналған түрлі кітаптарды ақтарып әр дыбысқа байланысты жаңылтпаштар іздейтінін жиі бақылаймын. Кейде анама өзім қажет жаңылтпаштарын іздеп тауып беретінмін. Содан бастап мен жаңылтпаштарды оқып, зерттеп, мазмұнына үңіліп қарасам, жаңылтпаш – әрі ойын, әрі өлең, әрі сабақ екеніне көзім жетті.

Сурет 1

Сурет 2

Содан бастап бауырларымның тілін жетілдіру үшін жаңылтпаштарды реттеп, оны көркемдеп басып жинақ құрастырдым. Күнде кешке сіңлілеріммен бірге де, жекелей де жаңылтпаш оқып, жаттап жүрміз. Тек жаттап қана қоймай, олардың мазмұны мен мағынасын да ашып беруге тырысамын. Кейде бір жаңылтпашты

үш қайтара айтамыз деп қыран-топан күлкіге қалатынымыз да бар. Жасаған жаңылтпаштар жинағым көркем және әдемі болып шықты. Бұл жинақты сыныптас достарым да пайдалана алады.

Жаңылтпаш – астарлы сөз, әсем жыр. Жаңылтпашта қарапайым халықтық тіл өрнектеледі. Олай болатын себебі – белгілі бір құбылыс, зат жаңылтпашталғанда, оның сипатын, кескін-кейпін, мейлінше түсінікті тілмен беру көзделеді. Жаңылтпаш – бала тілін дамыту құралы. Жаңылтпаш ықшамдылық талабына мейілінше бұлтартпастай жауап береді. Жаңылтпаш қай жанрға болса да ортақ, ағайындас есепті, солардың бәрімен де қатар дамып, халық ойының данышпандық асыл қазыналарын өз бойына жинаған мұра.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дәуітұлы Т. Жаңылтпаш - тәрбие құралы / Ұлағат. 2009. - 130-136 бб.

2 Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. 1-том. Алматы 2002 ж.

3 Жаңылтпаштардың әдеби жанрлық қызметі. http://baq.kz/kk/blog/article.

4 Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы, 1998 ж

5 Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том, 1948 ж., 23 б.

ПЕРЕВОДЫ ЛИТЕРАТУРНОГО НАСЛЕДИЯ АБАЯ КУНАНБАЕВА НА МИРОВЫЕ ЯЗЫКИ

ТУГАМБАЕВ К. М.
учитель английского языка, СОШ имени К. Макпалеева, г. Павлодар
КРИВОНОГОВА А. Ю.
ученик 9 «А» класса, СОШ имени К. Макпалеева, г. Павлодар
МҰРАТБАЙ Б. Қ.
учитель специальной организации образования, СОШИ № 4, г. Павлодар
МҰРАТБАЙ Д. Қ.
ученик 11 «А» класса, СОШ № 37, г. Павлодар

Абай Кунанбаев – великий казахский поэт, просветитель, философ и общественный деятель второй половины XIX века. Его популярность в современном Казахстане неоспорима. Казахский народ почитает Абая, гордится им и отдает дань уважения. Память об Абае поддерживается на государственном уровне. Его произведения изучаются в учебных заведениях. В отечественном литературоведении развивается отдельное

направление – абаеведение. Философское эссе, стихотворения, поэмы Абая периодически издаются не только на казахском языке, но и на языках стран ближнего и дальнего зарубежья. Наряду с казахстанскими учеными важный вклад в изучение поэтического и прозаического наследия Абая вносят литературные критики, ученые литературоведы, писатели и поэты из стран ближнего и дальнего зарубежья. В связи с этим произведения Абая занимают важное место в процессе зарубежного восприятия казахской литературы [1].

К сожалению, имя Абая Кунанбаева и его произведения долгое время оставались неизвестными для мировой, и особенно, европейской общественности. Впервые переводы на иностранные языки отдельных стихотворений Абая появились в 50-е годы XX века. Например, в 1951-1955 годах в печати появилось несколько его стихотворений на монгольском языке. На китайский язык произведения Абая переводил профессор Ха Хуаньчжан, пишущий под псевдонимом Хабай. Еще в 1950 году он осуществил перевод поэмы «Искандер» на китайский язык. В 1958 году он перевел две другие поэмы Абая, которые вместе с первой были изданы в форме сборника «Абай. Три поэмы». В области перевода творческого наследия казахского поэта в Китае профессор Хабай сделал многое. Ему принадлежат переводы почти всех произведений Абая, которые появились на свет на китайском языке, а также он является автором ряда статей об Абае. Следует отметить, что в Китае произведения Абая получили распространение еще в 20-30-е годы XX столетия благодаря общению китайских казахов со своими сородичами из Казахстана [1].

При жизни Абая было опубликовано немного его произведений. Учитывая, что скончался Абай Кунанбаев в 1904, а пик популярности его произведений пришелся на 50-е годы XX века. Такое долгое «забвение» творчества Абая Кунанбаева, мы полагаем, произошло по причине того, что поэт писал на казахском языке, но из под пера стихи выходили арабской вязью. Пик публикаций произведений Абая Кунанбаева приходится на 50-е годы, после выхода в свет книги Мухтара Ауэзова «Путь Абая».

Понятно, какое огромное значение имеет перевод произведений Абая на другие языки народов бывшего Советского Союза и, в особенности, на русский язык. Ведь с русского языка осуществляются переводы произведений всех лучших поэтов и писателей прошлого и настоящего России на иностранные языки. В 70-е годы XX столетия творения Абая появились на английском,

немецком, арабском, венгерском языках, но это были опять-таки отдельные стихотворения великого казахского поэта [2].

Задача переводчиков произведений Абая заключалась не только в том, чтобы дословно перевести казахский текст на русский язык. Русский читатель хочет иметь такой перевод, который соответствовал бы художественным достоинствам оригинала. Понятно, что переводчик должен глубоко понимать мастерство оригинала, знать эпоху, в которую появилось то или иное стихотворение, уметь «войти в мир» его автора. Именно потому говорят, что переводчик в стихах — не раб, а соперник поэта.

В процессе сопоставления произведений Абая на английском языке с подлинником прослеживается художественно-эстетическая оторванность перевода стиха на уровне поэтического текста. К примеру, в переводе лирического произведения Абая «Осень» мы наблюдаем различные способы звуковой организации стиха, которые возникают из-за различий в строении языка [3].

Кемпір-шал құржаң қағып, *бала бүрсең,*
Көңілсіз қара суық *қырда жүрсең.*
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, *қайда көрсе*ң.
Күзеу тозған, оты жоқ *елдің маңы,*
Тұман болар, жел соқса, *шаң-тозаңы*.
От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан қазақтың *құрысын заңы* [4].

В переводе на русский язык эти поэтические строки звучат следующим образом:

Дуют ветры, становится все *холодней,*
Стужа мучает и стариков и *детей.*
Псы голодные ловят мышей полевых,
Не найдя, как бывало, объедков, *костей*.
Ветер пыль поднимает – над степью *черно*.
Осень, сыро. Но так уже *заведено* –
Плох обычай! – нельзя разжигать очаги,
В наших юртах теперь неуютно, *темно*.

Перевод на английский язык:
Winds blow. With every day it gets colder:
young children and old men complain bitterly.
Not finding the usual scraps and bones,

village dogs chase after field mice.
The winds are kicking up dust, darkening the skies
over the steppe. Inside it is cold and damp.
But such is our melancholy custom:
no fires may be lit in the dreary yurts.

В переводах отчетливо видны различия рифменной системы. Абай применил традиционную систему рифмования: ааха, ббхб и т.д. В русском тексте сохранены способы рифмования оригинала, но они не выполняют ту функцию, которая была в произведениях Абая. В английском же тексте мы наблюдаем совершенно другую ситуацию.

Свойство казахской поэзии чрезвычайно сложно передавать на ином языке. К примеру в последнем четверостишии Абая ключевые слова неслучайно использованы в качестве рифменных повторов «елдің маңы», «шаң-тозаңы», «құрысын заңы». А в переводах, фактически, утрачен подтекст оригинала.

А вот другой перевод этого же отрывка, выполненный Ричардом МакКейном:

The old men are frozen, the children too.
The autumn cold bites harder and more cruelly in the sad auls.
The dogs can't wait for the scraps and bones,
They go after mice, and you can hear their barking and fighting.
Pastures are bare, grass downtrodden.
The wind sweeps up the dust from the arid pastures.
Indoors it's unheated and unwelcoming.
Curse this life spent in terror from soot and smoke.

Даже не владеющий английским языком человек увидит, что ритм и размер стиха различны, также различны и слова в переводе стиха. В переводах поэзии Абая на английский язык часто используются такие виды трансформации, как добавление слов, дополнение, перестановка.

Творчество Абая, как известно, глубоко связано с традицией тюркского восточного классицизма, рифменные каноны восточного стиха глубоко переплетены со структурой бейта, который и определяет жанровую принадлежность произведения. Рассмотрим отрывок из стихотворения «Зима»:

Қар тепкенге қажымыс қайран жылқы
Титығы құруына аз-ақ *қалды.*
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, қор қылма итке *малды*.

Соныға малды жайып, күзетіңдер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз *қамалды*!
Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,
Құр жібер мына антұрған кәрі *шалды*.

Как видим, в оригинале рифмованы только четные строки, как в восточном бейте. Абай фокусирует внимание читателей на сквозных рифмах: *қалды - малды - қамалды - шалды* и т.д. Рифменная система в поэзии Абая отражает не только его широкий словарный диапазон и лексические пристрастия поэта, но и идейно-тематическое своеобразие его творчества, особенности художественного стиля и эстетические позиции. При переводе чрезвычайно тяжело сохранить формальные свойства оригинала. Они обусловлены художественно-эстетическими проблемами. Русский вариант перевода, имеющий рифмовку ааха и приближенный к оригиналу, благодаря рифме - предикату, до конца не сохранен:

Конь разбить безуспешно пытается *лед,*
И голодный табун еле-еле *бредет*.
Скалит жадную пасть волк - приспешник зимы,
Пастухи, день и ночь охраняйте свой *скот!*
Угоняйте на новое место табун,
Не беда, если вам не придется *поспать,*
Лучше вам с бедняками делиться скотом!
Не давайте волкам средь степей *пировать!* [5].

При переводе, за исключением отдельных случаев, авторы не сумели сохранить стиль Абая. Можно сказать, что столько стилей, сколько переводчиков.

Конечно, исследуя переводы произведений Абая на русский язык, мы видим, что многие из них не являются точной копией оригинала. Поэзию Абая переводили лучшие поэты и прозаики XX века. Герольд Бельгер, Давид Бродский, Всеволод Рождественский, Вера Звягинцева, Ауэзхан Кодар, Бахытжан Момышулы, Сейльбек Тлеубаев, Марат Адибаев, Аркадий Штейнберг, Михаил Луконин – вот лишь неполный список тех авторов, чьи замечательные переводы позволили увидеть Абая в новом, блистательном свете.

Хорошим доказательством этого является перевод стихотворения Абая «Дорогой долгой жизнь водила», выполненный Л. Озеровым.

Абай пишет (даем точный прозаический перевод первой строфы):

Далеко завела меня жизнь.

Осталось лишь войти мне в могилу.
Но есть язык мой,
Слова мои, в них чистое лето без мошек.
Только слушатель мой непонятлив, глух.
Судьба такого мне дала.

В переводе Л. Озерова:
Дорогой долгой жизнь водила.
Осталось лишь одно – могила.
Но мой язык еще мне друг,
Мои слова, что зной без мух
Но слушатель мой слишком глух –
Судьба такими наделила!

Сравнение этих строк показывает, что смысл и оттенки стиха переданы точно и поэтично. Таковы же русские тексты произведений: «Всем пресытиться может душа», «Зима» (перевод В. Рождественского), «Поэзия – властитель языка» (перевод В. Звягинцевой), «Не для забавы я слагаю стих» (перевод Д. Бродского), «Разве не должен, мертвый, я глиной стать?» (перевод М. Тарловского), «Ты – зрачок глаз моих» (перевод М. Петровых). В них переданы все особенности абаевского стиха, его яркий, образный язык. Сохраняя специфику образного мышления казахского поэта, переводчики нашли в богатых сокровищницах русского языка слова, и образы, верно передающие мысли и настроения оригинала. В приведенных стихах переводчики стремятся также сохранить особенности звуковой инструментовки стихов Абая, что им иногда удается. Наиболее показательным в этой связи является перевод стихотворения «Пока твой развернутый стяг…», выполненный А. Штейнбергом.

Пока твой развернутый стяг
Победно не выхватил враг,
Пока не пятнал тебя знак
Позора средь стычек и драк,
Пока ты красуешься так,
Пока твое сердце – маяк,
Пылает алея, как мак,
Пока ты всем веришь, добряк… [5].

Таких примеров, где точно передаются все интонации и оттенки подлинника в сборнике можно найти немало. Удачу таких переводов можно объяснить тем, что авторы их стараются найти

поэтические эквиваленты в русском языке, подчинить образные средства достоинству оригинала.

Большинство книг с произведениями Абая на языках мира вышло в 1995 году, когда на мировом уровне под эгидой ЮНЕСКО праздновалось 150-летие Абая Кунанбаева. Процесс перевода произведений Абая на иностранные языки продолжается и в XXI веке.

Отзывы иностранных литераторов о произведениях Абая вносят неоценимый вклад в историю казахской литературы, поскольку они представляют объективный вклад со стороны. В своих публикациях и выступлениях они обращают внимание на жизнь и творчество казахского поэта, представляя при этом читателям своей страны и казахский народ с его историей, культурой и образом жизни. По мнению иностранных литераторов Абай Кунанбаев является классиком не только казахской, но и всей мировой литературы.

Переводы поэзии и прозы Абая изучались в разных аспектах, но специально - в сравнительно-сопоставительном плане - они не рассматривались, хотя и существуют уже на многих языках мира. Исследуя творческое наследие Абая, и переводчик, и теоретик более глубоко постигают основной смысл его прозы и лирики, их эстетическое богатство. Творческое восприятие, научное осмысление и глубинный всесторонний анализ – главные инструменты в постижении абаевского текста, конкретизации основных художественных приемов поэта. В переводах поэзии Абая на родственные языки произведения Абая зачастую передаются посредством транскрипции оригинала. Передается не языковое значение, а смысл фразеологизма. Фонетические принципы русского, казахского, английского языков имеют большое структурное разнообразие. Если система русского стиха является силлабо-тонической и тонической, то стих в английском языке основывается на чередовании на ударных и безударных стоп. В русских словах причастия, деепричастия, имена прилагательные несколько длиннее. По этой причине размеры стихов не совпадают; – в английском языке переводчики часто прибегают к методу сообщения и описания, поэтому – художественная цельность, творческая индивидуальность поэта, особенность его мышления не имеют должного отражения в иноязычных переводах. В исследованных нами примерах отсутствует образность, эстетика, художественность. Возникает необходимость научного обоснования требований, предъявляемых к переводу наследия Абая на русский,

английский языки и языки родственных народов с точки зрения современного переводческого дела. [8].

В заключении хотим привести слова казахстанского переводчика, прозаика, публициста, литературоведа Г. К. Бельгера: «Выход в свет книги составителя и переводчика М. Адибаева – это значительный шаг к освоению творческого наследия Абая Кунанбаева». Г. К. Бельгер в своей статье «Почему трудно переводить Абая?» пишет: «я не исключаю, что именно русскоязычный казахский поэт, дерзкий и бесстрашный, преодолев робость, воссоздаст когда-нибудь достойно Абая на русском языке. P.S. Основные положения моей статьи были сформулированы более десятка лет назад. И вот, кажется, предчувствия мои оправдались. Хороший шаг в освоении, воссоздании поэзии Абая на русском языке сделан» [4].

Таким образом, творчество Абая Кунанбаева сыграло значительную роль в процессе формирования международных литературных связей казахского народа с другими народами мира.

В год празднования 175-летия великого казахского мыслителя – Абая, хочется надеяться, что и другие его произведения будут переведены на языки мира.

ЛИТЕРАТУРА

1 Жетписбаева Б. Приближаясь к Абаю…/ Б. Жетписбаев // Книголюб. – № 85. – 2005. – С. 41–43.

2 Проблемы современного сравнительного литературоведения // Под редакцией Вишневской Н. А. и Михайлова А. Д. – М. : ИМЛИ РАН, 2004. – С. 23–27.

3 Адибаев М. Х. Двадцать стихотворений Абая. – Алматы, 2005. – 286 с.

4 Бельгер Г. Почему трудно переводить Абая? – http://abai-inst.kz/rus/?p=150.

5 Абай Кунанбаев. Стихоторения. Поэмы. Проза. – М. : ГИХЛ, 1954. – с. 116.

6 Абай Кунанбаев. Стихотворения. Поэмы. Проза. – М. : ГИХЛ, 1954. – с. 257

7 https://e-history.kz/ru/publications/view/3596

8 https://cyberleninka.ru/article/n/tvorchestvo-abaya-kunanbaeva-v-zarubezhnoy-retseptsii/viewer

9 https://articlekz.com/article/23334

10 https://e-history.kz/ru/publications/view/3596

11 http://abai.kaznu.kz/rus/?p=178

АҚ ТІЛЕКТІҢ БЕЛГІСІ – БАТА

ЭРГЕШОВА С. Х.
қазақ тілі пәнінің мұғалімі, Хамза атындағы № 108 ЖОББМ, Шымкент қ.
ПОЛАТОВА Д. О.
5 сынып оқушысы, Хамза атындағы № 108 ЖОББМ, Шымкент қ.

Батаменен ел көгерер,
жаңбырменен жер көгерер.

Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде, елдің рухани қазынасында бата сөздердің мән-мағынасы, қадір – қасиеті айрықша бағалы. Өйткені, қанымызға сіңісті, жанымызға жұғымды, ой-санымызға нұрлы шуақ сыйлап, сілкіндіріп серпілтетін, марқайтып қанаттандыратын осынау ақыл, нақыл сөздер – тәрбиенің бастау бұлағы. Аталардың қасиетті өсиеті – ғасырлар бойы мысқалдап жиналып, ақыл елегінен өткізіліп тексерілген өмір тәжірибесінің, тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже – қағидасы іспеттес.

Халқымыздың өзі «Жаңбырменен жер көрегеді, батаменен ер көгереді» деп тегін айтпаса керек. «Жақсы сөз – жарым ырыс» екеніне сенген халық батаны әрбір жақсылықтың бастауы деп есептейді.

Бұрынғы ата-бабаларымыз батаны тәрбиенің қайнар көзі деп танып, оған үлкен мән берген. Ал қазіргі кезде сол жақсы дәстүрдің қадір-қасиеті жете бағаланбай жүр. Оның үлкен тәрбие құралы екені ескерілмей барады. Сондықтан, мен сол дәстүрді қайта жаңғыртып, оны өз құрбыларымның түсінгенін қаладым. Екіншіден, елімізде «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданған. Сол бағдарламада және Елбасымыздың Жолдауында халқымыздың мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін дамыту көзделген. Мен соған өз үлесімді қосу үшін осы тақырыпты таңдадым [1, 18 б.].

Бата арабтың «фатеке» деген сөзінің қазақша айтылу түрі. Оның мағынасы – алғыс айту, ақ ниет, тілек білдіру

Құранның бірінші сүресінің аты «фатихадан» туындаған тәрізді. Мұнда Жаратушы мен оның елшісі Мұхаммед пайғамбарға мадақ сөз айтылады. Сонымен бірге «Адамзатты адасушылардың жолына емес, тура, дұрыс жолда жүрушілердің жолына бастай гөр» деген құлшылық тілектер айтылады. Бұдан біз батаны бар жақсылықтың басы деп түсінуге тиіспіз. Өйткені, халықтың ұғымында бар жақсылық Аллаға құлшылық жасаудан, оны

мадақтаудан басталады. Мәселен, бұрыңғы ата-бабаларымыздың бата сөзіне үңіліп көрсек, онда барлық бата-тілектің басы бір Алланың атымен басталады. Мысалы,

Әуелі Алла оңдасын,
Қыдыр баба қолдасын! – деп басталатын бата түрлері көп.
Немесе,
Құдайым жарылқасын,
Бақ қарасын,
Қыдыр дарысын! – деген сияқты бата сөздері бар.

Алдымен, Алланы еске алып, одан кейін күнделікті тірлігіне жарылқау тілеген халық, батасының тек кетпейтінің, одан қандай да бір жақсылық болатының білген, оған сенген, бар жақсылықтың кілті Алланы ауызға алудан бастаған – батада деп ұққан.

Қазақта батаның түрі тым көп. Әр адам өз білгенін айтса болады. Бірі – «батыр бол» десе, бірі «бай бол», «ақылды бол», «ақ сақалды сары түсті шал бол», тағы бірі «бәледен сақта», – дейді [2, 45 б.].

Бата – біздің дәстүріміздегі үлкен ұғымдардың бірі. Ол халық үшін өте қажет және оны дұға деп те түсінуге болады. Қазір діни баталар көп айтылады. Батаның бұл түрінде «Жамбылдың жасын берсін, Абайдың басын берсін» деген сөздер айтылмайды. Алланың атымен басталып, ислам жүйесімен өрнектеледі.

Ақ бата көптеген жағдайларда беріледі. Нәресте дүниеге келгенде, сүндетке отырғанда, меткепке барғанда, үйленіп келін түсіргенде,наурыз бата, ораза айт батасы, сапар бата, қыз ұзатқанда бата беру қалыптасқан дәстүр. Жолаушы жолға аттанарда, аңшы аңға шыққанда, адам қан майданға немесе қажылық сапарға аттанарда берілетін сәттілік пен жеңіс, табыс пен амандық тілеу баталары болған. Бие байлағанда шөп пен егін науқаны басталарда берілетні батаға ерекше көңіл аударған. Ал жаңа қонысқа көшкенде, автокөлік алғанда берілетін батаның жөні бір бөлек. Ұлыстың ұлы күнінде айтылатын бата ең үлкен бата деп есептелген. Бұдан басқа ас қайырғанда дастарханға бата жасау ырымы бар. Жақсы іс бастарда берілетін ықылас – ниет бата адамды шабынаттандырып, үлкен табысқа жетелейді. Үлкен кісілер немесе кез келген адам біреудің қайырымдылығы мен жақсылығы, ізгі қызметі үшін, тілегін немесе аманатын орындағаны үшін алғыс түрінде бата береді. Ол көбінесе «Құдай алдыңнан жарылқасын», «көсегең көгерсін», «қатарыңның алды бол», «ғұмырың ұзақ болсын», «таудай бол» деген ризалық пейілмен айтылады [1, 115 б.].

Бұрынғы кезде батаға үлкен мен берген. «Баталы ер арымас, батасыз құл жарымас» деген қанатты сөздің қадір – қасиетін түсінген жастар үлкендерден бата алуға тырысқан.

Халық сүйген ер – азаматтарға берілген бата:

Адал болсаң, судай бол!
Су арамды кетіреді.
Мықты болсаң, жердей бол!
Жер жаһанды көтереді.

Қарияларға берілетін бата:

Уа, қария, күйлі болыңыздар,
Ел-жұрттарыңызға сыйлы болыңыздар!
Немере, шөбере, шөпшек көріп,
Тоқсан отау үйлі болыңыздар!
Түндеріңіз тыныш болсын,
Үйлеріңізге ырыс толсын!

Ас бата:

Асың, асың, асыңа,
Береке берсін басыңа!
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа! [4, 45 б.].

Қыз балаға бата:

Талдай бой берсін
Сұңғыла ой берсін,
Жаздай жамал берсін,
Қардай жанар берсін!

Ұл балаға берілетін бата:

Жүсіптің дидарын берсін,
Мұхамедтің иманын берсін.
Жаныңа даланың кеңдігін берсін,
Әзірет ердің ерлігін берсін.
Абылайдың байрағын берсін,
Бауыржан батырдың айбарын берсін!

Сақтық батасы:

Уа, құдайым, тілегімді қабыл ет,
Иманымды кәміл ет.
Тозақта жанған оттан сақта,
Қаңғырып тиген оқтан сақта.
Парақор соттан сақта,
Кірлі сумен жуыстан сақта,

Ынтымақсыз туыстан сақта,
Қаражүрек бақылдан сақта.

Жас бөбекке берілетін бата:

Сәбиіміз сүйкімді болсын,
Өнер-білімге икемді болсын,
Бәйтеректей бойшаңданып,
Өнер, өршіл, өркенді болсын,
Жақсы жолды таңдасын,
Жамандық тәлім алмасын,
Даналардың дәстүрін,
Жаңаласын – жалғасын.

Сапар батасы:

Жолыңды Алла қолдасын,
Жаманшылық болмасын.
Серті мен сөзде тұратын,
Сенімді болсын жолдасың.
Жолыңды кесем дегендер
Ешқашанда оңбасын.

Наурыз батасы:

Үстем болсын мерейің!
Жақсылыққа бас болып,
Ауылымызда ас болып,
Келген Наурыз құт болсын!

Той батасы:

Той тойға ұлассын,
Тойдан кенде қылмасын!
Өлең-жыр боп күндіз-түн,
Ауыл-аймақ жырғасын!
Құтты болып қуаныш,
Еш жамандық болмасын!
Болсын тойың торқалы,
Қуандырсын баршаны.

Шаңыраққа бата:

Шаңырақтарың шайқалмасын,
Бақ-дәулеттерің ортаймасын.
Жаратқан Иең жар болып,
Не сұрасаң да қайтармасын!
Шаңырақтарың сыйлы болсын,
Отбасыларың дулы болсын.

Соқыр Абыздың батасы:

Бай бол, барша мұратыңа жет,
Үбірлі-шүбірлі бол.
Қобыландыдай немере ұлың болсын,
Құртқадай ақылды қызың болсын [1, 45-65 б.].

Төле би бабамыздың Қойгелді батырға берген батасы:

Жүрген жерің жаз болсын,
Айдыныңа қаз қонсын.
Үйқың-күлкің аз болсын,
Мерейің мақтанып,
Елің-жұртың мәз болсын.
Жая берген жапырақ,
Атсын таңың жарқырап.
Әумин!

Бата халқы сыйлап, билік басына келген хан, патшаларға да беріледі. Мәселен, Елбасымыз Нұрсултан Әбішұлы Назарбаев 1991 жылы алғаш рет Президент болып сайланған кезде өзінің таққа отыру рәсімін өткізді. Сонда батаны бүкіл қазақтың данышпан ақыны болған, аты әлемге жайылған ұлы Абайдың ұрпағы ақсақалыШәкір Әбенов:

Аллаға жағам десең – азанды бол,
Ағайына жағам десең – қазанды бол.
Халқыңа жағам десең – әділ бол,
Судай таза, жердей берік бол,
Өмірің ұзақ, аймағын суат болсын.,

Сөзің халқына қуат болсын! - деп бата берген. Осындай аузы дуалы ақсақалдан бата алғын Елбасымыз Қазақстанды үлкен биіктерге көтерді.

Қорыта айтқанда, қазақ халқы бата арқылы өзінің жан-жүрегінде жатқан ізгі тілектерін жеткізіп, бір адамның немесе халықтың тілеуін тілейтін болған. Сондай-ақ, бата беруші қариялар да халық алдында беделін түсіріп алмауға, бата беруге лайық болуға тырысқан.

Теріс бата:

Құдай сені қор қылсын,
Дұшпаныңды зор қылсын!
Жетейін дегенде жер қылсын,
Еңбегіңді сор қылсын,
Басқан жеріңді шөл қылсын,
Көз жасыңды көл қылсын! [5, 3 б.].

Бата сөздерін зерттей келе менің көңілге түйгенім және ұққаным, оның адам өмірінде алатын орнының маңызды екені, тәрбиелік мәнінің зор екені. Мен оның адамды ізгілікке, парасаттылыққа, мейірімділікке баулитынына көз жеткіздім. Ол осы ұлы қасиеттерге бастаушы әрі оларды тудырушы рухани мұра деп түйін жасадым. Бата – халықтың рухани қуат алатын құдыретті сенім күші, бар жақсылықтың бастауы, қайнар көзі екенін түсіндім.

Бұл болашақ ұрпағынан зор үміт күтіп отырған халқымыз үшін өте маңызды.

Қазіргі заман талабына сай өткізілетін той-салтанаттарда бата беру дәстүрін орынды пайдалануда өзіндік пікірімді айтпақпын. Ұлттық салт-дәстүрімізден алшақтамауға, құрметтеуге, жаңартуға шақырамын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Зияда Аманбайұлы, «Әулет аралық естелік», Балқаш, «Гортипография» ААҚ, 2001, - 18 б.

2 Мәжит Кенжеұлы, «Әлтеке, Сапақ шежіресі», «Қарағанды Полиграфиясы» ААҚ, 2003, - 45 б.

3 Нысанбек Төрекұлов, Мұхтар Қазбеков, «Қазақтың бишешендері», Алматы, «Жалын», 1993, - 115 б.

4 Сейіт Кенжеахметұлы, «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», Алматы, «Ана тілі», 1994, - 45 б.

5 Серік Негимов, Тортай Қазиұлы, «Ақ бата», Алматы, «Жазушы», 1992, - 45-65 б.

1 Бата беру дәстүрі қайдан шықты және оны кімдер береді? 12.10.2018. [Электронный ресурс]. - :https://sputniknews.kz/society/20181012/7570543/bata-beru-dastur.html

4 Секция. Тілтаным
4 Секция. Языкознание

ИЗУЧЕНИЕ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ПОИСК ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ ИХ ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА

БАТРКАНОВА А., ДЕКТЕРЮК Ю.
ученики, Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН г. Павлодар
МАШРАПОВА А. С.
научный руководитель, учитель истории,
Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН г. Павлодар

Создание картины мира, образа человека и языка определенной локальной культуры зависит от специфики исторических событий и природных условий. У каждой культуры сформирована своя языковая система, при помощи которой осуществляется коммуникация между ее носителями. Никакая культура невозможна без языка, так как с его помощью люди обмениваются информацией. Благодаря этому происходит социализация, посредством которой человек усваивает культурные нормы и выбирает социальную роль. Именно язык является залогом гармонии, согласованности и стабильности. Люди выбирают язык, который имеет социальные преимущества не только для себя, но и для своих детей. Таким образом языки, которые не используются для достижения общих целей, исчезают. И чтобы определить степень вырождения языка нужно обращать внимание не на то, сколько человек на нем говорит, а на то, как язык передается будущим поколениям и обучают ли ему детей [1].

В Казахстане на использование казахского языка повлияло очень много факторов, преимущественно в северных регионах. Мы считаем, что этому способствовало влияние исторических событий и политических идеологий (русификация), глобализация и геополитическое расположение страны.

Мы хотим выделить некоторые исторические события, которые несколько ослабили позиции казахского языка:

1 Резкий спад численности казахского населения в период голода 30-х годов XX века [2].

2 Волна репрессии и гонений казахской интеллигенции в 30 х гг. XX века [3].

3 Увеличение численности русскоязычного населения в период освоения целинных и залежных земель [3].

Однако, несмотря на идеологическое давление со стороны партии, интеллигенция Казахстана заявляла о судьбе родного языка. С. Муканов с тревогой констатировал, что в северных областях Казахстана «казахский язык, как государственный, уже перестал существовать, оставаясь только чисто бытовым языком». Писатель настойчиво предостерегал, что такая ситуация способна в короткое время распространиться на всю республику. С. Муканов подробно обозначил причины кризиса казахских школ, главной из которых являлось ограниченная возможность применения языка практически во всех сферах экономической, общественно-политической и культурной жизни Казахстана. С. Муканов в своем письме предложил меры по спасению казахского языка:

1 Реальное восстановление его государственного статуса.

2 Введение делопроизводства на двух языках.

3 Установление обязательного знания казахского языка для руководящих работников и специалистов.

4 Улучшение преподавания казахского и русского языка в школах.

5 Расширение и повышение уровня подготовки кадров преподавателей-языковедов [3].

Для получения большей информации о нашей проблеме, мы провели опрос среди жителей из разных уголков Республики Казахстан. В ходе нашего исследования, мы выяснили, что проблема ослабления роли казахского языка на территории Казахстана гораздо шире, чем мы предполагали. Особенно подвергаются этому явлению северные и северо-восточные регионы страны.

Информация была собрана, основываясь на мнениях учащихся и их родителей в разных регионах с помощью анонимного опроса SurveyMonkey. Мы опросили 100 человек со всего Казахстана. Из них казахов – 76, русских – 20, а других национальностей – 2 человека (рис.1).



Рисунок 1

Во-первых, мы можем отметить языковое неравенство. В северных и восточных регионах страны эта проблема стоит наиболее остро из-за того, что численность казахов и русских там практически равнозначна (рис. 1) [4].

И если подрастающее поколение учит государственный язык в учебных заведениях и получает за это оценки, то у более взрослого населения отсутствует мотивация и потребность к индивидуальному изучению языка. Соответственно, дома учащиеся и студенты не практикуют знания, которые они получили в школе или университете. Такая тенденция ведет к тому, что после окончания учебных заведений их навыки владения государственным языком ослабнут, а может и вовсе пропадут. В нашем опросе участвовали люди разных возрастов, из них до 18 лет – 70 человек, 18-25 лет – 12 человек, 25-40 – 4 человека и выше 40 – 14 человек (рис 2).



Рисунок 2

Актуальность и степень использования языка могут определять положение человека в обществе и материальный достаток. Люди выбирают язык, который имеет социальные преимущества не только для себя, но и для своих детей. Как правило язык, в пользу которого делают выбор, является языком обучения в университетах и тот, с помощью которого можно построить карьерную лестницу. Таким образом языки, которые не используются для достижения общих целей, исчезают. Среди опрашиваемых только 12 % разговаривают на казахском языке дома, остальные 88 % используют русских язык. (рис 3). Это происходит из-за рода деятельности или места учебы. Язык, который востребован на работе, чаще всего используется и дома. Как выяснилось, в нашей стране люди используют не только казахский и русский языки, но и английский, что и показал результат нашего опроса (рис 4).



Рисунок 3

27 % обучаются только на казахском языке, 40 % – только на русском языке, 9 % на английском и 24 % обучаются сразу на нескольких языках. Мы считаем, что смешанное обучение наиболее эффективное и играет значительную роль в сохранении языков.



Рисунок 4

Во-вторых, опрашиваемые сами отмечают, что чувствуют спад тенденции к использованию государственного языка. Это выражается в степени использования языка в кругу семьи и друзей, в процессе обучения и на работе. По результатам нашего опроса, мы выявили, что 34 % действительно обеспокоены проблемой, 44 % процента частично это чувствуют и 22 % не замечают этого (рис 5). Также мы задали вопрос о причинах того, что мы мало используем казахский язык. Они отмечают многонациональность государства, распространенность русского языка, сниженная востребованность в образовательной среде и незаинтересованность подрастающего поколения в изучении нового языка. Также один из опрашиваемых отмечает: «Я считаю основополагающим фактором степени использования казахского языка является среда жизни человека. Когда я приезжаю каждое лето в Алмату, во мне просыпается маленький казах, с нетерпением желающий поговорить на родном языке. Но вернувшись обратно в Астану, это чувство улетучивается». Что еще раз подчеркивает значимость среды в освоении и использовании языка.



Рисунок 5

В-третьих, большинство людей в Казахстане действительно заинтересованы в том, чтобы возродить былую актуальность казахскому языку. Для этого они предлагают следующее: новые проекты, которые направлены на агитацию, перевод интересных фильмов и книг на казахский язык и внедрение научной литературы на государственном языке в школьную программу. Один из учеников отмечает: «Могу сказать что программа «серпін» действительно как-то изменяет ситуацию в северной части страны. Я учусь в ПГПУ и в основном весь поток людей, которые большую часть времени говорят

на казахском, находятся тут. Окружение всё меняет: если раньше в школе и в общем все вокруг меня разговаривали на русском, то сейчас в моём университете я разговариваю только на казахском».

По результатам нашего опроса, мы можем сделать следующие выводы:

• Подрастающее поколение действительно обеспокоено проблемами, связанными с государственным языком;

• ученики готовы принимать меры и активно участвовать в возрождении казахского языка;

• проблемы с казахским языком действительно актуальны.

К счастью, на сегодняшний день, мы не первые, кого интересует данная проблема. Еще в 1965 г. 16 ноября С. Муканов выступал на совещании в ЦК КП Казахстана, посвященном развитию казахского языка, а еще через две недели направил в ЦК развернутую записку, в которой языковая проблема уже ставилась в более широком контексте национальной политики. [3] Мы находим эти меры очень эффективными и реалистичными и для настоящего времени, но все же они требуют корректировку и адаптацию к сегодняшним реалиям. Мы можем отметить, государство уже предприняло некоторые меры , которые дают результаты уже сегодня. Одним из примеров таких действий является программа под названием «Рухани жангыру». Также мы можем отметить работу такого проекта, как «Серпін – 2050», который функционирует на территории Казахстана с 2014 года и по отзывам опрашиваемых учеников ПГПУ, она действительно эффективна. «Могу сказать что программа «серпін» действительно как-то изменяет ситуацию в северной части страны. Я учусь в ПГПУ и в основном весь поток людей, которые большую часть времени говорят на казахском, находятся тут. Окружение всё меняет: если раньше в школе и в общем все вокруг меня разговаривали на русском, то сейчас в моём университете я разговариваю только на казахском». Мы можем способствовать более активному проведению различных акций в поддержку языка, но также мы видим и другие пути решения. Так как данная проблема больше всего актуальна среди подрастающего поколения, те способы, которые мы предлагаем, ориентированы именно на этот возраст. Во-первых, приложение для телефона. Каждый ребенок в новом времени беспрепятственно может использовать электронную технику, было бы разумно включить в этот процесс и обучение. Во-вторых, перевод популярных фильмов, сериалов и книг на казахский язык. Большинство подростков предпочитают

учить язык посредством просмотров любимых сериалов. Поэтому очень важно дать им такую возможность. В-третьих, перевод и доступность научных источников на государственный язык. В школах дети довольно часто встречаются с проблемой недостачи учебного материала на казахском языке, поэтому им приходится пользоваться источниками на других языках (русский и английский языки), что снижает его востребованность в сфере образования.

В заключении хотелось бы сказать, что использование какого-либо языка напрямую зависит от желания каждого человека и его окружения. Нужно мотивировать молодежь на изучение государственного языка, но не стоит забывать о терпимости к людям, которые только учатся использовать язык. Нередки случаи, когда свободные носители языка не думают о последствиях своей критики в сторону тех, кто находится на начальном этапе изучения, тем самым отбивая у них желание. Поэтому работу стоит проводить не только с теми, кто хочет начать, но и с теми, кто давно разговаривает на казахском языке. Язык - это одна из самых важных составляющих культуры определенного этноса. Национальная культура не может существовать без индивидуального способа коммуникации, поэтому нам стоит беречь родной язык.

ЛИТЕРАТУРА

1 Абдулхаков Р. Р. Проблема исчезновения языков [Текст] / Р. Р. Абдулхаков // Филологические науки в России и за рубежом: материалы II междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, ноябрь 2013 г.). – СПб.: Реноме, 2013. – С. 33-37.

2 Голод в 1932-1933 годах в Казахстане:\геноцид или этноцид? Автор Султан Хан АККУЛЫ директор НИИ «Алаш» ЕНУ им. Л. Н. Гумилева.

3 История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Том 4. Алматы «Атамұра» 2010.

4 Астана. 29 июля. КАЗИНФОРМ - Совещание по обсуждению проекта новой Государственной программы функционирования и развития языков на 2011-2020 годы состоялась 26 июля в Правительстве РК. Презентовал проект министр культуры РК Мухтар Кул-Мухаммед.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ӘҢГІМЕЛЕРІ – АУЫЛ ӨМІРІНІҢ КӨРКЕМ ШЕЖІРЕСІ

ДЕРБЕНЕВА М.
3 «А» сынып оқушысы
НҰРҒАЛИЕВА А. А.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 43 ЖОББМ, Павлодар қ.

«Бейімбет еңбектері жаңа өміріміздің шежіресі еді, биік белесіне енді шыға бергенде үзіліп кетті.»
Ғабит Мүсірепов.

Қалам қызметіне ерте (1912 жылдан) араласқан Майлиннің ширек ғасыр ішінде жазған таңдаулы поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалары біздің бүгінгі сөз өнерімізге қосылған қымбат қазына.

Қазіргі қазақ әдебиетінің негізгі жанрларын қалыптастырып, дамытуға сіңірген ерекше еңбегін, бүгінгі қазақ ауылының жаңа тарихындағы жиырмасыншы-отызыншы жылдардың көркем шежіресін жасауда атқарған айрықша қызметін өз алдына қойғанда, Бейімбет Майлин өзінен кейін қолына қалам ұстағандарға анық екі қырымен танылды. Саңлақ суреткер өлшеулі ғана шығармашылық ғұмырында өлшеусіз еңбексүйгіштігімен «жазушылық – жазу, жақсы жазу, жақсы жаза алсаң, қалам құрғатпай жазу» екенін тынымсыз іс-әрекетімен дәлелдеп кетті. «Әңгіме – шеберлік мектебі» деп Федин айтқандай, құдіретті зергер әрі қысқа, әрі нұсқа новеллалары арқылы шын мәніндегі әдеби шеберліктің мектебін ашып, осы жанрдағы шынайы, тап-таза, мөп-мөлдір реализмнің үлгісін көрсетті.

Қараңғы ауылдағы әлі де шырышы бұзылмаған ескілікті, алуан түрлі әділетсіздіктерді көріп, білімі тайыз, саяси тәжірибесі шағын жас ақынның аз уақыт жете түсіне алмай, толғанған, тосырқанған, тіпті, кейде: «Бұл қалай?» - деп күдер үзіп, торыққан да жайлары болды. Бұл ретте сол кездегі ұлтшыл интеллигенцияның да азын-аулақ әсері болуы ғажап емес. Бірақ ондай сезімдер мен әсерлерден ойшыл ақын, қайтадан өзінің бастапқы сарқылмас қайрат, талабына мінеді, мойымас мықты сенімінен енді еш қашпайды. Ақынның жиырмасыншы жылдардағы шығармалары оның қаламының жылма-жыл төселіп, талантының ұдайы өсіп отырғанын көрсетеді. Тақырыбының ұлғайып, сарынының молайып, ақындық үнінің барған сайын күшейе түскенін аңғартады.

Көркем прозадағы тұңғыш туындысының өзі бірден классикалық үлгіге айналған Бейімбет Майлин өзіне туа біткен, табиғат сыйлаған суреткерлік талант құдіретін сөз өнерінің осы саласында ғажайып күшпен танытты. Сөйтіп, өзінің айрықша қалам қуатын осы жанрды қалыптастыруға жұмсады, өзгеше өрнегін осы жанрға төкті, үздік шеберлігін осы жанрда көрсетті. Әсіресе ол әрі қысқа, әрі нұсқа новеллалары арқылы «қазақтың Чеховы» атанды.

Бейімбет Майлин қалам қызметіне арналған бас-аяғы жиырма шақты жыл ішінде жүзге тарта новелла жазған және бір қызық жері – өлеңдерінен поэмаларын ажыратпағаны секілді, әңгімелерінен повестерін де бөле қарамаған. Мәселен, «Шұғаның белгісін» автор әңгіме деп атаған. Тіпті, бәрінен ұзақ «Қырманда» повесінің өзін «повесть» демей, бір мың тоғыз жүз отыз үшінші жылы, «бес-алты баспа табақтай әңгіме бітіріп беремін» - деп жазады. «Бұл әңгімемде көшпенділермен бірге колхозға кіріп кеткен қылмысты байлардың ашылғанын, олардың қырманмен бірге тазарғанын көрсетпекпін». Демек, оның бүгінде орта көлемді эпикалық түр ретінде талданып жүрген он-он бес әңгімесі әрқайсысында қамтылған оқиға көлемі мен мазмұн тереңіне лайық, идеялық салмағы мен көркемдік сапасына сәйкес өзінен-өзі повесть деңгейіне секіріп шыққан. Бұл да суреткер шеберлігіне саятын шарттылық.

Бейімбет Майлин қазақ прозасына қазына болып қосылған ең таңдаулы әңгіме-повестерінің қай-қайсысында болсын, шындықты оқырманға құр түсіндірмеген, түйсіндірген өмір туралы жай сөйлемеген, сөзбен сурет салып бейнелеген.

Мәселен, «Сексен сом» атты әңгімеде бас кейіпкердің кедей екені айтылмайды, көрсетіледі. «Егеубай ертеңгі шайын ішіп тысқа шықты. Жапырайған қорасының құлап жатқан бұрышы көзіне шалынды. Темір күрегін алып, құлаған шомды үйе бастады. Албарда тұрған көк шолақ ат, күректің тықырымен Егеубайды танып, жем іздеп оқыранып қойды». Осылар жай сөз емес, жанды сурет. Егеубай тысқа шығып еді, көргені – жапырая құлаған қора, мал дегенде көзге ілінгені – жалғыз ат, үйге кірсе – қатыны Егеубайдың тозған киімін жамап отыр, естігені қатынының «Осы үйде бүтін бір түйір шай жоқ» деген сөзі. Оқырманға осы түсіндіруден артық қандай түсіндіру керек?

Үй басына сексен сомнан салық салып, жинауға келгендердің ел ішіндегі пұшайман халі Егеубаймен екі арада болған мына диалогтан ап- анық аңғарылады.

- «Қане, отағасы, ақша шығарыңыз», - деді қара бұжыр.

- Ойбай, шырағым, ақша жоқ!

- Ақша жоқ деген не сұмдық? Біз ондайды есітпейміз!

- Не көрмеген көктұқыл дейсің, жалтаруын қарашы, - деп, жолдасы күңкілдеді.

- Отағасы, ақша тап!

- «Қарағым-ау, соқыр тиыным жоқ, жерден қазайын ба?!» Ақыры бұлар қоймайды, ақша орнына Егеубайдың көк шолағын тартып әкетеді. Осы арадан әңгіме дереу аяқталады да, автор айтар идеяны тағы да «саусақпен нұсқамайды» өзінен-өзі мына көріністен келіп бірақ шығады: «Егеубайдың қатыны екі көзді жаспен бұлап тұр еді:

- Құдай-ау, енді қайда барып күн көреміз?!»

Жоқ, күн көреді. Кедейді тағдыр ылғи зарлата бермейді. Заман жаңарады, адам өзгереді. Ауылдағы ескі мен жаңаның арасындағы күрес толассыз. Әділдік пен жауыздық әрқашан айқаста. Бірақ әйтеуір ақиқат біреу: жамандықты жақсылық, жауыздықты әділдік жеңеді. Осы диалектика әр әңгіменің динамикасына көшкен. Майлин мұрасымен мирас боп ауысар тағы бір өнеге – суреткердің осы шеберлігі. «Кедей теңдігі» – қысқа, бар болғаны үш-ақ парақ әңгіме. Осында Бұқабай деген кедейдің ұзын өмірі үш кезеңде, үш түрлі сипатта және ылғи ғана қозғалыс – өсу, өзгеру үстінде суреттеледі. Он жетінші жылы «үсті-басы далба-дұлба, қолы тілім-тілім бұжыр қара» Бұқабай бұлықсыған Кәрім мырзаның мазағына көніп, оның әкесі Қауқынбайдың тепкісіне төзіп жүрген бейшара малай болатын. Жиырма екінші жылы да «жаяу, үстінде шоқпыт-шоқпыт шапаны бар, иығында жамаулы қап», бірақ бұрынғыдай бұйығы, ынжық емес, біраз пысқан. «Қазынадан ұн келген екен, өзім барып алмасам. Кәрім секілділер жеп қойып, бос қалатынмын», - деп қутың-қутың етеді. Енді мырзаны малай сықақтай бастаған. Ал, жиырма үшінші жылғы сайлауда Бұқабай өзін «пәлен жыл құлданып отын-суын тасытқан Қауқынбайдың мырзасы Кәрімді» азатталған кедейлер арасынан аластап, жиналыстан қуып шығады да, өзі көптің қалауымен ауылнай сайланады. Осының бәрі күшті логикамен өрбіп, қоспасыз шындық қалпында шынайы көрсетіледі. «Айранбай» – терең психологиялық әңгіме. Мұнда қашан көрсең де, көйлексіз, жеңсіз күртеше тонды жалаңаш етіне киіп алып, қабағы бір түрлі тұнжыраңқы, әлденеге кейігендей, әлдекімді түтіп жеп қойғандай болып отыратын Айранбай етікшінің өзімен аталас Кемелбай шонжарға тәуелділіктен біржола бас тартып, енді «қазына асырайды» деп «коммуниске жазылғаны», сөйтіп, кедейдің тұрмысы тұрмақ, санасы қалай «революцияланғаны» бұрылтпас психологиялық дәлелдермен аса нанымды суреттеледі.

Осы секілді шебер жазылған әңгімелердің бірі – «Арыстанбайдың Мұқышы». Бұл да шап-шағын, бас-аяғы төрт-ақ бет. Сөйте тура, осының өзі – кішкене әңгімеге үлкен шындық сыйғызып, ол шындықты шындап қана қоймай, тастан қашалғандай тип, мезгіл мінезіне суарылған характер арқылы шегелей білудің үлгісі.

«Төртбақ, тек көз, шалбар бет қараны көрсең, бұл Арыстанбайдың Мұқышы екен де де, қой. Мұқыш екенін сездіруге өзі де құмар, қызмет басындағы адамды көрсе, шырғалап соның маңынан шықпайды.

- Жақсы келдің, шырағым, сені көруге құмар болып отыр едік, - деп, өзіне жастық қоя, сені мақтай сөйлейтіні де бар.

- Кеңес үкіметінің жұмысына қасық қаным қалғанша дайынмын! - деп белсенділік көрсететіні де бар. Онда да түсіне алмай томырықтық істесең: - Арыстанбайдың Мұқышы дейтін белсенді кедейің мен боламын! - деп төсін қағып қоюдан да тайынбайды. Осының бәрін жаудырса, «Мұқыш осы екен ғой», - деп, өзің де қоя қоясың». Әңгіме осылай басталады. Басы артық бір де бір бөгде сөз жоқ. Сондықтан ықшам, жинақы. Бастан-аяқ солай. Әр сөз өз орнында, ойнап тұр. Портрет қандай дәл: «төртбақ, теке көз, шалбар бет қара». Ежірейген мықыр Мұқыштың сырт кескіні оқырманның көз алдына дір етіп тура қалады. Одан әрі Мұқыштың ұрынып-берінген жабысқақ құлқы мен қимылы суреттеле бере, «қызмет басындағыларды» әбден ығыр қылған екі-үш ауыз үйреншікті жел сөзі келтіріледі: «сені көруге құмармын», «жұмысыңа дайынмын», «белсенді кедеймін». Бәрі өтірік! Шынында, Мұқыш – әкесі Арыстанбай секілді, күні кешеге дейін «осы ауылды бір шыбықпен айдап келген» атқамінер, қу, елжегіш парақор; бүгінде «колхоздан шыққан, жеке шаруа». Баққаны – өсек, ғайбат, іздегені – пәле, жанжал, жұрт арасына ірткі салып, біреуді біреуге соқтығыстырып, атыстырып-шабыстырып жүрген сойқан, жалақор, бұзық. Мұндай алаяқ әр тұста да, әр ортада да бола беретіні мәлім. Соның өз кезеңіндегі бір типтік түрін Бейімбет осылай орасан шебер мүсіндеген. Мұқыш – мықты образ. Майлиннің прозасы, негізінен, ауыл өміріне, оны түбірімен өзгертіп, қайта жасамақ болып өңін айналдырып бара жатқан беймаза мезгіл мінезін бейнелеуге арналған. Мұнда да бас кейіпкер кедей, басым тақырып – кедей тағдыры. Жазушы өзі таныған адам кескінін де, заман келбетін де өзгелерге тек осылар арқылы көркем жинақтап танытты. Сайып келгенде, «Бейімбет Майлин шығармашылығы – дәуіріміздің күнделік жазбалары секілді» (М. Әуезов) көрінетіні де «Бейімбеттің бір жылғы әңгімелерінің басын қосып, жинақ

жасаса, олар үлкен кезеңнің сырын да, сынын да сипаттайтын роман тәріздес» (С. Мұқанов) болатын себебі де сондықтан. Осы тұжырымдардың дәлдігі бар, яғни Майлин мұрасы дұрысында да өз дәуіріндегі өзекті шындықтың көркем шежіресі. Жазушыдан қалған мұраның мирасқа айналуы сөзсіз.

Бейімбет Майлин лексикасында теңеулер, эпитет, метафоралар мол. Әрбір қимыл, әрбір көрініс, әрбір құбылыс жалаң берілмей, үнемі тапқыр теңеу, ұтымды эпитеттер арқылы келеді және Майлин теңеулерінің барлығы дерлік халықтың ұғымына қонымды, оның тұрмысында, әдетіне, ғұрпына байланысты жатады. Өйткені, өз халқымен біте қайнасып, бірге өскен ақынның басқаша жырлауға, халық ұғымына қонымсыз теңеуді, сөз нақысын, ой өрнектерін басқаша беруі де мүмкін емес. Эпитет, теңеу, метафоралары қай-қайсысы болмасын, кейбір натуралистік жайларын былай қойғанда, ақын бұқара халықтың эстетикалық сезімінің жеткен биігі тұрғысынан шығып отырады. Сұлулық, әдемілік сол ақын өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаның ұғымы тұрғысынан беріледі.

Бейімбет Майлин – аса ірі талант иесі. Ол қазақ әдебиетінің барлық жанрында үлкен еңбек сіңіріп, осы әдебиеттің негізін салушы, үлкен тірегінің бірі болды.

«Бейімбет Майлин еңбектері жаңа өміріміздің шежіресі еді, биік белесіне енді шыға бергенде үзіліп кетті», - деп Ғабит Мүсіреповтің айтқаны шындық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Серік Қирабаев «Революция және әдебиет» Алматы «Жазушы»

2 Прозашы ақын. Бейімбет Майлин туралы естеліктер. – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1994 жылы.

3 Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы, 1981 жылы.

4 Бес томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы, 1983 жылы.

5 Жұмалиев Қ. Жайсаң жандар. – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1969 жылы.

6 Қаратаев М., Нұртазин Т., Қирабаев С. Қазақ совет әдебиеті. – Алматы, «Мектеп» баспасы, 1968 жылы.

7 Қазақ поэзиясының Құлагері. / / Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1970 жылы.

8 Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы. – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1976 жыл.

ҚАЗІРГІ СӨЗ ҚОЛДАНУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЖАНАТОВА А. А.
9 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Тілдік қарым-қатынастың белгілі бір жағдаятына қарай, сөз саптау этикасын сақтай отырып, коммуникативтік мақсатқа тиімді түрде жетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндей тілдік құралдарды талғау, саралау, олардың басын қосып, біріктіру әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормалары негіз болатындығын сөз етіп көрейік.

Тілдік норманың негізгі сипатын ашуда **тілдік жүйе – тілдік норма** параллеліне сүйену, әрине, жеткіліксіз, сондықтан профессор Р. Сыздық **тілдік жүйе – тілдік норма** – узус үшендерін бірлікте ала отырып, «узус» деген ұғымды тілдік жүйеден ауытқып кеткен, бірақ дағдыға айналған құбылыс» деп таниды Мысалы, мынадай сөздерде тілдік «жүйе» мен «узус» сәйкеспейді: - *тұса – тұсаула емес, ертте – ерле* емес, *тізерле – тізеле* емес, *келтір– келдір* емес, *қозда – қозыла* емес, *сөйле – сөзде* емес. Тілдік жүйе мен норма сәйкес болса, ерле, тізеле, қозыла болар еді [.Бұл жерде жүйеге сәйкес болмаса да, тілдік узус норма деп танылады.

Тілдік қарым-қатынас кезінде «іріктелген», «тұрақталған», «уақыт сынынан өткен» қолданыстағы жүйелер белгілі бір себептен «бұзылып» жатады. Сөз субьектісі реципиентке әсер, ықпал етудің тілдік, риторикалық, стильдік тәсілі мен амалы ретінде сөзді тіркеспейтін сөздермен тіркестіруі, сөзді әдеттегі, үйреншікті мағынасынан өзгеше мәнде жұмсайды, фразеологизм, паремологизмдердің тұрақты құрылымын «бұзып» қолданады, сөзді түрленбейтін қосымшалармен түрлендіреді, орфографиялық, орфоэпиялық тәртіптен ауытқиды. Сөйтіп автор реципиенттің мәтінді қабылдау үрдісіндегі (процесіндегі) автоматизмді «әлсіретуге» тырысады. Белгілі бір мақсатты көздеп, нормадан ауытқуды прагматикалық ауытқу деп аталды.

Сөйлеу тілі – әдеби тілдің бейресми жағдаятта қолданылатын, адресант пен адресаттың тікелей қатысуымен диалог түрінде жүзеге асатын ауызша түрдегі (спонтанды) машықты сөз. Осы сипатына байланысты сөйлеу тілін бейресми дискурс деп атауға болады Қарым-қатынастың бейресмилігі, ситуацияға тәуелділігі, машықтылығы (спонтанность) сөйлеушілердің әлеуметтік рөлі, психологиясы, эмоциялық күйі сөйлеу тілінің құралымдық сипатының күрделі екенін танытады.

Сөйлеуші өзінің сөзі арқылы өзіндік тұлға екенін таныта алады. Коммуникативтік мүдделілік, адресатқа икемделу, сөйлеушінің коммуникативтік діттемін түсіну, сөз ситуациясына байланысты тілдік, тілдік емес қатаң талаптарды орындау диалогтің ойдағыдай болуының шарты.

Тіл мәдениеті қамтитын тілдік норманың 3 түрі:

1 Тілдік норма (лексика, сөз жасамдық, грамматика, дыбысталу нормасы).

2 Этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері).

3 Коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары). Сөйлеу мәдениеті орфоэпикалық нормаға негізделген.

Тілдік қарым-қатынастың ойдағыдай болуы – сөйлеушінің тілдік құзыретіне ғана емес, коммуникативтік құзыретіне де тәуелді. Коммуникативтік құзыретке мәдени-әлеуметтік нормаларды, сөз әдебіндегі ұлттық стереотиптерді білу, тілдік фактілерді коммуникативтік ситуацияға қарай орнымен жұмсай алу т.б. жатады.

Сөз этикасының нормаларын сақтау сөйлеушінің тыңдаушыға деген ілтипатын, ықыласын танытатын, диалогтің ойдағыдай аяқталуына септігін тигізетін қажетті алғышарттардың бірі.

Сыртқы сөйлеу ауызша, жазбаша болып бөлінеді. Бұлардан басқа ауызша сөйлеудің мынандай екі түрі бар:

1 Диалогтық сөйлеу.

2 Монологтық сөйлеу. Диалогтық сөйлеу – екі немесе бірнеше адамның тілдесуі. Монологтық сөйлеу – бір адамның сөйлеуі, әңгіме, баяндама, лекция және басқа да түрлері кездеседі. Мұнда сөйлеуші бір адам, тыңдаушы – көп халық. Осылайша сыртқы сөйлесу: ауызша диалогтық сөйлеу, ауызша монологтық сөйлеу, жазбаша сөйлеу болып бөлінеді.

Адамның айтқан қандай сөзі де белгілі бір мазмұнды білдіреді және сөйлеушінің, жазушының осы мазмұнға қатынасын көрсетеді. Мұнан туатын қорытынды: сөйлеу ойды білдіріп, іштегі сезімді сыртқа шығарады. Сөйлеудің бұл сипаты – оның мәнерлілігі.

Қарым-қатынас категориясын қоғамдағы субъектілердің (кластар, топтар және тұлғалар) іс-әрекетімен байланысының мықтап орын алыуымен түсіндіруге болады, қоғамдағы субъектілердің қызметінің, тәжірибесінің, қабілетінің, ақпараттың, білімділігінің және іс-әрекеттің нәтижесінің алмаса қолданылуы; тұлғаның және дамуы мен қалыптасуы тікелей жалпы қоғамдағы керекті жағдаяттарға байланысты. Ауызша және жазба категориялары

болмаса қарым-қатынас жүйесі толық іске аспайды. Осыған байланысты қарым-қатынас жүйесін екіге бөліп қарастыруға болады. Бірінші қарым-қатынас типі – **контактілі, екіншісі – дистантілі. Бұл қарым-қатынас түрлерінің өзіндік** ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар. Айталық, контактілі қатынаста сөйлеушілер тікелей уақыт режімінде байланысады, сөйлеуші мен тыңдаушы өзара ым, ираша, интонация арқылы да түсінесе береді. Ал дистантілі қатынаста сөйлеушілер қатар тұрмайды, олардың арасында белгілі бір кеңістік болуы мүмкін. Мәселен, телефон арқылы байланыста адамдар бір уақытта сөйлескенімен, аралары алыс болуымен ерекшеленеді. Сол сияқты хат, түрлі мәтіндер арқылы байланысу да дистантілі қатынасқа жатады. Радиода, теледидарда, ғаламторда бұл қатынас жүйелері алмасып қолданылады. Яғни контактілі және дистантілі қарым-қатынас өзара бірге, жымдаса өмір сүретінін көреміз.

Контактілі қатынас ғаламтор желісінде дәстүрдегіден өзгеше. Желі коммуникациясында контактілі қарым-қатынас техниканың көмегімен іске асады. Яғни веб-камера арқылы екі коммуникант тікелей уақыт режімінде сөйлесе алады. Сондықтан біз электронды коммуникацияны да контактілі қарым-қатынас түріне жатқызамыз. Ғаламтор веб-камерасы арқылы адресат өзінің ойын, пікірін вербалды (сөзбен білдіру) тәсілдермен қоса, сөйлеу үстінде қолданылатын бейвербалды амалдарды да қолданыла алады. Онда фонациялық, кинетикалық тәсілдердің көрінісі ерекше болады. Фонациялық тәсіл арқылы коммуникант екінші коммуникантқа өзінің дауысын, дауыс мәнерін, кідіріс жиілігін байқата алады. Сонымен бірге кинетикалық тәсіл арқылы адресат пен адресант бір-бірінің бет қимылын, қол қимылын, дене қозғалысын да бақылай алады. Бұдан байқайтынымыз, екі коммуниканттың арасында белгілі бір мөлшерде кеңістік орын алғанымен, бұл қарым-қатынас негізінен контактілі коммуникация типіне жақын. Бірақ ғаламтордағі коммуникация жүйесі әрқашан контактілі бола бермейді. Ол көбінесе дистантілі қарым-қатынас жүйесінде көп болады.

Желі коммуникациясында аталып көрсетілген қарым-қатынас формалары техниканың сан қырлы мүмкіндіктеріне байланысты ерекше жүйеге айналу үстінде. Әсіресе тілдің тұрмыстану формасының Ғаламтор көмегімен жасалған қарым-қатынас кезіндегі көрінісі ерекше назар аудартады, себебі, коммуниканттардың барлық репликасы (сөздері) графикалық формада тіркеліп қалады, яғни «жазылады». Бұл фактінің нәтижесінде әртүрлі желілік баспалардың

корреспонденттері мен Ғаламтортің белсенді қолданушылары қарсыластарымен дауласа отырып, желілік қарым-қатынастың ең бір оңтайлы, маңызды ерекшелігінің бірі ретінде эпистолярлы жанрдың қайта өркендеуін айтады. Осыған орай, коммуниканттарға аса қажет қабілет деп жазбаша тілде жеткізу кезінде ойды нақты әрі айқын беру саналады. Дегенмен, тілші ғалымдар (лингвистер) бұндай көзқарасты одан әрі талдамайды, себебі, сөйленіс, тілдің ауызша және жазбаша формасы тек әртүрлі материалдық негіздің болуымен ғана емес, сондай-ақ олардың жеке табиғи болмысындағы әртүрлі ерекшеліктерге байланысты екенін түсіндіреді. Себебі олардың екеуінің табиғи болмысында тілдік көрінісін жарыққа шығару механизмдерінде де айтарлықтай ерекшеліктер болады және оның жүзеге асуы шарттарында да өзгешеліктер байқалады.

Чат-коммуникациясында белгілі бір қарым-қатынасты жеделдету үшін сөздердің графикалық қысқартылған нұсқалары жиі қолданылады. Сөздердің графикалық формасы коммуникантқа дыбыстық формасы жағынан жақын келеді де көбінесе сөздің транскрипциясы сияқты елестетеді. Мысалы: см – сәлем, «сб – сау бол, кс – қалайсың, инет – ғаламтор т.б. Осындай формалар жедел хабарласу жанрында (мысалы, ICQ) қатынас жасау барысында жиі қолданылады.

Вербалды таңбаларға біз кирил және латын стандартындағы әріптерді жатқыздық. Себебі бұлар желі коммуникациясында жиі қолданылатын графемалар. Ал бейвербалды таңбалар деп желі коммуникациясында экспрессияны және эмоцияны білдіру үшін қолданылатын пиктограммалық белгілерді жатқызамыз

Электронды коммуникация қатынасының тағы бір ерекше белгісі – компьютерлік сленгтердің барынша көп болуы. Сондай-ақ компьютер желідегі жазбаша тілдің мөлшерін қарауға мүмкіндік бермейді, себебі, жазбаша тіл компьютерлік заңға сәйкес қатаң нормаланған, реттелген жүйеге салынып отырады. Сөйтіп ауызша тілден ерекшеленеді. Қазіргі таңда ғаламтордағы сленгке арналған түрлі сөздіктер бар. Дегенмен, шынайы өмірде компьютерлік сленг пен қарапайым қатынас арасындағы айырмашылықты табу қиын болып отыр. Себебі Ғаламторпен байланысу адам өміріне әбден сіңіп кеткен. Яғни, желі коммуникация ішіндегі диалогтік және полилогтік мәтіндерде бірнеше рет орфографиялық және пунктуациялық қателер, қарапайым сөйлеу тілі элементтері, белгілі бір стилистикалық норманың бұзылуы, сөйлемдердің қысқаруы, сөздердің орын тәртібінің алмасуы, жеке сөйленістердің ассоциативтік тізбектелуі, дауысты дыбыстардың редукциялануы мол кездеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 260 б.

2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы : Ғылым, 1999. –581 б.

3 Балақаев М. Б. Қазақ әдеби тілі. – Алматы : Ғылым, 1987, – 272 б.

4 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана : Елорда, 2001. – 230 б.

5 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы : Атамұра, 2005. – 272 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

ЖУМАКАНОВА Ж. Е.
9 сынып оқушысы, № 39 ЖОББМ, Павлодар қ.
МИНАП Г.
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, № 39 ЖОББМ, Павлодар қ.

Адам өзге тілді білетін болса, ол рухани бай адам. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымы кеңейеді.

Человек, знающий другой язык, духовно богатый человек, потому что через знание языка он узнает культуру, традиции другого народа, изучая разные языки расширяет свой кругозор.

A person who speaks a foreign language is spiritually rich person. Because learning foreign languages means learning about culture ahd customs of other countries and nationalities. And it also enriches our knowledge.

Тіл – халықтың алтын діңгегі. Өзін-өзі білетін әр халық алдымен өзінің туған тілін сыйлап, мақтан тұта білуі керек. Өйткені халықтың даналығы, жырлары, тарихы сол халықтың тілінде жазылады. Тіл – қай ұлтта болса да қастерлі, құдіретті ұғым. Ол әр адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл – халықтың жан, сәні, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі. Әр халықтың, ұлттың құрмет тұтар өз ана тілі бар. Менің ана тілім – қазақ тілі. Қазақ тілі түркі тілдердің ішіндегі ең таза әрі бай тілге жатады. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. «Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқынын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына», - деп Жүсіпбек Аймауытов ағамыз жазғандай, әрбір азаматтың ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімі болуы керек.

Бала өмірге келгеннен бастап, өз ана тілінде сөйлеп, ана тілінде білім алып, жалпы ұлттық тәрбие алуы керек деп ойлаймын. Себебі өз ана тілінде сөйлеу оған деген көзқарас ең зор адамшылық, мәдениеттілік, тәрбиелілік өлшемі болып табылады. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Елбасы Н. Ә. Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, «мемлекеттің ең басты дүниесі тек ғана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын.

Менің елім – көп ұлтты Қазақстан. Қанша ұлттың баласы бір анадан туғандай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақстанда ұлттар арасында татулық пен бірлік, ынтымақтастық пен достық орнағаны – бәріміз үшін мақтаныш. Бұл - біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының, қазіргі кездегі елімізді басқарып отырған, мемлекет басшысы Қ. Ж. Тоқаеев сынды басшымыздың еңбегінің жемісі.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: «Бір мақсат,бір мүдде,бір болашақ» атты Жолдауында: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз ат салысуымыз қажет» [1, 5 б.] – деген жолдауындағы сөздерін барша қазақстандық құптайды деп ойлаймын.

Қазір кезде елімізде үш тілді білуді қолға алынып отыр. Болашақта бұл үлкен мәселе болмақ. Менің ойымша, егер адам өзге тілді білетін болса, ол рухани бай адам деп ойлаймын. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымы кеңейеді. Сондықтан мен өз замандастарымды «өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» деп ақын Қ. Мырзалиев айтқандай, басқа тілді біле отырып, ең алдымен өз ана тілін оқып, үйренуге шақырамын.

Еліміз егемендік алғаннан бері қазақ тілін оқыту, оның әдістемесін жетілдіру мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Еліміздің осындай мақсат-ұстанымдарына қарай «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық- саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп,

қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айналдыру. Осы құжатта – бағдарламаның бірінші бағытын іске асыру арқылы Қазақстанның барша азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру жүйесін құру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру көзделеді.

Соңғы кездері қазақ тілін оқыту мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында «қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту», «қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту» және «қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту» деген мәселелер көтеріліп жүр. Қазақ тілін ана тілі ретінде оқытуды жетілдіруді де естен шығармағанымыз жөн. Өйткені бұл өте маңызды да күрделі мәселелердің бірі.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы. Елбасы: «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет» дегенді шегелеп тұрып тапсырған еді.

Қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің, мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр [2, 16 б.].

XXI ғасыр – қарыштап дамыған білім ғасыры. Бүгінгі жастардың өмірдің өзінен үйренері көп-ақ. Сондықтан олар мұғалімге, оның өткізген әрбір сабағына сыни көзбен қарайды. Оларды таңдандыру, қызықтыру үшін әрбір сабақ жаңалық болуы керек. Ол көп ізденісін қажет етеді деп ойлаймын. Осы орайда, С. Көбеевтің «Әрине алғырлық та, тапқырлық та, ептілік те, икемділік те, табандылық та қажет. Бұлар оқытушының беделді болуының құралы болуға тиіс. Халық оқытушыны өзінің шын досы, ақыл айтар данасы, қараңғы да сәуле шашар шам-шырағы деп білу керек. Мұның үшін оқытушы ең алдымен өз оқушыларының алдында беделді болуы қажет. Оның бір негізгі шарты – оқытушының өз дәрежесін жақсы меңгерген адам болуы былай тұрсын, оның сабаққа жақсы дайындалуы керек», – деген ұстанымдары қазіргі ұстаздардың бейнесін де көрсететіп отырғаны анық [3, 9 б.].

Қазақ тілін меңгеруге құлшыныстары бар адамдар оны меңгеру үстінде бірнеше мәселелерге тап болды. Біріншіден –

тілді қызықты жолдармен оқыту әдістемесі бар оқулықтарының аз болуы, сонымен қатар, оқушылардың танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту,көру,қимыл және т.б.) дамытуда қолданып жүрген әдіс-тәсілдердің заман талабына сай жетілдіру. Екіншіден, белгілі бір жүйеге келтірілген сөздіктің осы күнге дейін шығарылмауы, үшіншіден, тілді меңгеру үшін қазіргі кездегі шығып жатқан мемлекеттік тілді меңгеру әдістемесіне байланысты белгілі бір қоршаған тілдік ортаға әрбір өзге ұлт өкілінің қол жеткізе алмауында [4, 25 б.]. Осы мәселелерді шешу үшін тиімді жолдарды қарастыру қажет деп санаймын.

Қазіргі уақытта қазақстандық қоғамда ағылшын тілін білу жас ұрпақтың жаңа ақпарат алуында үлкен мүмкіндіктер береді деген пікірмен де келісуге болады. Тәжірибе көрсеткендей, тіл – мәдениеттің кілті, ұлттық бірліктің жалпы механизмі, ұлттың әлеуметтік құрылым болуының басты құралы. «Тілі бірдің – тілегі бір», «тіл тағдыры – ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету – парыз», – дейді Д. Ғаббасова. Сондықтан да, «жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып-білуге деген қызығушылықтары мен ұмтылысын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббатын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу басты міндетіміз болып табылады» – деп жалғастырады осы отандық ғалым [5, 10 б.].

Жоғарыда айтылғандырдың барлығын ескере отырып, тіл тағдыры – ел тағдыры деп айтсақ қателеспейміз. Өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Өркениеттік өрелік алға шығып, жаһанданудың лебі есіп тұрғанда көп тілді игергенге ешкімнің таласы бола қоймайтыны анық. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты сауатты ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Ол дегеніміз – өз ана тілін терең меңгерген, сол тілде еркін сөйлей алатын, сонымен қатар бірнеше халықтың тілін білетін ұрпақты тәрбиелеу.

Қорыта айтқанда,
Туған елім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы,
Өссе тілім, менде бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін!

– деп, ақын Әбілдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың

бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз. Сондықтан қазақ тілінің өшуі де, өсуі де өз қолымызда. Біз жастар, Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екенін түсініп, оның қолданыста болуына ат салысуымыз қажет. Қазақстан - әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат,бір мүдде,бір болашақ» жолдауы. – Астана. – 2014. – 4-112 б.

2 М. Балақаев Қазіргі қазақ тілі. – Астана : Ер-Дәулет. – 2007. – 35-18 б.

3 Ж. Қалиева Қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері/ Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. – № 5. – 2011. – 8-13 б.

4 Ж. Нұржанова Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. – Алматы. – 2001. – 25-35 б.

5 Қ. Жарыбаев Үштұғырлы тіл жайлы ғылым не дейді?/ Мектептегі психология. –№5. – 2014. – 10 б.

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ (ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ БОЙЫНША)

ЛЕГКАЯ И. В.
10 сынып оқушысы, № 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.
АРИМБЕКОВА А. Г.
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, № 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

Қандай да бір тіл болмасын оның лексикологиялық қоры ұлт мәдениетін, менталитетін, ұлттың психологиясын барынша қамтиды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерін салыстыра отырып жүйелеп, салыстырмалы талдау жүргізіп, топтастыру арқылы осы ерекшеліктерді анықтауға деген қызығушылық тудырады. К. Ахановтың «Қазақ тіліндегі тиянақты тіркестер-тіл ішінде өз заңдылықтарына сәйкес өмір сүретін айрықша категория. Олардың әр алуан ірілі-ұсақты ерекшеліктері мен айырым белгілерін зерттейтін дербес пән-фразеология» [7].

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр [14]. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының базалық бағыттары жүзеге асырылады. Бәсекелес тұлғаны – елді сүйетін оның өркендеуіне еңбек ететін, туған ауыл мектебіне көмек көрсететін азаматты қалыптастыру үшін қауымға өз қызметін бағыттау қажет. Сонда ғана қоғамның сана-сезімі жаңалыққа бет бұрады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде қабылданған «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының мақсаты – біртұтас ұлттың бәсекеге қабілетті, сындарлы, күшті, шығармашылық, патриот және белсенді тұлғасын қалыптастыру, болашақтың іргетасы тәрбие мен білім беру салты болып табылады. Сол себептен, мәдениеті, тарихы, әлеуметтік және саяси даму жолдары бөлек қазақ, орыс және ағылышын халықтары тілдеріндегі бала тәрбиесіне байланысты тұрақты сөз тіркестерін салыстыра зерттеу арқылы олардың бойындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктері айқындалады, ортақ айшықтары табылады, мағына қалыптасу жолдарында ерекшеліктері анықталады.

Мақсаты: қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі бала тәрбиесіне байланысты тұрақты сөз тіркестерін салыстыра отырып топтастыру.

Міндеттері:

• фразеологияны – этнолингвистика ғылымының бір бөлігі ретінде зерттеу;

• қазақ тілінде бала тәрбиесіне байланысты тұрақты сөз тіркестерін зерттеу, анықтау;

• орыс тілінде бала тәрбиесіне байланысты тұрақты сөз тіркестерін зерттеу, анықтау;

• ағылшын тілінде бала тәрбиесіне байланысты тұрақты сөз тіркестерін зерттеу, анықтау

• қазақ, орыс және ағылшын халықтарының тәрбиеге байланысты адам бойындағы қасиеттерге салыстырмалы кесте жасау;

Болжамы: Зерттеуде қазақ, орыс және ағылшын тілінде бала тәрбиесіне қатысты тұрақты сөз тіркестері адам бойындағы қасиеттері анықталып, үш тілде салыстырыла топтастырылады.

Зерттеу кезеңдері, рәсімдері: Қазақ, орыс және ағылшын халықтарының бала тәрбиесіне деген көзқарастарын анықтап, салыстыру, жүйелеу;

Ғылыми жаңашылдығы: Бала тәрбиесіне қатысты тұрақты сөз тіркестерінің этномәдени сипаты, қазақ, орыс және ағылшын халықтарының этномәденитін танытудағы маңызы анықталды; бала тәрбиесіне қатысты тұрақты сөз тіркестерінің шығу төркіні мен жасалу тәсіліндегі ерекшелігі сипатталады; зерттеу жұмысы барысында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі бала тәрбиесімен байланысты тұрақты сөз тіркестері жиынтығының салыстырмалы кестесі жасалды;

Жұмыстың теориялық және практикалық мәнділігі.

• Болашақта әр түрлі тілдерді салыстыра зерттеуде тіл білімінде этнолингвистика, лингвомәдениеттану бағытында зерттеулерге жол ашатындай бұл ғылыми жобаны кеңінен зерттеу ;

• Мектепте қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі факультативтерінде, фразеология мәселелеріне байланысты зерттеулерде, үш тілдік сөздіктер құрастыруға мүмкіндік жасау.

Жұмыстың нәтижесі мен қорытындысы: Үш тілде фразеологиялық тіркестерді тақырыптық тұрғыдан топтастырғанда тәрбиеге байланысты тұрақты тіркестерде адам бойындағы қасиеттері және олардың айырмашылықтары бары анықталды.

Этнолингвистика (грек тілінен έθνος - адамдар, тайпа), лингвистикалық антропология - бұл тіл мен мәдениеттің арақатынасын, сонымен бірге әлемді әртүрлі этностардың қабылдауын зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Бұл лингвистика мен этнологияның үйлесімі - оның аясында бүкіл қоғам өмірінің аспектілері зерттелетін ғылым, яғни бір қауымдастық басқалардан ерекшеленетін ерекшеліктер. Этнолингвистика - этностың болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы.

Әбу насыр Әл-Фараби: «Тәрбиелеу – халықтар бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту» деп, ұлттық мәдениетті қалыптастырып, жарыққа шығаратын – тіл. [13] Ұлттық тіл болмаса, ұлттық мәдениетіміздің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге дейін жетуі мүмкін емес еді. І. Кеңесбаевтың 1977

жылы «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінің» шығуы тек қана қазақ тіліндегі үлкен жетістік қана емес, туыстас тілдер үшін де көш бастаған» деп атап кетті [8].

Осы тұрақты тіркестердің тақырыптарына үңілетін болсақ, алуан түрлі. Адам бойында болатын қасиеттерін білдіретін тұрақты тіркестерді зерттеу, яғни олардың материалдық мазмұнын, тілдік табиғатын, халықтың өзіндік дүниетанымы, салт-дәстүрі, рухани-мәдени өмірі, әдет - ғұрпы негізінде сипаттау болып саналады. Қазақ тілінде бала тәрбиесіне байланысты көрініс тапқан фразеологизмдер өте көп. Татулық қасиетін жоғары қоятын қазақ халқы сол халықтың бейнесін, этнос мәдениетін айқындап бергенін көреміз. Ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын фразеологизмдердің әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы орны ерекше болса, оны танымдық тұрғыдан талдау - қазақ өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің табиғатын ашуда үлкен мүмкіндік береді. Белгілі бір фразеологиялық үлгіні жасауда сол халықтың бейнесі, іс-әрекеті т.б. жайлы мәліметтер жинақталып, этнос мәдениетіне сай тұрақты тіркес туындайды.

Орыс тілі өзінің сөздік қорын тек түбірі бір славян тілдерінен енген кірме сөздер арқылы ғана емес, баска елдермен саяси, мәдени, экономикалық байланыстар арқылы да толықтырып, жетілдіріп отырған. Н. М. Шанский «Фразеологиялық оралымға өте басты белгі-оның даяр қалпында жұмсалу белгісі»-дейді [3].

Тілде көрініс табатын ұлттық ерекшеліктер фразеологизмнің құрамындағы ұлттық қасиеттермен байланысты. Мәселен, қазақ халқының тақырып тобын қарасақ, қазақ тілінің фразеологиялық тіркестерінде көбіне ниеті жақсы адам, абыройлы болу, мейірімділік қасиеттері жоғары көрсеткішті қасиеттер екенін көрсетті, яғни кей атаулардың фразажасамдық белсенділігі ағылшын тілінде жоғары, қазақ тілінде төмен болса, ал кейбір атаулардың осы қасиеті керісінше ағылшын тілінде жоғары, қазақ тілінде төмен болып келеді. Үш тілдегі тұрақты сөз тіркестердің пайда болу көздері әр халықтың тарихымен, заттық және рухани мәдениетімен, өмір-тіршілігімен тығыз байланысты. Олардың мағыналарын, тарихи-этимологиялық көздерін лингвомәдени және лингвокогнитивтік талдау жүргізу арқылы ғана ашуға болады. Қазіргі ағылшын тілінде тұрақты тіркестер әлемінің көлемі орасан зор және әрқилы, сонымен бірге оны бақылаудың әр тұрғысы сөзсіз көңіл қоярлық қасиетке ие. Қазақ этнолингвистикасы ғылымында тұрақты тіркестерді тақырыптық топтарға бөліп, оларды әр түрлі бағытта қарастыру кең үрдіс алып келеді. Кез-келген тілдік құбылыстың, соның ішінде

тұрақты тіркестердің табиғатын оның тілдік заңдылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, тәрбиесіне, ұлттық болмысына байланысты да қарастырған дұрыс.

Корытындылай келсек, фразеологиялық тіркестердің басым көпшілігі ұлттық негізді арқау ете отырып пайда болған. Олар – ұлт өмірінің айнасы. Сонымен, қазақ тілінде, орыс тілінде, ағылшын тілінде ұқсастықтар мен ерекшеліктер бар. Ол ерекшеліктер ең алдымен фразеологиялық тіркестерге адам бойында болатын қасиеттермен байланысты. Дегенмен үш тілге ортақ бейнелерге ие фразеологиялық тіркестер кездесетіні байқалады. Бұл құбылыс қазақ, орыс және ағылшын халықтарының дүниетанымдағы кейбір түсінік ұқсастығын дәлелдейді. Фразеологиялық тіркестердің санадағы құрылымын құруға, мағыналық мөлшерін көрсетуге, түрлі қасиеттерін сипаттауға мүмкіндік жасайды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының базалық бағыттары жүзеге асырылады. Бәсекелес тұлғаны – елді сүйетін оның өркендеуіне еңбек ететін, туған ауыл мектебіне көмек көрсететін азаматты қалыптастыру үшін қауымға өз қызметін бағыттау қажет. Сонда ғана қоғамның сана-сезімі жаңалыққа бет бұрады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде қабылданған «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының мақсатын жүзеге асыруда өз үлесімді аз да болса да қостым деп ойлаймын. Сол себептен, мәдениеті, тарихы, әлеуметтік және саяси даму жолдары бөлек қазақ, орыс және ағылышын халықтары тілдеріндегі бала тәрбиесіне байланысты тұрақты сөз тіркестерін салыстыра зерттеу арқылы олардың бойындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктерін айқындап, ортақ айшықтарын табу барысында, мағына қалыптасу жолдарында ерекшеліктері анықталады.Өзара қарым – қатынастың нығаюы, тіларалық байланыстардың, қазақ, орыс, ағылшын тілдері, яғни тілдердің үштұғырлығы дегенді, дамуы, саяси ақпараттардың, халықаралық зор мәнділікке ие құжаттардың аралық тіл ықпалынсыз тікелей қазақ тіліне аударылуы таяу болашақта өрістей түседі. Ал, шет тілін үйретуде және аударма жұмысында аса бір қиындық туғызатын тілдік бірліктер – тұрақты сөз тіркестері. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек ден көзқарасты қолдлай отырып, Қазақстан Республикасының алғашқы Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың «Жана әлемдегі жаца Қазақстан» деп аталатын Жолдауында еліміз ушін әлеуметтік мзні зор тапсырмалар берілді. Соның бірі - уштуғурлы тіл саясатын

калыптастыру жэие жузеге асыру мәселесі. Осы мақсатты башылыққа ала отырып, жұмысымның тұжырымдары мен нәтижелерін болашақта әр түрлі тілдерді салыстыра зерттеуде, тіл білімінде, этнолингвистика, лингвомәдениеттану және т.б бағыттарында жүргізілетін ізденістерге, зерттеулерге жол ашады деп ойлаймын. Осылайша, ұқсас фразеологиялық өрнектерді қолдануға болады. Идиомаларды зерттеу тілдің игерілуіне және өсуіне қажетті байланыстар болып табылады. Ол бірегейлігімен, айқындығы мен дәлдігімен ерекшеленеді. Мұндай мәлімдемелер тілдерді оқитын адамдарға үлкен алаңдаушылық туғызады. Идиомаларды көп жағдайда зерттеу халықтардың мәдениеті мен өмір салтын түсінуге, шет тілін меңгеруге көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кунин «Англо – русский, русско – английский фразеологический словарь словарь», 1971.

2 Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. «Сөздік-словарь» Алматы. 2006.

3 Быстрова А. Е., Окунева А. П., Шанский Н. М. «Русский фразеологический словарь», «Ленинградское отделение». Ленинград, 1984.

4 Ағабекова Б. Н. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің ұлттық мәдени сипаты. Дисс. филол.ғ.к. Алматы, 2010.

5 Кеңесбаев І. «Фразеологиялық сөздік», «Арыс» Алматы 2007.

6 Г. Смағұлова, М. Балақаев, Т. Қордабаев Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. Алматы. «Сөздік-словарь» - 2002.

7 Шанский Н. М., Зимин В. И., Филлипов А. В., Молотков А. «Фразеологический словарь», «Дрофа» Москва, 2003.

8 https://ziatker.kz/pptx/tarbie_jaily_galymdardyng_oi_pikirleri_24781.

9 https://qazaquni.kz/2017/11/12/72175.html

KAZTEST БАҒДАРЛАМАСЫ

МАГЗУМОВА К. Е.
7 «Б» сынып оқушысы, № 7 орта мектебі, Ақсу қ.
АХМЕТОВА Ә. К.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 7 орта мектебі, Ақсу қ.

Еліміз егеменді мемлекет болып танылғаннан бері қазақ тілін оқытып, үйрету ісін жаңа талаптарға сай жетілдіру қарқынды жүріп жатыр. Орыс тілді мектептерде оқыту-ағарту мекемелерінде қазақ тілін оқыту үшін алдыға қойылған негізгі мақсат: оқушылардың қазақ тілінде өз ойларын дұрыс жеткізе алу дағдыларын жаңа технологиялар арқылы үйрету. Қазақ тілін үйретуде педагогтің алдына қоятын негізгі мақсаты: балалардың сөздік қорларын молайту, меңгерген жаңа сөздерін күнделікті өмірде қолдана білуіне бағыт беру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтырып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Осы мақсат орындалған жағдайда оқушылардың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігі артады, мемлекттік тілдің мәртебесін ұғынады. Ал осы мақсатқа жету үшін оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру міндеті баса назарда болу қажет.

Ғылыми жоба бастауыш сыныптарға арналған Kaz тест бағдарламасы. Неліктен? Бастауыш сыныпқа арналған себебі біз көп ізденіс жұмысын жүргізіп, нақты осы сыныптарған арналған электрондық бағдарламалардың жоқ екенін көріп осындай шешімге келдік.. Бұл электрондық бағдарлама оқушыларға өз білімдерін нығайтып, тексеруге арналған. 1-4 сыныптарға арналған тест сұрақтар жиынтығы қамтылған. Бұл электрондық бағдарлама жаңа білім жүйесіне негізделіп құрастырылған Логикалық ойлаудың, интеллектуалдық дағдылардың дамуына білім беру мен тәрбиелеу ерекшеліктерін ескере отырып жасалған.

Қазақ тілін оқудың негізгі мақсаты : білімдерін өз бетімен алу дағдыларын қалыптастыру болып табылады

Ғылыми жобаның негізгі міндеті оқушыларды қазақ тіліне дайындау болып табылады, өйткені бағдарлама берік білімдерін қалыптастыруына, оқушылардың ой-өрісін жетілдіруге, тілдік білімді кеңейтуге, қазақ тілінде сөйлеуге,биік деңгейіне жетуге мүмкіндік береді.

Тест мақсаты:Оқушылардың теориялық және практикалық білім дәрежесін байқау Оқушылардың стндартты толық меңгеру деңгейін бақылау.

Тест арқылы грамматикадан және лексикадан өткен материалдарды қайталау.

Тест жүргізу – тілдік білімділікті тексеруге ең тиімді әрекеттердің бірі. Ол білімнің сапалық және сандық жағдайын нақтылы түрде көрсете алады. Тест арқылы өзі ізденеді, дұрыс жауабын табады. Оқушылар өткен тақырыпты еске түсіреді, осылай білімі бекітіледі. Тест лексикалық, грамматикалық, логикалық тапсырмалардан құрастырылған. Барлығы 15-20 сұрақтан және 4 нұсқалы жауаптан тұрады. Жауап кілті тесттердің соңында анықталады. Оқушы дұрыс жауап берсе жасыл түс жанады. Ал жауабы дұрыс болмаса қызыл түс жанады. Жалпы бұл бағдарламада 600 тест сұрақ қамтылған.

Бұл бағдарлама 4 бөлікке бөлінген

1-сыныпқа арналған онайн тест сұрақтары. Бірнеше тақырыптарға байланысты құрастырылған

1 Өзім туралы Менің мектебім Менің отбасым және достарым Бізді қоршаған әлем;

2 Саяхат

3 Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті.Тағам және сусын. Дені саудың-жаны сау

Үлгі ретінде бірнеше тест сұрақтарын ұсынайын. «Өзім туралы» бөлімінде тест сұрақтарын қолдануға болады.

1 Как тебя зовут? Қазақша аудармасы

А) Бұл кімнің суреті В) Сенің атың кім? * С) сен нешедесің? Д) Мынау не?

2 «Привет» сөзінің қазақша атауы

А) сау бол В) Сәлеметсізбе С) сәлем * Д) Сау болыңыз

3 Здраствуйте сөзінің қазақша аудармасы

А) Сау болыңыз В) сәлем С) Сау бол Д) Сәлеметсізбе *

4 До свидания сөзінің қазақша аудармасы

А) Сау болыңыз * В) Сәлеметсізбе С) Сау бол Д) Сәлем

5 Кім? деген сұраққа жауап беретін сөз

А) мектеп В) тақта С) ана * Д) қалам

Бірақ та бұл тест жауаптары онлайн бағдарламада автоматты түрде шығады.Дұрыс жауап берсе жасыл түс жанады.Қате болса қызыл түс оқушыға белгі береді.

2-сыныпқа арналған онайн тест сұрақтары. Бірнеше тақырыптарға байланысты құрастырылған

1. Өзім туралы; 2. Менің мектебім; 3. Менің отбасым; 4. Туған өлкем; 5. Тәні саудың-жаны сау; 6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті; 7. Саяхат.

Үлгі ретінде бірнеше тест сұрақтарын ұсынайын. «Тігінші мен Ай», «Сараң бай мен Алдаркөсе ертегісін өткенде бұл тест сұрақтарына оқушы жауап берсе, оқушы шығарманы есіңде сақтап қалады.

1. Тігінші мен Ай ертегісінде тігінші Айға не тікті?

А) шалбар В) жейде С) көйлек * Д) баскиім

2. Тігінші мен Ай ертегісінде Ай неге ренжіді?

А) көйлек әдемі болған жоқ В) көйлек кішкентай * С) көйлек үлкен Д) көйлек қысқа

3. Сараң бай мен Алдаркөсе ертегісінде Алдаркөсе не тікті?

А) баскиім В) шалбар С) тақия * Д) жейде

4. Сараң бай мен Алдаркөсе ертегісінде Алдаркөсе неше тақия тікті?

А) 8 В) 5 С) 4 Д) 10*

3-сыныпқа арналған онайн тест сұрақтары. Бірнеше тақырыптарға байланысты құрастырылған

1. Жанды табиғат; 2. Жақсыдан үйрен жаманнан жирен; 3. Уақыт; 4. Сәулет; 5. Өнер; 6. Атақты тұлғалар; 7. Су-тіршілік көзі; 8. Мерекелер.

Үлгі ретінде бірнеше тест сұрақтарын ұсынайын.Бұл тест сұрақтарын «Атақты тұлғалар» бөлімін өткенде пайдалануға өте тиімді.Себебі оқушылар атақты тұлғалардың қай жылы дүниеге келгенін, сонымен қатар олардың қызметін біледі.

1. Шоқан Уәлиханов кім?

А) мұғалім

В) директор

С) елбасы

Д) ғалым*

2. Шоқан Уәлиханов дүниеге келген жыл

А) 1868

В) 1835*

С) 1903

Д) 1851

3. Шоқан Уәлиханов шын есімі

А) Ахмет

В) Ақжігіт

С) Мұхамедкаафия*

Д)Дулат

4. Абай Құнанбаев кім?

А) мұғалім

В) ұлы ақын*

С) ғалым

Д) суретші

5. Абай Құнанбаевтың шын есімі

А) Мұхамедқанафия

В) Сәдуақас

С) Дулат

Д) Ибрагим*

4-сыныпқа арналған онлайн тест сұрақтары.Бірнеше тақырыптарға байланысты құрастырылған.

Менің Отаным-Қазақстан. Құндылықтар. Мәдени мұра. Мамандықтар әлемі. Табиғат құбылыстары. Қоршаған ортаны қорғау. Ғарышқа саяхат

Бұл сайт оқушылардың қазақ тілін жақсы меңгеруге, игеруге арналған тиімді құрал болып табылады. Сонымен қатар заманауи негізде жасалған техникалық оқу құралы. Бұл бағдарлама оқушыға өте қызықты және жеңіл. Өз білім деңгейлерін тексере алады. Өткен тақырыптарды есте сақтауға негіз бола алады. Мұғалімге және оқушыға көмекші құрал.

Үлгі ретінде бірнеше тест сұрақтарын ұсынайын. Лексика-грамматиканы қайталауға тиімді.

1. Қосымшаны дұрыс жалға. Мен бүгін еден жу....

А) -сың

В) -дым*

С) -ым

Д) -ың

2. І жақта жіктік жалғауда тұрған қатардағы сөздерді тап

А) сен сыйласаң, оқысаң, ерінсең

В) мен сыйласам, оқысам, ерінсем*

С) Сіз сыйласаңыз, оқысаңыз, ерінсеңіз

Д) Ол сыйласа, оқыса, ерінсе

3. Жай хабарлай айтылған сөйлемнің соңына не қойылады?

А) үтір

В) леп белгісі

С) сұрау белгісі

Д) нүкте*

4. Сөзге көптік жалғауын жалғаңыз: Әже...

А) лар В) дер С) лер * D) дар

5. Мәндес сөздерді тап

А) батыл, батыр*

В) дәптер, қалам

С) тәрелке, көйлек

Д) мұғалім, киім

6. Септіктің неше түрі бар?

А) 3 В) 4 С) 5 D) 7*

7. -да, -де, -та, -те қай септіктің жалғаулары екенін анықтаңыз

А) ілік В) табыс С) жатыс * D)шығыс

Ескерте кетеін жайт әрбір сыныпқа тест тапсырмалары лексика-грамматиканы, логиканы сонымен әр түрлі шығармаларды қамтыған бағдарлама болып табылады.

Меніңше, өз Отанын, туған жерін сүймейтін адам жоқ шығар, сірә.Қазақтың жері қандай кең болса, мінезі де сондай дархан десек, оның тілі де сол даласындай, мінезіндей шалқар, кемел. Осындай тілде сөйлеу, өмір сүру әр қазақстандық үшін әрі мәртебе, әрі міндет. Қазақтың қазақтығының басты белгісі – қазақша сөйлеуі. Үйде де, түзде де. Баласымен де, немересімен де. Досымен де, туысымен де. Тек осыны жасаған адамның өзі ана тілін өркендетуге өзінің титтей де болса үлесін қоса алады.

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тілі» депті барша ғұмырын қазақтың азаттығына арнаған Алаш көсемі, халқымыздың кемеңгер ұлы Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл ұлтты сақтайтын болса, ұлт мемлекетті сақтайды, сондықтан өзінің ділі, тілі мықты халық қана мықты мемлекет бола алады. Сонда «ұлт», «тіл», «мемлекет»деген ұғымдар бір-бірінен бөлінбес, бірінсіз-бірі болмайтын аса қастерлі ұғымдар болып шықпақ. Ал тілді сақтаушы сол халықтың өзі, болашақтағы ұрпағы. Сол үшін де өзгелермен терезесі тең мемлекет болу үшін қазіргі кезде жас ұрпаққа айрықша көңіл бөлінуде, ерекше сенім артылуда. Болашақтағы қазақ елінің тұтқасы болар ұрпақ ең алдымен ұлт тәрбиесін алу керек.

Қазіргі дамыған қоғамда, жаһандану дәуірінде тілді сақтайтын ең басты қорғаныш оның саяси мәртебесі және сол тілде ұлт азаматтарының сөйлеуі, әсіресе, жас ұрпақтың өзінің ана тілін білуі. Мемлекеттілігі бар ұлт болсын, мемлекеттілігін ала алмаған ұлт болсын қай-қайсы да өзінің ұлттық болмысын сақтауға міндетті түрде тырысады. Ұлтты сақтау үшін ең алдымен тілін сақтауға күш салады. Себебі, ұлттың дара ұлттығын көрсететін

негізгі нышан – тіл. Сондықтан да Мағжан Жұмабаев: «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тіл болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлттың тілінен қымбат нәрсе болмасқа керек» десе, Бауыржан Момышұлы: «Тіл – ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі» депті. Ұлттың тілін кемелендіретін, жетілдіретін, оның барлық байлығын, бейнелілігін, тереңдігін көрсететін ақындар, жазушылар, ғалымдар, өнер мен мәдениет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, тілдің толыққанды өмір сүруі тұтас халықтың қолында, ал оны болашаққа жеткізетін бүгінгі балалар, мына біздерміз. Міне, осыны мықтап ескеріп біз жеткіншек балалардың өз тілінде сөйлеуіне, олардың өзі үшін де, жалпы халқымыз үшін де, азаттыққа жетіп, тәуелсіздігін алып өзгелермен терезесі тең болып тұрған мемлекетіміз үшін де аса мүдделі болуға тиіспіз, әрбірден соң міндеттіміз.Сол себепті осы біздің ғылыми жобамыз тілімізді дамытып, жастарға тіл үйренуге септігін тигізер деген үлкен үмітіміз бар.

Мақсаты: Мемлекеттік тілді насихаттау

Зерттеу пәні: қазақ тілі

• Тіл үйренудегі шығармашылық қабілеттерді қалыптастыру.

• Сөйлеу мәдениетінің деңгейін арттыру.

Ғылыми жобаның міндеті:

• Оқушылардың сөйлеу тілінде пайдалануын белсендіру және жеке өмірлік тәжірибесінде кең қолдануға ықпал ететін бірегей формасы тіл екенін түсіндіру

• Қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру.

• Өз тілдік деңгейлерін тәжірибеде қолдана білуге жағдай жасау.

Гипотеза:

Қазақ тілінің сөйлеу мәдениетін, нақтылығын, байлығын анықтайтындығы жөніндегі болжам алынды.

Өзектілігі:

Егерде қазіргі кезде заманауи техниканың даму шағы болып тұрса бұл онлайн бағдарламаның оқушыға қазақ тілін үйренуде тигізер пайдасы өте зор.Қазіргі жастар техниканың тілін жақсы меңгерген.

Зерттеу әдістері:

Сауалнама жүргізу

• Сұхбат өткізу

• Бақылау жүргізу

• Шеберлермен кездесу

• Тестпен жұмыс

• Қорыта айтқанда «Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады». Г. Гегель

• Ең тәтті де- тіл

Ең ашты да-тіл

Ең жұмсақты-тіл

Ең қатты да-тіл

Қазақ тілі – ең байырғы, ең көне тіл. Ол-ғасырлар бойы халқымыздың ұқыптап сақтап келген тәжірибесінің жиынтығы, ой-пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арнасы өмір тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан тозбайтын, тот баспайтын өмірлік өшпес мұра. Осы зерттеу жұмысының қорытындысы ретінде өркениетті елдердің өрге тартқан көшінде, алға тартқан легінде халқымыздың мерейін көтеруге, қажыр-қайрат жұмсауға, қасиетті қызыл тіліміздің үстемдігін көтеруге үлес қоссам деген тұжырымға келдім. Жобамды Н. Ә. Назарбаевтің «Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде» деп аяқтағым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 А. Ж. Хазимова, Б. У. Салыхова, М. Ж. Бейсебекова Алматы кітап.

2 Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина «қазақ тілі Балапан лексикалық минимум» 2017.

3 // Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Б. Қ. Мукеева «қазақ тілі Балапан» 2 сынып 2017.

4 // Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова «қазақ тілі Балапан» 3 сынып 2018.

5 // Н. Ж. Дәулеткереева, Г. Б. Мухангалиева Алматы Кітап Баспасы 4-сынып 2019.

6 // Н. Ж. Дәулеткереева, Г. Б. Мухангалиева Алматы Кітап Баспасы 4-сынып 2019 2-бөлім.

7 // Н. Ж. Дәулеткереева, Г. Б. Мухангалиева Алматы Кітап Баспасы 4-сынып 2019 3-бөлім.

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

МАНАТБЕКҰЛЫ А.
8 сынып оқушысы, № 32 ЖОББМ, Семей қ.
ИСКАКОВА М. Т.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 32 ЖОББМ, Семей қ.

Лингвомәдениеттанудың міндеті – тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың, тіл мен ұлттық менталитеттің арақатынасын сипаттап, зерделеу болып табылады. Лингвомәдениеттану нысаны – тіл мен мәдениеттің өзара әсері мен арақатынасы, тілдегі рухани және материалдық құндылықтардың көрінісі, яғни адам еңбегінің нәтижесінде пайда болған құндылықтар. Бұлардың бәрі жинақтала келе әлемнің тілдік бейнесін құрайтыны белгілі. Сол себепті тілдік таңбалар мәдениет таңбасы ретінде қызмет атқарып, мәдениетті танытатын негізгі құрылымдардың бірі болып табылады.

Тұрмыс-салтпен байланысты әдет-ғұрып лексикасының лингвомәдени сипаты

• Келін түсіру, қыз ұзатумен байланысты әдет-ғұрып лексикасы

Қазақтар өмірінің сан ғасырлық тарихы әдетте ана тілімен тығыз байланысты. Мысалы, *құда түсу рәсімдері, үйлену тойы, ас беру* тағы басқа толып жатқан ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып үлгілерінің атаулары тілде сақталмаған болса, онда рухани мәдениет үлгілерінің мазмұны да кеми бермек. Әдет-ғұрып, салт-сананы айтқанда, әдетте олар туралы халықтың көрнекті де, көркі ойлары тілімізге оралады. *Келін түсіру, қыз ұзату* ғұрыптарымен байланысты жұмыста *ұрын бару, бауыздау құдалық, ит ырылдатар, табалдырық аттар, түндік ашар, отқа май құю, оң жақ, жаушы, сәукеле, богжама, сыңсу, босаға, беташар* тәрізді бірсыпыра идиоэтникалық бірліктердің тілдік сараптамасы берілген. Мысалы, *ұрын бару* дәстүрі де, сөздің өзі де бұл күнде қолданылмайды. Күйеу жігіттің қалыңдығымен алғаш кездесуге баруын «ұрын бару», осыған орай ұйымдастырылған той-думан «ұрын той» деп аталады.

Е. Жанпейісовтың пікірінше, осы *урун бару* мен *баш урун* тіркестеріндегі урун сөзі омонимдес, урум сөзінің мағынасы «ұрпақ» және «Абай жолы» эпопеясы негізінде *«ұрын келу»* (ұрын бару / ұрын кету / ұрын жіберу) ғұрпы күйеудің қыз аулына ұрланып емес, керісінше, жұрттың көзінше, салтанатты түрде келуін білдіреді.

Беташар. Беташардың алдында және соңында жасалатын рәсімдерді ескерсек, оның төркіні сонау Тәңірлік сенімдермен сабақтасып жатқанын көреміз.

Сыңсу – ұзатылатын қыздың туып-өскен жерімен, ауыл-аймақ, ағайын-туыстарымен, ата-ана, апа-жеңгелерімен, қала берді құрбы-құрдастарымен арыздасып, қоштасып, танысуы. «Қазақтың сыңсуын башқұрлар – сеңләу, татарлар – чеңләу, кейде қыз жылату дейді.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде йығла, сығта сөздері «жылау, еңіреу» мағыналарына ие болған. Сықта сөзі қазіргі кезде ұйғыр, алтай, телеуіт, сағай, чулым, шор т.б. түркі тілдерінде жиі айтылып, мағынасы «жылау, еңіреу» қалпында сақталған. Сөйтіп сығ сөзі < сы < сың қалпына жетіп, оған етістік тудыратын –сы және тұйық етістіктің –у жұрнағы қосылып, сыңсу сөзі жасалған. Сыңсу мен жоқтаудың ұқсас сипаттары қазақтың отбасылық ғұрыптарының ерекшелігін, халықтың дүниетанымынан хабар береді.

Халық шығармашылығында табалдырық – босаға – маңдайша – бүтіннің орнына жүретін есіктің бөлшектері. Босаға – екі дүниенің шегі, кез келген дүниенің кіріп-шығатын есігі, әр нәрсенің аузы деген ауыспалы ұғымға көшкен. Жалпы есік пен босаға сыртқы әлемнен қорғаныш, ішкі берекелік пен тыныштықты сақтаушы ретінде танылады. Жын-шайтаннан, ішкі әлемді сыртқы әлемнен, өзін өзгеден сақтар қорғауыш қызметін атқарар босағаға байланысты түрлі тыйымдар бар екені де белгілі. Босаға сөзі қазақ тілінде бірнеше мағынада қолданылады: 1) есіктің жақтауы; 2) үйдің төрге қарама-қарсы есік жағы; 3) ауыс мағынада үй, отбасы, табалдырық.

Моңғол тілінде босгох – тік тұрғызу дегенге нұсқайды. Сөз түбірі босо, осыған қазақ тіліне тән –ға жұрнағы қосылып, босаға сөзі пайда болған», - дейді Ә. Нұрмағамбетов. Егер маңдайша мен табалдырықты ұстап тұратын ағаштың көлбеп жатпай, тік қалпында тұруын ескерсек, бұл болжамның дұрыс екеніне көз жеткізуге болады.

Баланың дүниеге келуімен байланысты әдет-ғұрып лексикасының лингвомәдени сипаты бесік жырында ел тұрмысының көріністері мол: «жілік шағып берейін», «байқұтанның құйрығын жіпке тағып берейін», «қой тоқтысын сой, бөпем», «үстіне тоқым жабайын, астына терлік салайын» «быламыққа май құйып, төңкерме ғып берейін» т.б. толып жатқан этнографиялық детальдар мен баланы жақсы көру, еркелету, айналып-толғануға байланысты айтылатын не түрлі балама, теңеулер табиғатынан қазақы тұрмыстың иісі аңқып тұрады.

Ең алдымен, қазақтың «киелі ақ бесігінің» халық дүниетанымында маңызы зор. Бесік сөзінің мағынасы – жас нәрестеге арналып жасалған ағаш төсек. Э.Севортян бесік сөзінің мағыналарын былай түсіндіреді: 1. колыбель, люлька; 2. младенец; 3. потомство, поколение, род, родство; свойственник. 4. друг, возлюбленные; 5. гроб, могила. Ол сары ұйғыр тіліндегі пел`е-, якут тіліндегі біліä-, чуваш тіліндегі пиеле-, басқа түркі тілдеріндегі бе: ше-~бе: ши тұлғалары М. Қашқари сөздігіндегі «құндақтау», «бесікке таңу» мағынасындағы belemek (<be-le-mek) етістіктеріне сай келетінін айтады.

Профессор Е. Жанпейісов былай дейді: Бесік сөзі якут тілінде бісік түрінде қолданылады. Якут тілінде сондай-ақ «род», «потомство» мағынасында айтылатын біс дейтін де сөз бар көрік Біз бесік сөзі bele ~ bele-mek деген «құндақ, құндақтау» мағыналы көне түркі сөзінен шыққан деп жорамалдаймыз.

Қонақ күтуге байланысты қатысты әдет-ғұрып лексикасы

Қазақ қонақты «кісі келсе есің шықсын, есебін артынан санап ал» қағидасымен күтетін халық. Қонақ күтуге байланысты тілімізде төмендегідей қағидалар бар: Барымен базар, Бөлінбеген енші, Қырықтың бірі – қыдыр.

Ант сүйек, (Ауыз екі тіл). Табақ тарту – табаққа салып тамақ әкелу. Бас табақ, Қос табақ, Жай табақ, Жастар табағы, Қыздар табағы, Сый табақ, Орта табақ, Аяқ табақ, Күйеу табақ, Келін табақ, Жерік асының табағы, беташар табағы, Сыбаға, Соғым басы.

Наурыз, Ұлыс күніне қатысты лексиканың лингвомәдени сипаты

Наурызды қазақ ұлыстың ұлы күні – Жаңа жыл мейрамы деп атайды. Бұл мейрам көктемде күн мен түн теңеліп, халық алты ай қыстың қыспағынан әзер шыққан, Жер-Ана иіп, мал-жанның жадырайтын шағында өтеді. Зеңгі бабаның арқасынан күн өткен, кейбір жіліктері күлтөбені мүйіздеп, көктемге қалғып-шұлғып жеткендері сарсідікке сілейіп-ақ күншуақ-күншуақта ораза ұстап тұратын кезі.

Жұрттың аузы аққа тиетін, күннің нұры шуақтана бастаған шақта келетін Наурыз мейрамы кезінде адамдар бір-біріне өте бір қайырымдылық танытып, бұдан былайғы күндер тоқшылық пен қуанышқа ұлассын деген ізгі тілекпен жұрт ойын-сауық құрады.

Бұрын жұрт Наурыз күні бір-бірімен жайраңдай көрісіп, мынадай игі тілек айтады екен:

Амансыз ба, ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын, қайда барсаң жол болсын!

Наурыз күні төмендегідей тағамдар дайындалады.

Наурыз көже, Ұйқышар – уыз бен соғымнан қалған еттен дайындалатын тағам. Оны бойжеткен қыздар жігіттерге арнап Наурыз мейрамында дайындайды.

Бел көтерер – қыстан аман шыққан қарт адамдарға соғымға сойылған өгіздің шекесінен дайындалатын тағам. Оны да Наурыз мерекесі күні дайындайды.

Ұлттық реңктегі лексиканы зерттеу аспектілерін айқындай келе, Т. В. Романова былай деп жазады: «… сөз тағдыры оның тереңде жатқан ұғымдардың көп түстарымен адамның өмір сүрудегі өмірлік маңызды ұстанымдары, заңдылықтарымен байланысын айқындауға мүмкіндік береді». Сондықтан этнолингвистикалық зерттеу – тіл байлығының этнос болмысының мәдени, рухани дүниесін бейнелейтін мағлұматы бар сөздерін талдап зерделеп түсіндіру деген сөз, осы күні көпшілікке түсінікті бола бермейтін сөздердің арғы қабатында олардың пайда болуы, этнос тұрмыс-тіршілігіне қатысты деректер жинақталған. Біз осы айтылғандардың дәлелі ретінде *бата, Қайрақан Наурыз, Ұлыс, Тәңірі,* т.б. сөздердің этнодеректік негіздерін ашуға тырыстық.

Ертеден келе жатқан тамаша салт-дәстүріміздің бірі – бата. Бата (а) فاتحة (фатехә). 1. Алғыс айту, ақ ниет, жақсы тілек білдіру (оң бата). 2. Діни. Мұсылмандардың намазда, т.б. діни жораларда оқитын дұғасы. Ғалым С. Негимов «Ақ бата» жинағының алғы сөзінде: «Бата ұғымының тек-төркініне барлау жасар болсақ, Құранның бірінші сүресінің аты «фатихадан» туындаған тәрізді. Мұнда жаратушы мен оның «елшісі» Мухамедке мадақ сөз айтылады», - дейді. Ал Марат Жауыс «Бата беру мен дұға оқу» деген мақаласында: «Бата – арабтың «фатаа» - қайырма немесе қайыру деген сөзінен шыққан ұғым», - дегенді айтады. ҚТТС-де бата сөзіне мынадай түсініктеме берілген: «Бата. Зат. Діни. 1. Өлген адамға бағыштап, тамақтың алды-артынан оқылатын дұға, құранның бірінші сүресінің аты. 2. Игі тілек, алғыс. Бұл жанр қазақ-қырғызда ғана бата аталады. Қалған тілдерде бұл атауды кездестірмейміз, ал алғыс және қарғыс атаулары жиі ұшырасады. *Ұлыс күні кәрі-жас Құшақтасып көріскен. Жаңа ағытқан қозыдай Жамырасып көріскен Шалдар бата беріскен* (Наурыз жыры)

Ұлыс («ulus, ulys») «страна, область, народ» мағынасында V-VIII ғасырлардан белгілі. Ұлыс (п) ескі. سولوا (улус). Әулет, ру, нәсіл (уст. потомство, род, происхождение) Ұлыс – қазіргі тува, алтай тілдерінде «халық» мағынасында жұмсалады: монғолша улс – мемлекет, ел, үкімет, халық, адамдар, династия. Мысалы, Монғол улс – Монғолия. Бұл тілде ұлыс «ірі, ру, орда» ұғымында да қолданылған. Көне түркі ескерткіштерінде халық деген сөздің орнына ұлыс сөзі қолданылғанын байқаймыз.

Профессор Е. Жанпейісов өз еңбегінде ұлыс сөзі Э. К. Пекарскийдің айтуынша, улуу және уус дейтін 2 түбірден тұратынын айтады: улуу – большой, великий и уус – род.

Қорытынды

Тіл мен ұлт мәдениеті, ұлттық сана, салт-дәстүр – біртұтас ұғым. Олар этностың ең негізгі көрсеткіштері. Сондықтан халықтың өткен жолын, даму кезеңдерін сол этноспен бірге дамып келе жатқан тілінің деректері арқылы да анықтауға болады.

Қазақ тіліндегі әдет-ғұрыппен байланысты лексика халықтың рухани байлығының қайнар көзі және де қоғам, тұрмыс жағдайы өзгергенімен, олар өзгеріске көп ұшырамайды. Сонымен қатар әдет-ғұрып лексикасының лингвомәдени сипаты түркі тектес халықтардың көбінде ұқсас болып келеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан түркі халықтарының әдет-ғұрып лексикасы негізінен ұқсас болып келетінін байқауға болады. Ол көбінесе салт-дәстүр, әдет-ғұрып көп ұшырасады (табақ тарту, ас беру, ет асату, сауын айту, қымыз-мұрындық және тағы басқа). Ол түсінікті де, өйткені көшпенді халықтың төрт түлік мал ішсе-тағамы, кисе-киімі, мінсе-көлігі болған. Амандасқан кезде қазақтар ең алдымен «мал-жан аман ба?» деп сұраған.

Тілді зерттеу барысында тек лингвистикалық деректерді пайдалану жеткіліксіз. Сөздің о бастағы мағынасын, эволюциясын анықтау үшін салт-дәстүр, әдет-ғұрып және тағы басқа деректерді де қолдануымыз керек, себебі этнографизмдер – тарихтың куәгері. Бұл ретте белгілі тілші Вильгелм фон Гублольдт: «Язык народа есть его дух, и дух народа есть его язык. Язык насыщен переживаниями прежних поколений и хранит их живое дыхание» деген сөздерін келтіруді жөн көрдік. Этномәдени лексиканың қайнар көзі – халықтың бай ауыз әдебиеті, соның ішінде ғұрыптық фольклор үлгілері. Оларда кездесетін ескілікті сөздер, негізінен, сол халықтың тарихымен, тіршілігімен, салт-дәстүрімен байланысты. Ғұрыптық фольклор үлгілерінен алынған тілдік деректер негізінде сол заманда өмір сүрген ата-бабамыздың өмір тәжірибесінде өзекті орны бар этностың мәңгілік құндылықтарының бірі рухани мәдениетін және тұрмыс ерекшелігі, ежелгі кәсібі мен еңбегі, киімі мен тағамы, қару-жарағы, ер-тұрманы, әртүрлі әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге байланысты қолданған заттары т.б. арқылы материалдық мәдени мұраларын көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы : Ана тілі, 1998. – 304 бет.

2 Тұрышев А. Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері: ф.ғ.д....дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2005. – 295 б.

3 Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы : Қазақ университеті, 1993. – 56 б.

4 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: ф.ғ.к....дисс.: 10.02.20. – Алматы, 2004. - 242 б.

5 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы : Санат, 1994. – 272 б.

6 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – 1–4 кітап. – Алматы : Дайк-Пресс, 2004.

7 Абылқасымов Б. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты 1ғұрыптық фольклоры: ф.ғ.д. ...дисс. авторефераты.: 10.01.09. – Алматы, 1994. – 42 б.

8 С. Кенжеахметов. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы. 1994.

9 Арғынбаев Х. А. Қазақ халқындағы семья мен неке / тарихи этнографиялық шолу/. А. : Ғылым, 1973. - 327 б.

М. Ж. КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

СЛЯМБЕКОВА К. С.
гуманитарлық ғылым магистрі, қазақ тілі мұғалімі,
Дарынды балаларға арналған № 3 гимназиясы, Павлодар қ.
МУРАТОВ М. К.
7 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған
№ 3 гимназиясы, Павлодар қ.
КУСМАНОВ А. Б.
6 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған
№ 3 гимназиясы, Павлодар қ.

Қазақ жеріндегі ономастика мәселесі туралы XIX ғ. П. П. Семенов-Тянь-Шанский, Н. А.Северцов, И. В. Мушкетов, В. В. Радлов, Ш. Ш. Уәлиханов, С. У. Ремезов, А. Л. Левшин, П. И. Рычков, А. Е. Алекторов, Н. А. Аристов, П. С. Паллас, Г. Н. Потанин, А. Н. Харузин. т.б. еңбектерде әр кезде жазылып келді. Қазан төңкерісінен кейін ономастика саласына көңіл бөліне бастады. 30-40 жылдары Х. Досмұхаметов, Қ. Жұбанов, А. Аманжолов, С. Алиев, А. В. Маракуев, Н. Баяндин Қазақстандағы

кісі аттары мен географиялық аталымдарды зерттей бастады. Кісі аттарына ең алғаш талдау жасаған Х. Досмұхаметов: Махамбет деген сөзді қазақ екіге бөліп айтады: біреуі Махам-Махан. Екіншісі – бет. Сондықтан Махамбет деп айту пайда болады. Ханибет, Ханден деген сөздерді де қазақ Қани-бет, Қан – ден деп екі бөліп айтады [1, 94]. Қ. Жұбанов «Из истории порядка слов в казахском предложении» деген зерттеуінде : «По вопросу о генезисе личных имен наука распологает в настоящее время достаточными данными, говорящими более сложные имена появились позднее. До их возникновения отдельные личности носили общее имя племени или рода» [2, 426]; [3, 152]; [4, 75]; [5, 143]. Топонимия саласындағы тұңғыш ғылыми зерттелім Г. К. Конқашпаевтің «Қазақ халқының географиялық терминдері» (1948). Антропонимдер мен топонимдерді Қазақстанда лингвистика аспектісінде қарастырғандар А. Әбдірахманов «Қазақстанның жер-су аттары» (1959). Т. Жанұзақов «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» (1965). В. Н. Попова, Е. К. Койчубаев, О. А. Султаньяев т.б. Қазақстандағы антропонимика, этоним, топоним т.б. саласы басқа да түркітанушыларды қызықтырды В. В. Бартольд, С. Е. Малов, А. Н. Кононов, А. М. Самойлович, А. Н. Бернштам, Э. Р. Тенишев, Н. А. Баскаков, А. М. Щербак, Э. М. Мурзаев, В. А. Никонов, С. Г. Кляштор т.б. ішін-ара зерттеулері бар. Бұл арада академик Ә. Қайдаровтың тіл білімінің қай саласында болмасын зерттеу еңбектерін атап өткен ләзім. Оның «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» деген еңбегінің (1998) орны айрықша. Мысалы: «Состояние и перспективы развития казахской ономастики», «Қазақ эпосындағы жер-су атаулары мен кісі аттары жайында» («Қозы көрпеш - Баян сұлу» дастаны негізінде) деген мақалаларының құны ерекше [6, 128-147]. Кейіннен түркі тілдерінің этоним, антротопоним, топоним мәселесіне О. Сүлейменов, М. Аджи зерттеу кітаптарын арнады [7]; [8]. Ә. Қайдаров «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырындағы 75-і (32 гидроним, 22 ороним, 21 ойконим) жер-су атаулары да, 50-ден астам – кісі аттары барлығын жазады. М-Ж. Көпеев шығармасында кездесетін Шідерті, Өлеңті өзен аттары «Қозы көрпеш - Баян сұлу» жырында бар. Түркі тілдер ономастикасында ұшырасатын **-ты//-ті //-ды//-ді //-лы//-лі** жұрнақтарының ішінде төрт аффикс **-лы//-лі, -ды//-ді** өте жиі кездеседі. Ал, -ты//-ті архаизмдік жұрнақ болып есептеледі. «Сөз жасау моделіне байланысты эпос топонимдерінің ішінен көзге түсетіндері **-ты//-ті//-ды//-ді//-лы//-лі** моделі бойынша жасалған топонимдер» [10, 146]. Қ. Жұбанов **-лы, -ты** суффикстері туралы: «Последний может присоединяться теперь только к

именам существительным, а к прилагательным лишь в случае образования антономического повтора, вроде ұзынды-қысқалы ... ұзақ-ты күн, … күн ұзаққа …» [11, 413] **-лы//-ты** атқарар функциясын салыстырады. «При этом в качестве аргумента в пользу древности –ты//-ті ссылаются на нарушение закона сингармонизма, требующего постановки после гласных и сонорных в конце корня или основы исключительно звонких согласных, тогда как в эпосе встречаем наряду с Мойынды-Мойынты, Алмалы-Алмалы, Шідерлі-Шідерті. Надо пологать, что эти два варианта аффикса говорять о непоследовательности соблюдения закона сингармонизма. Но на современной карте Казахстана можно встретить топонимы на все указанные варианты: Алмалы, Шідерлі, Қарағанды, Жезді, Қайрақты, Өзекті. Вместе с тем сохранившимся в составе казахских топонимов **-ты//- ті,** хотя и считаются результатом наручения закона сингармонизма, по существу, отражают весьма древнее состояние развития топонимов Казахстана, когда данная закономерность, возможна, и не была свойственна языку того этнического коллектива, среди которого были образованы эти категории топонимов». Жалпы – лы//-лі жұрнағына қатысты эпостағы сөздер түрмысқа байланысты заттық ұғымдарды білдіреді. Шідер+ті, Моншақ+ты, Домбыра+лы, Жалау+лы, Абыра*+лы, Қарқара+лы алты этнотопонимдер бар. Абыралы*: Этимология этого слова не совсем ясна. Е. Койчубаев возводит его* (Абыралы-автор) к араба «телега», превратившуюся в арба в результате метатезы. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана.

Алма-Ата, 1974. А. Абдрахманов усматривает в Абралы антропоним (Әбдірахманов Ә. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959. 45-б.) [13, 357]. Абыралы сөзі бізше арба сөзіне қатысы жоқ деп ойлаймыз. Түркі тілінде аб парсының «су» деген ұғымды береді, кейбір деректе Абаданы /үлкені //абжылан/су жылан/ деген мағына береді дейді [14,17]. Аба//ата//әже//ожо//баба үлкен кісі ұғымында күні-бүгінге қолданылады. Абыралы//Абыла//Аула (қорған, аң аула –зат, етістік) мысалы Баянаула//Баян+ауыл//ауыл кейін пайда болған. Қызылорда аймағында «Абла» деген жер бар. «Орхон-Енесей ескерткішіндегі» (Ғ.Айдаров, «Орхон ескерткіштерінің тексі», 1990 ж.), «Девонидағы» (1 т., Ташкент, 1963), «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігіндегі» (ав: ав авла- аң аула, ав-зат, ау тор; авла – ет, аула». А. Ибатов, 1974), «Древнетюркский словарь» (авла – ав авла устраивать облаву на аверей …» Ан СССР, Л., 1969), «Қыпшақ тілі сөздігі» («Кодекс куманикус»), т.б. еңбектеріндегі «Абла, Авла,

Абила, Авила» сөздерінің түсініктемелері де дәлел бола алады» [15, 93]. Демек, Абыралы сөзінің этимологиясы аб+ла (аң аулаудан) аңды қамап ұстайтын қорған деген сөз бе дейміз. Абыралы «аң ұстайтын қорған» деген ұғымды береді, - деп ойлаймыз. Абыралы бергі толыққан вариантына сай келеді. М-Ж. Көпеев шығармаларында және Павлодар облысында ономастикалық сөздер өте көп кездеседі. Олар: синтетикалық (морфологиялық), аналитикалық (синтаксистік), лексика-семантикалық тәсіл ешқандай қосымшасыз жасалады. «Сор» атына байланысты лексикалақ мағыналы сөздердің жалпыланып семантикалық тәсіл арқылы жасалады. Яғни, сөз бен сөздер жиынтығы (сөздік құрам) олар біртұтас жүйе құрап белгілі бір мағына береді, ол семантика (сема-белі, мағына) болып табылады. Демек, лексикалық мағынаның негізінде пайда болатын грамматикалық (семантикалық тәсіл) деп аталатын қатынасқа түседі. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер форма жағынан сын есім болғанымен субстантивтеніп белгілі бір заттың атын білдіреді. Мысалы: Аққұдықсор, Ақмалайсор, Ақсор, Ақтөбесор, Алтыбайсор, Аманбайсор, Аралсор, Аяқмолайсор, Бозшасор, Балакескенсор, Балқашсор, Босағашсор, Қоссор, Борласор, Бұлақтысор, Доғабассор, Дөңгелексор, Жақпарсор, Жамансор, Жанғожасор, Жангелдісор, Жарсор, Қамбабасор, Қанайсор, Қарадырсор, Қарасор, Кішібайсор, Кішкене сор, Көксор, Құртасор, Майсор, Ойнақсор, Сасықсор, Сұлусор, Тақырсор, Сулысор, Темірбайсор, Ұзынсор, Шолақбұлақсор, Шаң сор т.б. Жиыны 102 көл бар. Бұның ішінде лексикалану тәсілі арқылы жасалған сөздер молынан кездеседі. Олар бір ұғымның атауы ретінде жұмсалады. Лексикалық тіркестердің құрамындағы сөздердің логика-семантикалық, грамматикалық байланыстары көмескіленбейді, өз орындарында тұрып, біртұтас лексикалық мағына береді. Аналитикалық (синтаксистік) тәсіл арқылы екі, үш түбірлі сөздердің тіркесі негізгі тұлғалардың бір-бірімен тіркесіп, жеке тұрғандағыдан өзгеше жаңа грамматикалық мағынаны білдіруін айтамыз. Морфологиялық құрылысы жағынан кәдімгі синтаксистік үлгі бойынша жасалады. Құрамындағы сөздер бір-біріне тәуелді емес, тең дәрежеде синтаксистік қатынасқа түседі. Мағынасы жалпыланып кеңейеді. Құрамындағы сөздердің жеке дара тұрғандағысынан анағұрлым мағынасы бай, мазмұнды болып келеді. Тұтас бір сөз біріккен түбірлердің мазмұн құрамындағы сөздердің берер мағынасын өзінің тиісті бөлшектері ретінде қабылдаса да, сол бөлшектердің мағынасының қосындысынан

сайып келгенде әлдеқайда кең ауқымды (жалпы) болады. Метатілдік жүйеге салсақ : А+А+А=А (Түбір+Түбір+Түбір=Тұлға) Өзара тең сөздер лексикаланып тұтас жүйе құрайды. Былайша айтқанда әр түрлі сема (белгі) жеке дара тұрғанда әр түрлі мағына бергенімен қосыла келе жалпы бір мағынаға заттың атауы есебінде жұмсалады. А (Тұтас біріккен тұлға) оның бөлшектері А+А+А бұлардың жеке берер мағынасы А қосылған мағынасынан тар болып келеді де, керісінше А мағынасы А+А+А қосқандағы мағынадан кең болады. Біріккен түбір мағынасымен оның ішкі бөлшектерінің мағынасы әр уақытта бірдей шықпайды. Олардың мағынасы өзгере бермейді, себебі олар бас-басына тең дербес мағыналы сөздерден құралады. Бұлардың ішінде дыбыстық өзгерістерге ұшырайтыны да некен-саяқ кездеседі. (Дөңгелексор, Жанғожасор, Жангелдісор **/нқ, нк // ңғ, ңг** тоғыспалы ықпалдың әсерінен/ Қар**а/а**/дырсор /а// кейінгі ықпалдың әсерінен түсіп қалған). Сын+зат+зат: Ақ+құдық+сор, Ақ+төбе+сор, Бос+ағаш+сор, Жан+қожа+сор, Қам+баба+сор, Қара+адыр+сор, Кіші+бай+сор, Құр+тас+сор, Шолақ+бұлақ+сор, Аман+бай+сор. Сын+етістік+зат: Ақ+молай+сор.Зат+етістік+зат: Аяқ+молай+сор, Бал+қаш+сор. Синтетикалық (морфологиялық) тәсіл: Бозшасор // Боз /сын/ -ша сапалық сын есім тудырушы жұрнақ, сор - зат есім/, Балакескенсор // Бала/зат//кес /етістік// -кен есімше формасы, сор - зат есім/, Борлысор // Бор/тұлғасы зат// адьективтену –лы сын есімнің жұрнағы, сор- зат есім/, Бұлақты сор// Бұлақ/зат/ адьективтену –ты сын есімнің жұрнағы, сор-зат есім/, Сулысор//Су/ тұлғасы зат// адьективтену –лы сын есімнің жұрнағы, сор-зат есім. Сан+зат+зат: Алты+бай+сор. Сын+зат: Ақ+сор, Арал+сор (Арал тұлғасы зат), Қос+сор, Жақпар+сор, Жаман+сор, Жар+сор, Қара+сор, Кішкене+сор, кішкене //-кін, -қан /ботақан/ «кішкене әйел» монғол тілінде «кеукін» деп аталады, «қыз» деген атау «бала әйел», «кішкене әйел» деген мағынада қолданылады дейді Қ. Жұбанов [16, 115]. Көк+сор, Май+сор, Ойнақ+сор, Сасық+сор, Сұлу+сор, Тақыр+сор, Шаң+сор. Зат+зат+зат, зат+зат: Доға+бас+сор, Темір+бай+сор, Ұзын+сор, Дөңгелек+сор (тұлғасы зат), Қанай+сор. Қорыта келгенде М-Ж. Көпеев шығармалары мен Павлодар облысының топонимдер атауы әр түрлі , әсіресе, «Тақыр», «Тұз» индикатор терминдер жиі ұшырасады. Мысалы: Ащытақыр, Қабантақыр, Қостақыр. Немесе: Бабыстытұз, Бестұз, Қалқамантұз, Жақсытұз, Жамантұз, Қалатұз, Кеміртұз, Көршіқақтұз, Қызылтұз, Шақпақтұз, Үлкентұз, Еспетұз, Екібастұз, Тұзкөл т.б. «Көл» атауымен: Ащыкөл, Иткөл, Бекеткөл, Бозшакөл,

Біржанкөл, Жалпаққөл, Қоскөл, Есентікөл, Ескелдікөл, Жарлыкөл, Жұмыртқалыкөл, Қорғанкөл, Қуқамыскөл, Құдайкөл, Құмдыкөл, Құмкөл, Мәмбеткөл, Мұздыкөл, Оманкөл, Сабындакөл, Сарыкөл, Саумалкөл, Тастыкөл, Тереңкөл, Ұзынкөл, Тұздыкөл, Үкілікөл т.б. Сонымен қатар, кісі, ел-ру аттарына байланысты өте көп ономастикалық сөздер кездеседі. Ал, космонимика, зоононимдер, фетонимдер, ойконимдер, оронимдер, гидронимдер т.б. топонимдер түрлері әлі зерттелмеген тың дүниелер деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 А. Тұрышев. М-Жүсіп шығармаларының этнолингвистикалық сипаты. Павлодар. 2002 ж.

2 Ә. Қайдаров. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы «Ана тілі» 1998 жыл, 128-147 б.

3 Е. Бекмаханов. Казахстан в 20-40 года XIX века. Издательство «Қазақ университеті» Алма-Ата, 1992 жыл, 75 б

4 Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы «Ғылым» 1999 жыл, 413 б.

5 Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы «Ғылым» 1999 жыл, 426 б.

6 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. (Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері) Алматы «Ғылым» 1992 жыл.

7 М. Тынышбаев. История казахского народа. Алма-Ата «Қазақ университеті» 1993 жыл, 152 б.

8 О. Сүлейменов. Аз и я. Издательство «Жазушы» Алма-Ата - 1975 жыл, 143 б.

9 Проблемы этимологии тюркских языков. Алма-Ата «Гылым» 1990, – С. 357.

10 Х. Досмұхаметұлы. Аламан. Алматы «Ана тілі» 1991 жыл, 94 б.

ЭКОЛИНГВИСТИКА – ТІЛГЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

СҮЙЕНІШ Ж.
8 сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.
НҰРМАТ Б. А.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Бүгінде әлем тілдері арасында тілді сақтау, әр халықтық алғашқы тілдік қалыптарын қалпына келтіру мен қорғау мәселелелері негізгі күн тәртібіне қойылғаны белгілі. Осы тұста қазіргі қазақ тілі де әлемдегі басқа тілдер сияқты жаһандық тұтасулар мен бірігулер кезінде өзіне қатысты бірнеше мәселелерді шешуі қажет: тілді ұлттық ерекшеліктерге сәйкес келмейтін тілдік бөлшектерден тазарту; қазақ тілінің түркілік сипатына азар сала отырып, басқа да туысқан түркі тілдерінің сақталуына ықпал ету; тілді бүгінгі демографиялық ауысулардан қорғау, әлеуметтік топтардың тілді өз ыңғайларына қолдануына тосқауыл қою; жаңа мәдениет пен өркениет белгілерін тілге енгізе отырып, тілдің өз табиғи болмысының негізі қалуына жағдай жасау. Осы аталған негізгі мәселелер бүгінгі күні жер шарындағы барша тілдер үшін қауіпті тұсқа айналып отыр. Әлем тілдерін бұрынғы «тіл мәдениеті», «сөз мәдениеті» терминдері аясында қарастырып, оны сақтау үшін жүргізілетін іс-шаралар жетімсіздігін танытып отыр.

Жер шарындағы түрлі жаңа технологиялар мен ғылымның дамуы адамзат үшін игі жетістіктер болғанымен де бірнеше проблемелерды шешуді де талап етуде. Бұл материалдық игіліктерден рухани құндылықтарды қорғау мәселесін тудырып отыр. Осы мақсатты ерте анықтаған шет ел ғалымдары тілге экологиялық зерттеулер қажеттігін айтады.

Жаратылыстану ғылымдарына жататын «ecological» – қоршаған ортаны қорғау туралы ғылым. Осы ғылымды тіл біліміне әкелу тілге жаңа зерттеу бағыттарын пайдалану қажеттілігінен туындап отыр. Қазақ тіл білімінде «эколингвистика» – жаңа ғылым саласы. Бұның қажеттілігі тілді мәдениет ықпалымен қорғау, сөз мәдениеті нормалы қалпында ұстаудың аясының тарылып бара жатқандығымен анықталады.

Қазіргі тіл біліміндегі эколингвистикалық зерттеулердің қажеттілігін төмендегі мәселелер анықтайды.

1 Тіл мәдениеті бір тілдің ішіндегі мәселелерді, тіл ішіндегі заңдылықтардың сақталуын қарастырады.

2 Бүгінгі тілдерге тіл ішіндегі өзгерістерден гөрі сыртқы қауіптердің молдығы анық сезілуде.

3 Кез келген тіл сақталуы үшін ол жеке өзінің нысандарын ғана қорғап қала алмайды. Оның нысандарының сақталуы үшін көршілес тілдердің сақталуы, тектік тілдердің бірлігі қажет.

4 Генеологиялық тұтастық тілдерді сақтаудың негізі болуы шарт деегн теорияны ұстана отырып, тілді сақтауда тектік бірлікті сақтау нысан етілу керек.

5 Тілдердің сақталуы үшін шекаралық, аймақтық сипаттар үнемі назарға ұсталынуы керек деген мәселелер көтерілуде.

6 Тілді сақтау үшін тек тілге қатысты рухани игіліктер ескеріліп қалмауы керек. Онда ұлттың тұтас этностық қалыптары зерттеуге алынуы тиіс.

7 Тілді сақтауда тек рухани құндылықтар еемс, материалдық құндылықтар ескеріліуі шарт. Халықтың тұрмысы мен шаруашылығына қатысты мәселелерге назар аудару, оларды жаңғырту арқылы ғана тілді сақтау мүмкіндігі туатындығын бүгінгі қоғам анықтап отыр.

«Эколингвистика» туралы ғылымының алғашқы пайда болуына түрткі болған – Г. Геккельдің көпжасушалылардың жасалуы туралы теориясы. Алғашқы тектік (генеологиялық) ағашты жасап, осыдан тарайтын бұтақтар арқылы келесі ұрпақты көрсетті. Геккельдің биогенетикалық теориясы бойынша жекелік даму организмнің қоршаған ортасына байланысты құрылады. Осы теорияны тілге салған шет ел ғалымдары бір кездері тілді биологиялық ғылымдар қатарына да жатқызған [1, 7]. Кеңестік тіл білімі ғылымы бұл теорияны бүтіндей қолдамады. Дегенмен бұл туралы пролетариат көсемдерінің бірі Ф. Энгельс «Анти-Дюрингте» де айтады. «Табиғат диалектикасын» жазған Гегельдің еңбегі туралы айта келіп: «... Ол тұңғыш рет бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүниені процесс түріндегі нәрсе, яғни үнемі қозғалуда, өзгеруде, қайта құрылуда және дамуда деп таныды, сөйтіп осы қозғалу мен дамудың ішкі байланысын ашуға тырысты» [2, 27]. Гегельдің еңбегі тілдің өзін зерттеуде:

а) табиғи үрдіс немесе организм;

б) тарихи үрдіс (диахрониялы даму);

в) рухани үрдіс (қоғамдағы құндылықтарды сақтаушы, жеткізуші т.б. қызметтері) деп алғандығын анықталады.

Сондықтан да кеңестік саясат түркі мемлекеттерін құртуды түркі тілдерін құрту негізінде жүргізді. Қазақ тіл білімінде тілдің дамуы мен оның өзгеруі, ұлттық сипатын сақтауының қажеттілігін А. Байтұрсынов еңбектерінен кездестіреміз.

«Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың законына ерген, сондықтан тілі азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған» [3, 396]. «Тіл болу үшін уақыт пен орынның бір болуы шарт. Мысалы, біз қазақ тілі жөнінде айтатын болсақ, белгілі – бір территориядағы белгілі- бір жылдарда тіршілік еткен белгілі – бір халықтың нақты тілі жайында айтқан боламыз. Өйткені тіл бас-аяғы шектеулі бір ғана заманда жасалмақ емес, ол талай замандарды басынан өткереді. Тілді синхроника (син-біргелік, хроника – заман) жолмен тексеру деген сөз бірнеше замандардың нәтижесін бір заманға әкеліп, сәйкестігін қарау болып табылады. Ал бір замандағы тіл фактысын қосып (жинақтап) айсақ, онда грамматика болады. Историческая грамматика деген болмайды – мыс. өйткені барлық замандаға лайықты грамматика жоқ. Бір тілдің лексика арқылы білдіретін ұғымын екінші тіл грамматика арқылы білдіреді» [4, 19]. – деген пікір айтқан Қ.Жұбанов тілдің тарихилығына да назар аударта кетеді. Осы тұста тілдегі «формализмнен» сақтану керектігін ескертіп, осы жолдағы еңбектердің кемшіліктерін де талдайды.

Қазақ тіл біліміндегі қолданбалы теорияны жасаған К.Аханов «Тіл біліміне кіріспе» еңбегінде осы мәселеге өз пікірін білдірген. «19-ғасырда ғылым атаулыда, әсіресе қоғамдық ғылымдар саласында, соның ішінде тіл білімінде әр түрлі құбылыстардың өзгеруі, тарихи дамуы тұрғысынан қарастыратын көзқарас пайда болып, ғылыми зерттеулерде историзм принципі қолданыла бастады. Тіл білімі ғылымдарының осы аталған екі тобының (жаратылыс тану ғылымдары, қоғамдық ғылымдардың) қайсысына жатады? Бұл мәселе ғылым тарихында түрліше қаралып, түрліше шешіліп келеді» [5, 5-7]. Ғалым марксстік-лениндік таныммен жазғанымен де ойлы жаңға назар салатындай пікірлерді сол кезде білдіре алған. Ғалым шетел ғалымдарының неміс лингвисі А. Шлейхердің тілді биологиялық құбылыс деп атауын мсынайды. Бірақ сол кез үшін осындай ойды оқулыққа кіргізудің ой салу мен пікірге шақыру сияқты да болғаны анық.

Тіл білімін жаратылыстану ғылымдарымен сабақтастыра зерттеуге кейінгі кезеңдердегі жаңа таным мен тың ой ықпал еткені белгілі. Қазақ тілінің зерттеуде әдіснамалық негіз етіп ұсталып келген

«марксстік-лениндік» әдіснама тұрақтылықтан алынып, тәуелсіз ой, ұлттық таным шеңберіне салып зерделеу кейінгі кезеңдер жемісі.

Қазақ тіл білімінде лингвоэкологиялық зерттеулерді алғаш қолға алған – профессор Н. Уәли [6].

Лингвоэкология немесе эколингвистика саласын мүлдем жаңа бағыт деуге де келмейді. Шетелдік ғылымда зерттеу бағыттары мен тәсілдеріне қарай өзгерістер болғанымен қазақ тіл біліміндегі тілді әдеби дамуымен сабақтастықта зерттеу, тектік қалпында қарастыру, ұлттық тұрмыс, шаруашылығмен алу, ареальді ескеру, экожүйе негізінде байланыстыру, әлеуметтік фреймдермен жалғастыру Р.Сыздықтың [7], [8], [9] зерттеулерінде де бар болатын.

Ғылымда ономастика – тарих, география және тіл ғылымдарының тоғысқан жерінен пайда болса, ал эколингвистика термині ұғымын алғаш рет 1970 жылы американдық тілші Эйнар Хауген әлеуметтік лингвистика және психологиялық лингвистика ғылымдарының өзара әсерінен, яғни экологиялық [қоршаған орта (кеңістік)], әлеуметтік, психологиялық және тіл ғылымдарының негізінде пайда болғанын сөз етеді.

Эйнар Хаугеннің [10] зерттеуі бойынша эколингвистика адам мен оның тіршілік ортасы туралы жаңа ғылыми бағыт болып қалыптасты. Бұл ғылым саласы қоршаған ортаның заңдары мен қағидалары, ережелері мен қалыптарына сәйкес адамның тілі мен таным қалыптасатынын белгіледі. 20-ғасырдың соңына қарай басталған эколингвистика шетелдік және отандық тіл білімінде ономастика ғылымы аясында тілдік тұрғыдан қоршаған ортамен байланысына басты назар аударылып келген тіл саласы жаңа бағыттар мен міндет, мақсаттарды анықтады. Ал соңғы кезде орыс тіл білімінде эколингвистика мәселесі туралы Е. В. Иванова [11], И. П. Кулясов [12], А. А. Кулясова т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері пайда болды.

Тілдік орта лингвоэкологиялық зерттеудің түпқазығы болып саналатын қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық-тілдік тәжірибесі, тілдің қоғамдағы болмысына, оның дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық факторлардың жиынтығы.

Кез келген тілдің екі түрлі қызмет атқаратындығын дәлелдейді.

1 Тіл – қарым-қатынас құралы. Ендеше материалдық құндылықтарды да белгілейді.

2 Тіл – рухани құндылықтарды сақтаушы. Бұл екі қасиеті біртұтас жүйеде болғанда ғана тіл қоғамда толығымен қызмет атқара алады. Егер бір қызметі тоқталса, тілдің екінші қызметі тек әлсіреп қоймайды, тектік қалпын жоғалтады.

Тіл – адамның тіршілік ортасы, белгілі бір қоғамдастықтың, ұлттық ұжымның рухани тіршілік ортасы. Адамдардың да рухани дамуы ана тілі деп аталатын тілдік ортаның сау-саламаттылығына тікелей тәуелді.

1 Тіл – қоғамды біріктіруші.

2 Тіл –қоғамды ортақ мақсат, танымдарға жинақтаушы.

3 Тіл – белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік топтарды құрастырушы.

Тілдің осы аталған негізгі белгілері – қоршаған ортамен теп-теңдікті қажет етеді. Яғни жаратылыс заңдарындағы тепе-теңдік заңдылығы тіл арқылы да өлшенеді. Бұл тепе-теңдік ұлттың мәртебесін тікелей байланысты.

1 Ұлттық рухани құндылықтарды сақтай алуына қажетті шарттардың болуы.

2 Рухани сабақтастықты ұстап тұра алуы.

3 Қоршаған орта тепе-теңдіігн сақтай білуі.

4 Қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси белсенділігі.

Бұл белгілер тілдің тек басты белгілері ғана еемс, экологиялық сиаптатрын анықтауы. Бұл келесі сатымен байланысты.

1 Ұлт тілінің сақталуы шаруашылығының сақталуымен байланысты.

2 Шаруашылығының өзгерісі ұлттың материалдық құндлықтарын өзгертеді. Бұл өзгерістер олардың тілідң тектік қалпынан бөлінуіне әкеледі.

3 Шаруашылықтың өзгеруі тұрмыстың өзгеруіне ықпал етеді.

Шаруашылық пн кеңістік, орта мен адам қатынастарының заңдылығы қоғаммен бірге шешілгені анық. Соның бірі тыйым сөздер қазақтың жазылмаған заңдары болып қалыптасты. Тыйым сөздер адам мен қоршаған оратның төмендегідей белгілері анықтады.

1 Адам мен табиғат заңдарын қадағалады.

2 Адам мен қоғамдық ортаның ережелерін реттеді.

3 Адам мен адам қатынастарын анықтап берді.

4 Адамның өзінің жеке рухани ішкі тепе-теңдігін сақтауды талап етті.

5 Адам мен оның материалдық игіліктерінің ара қатынасын ашты.

1. Үлкеннің алдын кеспе. 2. Жағыңды таянба. 3. Суға түкірме. 4. Тізеңді құшақтама. 5. Бүйіріңді таянба. 6. Түнде суға барма. 7. Малды басқа ұрма. 8. Қу таяқ таянба. 9. Шашыңды жайма. 10. Ошақтағы отты өшірме. 11. Кір суды баспа. 12. Көкті жұлма. 13. Көкті баспа. 14. Айға қолыңды шошайтпа. 15. Отқа түкірме.

Қазақ тілінің эколингвистикалық заңдылықтарды сақтаған тілдік танымдарын тіл тарихының әр кезеңдерінен, әр түрлерінен таба аламыз. Қазақ тілінің де тарихы тереңнен тамыр тартады. Есте жоқ ескі замандар ізін халық тілінен табамыз. Ендеше қазақ ұлты да өзінің бай қазынасы сақталған халық тілінің сыр-сазын танып, оны арғы, бергі, бүгінгі мұрамен, әдебиет, дәстүр, мәдениет, өнермен, сабақтастыра алғанда ғана әлемнің рухани құндылықтары қатарында өз қолтаңбамыз тарихты білу, оның бастау алар кезеңдеріне үңілу, бүгінгі күнге қажетін табуға ұмтылу – барлық халықтарға тән дәстүр. Әрі халықтың бақ-беделін, абыройын көтерумен бірге, мысалы, жоғарыдағы кестеге қарап қазіргі қазақ тіліндегі «ас», «сөз» сияқты сөздердің фонетикалық, лексикалық өзгеріс қалпын да тануымызға мүмкіндік туады.

«Ас» және «сөз» сөздері бүгінгі біздің талдап түсініп жүргеніміздей заттық мағынадағы бірі тамақ деген сөздің синонимі бірі, қатынасты жүзеге асырушы кіші бөлшек қана емес. Бұл – бірнеше тұрақты сөз тіркестерін құрастырып, қазақ тіліндегі ұлттық танымды анықтайды. Екіншіден, табу, эвфемизмдер, этнографизмдер қатарында қолданылып, ұлттық сипатты ашады.

Халық өз тарихын ертеден есте қалдырып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп отырғанда қалады. Тілдік ұқсастықтармен бірге қазақ тілінің, сондай-ақ, басқа да түркі тілдерінің әрбірінің өздеріне ғана тән ерекшеліктері де бар. Тілдің толып жатқан мәселесін экологиялық тұрғыдан қарастырудың мәні айрықша. Тілді тұтынушының, яғни тілдік тұлғаның, тілдік субъектінің ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін, тілдің өткендегісі, бүгінгісі, болашағына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеуде де лингвоэкологияның міндетіне жатады.

Тіл - адамзат қоғамындағы ортаны біріктіруші, ұйымдастырушы. Ендеше тілдің негізгі қызметі – қоғам мүшелерінің бір-бірімен сөйлесу, пікір алысу, арасын жалғастырушы қызметін, яғни қазіргі, бүгінгі, келешек арасына дәнекер болатынын да еске алатынымыз сөзсіз.

Тілдің, сөздің осындай қызметтерімен бірге халық жанында сөз киесі, сөз дауасы, сөз құдіретін, қасиетін құрмет тұтар тыиым

сөздер, мақал-мәтел, даналық ойлар, сөз тіркестерінің де қолданар орнына қарай өз ерекшеліктері сақталған.

Қазақ халқы «Жақсы сөз- жарым ырыс» дейді. Жақсы тілек, игі ой адамды бақытқа жеткізеді деген түсінікті ашады. Мақал-мәтелдер - осының айғағы. Жақсы сөз естіп, білгір жанмен әңгіме құрса, «бір жасап қалдым» деген.

Қазақ халқы бір-бірінің қуаныш пен қайғысына, шаттық пен мұңына ортақтасып отыруды парыз санаған. Қуанышқа құтты болсын айтып, қайғы –мұңды сөзбен, тіл күшімен сейілтуді дәстүр еткен.

Халықта барлық қызық пен қуаныш, қайғы мен зар сөзбен өрнектелсе, дау-дамай, ұрыс «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен» шешілген.

Қазақ тіліндегі ұлттық дәстүр, тағылым, таным сипатындағы сөздер қоғамның түрлі сатысында алуан жағдай, жайға қарай үлкен қызметтер атқарған. «Айтылған сөз - атылған оқ» деген халық қағазға түспесе де, хатқа жазылып басылмаса да, кесімді уәжді, қорытылған тұжырымды заң деп қабылдаған.Тілдегі сөздің осындай ерекшеліктерін ескеріп, қоғамдық қызметін шартты түрде бірнеше негізгі топтарға бөлуге болады.

Қазақ халқы осы арқылы сөздің қоғамдық-әлеуметтік орнын белгілеп қана қоймай, психологиялық, философиялық, танымдық мәнін де ашқан. Бұл адам мен қоршаған ортаның сипатын анықтауға бағытталған мақсаттан туғаны анық.

Бүгінгі жаһандық өзгерістер қазақ тілі біліміндегі эколингвистика – саласының мәнін, өз орнын айқындалуына негіз болды. Эколингвистика – тіл білімінің жаңа саласы сонымен бірге бұған дейінгі тілді зерттеудегі ойлардың жалғасы да. Қазақ тіл білімін тектік, материалдық құндылықтар негізінде зерттеудің негізі – эколингвистикалық әдіс-тәсілдермен де байланыстылығы шешілетін әдіс екендігін тілші –ғалымдар өз зерттеулерінде айқындап та берді. Экологиялық сана және эколингвистика өзара байланысты түсініктер болғандықтан да ол қоғамдық санамен, тілдік санамен тығыз сабақтасады. Тілдік бірліктер және экологиялық белгілердің арақатынастары арқылы тілдегі фреймдердің орнына талдау жасау арқылы тілдің рухани және материалдық құндылық ретіндегі орны анықталады. Бұл лингвоэкологиялық дискур және эколингвистикалық бірліктер ұғымдары – өзара байланысты және ерекшеліктері де бар ұғымдар болатындығын ашады. Сондықтан да бүгінгі қазақ тіл білімі ғылымындағы тарихи лингвистика, тіл

мәдениеті, этнолингвистика, эколингвистика және жаратылыс ғылымдарынан экологиялық негізгі білімдерді байланыстыра зерттеу – қажеттілігін айқындап отыр. Қазақ тілінің құрылымы мен тегі, ортасы, қарым-қатынасушылардың әлеуметтік сапасы басқалардан бөлек болғандықтан да бұған ұлттық эколингвистикалық әдіс-тәсілдер мен теориялық негіз керек екені анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

To the knowledge of other cultures is increasingly used printed material. Reading – is an independent form of speech activity that provides a written form of communication. It is one of the main places on the use, availability and importance, since it is based on reading skills development occurs and speaking and writing. Talking about the relationship of reading with other kinds of verbal activity, I want to draw attention to the following.

REFERENCES

1 Н. Е. Булакина Полуязыковое инфорационно- образовательное пространство личности: Методология. Проблемы. Технология. Новосибирск: Изд-во НИПКиПРО, 2015. -18 с.

2 Address from the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to people of Kazakhstan. January 31, 2017, -48 P

3 President of Kazakhstan N. A. Nazarbayev at a solemn meeting dedicated to the Independence Day of the Republic of Kazakhstan .December 15, 2014, - 21 P.

4 http://www.akorda.kz/ru/addresses/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-nnazar-baeva-na-rodu-kazakhstana-11-noyarya-2014-g. -1 P.

5 http://www.akorda.kz\ru\addresses. -2 P.

ЖАҺАНДАНУДЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ

ТУЛЕБАЕВА Б. Т.
Қазіргі әлемдегі Қазақстан пәнінің модератор-мұғалімі, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
ТУРГУЛЬДИНОВА С. Т.
оқушы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Бүгінгі күнде жаһандану қоғамның барлық салаларына ықпал етеді. Оларға саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік салалар жатады. Білім беру жүйесі де әлемдік тенденциялардан артта қалмай, әлемдік ғылым мен техника жасаған «әлемдік

стандарттарға» сәйкестендірілуге әрқашан ұмтылуда. Көптеген маңызды тақырыптарды, материалдарды, практикалық жұмыстарды ғаламторда еркін табуға болады және осының арқасында ақпарат алмасу процесстері жиіленіп, шетел дереккөздердің пайдаланушылар саны күн сайын өсе береді.

XXI ғасырда технологиялар білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Олар дүниенің түкпір-түкпірінен ақпарат табу, алмасу мүмкіндігін қолжетімді етіп, олардың әлеуетті инфрақұрылымдары жоғары білім беру мазмұнын әмбебаптандырып, әлемнің жетекші білім беру орталықтарынан білім таратуды қамтамасыз етеді. Осылай, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жаһандық жүйесімен тығыз байланыста болып, білім алуда қарқынды енгізіледі.

Сол себептен, бүкіл әлемде білім деңгейі тез өсіп келе жатыр. Мысалы, ғаламдық ақпараттық желіні толық пайдалану үшін Қазақстан білім беру ұйымдарында, жекелеген аймақтар мен ауылдық оқу орындарында компьютерлік орталықтар құрып, оларды интернетке қосып, пайдаланушыларға ақпарат алып, білімін кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қазақстан көптеген халықаралық бағдарламаларда қатысып, білім беру жүйесін жетілдіріп, басқа мемлекеттермен білім мен тәжірибемен алмасуға мүмкіншілікті қолданады. Осыған дәлел бола алатын - SUMMER WORK AND TRAVEL, FLEX (орта және жоғары сынып оқушыларына арналған), JFDO (жоғары оқу орындарында мен орта білім беру мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдерге арналған) сияқты бағдарламалардың өткізілуі.

Экономикалық ынтымақтастық және даму халықаралық ұйымының (ЭЫДҰ) мәліметтері бойынша, қазақстандық білім беру жүйесі елдің экономикалық әртараптандыруының негізі болып табылады. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан бүкіл білім беру кешенін әлемдегі ең дамыған елдер деңгейіне жету үшін жүйелі түрде реформалауды бастады. Алайда, 1991 жылдан кейін қаржыландырудың аз болуына, мемлекеттік реттеудің біршама нашарлауына, оқу орындарын жекешелендіруіне және білікті мамандардың елден кетуіне байланысты елдегі білім сапасы тез нашарлай бастады. Нәтижесінде, елдегі кәсіптік мектептердің жалпы саны 40 %-ға азайды [1].

1993 жылға қарай, саяси мен экономикалық тұрақтылықтың орнатуымен, білім беру жүйесі біртіндеп жақсыра берді. 1993 және 1995 жылғы Конституция бойынша, орта білім беру алу міндетті

болды. Ал, жоғары білім алу - адамның қалауына байланысты; оқушылар оқу орындарына конкурстар және ҰБТ арқылы немесе ақылы түрде түсе алады. 2007 жылы Қазақстан алғашқы рет TIMMS зерттеуінде қатысқан. Бұл Халықаралық ассоциациясы жүргізілетін тексеріс болып табылады. Онда оқушылардың оқу жетістіктерінің сапасы бағаланды. 36 қатысушы елдің ішінде Қазақстан жоғары нәтижелерді көрсеткен болатын [4].

Білім беру бағдарламаларының сипаты бойынша Қазақстандағы білім жалпы және кәсіптік білім болып бөлінеді. Білім берудің келесі деңгейлерге бөлінеді: мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта білім, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім. 2019 жылғы деректер бойынша, қазіргі таңда Қазақстанда 128 жоғары оқу орындары жұмыс істейді [5].

Білім және ғылым интеграциясы Қазақстаннң сегіз жоғары оқу орнына халықаралық QS рейтингіне кіруге мүмкіндік берді. Осы саланы қадағалайтын Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық-талдау орталығы білім берудің әр деңгейіне арналған әлемдік тенденцияларға талдау жасады. Талдау нәтижелері білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасын құрастырып (GPRON), әзірлеу кезінде қолданылды.

ЮНЕСКО-ның білім беруді дамыту индексі бойынша (IRO) 10 жыл ішінде Қазақстан 100-ден астам елдердің ішінде алғашқы 8 елінің қатарына кірді. ХРО-да жоғары лауазымдарға 11 жылдық тегін және міндетті мектеп және мектепке дейінгі білімнің болуы арқасында қол жеткізілді [1].

Барлық салалардың, білім беру жүйесін де қосқанда, қағидалары, жұмыс принциптері жаһанданудың әсерінен өзгерістерге тап болды. Мемелекеттердің көбі өзіндік, жеке және ерекше оқу әдістерінен бас тартып, барлықтары ортақ, бірыңғай құрылымға сәйкестендіріліп, бірдей ережелерді ұстануға ұмтылып жатыр. Жаһанданудан пайда болған трендтеріне: онлайн түрде білім алу, жаңа инновациялық технологияларды оқуға енгізу, жаңартылған әдістерді мектептерде мен университеттерде қолдану жатады. Біріншіден, қашықтықта сабақтарды алу, яғни үйде отырып, шет елдердің оқу орындарында дистанционды түрде білім алу оқушыларға көптеген мүмкіншілектерді ашады. Бір уақытта олар бірнеше мамандыққа оқытылып, өзінің біліктілігін арттыра алады. Осындай оқудың басым бөлігі бұл жеке жұмыс, және оны тиімді жүргізу үшін компьютер мен эдектронды кітаптар көмектеседі.

Сонымен қатар, онлайн курстар да осы дамудың бір түрі болып табылады. XXI ғасырда, мысалы, бірнеше шет тілдерді білу адамның жеке портфолиосында қосымша плюс болып табылады, себебі әлем талаптарына сәйкес үш немесе одан да көп тілдерді білетін адамдар қоғамда бағаланады. Осы жағдайды қамтамасыз етуге осындай онлайн курстардың орны әсіресе қолайлы. Екіншіден, қазіргі кезде мектептердің көбі технологияларды жиі қолданады. Олардың әр мектеп кабинеттерінде қарқынды енгізілуі, білім беру мен алу процессін жеңілдетіп, осы сала дамуының алдында көптеген мүмкіншіліктерді ашады. Ақпараттық технологиялар оқушылардың әрбір саладағы білімін және ой-өрісін кеңейтіп, мамандарды дайындауда міндетті құралдардың бірі болып табылады. Ғаламтордың көмегімен, кез келген адам өзіне керек ақпаратты бір сәтте тауып, қолдана алады. Одан басқа, мектептерде біртіндеп нано және био-технологиялар енгізіліп, таратылады. Үшіншіден, Қазақстан студенттерінің арасынан шет елдердің университеттеріне өтінім берушілердің саны әр жыл сайын өсуде. Онда тәжірибе алу арқылы Қазақстанға қайта келіп, алынған сапалы білімімен мемлекеттің дамуына елеулі үлес қоса алады. Осыған қоса, жергілікті мектептер мен университеттер шетел ресурстарын (кітаптар, ғаламтор) оқу мақсаттарында жиі қолданады. Мұғалімдер осы халықаралық деңгейде мойынданған оқу әдістерін зерттеп, өзіне ыңғайлыларды тауып, оқушыларға ақпаратты түсінікті мен жүйелі түрде жеткізуге және түсіндіруге тырысады. Басқа елдің тәжірибесін мен білімін игеруге бірнеше бағдарламалар жылдар бойы жұмыс істейді. Олардың бірі - «Болашақ» болып табылады. Осы президенттік бағдарлама елдің адами капиталын дамытуға айтарлықтай үлесін қосады. 2014 жылы 11 мыңнан астам қазақстандықтар студенттік стипендия иегелері тізіміне кірді және олардың көпшілігі мемлекеттік деңгейде жұмыс істейді [1].

Жоғарыда айтылғандай, FLEX пен SUMMER WORK AND TRAVEL халықаралық бағдарламалары АҚШ-та өткізіледі. SUMMER WORK AND TRAVEL бағдарламасы АҚШ-тың бірнеше қалаларында жаз бойы жұмыс істеумен қатар, елдің ішінде саяхаттауға мүмкіндік береді. Осы бағдарлама 18 және 23 жас аралығындағы студенттерге арналған. Оның арқасынан, жастар ағылшын тілін ғана жақсартпай,осыған қоса, мемлекеттің мәдениетімен, дәстүрлерімен және халық менталитетімен толықтай таныса алады.

Бүгінгі күнде, елімізде 2008 жылдан бастап, Назарбаев Зияткерлік Мектептер жүйесі жұмыс істейді. Автономды білім беру

организациясының 2011-2020 жылдарға арналған даму стратегиясында жазылғандай, мектептердің басты мақсаты - оқушыларды өмір жолында туатын сұрақтарға жауаптарды өз бетімен табуға үйрету; өздерінің іс-әрекеттерінің салдарын бағалап, олар үшін жауапкершілікті ала білу, мұның өзі өмір барысында жиналатын білімнің негізі болатын өзін-өзі оқыту мен дамыту дағдыларын алуды, осы білімді шығармашылық күйде қолдана білуді білдіреді. Мектеп берілген жағдайларда өз оқушыларының бойында жинақылық, серпінділік, сындарлылық сияқты қасиеттерін дамыта отырып, заман өзгерістеріне әзірлеуі тиіс. Қазіргі әлемде осындай қасиеттер сұраныста болғандықтан, оларды игере алатын адам қоғамда бағаланады. Назарбаев Зияткерлік Мектептердің бағдарламасы Cambridge оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылды. Оқушылардың жұмысына және жетістіктеріне баға беруде критериалды ішкі және сыртқы бағалау өткізіледі. Бұл жүйе орта білім беру мектептерінен айтарлықтай өзгешеленеді және тиімдірек болып табылады. Сол себептен, 2020 жылына қарай мемлекеттегі барлық мектептер осы үлгіге көшеді.

Жаһандану әкелген ірі өзгерістердің бірі - бұл латын әліпбиіне көшу процессі. 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Нұрсұлтан Назарбаев латын әліпбиіне көшіру жұмыстарың бастау керек деп айта кеткен. Бүгінгі компьютер заманында, интернет жүйесінде үстемдік ететін латын әліпбиі біздің қоғамға еніп, таралғаннан, оны еліміздегі кез келген сауатты адам белгілі жоғары дәрежеде біледі.

Осы өзгерістің көптеген артықшылықтары бар:

Біріншіден, бұл тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптер санын қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз.

Екіншіден, латын әліпбиіне көшу арқылы қазақ тілі халықаралық дәрежеге шығып, Қазақстан өзінің имиджін халықаралық аренада көтере алады. Компьютерлік жаңа технологиялар арқылы, қазақ тілі халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігіп, ақпарат алмасуд мен жеткізуде тиімді жолдарын ашады.

Үшіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты орнату үшін, біз тіл арқылы тығыз байланысымызды күшейтуіміз қажет.

Жаһанданудың артықшылықтары ғана емес, кемшіліктері де бар. Біріншіден, ұлттық тілддің құны азаяды. Ағылшын тілі - халықаралық тіл болғандықтан, оны көптеген салаларда жиі қолданады. Мысалы,

қарым қатынасты орнатуда, сенімді ақпаратты іздеу барысында, зерттеу жасауда, кино мен музыкада көп қолданысқа түседі. Осы тілді білетін адам еңбек нарығында жоғары бағаланады. Сондықтан да барлық мектептерде ағылшын тілі сабақтары қарқынды енгізіліп, үштілдік оқу бағдарламасы өткізіледі. Оның бүкіл әлемде таралуы мен дамуы арқасынан, адамдар оны үйрену үшін көбірек күш пен үлесін қосып, өзінің ұлттық тілін қолдануға ұмытады. Сондықтан оның дәрежесі төмендейді.

Сонымен қатар, қазіргі керде «brain drain» немесе ми ағымы мәселесі үлкен орын алады. Жаһандану көмегімен, адамдар бір орында отырмай, өзінің барлық қасиеттерін дамытып, мүмкіншіліктерін жүзеге асырады. Олар дамыған елдерді мен Қазақстанды салыстырып, жетекші елдерге тұрақты жұмыс немесе оқу мақсатында қоныс аударады. Осындай кемшіліктер жаһандану процессінің бірнеше салдары болып табылады және олардан құтылу үшін мемлекет арнайы әрекеттерді жасау керек. Мысалға, ұлттық тіл жойылу мәселесін шешу үшін, түрлі бағдарламалар құрастырылуы қажет. Оны сақтауға, дәрежесін көтеруге бағытталған саясат жүргізілуі қажет. Ал, ми ағымы проблемасын ел ішіндегі жағдайдың жақсаруымен ғана шешуге болады. Егер де мемлекет жастардың өзін-өзін танытуда мен білім, қабілетін тиімді пайдалануда көмектессе және оладың мансапқа жетуде мүмкіндіктерін ашуға үлес қосса, онда олар өзінің елінде қалып, оның өркендеуіне жұмыс жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Образование Казахстана за годы независимости в контексте мировых трендов: Достижения и перспективы развития»//»Қоғам & Дәуір» №4 журналы (52), 2016 ж. - URL: http://iac.kz/ru/events/obrazovanie-kazahstana-za-gody-nezavisimosti-v-kontekste-mirovyh-trendov-dostizheniya-i.

2 Бухтеева Е. Е., «Тенденции глобализации в образовании», 2013 ж. - URL: https://cyberleninka.ru/article/v/tendentsii-globalizatsii-v-obrazovanii.

3 «Влияние глобализации на развитие системы высшего образования в республике Казахстан»//Вестник КазЭУ, 2015ж. - URL: https://articlekz.com/article/13725.

4 «Reviews of national policies for education: Secondary Education in Kazakhstan 2014» - 36 б., - URL: https://books.google.kz/books?id=3t2iAgAAQBAJ&pg=PA36&lpg=PA36&dq=timms+2007+36+countries+kazakhstan&source=bl&ots=32oQilTrpz&sig=ACfU3U11

7U_C7PSxsmOpdXH_9TEBYRrNGg&hl=ru&sa=X&ved=2ahUKEwiI_uei4dXmAhWPp4sKHSaACOcQ6AEwAXoECAUQAQ#v=onepage&q=timms%202007%2036%20countries%20kazakhstan&f=false [ағылшын тілінле].

5 «Почти на 10% выросла численность студентов вузов в Казахстане»//Курсив жаңалық порталы, 2019ж. - URL: https://kursiv.kz/news/obschestvo/2019-02/pochti-na-10-vyrosla-chislennost-studentov-vuzov-v-kazakhstane.

9 Секция. Журналистикадағы заманауи медиатехнологиялар және БАҚ-тың даму тенденциялары
9 Секция. Тенденции развития СМИ и современные медиатехнологии в журналистике

БАЛАЛАР БАҒБАНЫ – «БАЛДЫРҒАН»

ТӨЛЕУБАЙ Ә.
оқушы, Дарынды балаларға арналған № 3 гимназия мектебі, Павлодар қ.
КЕНИСБАЕВ Ә.
оқушы, Дарынды балаларға арналған № 3 гимназия мектебі, Павлодар қ.
ШУКУЕВА Б. Т., КЕНЖЕБАЕВ Г. С.
жетекшілер, мұғалімдер,
Дарынды балаларға арналған № 3 гимназия мектебі, Павлодар қ.

«Балдырған» журналын оқу бізге ұнады. Біз сол журнал туралы көп білгіміз келді.

Журналдың 1- нөмірі 1958 жылы шығыпты. Алғашқы редакторы – балалар ақыны Мұзафар Әлімбаев. Мұзафар Әлімбаевтың балаларға арнап жазған көп кітаптары бар [1], [7]. Маған әсіресе «Балдәурен, шіркін, балалық!» деп аталатын кітабындағы өлеңдері ұнады. Ақынның көптеген өлеңдері осы «Балдырғанда» қызмет еткен кезде жазылыпты. Сол кезде М. Әлімбаевпен бірге балаларға көп жазған Б. Соқпақбаев, Қ. Мырзалиев, Ә. Дүйсенбиевтер журналдың алғашқы сандарын шығарыпты.

Б. Соқпақбаев - атақты «Менің атым – Қожаның» авторы. Мен Қожа туралы кітапты оқыдым. Киносын да көрдік. Ал Қ. Мырзалиев:

Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл.
Өзге тілдің бәрін біл.

Өз тілінді құрметте [4], – деген барлық ел жатқа білетін өлеңнің авторы. Ә. Дүйсенбиевтің де мен көп өлеңдерін оқыдым. «Не деу керек?» деген өлеңі жаттауға оңай, әрі қызықты да екен.

«Балдырған» журналында Абай, Ыбырай, Жамбыл аталардың өлеңдері де көп шығады [4].

Абай өлеңдерінде оқу оқып, білім алған баланың жақсы болатынын жазады. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде «жақсы» мен «жаман» дегенді «бес асыл» және «бес дұшпаныңа» екенін ұқтырады.

Ал Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінде жақсы мен жаман салыстырылады. Екеуін қатар қойып көрсетеді. Жақсы қайсы, жаман қайсы тез танылады.

«Асыл шөп» деген әңгімесінде шыдамсыз бен сабырлыны, «Асан мен Үсенде» ұқыпты-ұқыпсызды, байқағыш пен бейқамдықты, еңбек пен қырсыздықты қатар қояды. Осы әңгімелерді де біз «Балдырғаннан» оқыдық.

«Балдырған» жақсы деген еңбекқорлық, жомарттық, мейірімділік, қайырымдылық, тәрбиелілік, ұқыптылық, сабырлылық, шыдамдылық, адалдық деп бөлінетінін үйретеді.

Жақсылық дегенді осылай көп әдемі атаулармен айта беруге болатын болса, жамандықты да сондай көп етіп тізе беруге болады екен.

Жалқаулық, ұқыпсыздық, қайырымсыздық, сабырсыздық, еріншектік, тіл алмаушылық, үлкендердің ақылын тыңдамайтын, қырсыздық, бейқамдық т.б. деп көп атаумен аталады. Бұлар жайында «Балдырған» көп жазады.

«Балдырғанда» алғаш шыққан жылдарында, 1958-1968 ж.ж., батырлар туралы «Үй ішіндегі айқас» (Қ. Қайсенов), «Әлия Молдағұлова» (Ж. Жұмақанов), «Қайсар бала» (А. Нұрқанов), «Аңшы Шора туралы аңыз» (Х. Абдулин), «Ай астында атылған оқ» (С. Мәуленов), «От тапқан бала» (С. Мәуленов) [2]. т.б. әңгімелері бар. Мен Ә. Молдағұлова, Қ. Қайсенов сияқты қазақ батырлары туралы көп білдік. Ал ендігі бір әңгімелерден соғыста балалардың да үлкендермен бірге елге өз көмектерін тигізгенін оқыдық.

«Балдырғаннан» біздің ұққанымыз батырлық деген міндетті түрде соғысқа қатысу емес. Батырлық, ерлік – өзінді жақсы іске бейімдеу. Егер өзінді жақсыға бейімдей алсаң, жақсыны үйренсең, ерлік жасағанмен бірдей.

С. Жүнісовтің «Тұсамыс» әңгімесі – Болтай деген бала туралы.

Балалар ойын ойнайды. Олар екіге бөлінеді. Біреулері ат болады, қалғандары жылқышы болады. Болтайдың біресе ат, біресе

жылқышы болғысы келеді. Оған Шәкір: «Болтайды ойнатпаймыз. Ол сөзінде тұра алмайды, тұрақсыз» – дейді. Болтай айтқан сөзінде тұра алатынын, тұрақсыз емес екенін дәлелдейді.

Болтайды қыр астында апарып «тұсап қояды». «Жылқышы» болған балалар ойнап жүріп, күн жауған соң «үйлеріне» кіріп кетеді. Жауынның астында қалған Болтай қашан балалар келіп «тұсамысын» алғанша, тұра береді.

Менің бұдан ұққаным Болтай да – батыр бала. Ойнап жүрсе де, ақырына дейін шыдады. Балаларға, достарына, өзінің батыр екенін көрсетті. Енді достары оны «тұрақсыз» деп кінәлай алмайтын болды.

Қазіргі балалар батыр болғысы келмейді. Оның себебін мен Н. Серәлиевтің «Намыс» әңгімесінен ұққандай болдық.

Тұраш пен Сапаштың Дәукен ата көршілері. Дәукен ата күнде екеуін шақырып алып, «Қайсысың мықтысың, кім батыр? Көрейік, күресіңдер», – дейді. Екеуі күнде күреседі. Бірде – Сапаш, бірде - Тұраш жеңеді, кейде тең түседі.

Бір күні Тұраш пен Сапаш екеуі Дәукен ата күрес десе күресейік, бірақ жығыспайық, тең түсейік деп келіседі. Оны Дәукен ата естіп қояды.

Ертеңінде екеуін шақырып алып күресіңдер десе, екеуі де бұрынғыдай алыса кетпей, баяу ұстасады. Сонда Дәукен ата: «Сапаш, сен мына Тұрашты жығып кетемін», - деп едің ғой дейді. Соны ести сала Тұраш Сапашпен шындап күресе жөнеледі. Екеуі нағыз балуандарша күреседі.

Дәукен ата екеуінің намысын оятты. Намысқа тырысқан балалар өз күштерін көрсетті.

Намыс батырлықты ғана оятпайды. Ол шымыр болып өсуге, өз күшіне сенуге үйретеді. «Шалбардың шатағы» (З. Шүкіров) [2] әңгімесі де намыс жайында. Бірақ намыстан басқа да жақсылық бар.

Ағасы Сайлаубай мен Жолтай деген інілерін жарыстырады. Сайлаубайдың жасы үлкен, Жолтайдан жүгіргенде озып кеткенімен, соңында қалып қоя береді. Оған кінәлі Сайлаубайдың шалбарының балағы аяғына оралып жүгіртпейді екен. Ағасы кең балақты шалбарды шешкізіп жүгірткеннен бастап, Сайлаубай – ең жүйрік бала. Әр істің ыңғайына қарай киіну, ортаның мәніне қарай жүріп – тұру тәртібін үйретеді.

Қазіргі кездегі әңгімелерде намыс туралы көп жазылмайды.

Сапаш пен Тұраштың намысын ұштап, батырлыққа, күштілікке баулитын Дәукен аталар да жоқ.

Бүгінгі күні де батырлық керек. Батырлық менің ұққаным – тазалық пен адалдық. Әр сөзге адалдықты, әр іске тазалықты батырлық деп атауға болатын сияқты.

«Балдырған» журналынан батырлар туралы көп оқыдым. Бұл бүгінгі күні тек бұрынғының оқиғасы ғана.

Бүгінгі батырлық уәдеге беріктік, іске адалдық екен. Бұны да «Балдырғанның» әңгімелерінен білдік.

Халық қорықпайтын, мықты, жүректі адамды батыр, ер дейді. С. Талжановтың «Кейде» деген әңгімесі қызық. Бұнда көктемдегі тасып жатқан өзенге Кенжебек деген кісі байқамай құлап кетеді. Ауылдың адамдары жүгіріп өзен жағасына келеді. Бірақ құтқаратын батыл адам болмайды.

Сол ауылда елдің бәрі қорқақ дейтін, бірақ тілге шешен Көсеубек судан Кенжебекті құтқарады. Екеуі жағаға шыққан соң елдің бәрі: «Көсеубек батыр, Көсеубек арыстан» деп шуылдайды. Сонда Көсеубек: «Рас, мен-ақ батыр болайын, мен-ақ арыстан болайын. Бірақ мені суға итеріп жіберген сұмырай кім?» - депті.

Еріксіз батыр болған Көсеубек суға түскен соң жағаға жүгірмей Кенжебекті құтқарған. Итерген кісі Көсеубек суға түссе құтқаратынын білді ме, әлде әзілі ме?

Осындай ой беретін әңгімелер «Балдырғанда» көп. Жақсылық біреуге пайдаң тию. Өзіңе пайдаң тию. Егер өзіңе жақсы іс істесең, онда өзіңе де, ата-аналарыңа да, туыстарыңа да жақсылық жасағаның.

1 Түрлі-түрлі балалар

«Балдырған» журналы – балалар туралы ғана жазады. Белгілі, аты шыққан батыр, ақын, ғалымдардың балалық шағын жазды. Балалардың мінездері де әр түрлі. Әрқайсысының бір қасиеті ерекше айтылады.

«Жанашыр» (Т. Айдарханов) әңгімесі Дастан мен Ақбөпе жайында. Көзі көрмейтін, балалар үйінде тұратын көшеде адасып қалған Ақбөпені үйіне апарып салады.

Дастан – жанашыр, мейірімді бала. Ол балалар үйіндегі балалармен де достасып кетеді. Қайырымды әрі үйірсек бала.

Б. Соқпақбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесіндегі Алмабек жалқау, жақсы іске ұмтылуға асықпайды. Әңгіме ертегі сияқты. Бірақ шын екенін сезіндіреді.

Тоғайдан тал, терек әкеліп есігінің алдына Алмабек те ағаш отырғызады. Бірақ оларды күтіп, баптағысы келмейді. Ағаштар енді құритын шығармыз деп қайғыға түседі.

Ойынға айналған Алмабек бұл туралы ойламайды. Бірде ормандағы ағаштар Алмабекті ортаға алады. Алмабекке: Үйінің

қасына отырғызған ағаштарға неге қарамайсың? - деп үлкен теректер ашуланып, кішкене бұталар, көк шыбықтар ұрып-ұрып өтеді.

Қателігін түсінген Алмабек ағаштарды күтуге уәде береді. Уәдесінде тұрып, ағаштары жайқалып өседі. Өзен бойындағы ағаштар Алмабек келген сайын ризашылықтарын білдіріп тұрады.

Алмабек басында салақ, жалқау еді. Ағаштардан қорыққанынан жақсы бала бола бастады.

Балаларды жақсылыққа бағыттайтын ата-аналары, ұстаздары бар. Орман ағаштары да Алмабек үшін қателігін түзеттіретін ата-анасы мен ұстазы сияқты.

Ендеше балалар жақсылықты ата-аналары мен ұстаздарынан, аға-әпке, туыстарынан ғана үйренбейді. Жақсылыққа бәрі де үйретеді. Тіпті ағаш, тал, тау, тас та. Сондай әңгіменің бірі «Тастар тілі» (Қ. Ыдырысов), біреулері «Тас та сөйлейді» (Е. Тілеуов), «Бұлақ басында» (Ғ. Уәлиханов) [3] т.б.

Әңгімелердің көпшілігінде балалар салыстырылып беріледі. Бір жақсы, бір жаман баланы қатар қояды. Осы арқылы кімнің қандай екені анық ашылады.

М. Сүндетовтың «Ғазиз бен «Қазақ тілі» ертегіге ұқсас. Қазақ тілін оқысам деген Ғазиз ойлап қана қояды. «Оқиын, жақсы білетін Сайын ғұрлы жоқпын ба?» деген ойдан ғана аспайды. Жалқау Ғазиз түсінде өзіне ренжіген, ашуланған қазақ тілі кітабын көреді. Қазақ тілі Ғазизді ұқыпты, сабақты жақсы оқитын Сайынмен салыстырады.

Ұйқыдан оянған Ғазиз түсіндегісін ойында қайталамауға өзіне-өзі уәде береді. Біз оның уәдесіне сенеміз. Ең бастысы талаптанды. Алғашқы баспалдақтан өтті. «Төлеш пен Игілік» (М. Дүйсенов), «Жолда» (Б. Уахатов) [3] әңгімелерінде Төлеш пен Игілік, екіншісінде Айдар мен Алмас туралы айтылған.

Тәтті кәмпиттерді жақсы көретін Игілікті көрші Нарима апай сынайды. Көрші апайдың Төлешке бар деген тәттілерін Игілік өзі жеп қояды. Онысын мойнына алғаны жақсы. Істеген қателігін түсінген Игілік жаман бала емес. Бірақ Нарима апай Төлешке кәмпиттерді Игілікке бер деп едім бермеді дегеніде есеп айырысуға тұра ұмтылады. Оны Нарима апай тоқтатады. Игілікке оны сынау үшін айтқанын, Төлештің ондай іс істемейтінін айтады.

«Басқаның адал болуын тілесең, өзің де адал бол. Адамгершілік деген осы», - деген сөзін Нарима апайдың әр бала білуі керек.

Біз адамгершілік деген сөзді ұға бермейміз. Балалар үшін адамгершілігі мол деген түсінік үлкен істерді, орындауы қиын

міндеттерді артатындай. Бұл әңгімелердің ұқтырары – адамгершілік өзіңе, өзгеге адал болу. Өтірік айтпау, ұрлық жасамау, жалқаулыққа салынбау. Әңгіме, ертегілердің – айтары осы. Бұны «Жолда» (Б. Уахатов) әңгімесі де дәлелдейді. Айдар жаман бала емес. Ол інісіне қарайды. Алмастың көңілін табуға, оны ренжітпеуге тырысады. Бірақ, оның кемшілігі өз істеген ісін ойламағандығында. Алмасқа жақсылық жасадым деп, оған жамандықты үйретті. Әрі сенімсіз адамның айтқанын тыңдады. Өз ісіне өзі есеп бермей, ойланбай гүлді жұлды.

Кішкене әңгіме көп нәрсені ұқтырады.

Ө. Ахметовтің «Мен емес!» әңгімесінде Ораз партаның бетіне атын жазып, мұғалімнен қорыққанынан «Мен емес» деп өтірік айтады. Бір рет өтірік айтсам, түк те емес деп ойлайды. Біраз уақыт өткен соң бұл әдетке айналды. Жамандық жасаса «Мен емеспін» деп айту оңайға түседі. Тіпті мерекелік газетті безендірген Ораз «бұны кім әсемдеген?» – деген мұғалімнің сұрағына: «Мен емеспін», – деп жауап береді.

Жамандығы істеген жақсылығын да көрсетпейді. Жамандықтың жақсылықты басып кететінін айтады. Бір істеген жамандық баланың бойында мінез болып қалып қоюп мүмкін екенін көрсетеді. Жамандықты бойға сіңіру оңай, одан құтылу қиынға түсетінін ұқтырады. «Балдырған» жақсы деген мен жаман дегенді үйретеді. Оны оқыған, айтылған жайды ұққан балалар жаман болмайды. Сол жаман деген балалар «Балдырғанды» оқыса жақсы болуға ұмтылады.

2 «Балдырғандағы» табиғат жайындағы әңгімелер

Журналда табиғат жайында әңгімелер өте көп. Себебі табиғат дегеніміз де кең дүниені алып жатыр. Табиғат туралы тау, тас, өзен, көл, ауа райы өзгерісі, аң, құс, өсімдік болып көбейе береді.

«Балдырғандағы» табиғат – тұтасымен дүниетану әліппесі де. Әңгіме, ертегілердің ішінде қасқырлар туралы көп жазылған. Олар бірде малға маза бермейтін қорқау болады. Енді бірде шарасыз. Әңгімелерде бірде қасқырлар адамдардың малдарын жеп жамандық жаса, енді бірінде өздері де адамдардан құтыла алмай әлекке түседі. Табиғаттағы тепе-теңдік деген осы болса керек. Бірде адам жеңеді, бірде тағы жеңеді. Ал адам өзінің артықшылығын пайдаланып үнемі жеңуі дұрыс болмайды екен. Онда табиғат құриды. Бәрі-бәрі жоғалады. Бәрі жоғалса, адам да жоғалады.

Ертегілер («Ағаштар неге ашуланды» Б. Соқпақбаев, «Ара адамды неге шағады» Р. Мәженқызы, «Көкек» М. Етекбаев, «Тірілген түлкі» Ж. Садықов, «Кәрі бөрі хикаясы» М. Дүзенов, «Қасқыр мен қоян» Д. Ахметов т.б.) [2].

Тағы аң, құстардың ортамен қалай әрекет жасайтыны туралы («Қасқырлар айласы» М. Дүйсенбаев, «Құралай» М. Қоянбаев, «Қасқырлар» Ж. Ахмади, «Оңай олжа» М. Дүйсенов т.б.)

Жараланған, шарасыз жабайы аң, құс, жануарларға адамдардың көмектесуі («Ақсақ бөдене» С. Қалиев, «Жалғыз үйрек» Қ. Қариев, «Кемелдің кекіліктері» О. Байбақұлы, «Кірпінің көз жасы» Т. Сарыбайұлы, «Көжек» Т. Дәуренбеков, «Қоңыр құлда» Қ. Олжайұлы, «Саятшы түлкі» М. Жылқыайдарұлы т.б.)

Үй жануарлары, құстары жайында («Жетім торы» Т. Қажыбаев, «Тай үйреттім» Ж. Әбдірашев, «Ала мысықтың айқасы» С. Аққошқаров, «Қара тауық» А. Хамзеұлы, «Құла құлын» А. Манабаев, «Ұялас» А.Мұқиұлы т.б.) [2].

Өзен, көл, ағаш, аң, құстар ерекшеліктері («Атша көкек» Б. Баймаханов, «Жидек пен жасырынбақ» Т. Әбдіков, «Құмды дала қызығы» Б. Баймаханов, «Құмырсқа мен құлық» Ш. Ниязин, «Араның ұясы» Қ. Қайымов т.б.) [2].

Табиғат – тіршілік ортасы. Жаратылысты мекен еткен аң, құс, өсімдіктің көбеюі керек. Олар да сол үшін жаратылған. Өзен, көлдің ағып, сарқырап жатуына адам кедергі болмауы қажет. Табиғат та адам сияқты оның әрбірінің өз тілі бар. Әрбірінің өз түсінігі бар.

М. Дүзеновтің «Кәрі бөрі хикаясы» ұнады. Әжесі немерелерін жинап кәрі бөрі туралы ертекті айтып береді.

Атырапқа аты тұлпарлар енесі деген атпен шыққан құла бие болады. Сол құла биені кәрі арлан қасқыр жарып кетеді. Кәрі қасқыр мықты әрі алатын кілең жүйріктер туатын тұлпарға әу бастан өшігіп, ала алмай жүріпті. Аңдып жүріп қапысын тауып, жарып кетеді.

Барақ қасқа, Жүйрік торы, Шағыр қасқа деген тұлпардың тұяқтарын мінгендер қасқырдың соңына түседі. Қасқыр да адам сияқты қай жүйрік тақаса қалай қарай қашуды біледі. Өрге шаба алмайтын Барақ қасқа тақағанда тауға, ылдиға икемсіз Жүйрік торы жете бере еңіске, ылди мен өрге бірдей Шағыр қасқа көрінгенде күнге қарай қашады. Қасқыр да ақылды, әр қадамын ойлап қашады.

Қасқырды қара тайға мінген бала жігіт соғады. «Бір кезде кәрі бөрі топтан бөлініп, қалың жыңғылға қарай жалт берді. Манағыдай емес, үрей буынына түсіп, бауырын еркін жаза алмайды. Кәрі бөрі зар жылап барады.

Асылдың жаста екенін білмеп едім,
Көзіме түскен күні, күні бұрын,
Алдымен осы тойды жүндер едім... - деп еңірейді ол».

Қасқырдың да жан азабы, ішкі толқынысы болатының біздің аталарымыз жақсы білсе керек. Сондықтан да, табиғаттағы барды ол адамға пайда, зиян демей қорлай беруге жол бермеген. Адамның ақылы онды тізгіндеуге жетеді. Аңды циркте де ойнатады, қолға да үйретеді, қақпанға, тұзаққа да түсіреді. Ал аталарымыз түздің аңы түзде тіршілік ету керек. Тағы, жабайы аңның тағылық қалпын бұзбау қажет дегенді ұстанған.

«Кемелдің кекіліктері» (О. Байбақұлы) әңгімесінде Кемел мен Қуанышқа әкелері темір торға қамалған екі кекілік әкеліп береді.

Кішкене балапан кекіліктерді көрген аталары Мәкен: «Бұларға тор тарлық жасайды. Аунап-қунауына жарайтын, ішінде құм, тастары бар, үлкенірек жәшік жасалғаны жөн», - деп немерелерінің кекіліктері еркін өмір сүрсін деп жақсы үлкен тор жасап береді. Еденін тақтайлап, кекіліктерге тау-тасын жоқтатпайтындай тас пен құм қойып әдемі салып береді. Немерелеріне күнделікті суы мен тамағын ұмытпауды тапсырады. Сөйтіп кекіліктер өсіп, қанаттары қатайғанда аталары: «Қанаттары бабына келіп қатайды. Енді еркіндікке жіберген дұрыс, кекілігі көп тұсқа апарсаң, тобына қосылып, күн көріп кетеді. ...Адам сияқты бұлар да жаратылыстың жанды мақұлықтары, өседі, өнеді, бостандықты қалайды. Қаншама қолға үйреніп кеткенімен бойларына өздеріне тән түйсік барын ұмытпаған жөн», - дейді. Бұл Мәкен атаның кекіліктерге ғана емес, жалпы табиғаттың әрбір иесіне қарата айтылған сөзі. Табиғаттың әрбірінің өзінше өмір сүру дағдысы, жаны, сол ортаға әкелер пайдасы да бар. Оны үркітіп жою екінші бір табиғатты құртумен бірдей. Табиғат құрыса адам өмір сүре алмайды. Осындай қысқа әңгімелер дүниені танытып, табиғатты құрметтеуге үйретеді.

Т. Сарыбайұлының «Кірпінің көз жасында» кішкене мақұлықтың да жылайтынын жазады.

Көзі жаудырап жүгіріп келеді. Қолға алғанда жиырылмайды. Айналдырып қараса, бауырында кенелер қаптап кетіпті. Бала кенелерді тазартып кірпіні қайта қоя береді. Әңгімеден ұққанымыз, кішкене кірпі де мейірім іздейді, жанына қорған сұрайды. Адам баласынан қол ұшын қажет етеді. Адам табиғатты аялап, осы бала сияқты қорғауы керек екен.

«Қоңыр құлжа» (Қ. Олжайұлы) әңгімесі атақты әнші Жүсіпбек Елебековтің бала кезі туралы. Есінде қалған, ерекше әсер еткен оқиға жайында.

Жүсіпбек ата бала кезінде ән айтуды елге танымал ағасы Жақыпбектен үйренеді. Балаларды жақсы көретін ата ауылға

барғанда әңгімелеседі. Олардың аттарын, сабақтарын сұрайды екен. Әнін тыңдайды. Өзін жақсы көретін балалар да аталарын машинаның артынан жүгіріп шығарып салады дейді әңгімеде. Кей сәттерде оларға бала кезінен әңгіме де айтады екен.

Бір жыл қыста аяз болады. Малдың бәрі қырылып қалады. Төрт – бес үйдің ортақ жалғыз сиыры ғана бар. Тамақ сиырдың сүті мен талқан.

Бірде әкесі шұңқырға түсіп кеткен арқардың қозысын үйге алып келеді. Қарны ашып қалыпты. Өзі кіп-кішкентай, әрі сүп-сүйкімді. Жүсіпбек өзіне тиесілі сүтті қозыға беріп асырайды. Қозы да балаға әбден үйренеді. Артынан қалмайды. Ауылдың балалары да жақсы көреді. Маңынан шықпайды. Балалар қозыға жақсы қарайды. Шөп жеуге жарайды. Балалардың артынан қалмайды. Оған Қаракөз деп ат қояды.

Қарашада Қаракөз марқаға айналады. Кішкене екі мүйізі өсіп шығады. Ауылдан ұзап жайылады. Кейде өрісте қалып та қояды.

Ақпан айында Жүсіпбек Қаракөзден айырылып қалады. Бала оны көп ойлайды. Тіпті түсіне де кіреді. Әкесі үйірін тапты, енді оралмайтынын айтты.

Май айында ағасымен тойға баруға ауылдан шығады.

Ауылдан ұзай бергенде алдыларынан егіз қозы ерткен арқар мен қоңыр құлжа шығады. Бала Қаракөзін танып, алдынан жүгіріп шығады. Арқар мен қозылар қаша жөнеледі. Құлжа қозғалмайды. Жүсіпбек жүгіріп келіп, мойынан құшақтап, мойына асыла кетеді. Құлжа арқар кеткен жақтағы тасқа қарай жүгіреді. Жүсіпбек те ере келеді. Қараса тастың артында бір қозы жатыр. Артқы аяғы сынипты. Қозыны ауылға алып келеді. Әкесі тобылғымен құрсаулап байлайды. Тойға бара алмайды. Бірақ оған ешкім де ренжімейді.

Он күннен соң қозының аяғы да жазылады. Әкесі құлағын кесіп, ен салады. «Баламның киесі, даламның көркі бол, жануар!» деп босатып, қоя береді.

Маған әңгіме өте ұнады. Бала Жүсіпбек өте мейірімді. Бала да, оның әке-шешесі, ағасы, достары, ауылдастары бәрі, бәрі – мейірімді адамдар. Төрт-бес үй бір сиырдың сүтін ішіп отырса да, қозыны сойып алайық, етіне тояйық демейді. Оған жәрдем беріп, емдеп қоя береді. Аш болса да, дәрменсіз тағы жандарға соқтықпайды.

Қол ұшын беріп, тіпті Жүсіпбек өзі ішпей сүтін қозыға беріп асырайды. Тағы болса да қоңыр құлжа адамдар мейірімін сезінеді. Қозысы аяғын сындырғанда адамдардан көмек сұрады. Адамдардың көмектесетінін білді. Досы Жүсіпбектің көмектесетінін сезді.

Әңгіменің соңындағы әкесі: «Баламның киесі бол!» дейді. Қазақ халқы аң, құсты киесі бар деп тиіспейді. Ал аң, құс адамның киесі болса, оны жамандықтан қорғайды. Сақтап жүреді деп сенген. Сол сенім аң, құс та да болса керек.

«Мейірім, қайырым – адам баласының ең асыл қасиеті. Туған жеріңді, даланды сүю, Отанды сүю – ізгілік. Одан тараған жақсылық – сенің бақытың!..» деп әнші ата әңгімесін аяқтайды.

Адам бақыты – мейірімді, қайырымды болғанында. Ізгі адам туған жерін, даласын, даласының аң, құсын, Отанын жақсы көреді. Жақсы көре білу де – бақыт.

Жүсіпбек атаның ғұмыры бақытты. Халық жақсы көреді. Балалар жақсы көреді. Себебі Жүсіпбек ата даласын, даласының аң, құсын сүйіп өтті.

Табиғат жайындағы әңгімелерді қайталап оқысақ, «Балдырғанның» айтары көбейте түседі.

1 Біз – табиғаттың баласымыз. Адамдар қандай ақылды болса да, табиғат күшті, ол бәрібір жеңеді.

2 Табиғат та (аң, құс, өзен, жан-жануарлар т.б.) адам сияқты жақсы мен жаманды біледі, түсінеді, сезеді.

3 Табиғаттағы аң, құс, өзен, қол, жан-жануарлар адамнан тек мейірім күтеді.

4 Жаратылыстағы барлығы да баласы үшін өмір сүреді.

5 Жан-жануарлар, аң, құс, өзен, көлдер де бір-бірін, өздерін қорғайды.

6 Олар да тірі қалу үшін күресе алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы. – Алматы : Жазушы, 1977.

2 «Балдырған» журналы 2008, № 1-12.

3 «Балдырғанға» 50-жыл» – Алматы : Жазушы, 2008.

4 Алтынсарин Ы. «Таза бұлақ». – Алматы : Жазушы, 1991.

5 Әлімбаев М. «Балдәурен, шіркін, балалық». – Алматы : Жазушы, 2003.

МАЗМҰНЫ

3 Секция. Қазақ әдебиеті
3 Секция. Казахская литература

Арынова А. М., Аксёнова Е. Д.
Қазақ тілі мен орыс тілін салыстырып оқыту 3
Балта О. Қ., Мусалинова С. Р.
Ж. Аймауытов шығармалары тіліндегі
сөз мағынасының бояулы қолданыстары 10
Бейсенбекова А., Мухаметкалиева С., Кушербаева И. К.
Абай шығармаларындағы «Жүрек» сөзінің
қолданысы арқылы тұлғаны тану 19
Биқашқызы Қ., Имантай А.
Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі.
Шығарманың мектеп бағдарламасында оқытылуы 23
Ботабек А., Адуова Б. Т.
Түрік ашықтары мен қазақ ақын-жыраулары
поэзиясындағы мазмұны мен пішін үндестігі 28
Валлиулина А., Тастыбай А. М.
Ә. Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» романындағы
пейзаждың берілуі 35
Дарбаева Р. Б., Алтаева Г. Е.
Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы
«Жел» сөзінің қолданысы 43
Джасқайратова Д. М., Асылбекова А. М.
Ым-ишараттардың ұлттық-мәдени сипаты 52
Дроздова М. В., Абаильденова Н. Қ.
Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ертегілері аясында art-therapy әдістерін
қолдану арқылы балалардың шығармашылығын шыңдау 56
Жукенова А., Мақсатхан А.
М. Әлімбаев шығармашылығындағы
балалар парасаттылығының көрінісі 64
Кабиденова Г., Самат Қ., Калыкова Э. Т.
Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы «Тәуелсіздік»,
«Мәңгілік Ел», «Рухани Жаңғыру» идеяларының көрінісі 68
Қожаханова Ш. Т., Каиргельдинова Н.
Ұмыт қалған дара тұлға 76
Мұрат А., Жумабекова Р. Т.
Абайдың психологиялық көзқарасы 81
Сайлаубекова Н., Түсіпбекова А., Искакова М. Т.
Қазақ киносындағы ұлттық тәрбие 87

Сапарғалиев Қ., Адуова Б. Т.
Ақындық-ашықтық поэзияға тән ортақ
үндестіктердің тарихи негіздері 94
Сергазина А. А., Байзолла С. А.
Жаңылтпаш – әрі ойын, әрі өлең, әрі сабақ.....100
Тугамбаев К. М., Кривоногова А. Ю.,
Мұратбай Б. Қ., Мұратбай Д. Қ.
Переводы литературного наследия
Абая Кунанбаева на мировые языки 107
Эргешова С. Х., Полатова Д. О.
Ақ тілектің белгісі – бата 115

4 Секция. Тілтаным
4 Секция. Языкознание

Батрканова А., Дектерюк Ю., Машрапова А. С.
Изучение факторов, влияющих на использование казахского языка
и поиск предотвращения их воздействия на территории Казахстана 121
Дербенева М., Нұрғалиева А. А.
Бейімбет Майлин әңгімелері – ауыл өмірінің көркем шежіресі 127
Жанатова А. А.
Қазіргі сөз қолдану мәдениетінің ерекшеліктері 132
Жумаканова Ж. Е., Минап Г.
Қазақ тілін білу – заман талабы 136
Легкая И. В., Аримбекова А. Г.
Бала тәрбиесіне қатысты тұрақты сөз тіркестерінің
этнолингвистикалық сипаты (қазақ, орыс
және ағылшын тілдері бойынша) 140
Магзумова К. Е., Ахметова Ә. К.
KAZTEST бағдарламасы 146
Манатбекұлы А., Искакова М. Т.
Қазақтың әдет-ғұрыптарындағы лексиканың
лингвомәдени сипаты.....153
Слямбекова К. С., Муратов М. К., Кусманов А. Б.
М. Ж. Көпеев шығармаларындағы
қазақ ономастикасының аспектілері 158
Сүйеніш Ж., Нұрмат Б. А.
Эколингвистика – тілге жаңа көзқарас 164
Тәкіш Ә. А., Ахметова Г. Қ.
Контаминация құбылысының лингвистикалық сипаты 171

5 Секция. Мемлекеттік тіл және оны оқыту әдістемесі (Латын әліпбиіне көшу мәселелері)
5 Секция. Государственный язык и методика его преподавания (проблемы перехода на латинский алфавит)

Елжан Е., Куатова А. С., Магауин К. М.
Қазақ тілінен сөздік қорды байытуға арналған
мобильді қосымшаның артықшылықтары 177
Оразбай А. Е.
Жаңа қазақ әліпбиіне көшудің тиімділігі мен кері әсері 180

6 Секция. Орыс филологиясы
6 Секция. Русская филология

Алтаева А., Сарсенова Д., Маканова А. К.
Способы словообразования наименований профессий
в современной бьюти-индустрии 186
Биксултанов Д., Жакупова Г. К.
Особенности образования юмористических высказываний врача 189
Бисимбаева Т., Жакупова Г. К.
Языковая игра как средство создания эффективного
рекламного текста 195
Егеубаева Г. Ж., Хлынина Т. А.
Средства создания образов врачей
в рассказах А. П. Чехова 201
Естаева А. М.
Новые взгляды на роман великого русского поэта
Александра Сергеевича Пушкина «Евгений Онегин» 206
Жанат А., Казкенова Г. Е.
Бренд «Павлодарское Прииртышье» в представлениях казахстанцев
и россиян (На материале новостных интернет-ресурсов) 211
Зайкинова Д. Ж., Аужанова Г. Г.
Казахизмы и англицизмы в современном русском языке
(На примере устной речи учащихся НИШ ХБН Г. Павлодар) 219
Зарапина Ю., Тимченко Т. М.
Эпизодический принцип в создании комиксов
(По произведению М. Шаханова «Отрарская поэма
о побежденном победителе, или просчет Чингисхана»).....225
Карашашева Д., Ибраева Ж., Жакина А. К.
Проблема подростков в современной литературе.....232
Кузнецова А., Остапенко Н. С.
Концепт «Огонь» в языковом сознании жителей города Павлодара 237
Кульчицкая З., Жетписова А. У.
Признаки народной сказки в произведениях К. Г. Паустовского 242

Любкивская К. К., Бабенко И. Г.
Сюжетно-тематический состав легенд и преданий Баянаула 247
Макым К., Жакупова Г. К.
Функционирование метафор в педагогическом дискурсе 251
Панкова Л., Жетписова А. У.
Использование фразеологизмов в речи 258
Райымкулова Э. К., Горшелева Т. А.
Особенности мифологических персонажей
в поттериане Дж. К. Роулинг 263
Сәкен А., Тастамбекова Д., Даулеткулова Д. О.
Метафоры в ботанической терминологии.....268
Сулейменова А. Ж., Сулейменова А. Ж., Валова М. В.
Концепт «Родина» в языковой картине мира
(На примере произведений писателей-участников ВОВ) 275
Темирбаева А. Б., Тагаев Б. С.
Синтаксис в творчестве И. А. Крылова 280
Харченко Т. Ф., Горшелева Т. А.
Тема «Отцы и дети» в современной литературе
на примере романа «Мятная сказка» А. Полярного 286
Шамурзаева С. В.
Книга: вчера, сегодня, завтра 290
Шароня А. Б., Алимсуренова А. А.
Изучаем русский язык через путешествие в страну фантографию 296
Ямщикова Ю. Е.
Культурно-специфические особенности концепта «Пунктуальность»
в русской, казахской и американской языковых культурах 302

7 Секция. Шетел филологиясы
7 Секция. Иностранная филология

Аманов А., Тотенова А.
Секрет успеха Греты Тунберг на примере
ее публичных выступлений 310
Амренова Ж. Е., Сарымова К. Е., Голованова В. И.
Сравнительно-сопоставительный анализ политических образов
Дональда Трампа и Владимира Путина на примере мемов.....315
Bakir D. M., Zhumabek N. D., Zhakupova A. B.
Analyzing vocabulary for descriptive writing 318
Каирова Д. К., Смагулова А. С.
Ағылшын және қазақ тілдерінің
арасындағы өзара әрекеттесу тарихы 324
Magzyumova A. S., Zhumash D. D., Baratova A. A.
The greatest public speeches in history as success formula
for performing powerful speech on TED Talk platform.....332

Medyanova D.
How to learn English on Instagramm 335
Сидоренко М. В., Куропаткина К. А.
Сравнительный анализ афроамериканского
и стандартного общеамериканского английского языка
на основе современного песенного жанра 341

8 Секция. Қазіргі білім үрдісі және кәсіби-бағытталған басқа тілдік білімнің дамуы
8 Секция. Современный образовательный процесс и развитие профессионально-ориентированного иноязычного образования

Кыдырбаева Ш. Б., Зада А. М.
Конструктивная и деструктивная интерференция
в изучении двух иностранных языков 349
Kabylbek D. A., Khasenova M. M.
Content and Language Integrated Learning (CLIL)
as a response to the trilingual education implementation 354
Кульмаганбетова Р. А., Қуандық С.
Стартап жобасын дамыту – заман талабы.....362
Rinatova N. R.
Learning English through electronic platforms and tools 368
Tajibaeva Z. R., Mirametova K. S.
Foreign language as a means of multicultural education 373
Тулебаева Б. Т., Тургульдинова С. Т.
Жаһанданудың Қазақстанның білім беру жүйесіне әсері 377

9 Секция. Журналистикадағы заманауи медиатехнологиялар және БАҚ-тың даму тенденциялары
9 Секция. Тенденции развития СМИ и современные медиатехнологии в журналистике

Төлеубай Ә., Кенисбаев Ә., Шукуева Б. Т., Кенжебаев Г. С.
Балалар бағбаны – «Балдырған» 383

JAS ǴALYMDAR, MAGISTRANTTAR, STÝDENTTER MEN MEKTEP OQÝSHYLARYNYŃ «XX SÁTBAEV OQÝLARY» ATTY HALYQARALYQ ǴYLYMI KONFERENSIASYNYŃ MATERIALDARY

ТОМ 2

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева
Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы
Басуға 15.04.2020 ж.
Әріп түрі Times.
Пішім 29,7 × 42 $^{1}/_{4}$. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 22,9. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 3589

«Toraighyrov University» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.